

Г.А. ДУЙСЕНБИЕВА Б.У. КУРБАНАЛИЕВ

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

# ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

Г.А. ДУЙСЕНБИЕВА  
Б.У. КУРБАНАЛИЕВ



**Г. А. Дүйсенбиева Б.У. Курбаналиев**

**ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ**  
**оқу құралы**

**Шымкент 2016, ж**

УДК 378(075.8):82.09

ББК:84(0)

Д. 79

**Дуйсенбиева Г.А., Курбаналиев Б.У.**

Д. 79 Әлем әдебиеті: оқу құралы.- шымкент, 2016.- 272 б

Пікір жазғандар:

п.ғ.д., профессор Д.А. Кемешев

п.ғ.д., профессор Г.Т. Мусабекова

ф.ғ.к., доцент Ә.Ә.Ақкөзов

ф.ғ.к., доцент Ұ.С. Қайырбекова

ISBN 978-9965-07-757-9

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан – ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Ғабит Мүсірепов.

Кітап таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіңе жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Міне осы асыл қазынаны оқу қазіргі таңда төмендеп отыр. «Кітап маған тақтан да қымбат», - деп атап көрсеткен Шекспир.

УДК 378(075.8):82.09

ББК 84(0)

ISBN 978-9965-07-757-9

@Дуйсенбиева Г.А., Курбаналиев Б.У., 2016

## АЛҒЫ СӨЗ

Өзінің биік, таза рухани қасиетімен  
Кітап мәдениет пен руханиятты  
қорғауда теңдесі жоқ қару болып  
табылады.

Кітап адамзат баласына ағарту һәм  
білім сыйлайды.

Н.Ә. Назарбаев

Осы оқу құралында ұсынылып отырған әлемдік әдебиеттің көрнекті өкілдерінің өмірі мен қызметінің сипаттамасы институттар мен университеттерге арналған. Бұдан басқа, осы оқу құралында келтірілген көптеген жазушылардың шығармашылық жолы мектептер мен колледждерде оқытылады.

Кез - келген халықпен бүкіл дүниежүзі білетін әрі құрметтейтін әдебиет қайраткерлерінің арқасында, сол халықтың әдебиеті арқылы танысуға болады. Қазақ елінде А.Құнанбаев, қырғыз халқында Шыңғыс Айтматов тәжіктерде Абдурахмон Шәмші, өзбектерде Алишер Навой, әзербайжан халқында Низамий Ганджавий, парсы халқында Фирдауси, грузин халқында Шота Руставели әлемдік әдебиеттің ұлы классиктері болып табылады. Олардың шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Әдебиетте шекара жоқ. Шығарма қандай тілде жазылса да, егер де онда таланттық таңбасы болса, оны бүкіл дүниежүзінде оқиды. Кез - келген ұлт өз бейнесін әдебиет арқылы таныта отырып оны бүкіл дүниежүзіне де таныта алады.

## Гомер

Гомер б. з. д IX ғасырда Афинада өмір сүрді. Алайда антикалық дәуірдің кейбір зерттеушілері, ол б. з. д VII ғасырда өмір сүрген деп есептейді. Олар Гомердің барлық шығармалары оның өзі куә болған грек-троян соғыстарымен байланысты деп тұжырымдайды.

Гомер - грек әдебиетінің түп атасы. Бұл ұлы ақынды әлемдік әдебиеттің алғашқы ақыны деуге де болады. Бізге дейін Гомердің екі ірі шығармасы жеткен. Бұдан басқа, мифологиялық сипаттағы 15-20 әннен тұратын гимндерді де соның есімімен байланыстырады.

Көне гректер Трояны «Илион» деп атағандықтан, Гомер өзінің ол туралы шығармасын «Иллиада» деп атады, ол «Одиссея» атауы Итака патшасымен байланысты. Онда Троя соғысынан жеңіспен оралған Одиссейдің таңғажайып теңіз саяхаты туралы баяндалған.

«Иллиада» мен «Одиссеяда» біз, мүліктік және алеуметтік теңсіздіктің күшейгенін, ру мен оның басшысының билігінің әлсірегенін, бірге билікке таласқан артықшылықтарға ие болған көп санды алеуметтік топтың пайда болғандығын байқаймыз. Соғыс арбаларында соғысушы патшалар мен ақсүйектер және жеңіл қаруланған жаяу әскердің қалың бұқарасының арасында жер мен көктей алшақтық пайда болды. Біз жерге құн салығын төлеп отыратын ұсақ жер иелерін, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін жалдамалы еңбекшілерді, күндік табыс үшін жұмыс істейтін жұмысшыларды көреміз. Ахилл Одиссейге айтқандай бас бостандығы бар бұл гректердің өмірі өлім мен қабірдегі азаптан болмашы ғана дәрежеде артық. Ахиллдың сөзіне қарағанда ол өліктердің патшалығында билік еткеннен гөрі сіңірі шыққан кедейдің жерінде күндік табыс үшін жұмыс істегенді артық санады.

Геродоттың Гректерге құдайларды тасап берген Гомер мен Гесиот болды деген тұжырымға біршама дәрежеде әділ болыпта табылады. Бірақ шын мәнінде Зевс болжаған олимпиялық құдайлардың әлемі Гомер мен Гесиоттың ғана қиялының жемісі емес еді.

Гомердің қаһарманы құдайлар мен өзінің жан дүниесі арқылы байланысқан, олар оның бүкіл ой-қиялы мен қылықтарына әсер етіп отырады. Міне Агамемноға ызаланған Ахилл өзін ызаландырған оған бас салу үшін өз қылышына жабыса кетеді, алайда оның ішкі жан дүниесінде қандай да бір өзгеріс болады да ол қылышты қынына сала қояды. Гомер болған оқиғаны әйел құдай Афинаның пайда болуымен түсіндіреді, ол батырды өзінің ашуын басуға шақырады. Құдайлар пенделердің кез - келген шешімдеріне осылайша ықпал ете алады, ал күдіктенген сәтінде олар қаһармандарға өз - өзіне деген сенім мен батылдықты бере алады. Дегенмен құдайлардың әрекеттерінде ешқандай да тылсым нәрсе, арамдардың олардың саналы еркіне қарсы қылықтарының бағытын анықтап берер ештеме жоқ. Афина Ахиллды құдайлардың бұйрығын көрсоқырлықпен орындай беруге міндеттемейді, ол оны ақылға келуге шақырады, мойынсынуына көзін жеткізеді. Бұл құдайлардың әрекеттеріне тән

нәрсе және де олардың әрқайсысы адамдардың санасында айқын даралыққа ие болғандықтан ежелгі Эллиндердің ой санасына да солай ықпал еткен.

Бастапқы да ақсүйектер элитасының саудамен шұғылданған адамдарға деген көзқарасы мүлдем теріс болды. Бұған текті фракийлік Эвриалдың («Одиссей») Одиссейге айтқан мына сөздері куә.

О. Қонақ ер азаматқа ұқсамайсын сен ойынға шебер,

Ұқсамайсын пенделер арасында болып тұратын сайысқа шебер.

Ұқсайсын сен ескеншілерге бас болып,

Тауарын сату пайда табу үшін теңізбенен жиі жүзген.

Бұдан басқа Гомердің есімімен грек - троян соғысының себептері баяндалған «Киприя» шығармасын да байланыстырады. Бізге дейін бұл шағарманың жие үзінділері ғана жеткен.

### **Гесиод VIII б.з.д**

Гесиод б. з. д VIII – VII ғасырда өмір сүрді. Ол Кіші Азияда туса да, тағдырдың жазғанымен ол Беотида өмір сүрді де Грекияның ең атақты ақындарының бірі болды. Бізге дейін оның «Еңбектер және күндер » атты поэмасы жетті. Гесиодтың әкесінің бүкіл мұрасын иеленіп алған Перс атты ағасы болды. Бәлкім Гесиодтің өзінің кіші Азиядағы туған қаласын тастап кетуі содан болуы керек. Өз поэмасында ол Перске өсиет айтады. Поэма ақынның еңбегін құрметтеуге, жағымсыз қылықтардан бас тартуға шақырады. Әйтсе де оның сюжеті мифологиялық (аңыз эпсаналық) болса да, поэма өмірдің дидактикалық сипатына ие.

Гректерге дейінгі көптеген құдайлар мен жындардың тумастай әлемі жаңа діни жүйеге енбей қалды. Дегенмен жаңа дін жеңіске бірден жете қойған жоқ: гректерге дейінге ескі наным - сенімдермен күрестің жанғырықтары жердің әйел құдайының балаларының олимпиялық құдайлармен соғысы - титандар соғысы туралы баяндалатын - титанамагия туралы аңызда естіледі. Жаңа діннің Зевс діннің, тәртіп пен үйлесім дінінің алғашқы қауымдық, жөнсіз жабайы соқыр күштерді бейнелейтін алыптар мен титандарға деген ескі сеніммен күресіндегі орнығуының ұзақ процессін бейнелейтін аңыздарды Гомер мен Гесиодтың поэмаларында кездестіруге болады.

### **Эсхил (б.з.д.525-456 ж.ж.)**

Әлемдік әдебиет тарихында Эсхил «трагедияның атасы» деп есептелінеді. Эсхил гректің Элевсин қаласында туған. Жас кезінде грек - парсы соғыстарына, әсіресе Марафон, Платей, Саламин шайқастарына қатысқан.

Өзінің шығармашыл ғұмырында 90 – дай трагедия жазып шықты, алайда бізге дейін олардың жетеуі ғана жетті, олар: «Орестей» трилогиясын құрайтын «Перси», «Жетеуі Фифке қарсы», «Жартасқа көгенделген Прометей» «Агамемнон», «Хоэфорлар», «Эвменидтер», «Жартасқа көгенделген Прометей» трагедиясы мифологиялық сипатта болса да, біз үшін оның белгілі бір тарихи құндылығы бар. Оның қаһарманы Прометей кавказ тауларыны көгенделіп байланған, ал оның назары скифтердің иеліктерімен амазонкалардың алқабының шексіз кеңістігіне бағытталған.

Аттикалық трагедия өзінің өшпес даңқы үшін б. з. д V ғасырдың ұлы ақындары Эсхилге, Софокл мен Еврипидке қарыздар. Бұлардың біріншісі тумасынан ақсүйектер тобына жатса да өзінің бүкіл шығармашылығымен жаңа туындап келе жатқан афиналық демократия идеясымен байланысты. Бұл шығыс деспотизмі мен парсы патшасы Ксерокстың озбырлығы афиндықтардан жеңіліс тапқан. «Парсылардан» ғана емес, сонымен бірге бәлкім Эсхилдың бұдан да жетік шығармасы «Орестейдан» да байқалады.

Әрине Эсхилда өзімен замандас адамдарға тән толықтай діни этикалық ұғымдарымен ойлады. Ақиқаттың, әділдіктің, игіліктің шекаралары оның трагедияларының көпшілігінде мейірімділік үшін рахымын беретін, зұлымдық үшін, пенделердің қылықтарында оның бұйырған шектерінен алып кеткендігі үшін жазалайтын құдаймен айқындалған. Міндетті түрде болатын әділ жаза заңы Эсхилдің барлық қаһармандарының тағдырында көрініс табады.

### **Софокл** **(б.з.д.496-406 ж.ж.)**

Б. з. д 441 жылы Софокл Афинадағы жоғары мемлекеттік лауазымға стратег болып сайланған болатын. Өзінің шығармашыл өмірінің 60 жыл ішінде 120 дан астам шығарма жазды, алайда олардың көпшілігі бізге жеткен жоқ.

Драмалық ақындардың арасындағы дәстүрлі сайыстарда 24 рет жеңіліс атанды. Софоклды Эдип туралы аңыздар қатты қызықтырды. Олардың негізінде оның тарапынан «Аякс», «Электра», «Филок-тет», «Тракиняндар» атты трагедиялары әлемдік әдебиеттің көне жәдігерлері болып табылады.

Егер де Эсхилда құдайлардың еркі әдеттегідей әділ болса, Софоклда болса, ол ең алдымен аса күдіретті болып келеді. Оның трагедияларының қарама - қайшылығы – адам мен жазмыштың арасындағы драмалық текетірес құдайлардың белгілеген, жазылмаған заңдары жан Аиданың жер асты патшалығында мәңгіге тыныштық табу үшін өлі денені жерлеуді талап етеді, алайда тәкаппар адам өзінің енгізген мемлекеттік заңдарына сүйене отырып бұған кедергі жасауға тырысады, міне сонда барлық бақытсыздықтар бірінен соң бірі оның басына келе береді (Антигондағы қақтығыс пен Креонт патшалығы «Антигондағы»).

Танылмайтынмен күресуге ұмтыла отырып, құдайдың алдын - ала айқындап қойғанының орындалуына кедергі келтіремін дей отырып, тұлға

өзін - өзі жазмыштың болмай қоймайтын жазасына душар етеді. («Эдип – патша»). Алайда құдайлардың еркі аса құдіретті болғандықтан, оған қарсы келуге батылы жеткен адамдар да, жарқын әрі таңғажайып: Креонт пен Эдип міне сондай жандар.

Құдайдың жазылмаған заңдарымен жүру құқығына ие болу үшін қалай да болсын күресетіндер де ұлы әрі құдретті: антикалық трагедияның күшті, мойымайтын және батыл қаһарман қыздарының галереясын Софоклдағы Антигона мен Электра ашады. Аристократияға жақын Софоклға текті тастардың және де бір кездері гректердің өмірінің көптеген тұстарын басқарған делефийлік ғибадатхананың қамқоршысы-құдайдың өзінің бір кездердегі беделі естелік болып қалды.

### **Еврипид** (б.з.д.480-406ж.ж.)

Еврипид Саламин аралында жері бар текті афиналық отбасынан шыққан. Антикалық авторлардың сөздері бойынша Еврипид сөздің өте тамаша шебері болды. Өз талантының дәрежесі бойынша ол Эсхил мен Софоклдан асып түсті. Ақынның әдеби мұрасынан біздің заманымызға дейін 17 трагедиясы мен 1 сатиралық драмасы жеткен. Олар: «Алкестида», «Медея», «Ипполит», «Ион», «Гекуба», «Геракл», «Троянка», «Электра», «Йфи-гения», «Тавриде», «Елена», «Андрамаха», «Финикиялық әйелдер», «Циклон», бұлар әлемдік әдебиеттің сәні болып табылады.

Әсіресе «Алкестида» трагедиясы ерекше әйгілі. Бұл туындыда – адам тағдырының философиялық мәні жатыр. Онда Адмет патшаның тағдыры жайлы және сонымен байланысы туралы баяндалады.

Дәстүрлі түрде ойлайтын көне діни наным - сенімдер мен ырым - жоралғыларды жақтайтын Сафоклға қарағанда Еврипидте кейде құдайға қарсы келушілікке дейін барып қалатындығы басым. Үш ұлы трагедия графтық кішісінде құдайлар қатыгез әрі әділетсіз адамдардың тағдырын олар емес адам жанының жоқтатып тұра алмайтын құлшынысы оларды қасіреттің бір тұңғиығынан екіншісіне лақтыра отырып айқындайды. Егер де Софокл үшін Апполонның еркі мен беделі мызғымас, кіршіксіз, абсалюттік болса, Еврипид болса құдайдың культ бәрін алдын - ала айқындап беруші қатал, оны қарапайым пенде секілді кекшіл әрі кешірмейтін деп атай отырып шабуылдай түседі. Ясон «Медеяда» қорқақ әрі өте нашар адам ретінде көрінсе, ал патшаның қызы Электра кедей шаруаның әйелі болып қалғанда, әпсана бұзылады да қасиетті аңыз дүнияуи қиссаға айналып шыға келеді.

Еврипид белгілі бір мәнде музыканы оның сахнадағы құқығында қайта қалпына келтірді, алайда мұны хорды күшейту арқылы емес, актерлер үлкен жеке арияларды орындауы арқылы жүзеге асырды; хор партиялары болса, таза музыкалық әсер туғыза отырып, драманың әрекетімен аз байланыста болды. Еврипидтегі жеке ариялар орындалған экспрессиялар орындаудағы едәуір



шеберлікті талап етті, бұл кәсібилікке және театр музыкасының шығармашылықтың жеке түрі болып бөлініп шығуына алып келеді.

### **Аристофан** (б. з. д 445 – 385 ж ж)

Тарихта «комедияның атасы» ретінде белгілі Аристофан 40 тан астам комедия жасады, оның бізге дейін тек 11 ғана жетті, олардың ішінде антикалық дәуірдің «Ахарендіктер», «Бейбітшілік», «Лисистрата», «Салт аттылар», «Аралар», «Құстар», «Бұлттар», «Бақалар» атты атақты комедиялары бар.

Аристофан әлемдік әдебиеттегі комедияның негізін қалады. Өзінің шығармашыл өмірінің бүкіл 40 жылы бойы ол комедиантардың сайыстарында бас жүлдегерді жеңіп алып отырды. Оның шығармашылығындағы жетекші орында соғыс пен бейбітшілік тақырыбы тұрды. Әсіресе, бұл тақырып «Лисистрата» комедиясында көтеріледі, мұнда ерекше назар халықтың өмір салтына бөлінеді.

Өзінің ұнатулары бойынша керітарпа антикалық шаруалар мен қала халқының орта тобына жақын жатқан Аристофанның шағармашылығының мысалында көне антикалық комедияның өткір саяси сипаты байқалып тұрады. Егістіктерді тып - типыл етіп жермен жексен еткен, сауданы күйреткен Пелопоннес соғысы жылдарында комедиограф бар күш - жігерімен бейбітшілікті насихаттаумен болды. («Ахарендіктер», «Бейбітшілік», «Лисистрата» комедиялары). Аристофонның ертедей сақталып қалған б. з. д 425 жылы қойылған «Ахарендіктер» атты комедиясында қаһарман афиндік қарапайым азамат Диксопаевтің сөзімен автор афиналық саясаткерлердің соғыс құмарлығын келемеждеп, бейбітшілікті дәріптейді.

Антикалық комедия ұлы қаланың шынайы саяси драмаларын аллегориялар мен символдарда ойнады.

Мазмұны бізге мәлім комедиялардың өткір ұшы әдетте радикалдық – демократиялық топтың көсемдері Периклға, ол кейінірек Клеонға қарсы бағытталды. Комедиографтар саясаттағы, өнердегі өткенді мадақтауы таңқаларлық емес. «Бақаларында» қарт Эсхилді мадақтап, жаңашыл Еврипидті жағымсыз етіп көрсеткен мен ғана Аристофан емес, сонымен комедияның өзге де авторлары сахнаға өткен дәуірдің кейіпкерлерін шығарып, аларға өмір сүріп жатқан өз замандастарын қарама - қарсы қоюды ұнатты. Кратинның «Заңдарында» көрермендерге сахнадан Солонның өзі қайта оралуды шақырып үн қатты. «Демдар» комедиясында Эвполид жер асты патшалығынан өлген Мильтиадты, Ариспидті, Сосонды тірілтіп шығарып отырды, содаң соң олар қап-қаранғы Аидқа қайта түсіп отырды.

### **Вергилий** (б. з. д 70-19 ж ж)

Ұлы ақын Вергилийдің өмірі мен шығармашылығы Римде әдебиет пен өнер өзінің гүлдеген шағына жеткен Августтың дәуіріне тұспа - тұс келді. Вергилий үш туындыны қалдырды: олар – «Буналиктер» («Шопан өлеңдері»), «Георгиктер» («Шаруалар өлеңдері»), «Энейда». Бұларда ол адам назарына шағымды көріністерді келтірген.

Вергилийдің ең басты сіңірген еңбегі – ол ежелгі замандарда шопандар әндерінің негізін қалады. Вергилий күлдіргі әңгімелерді халық аңыздарын өз құлағымен естіп қайту үшін Грекия мен кіші Азияға саяхатқа шығуды армандады.

Ол поэзияның әртүрлі түрлері мен жанрларын батыл қоса білді, эпос пен лириканы қосты, нәзік жан толғаныстарың сипаттауда бұрын - сонда болмаған терең ойлылыққа қол жеткізді. Өз өлеңдерінде ол махаббат пен достықтағы сенімділікті шырқады, ерлікті, дүниенің қызығынан бас кешуді дәріптеді. Оның туындылары халық тарихының тұрмысын әдеп - өнегесі мен қайғы мұңының кең көрінісі болып табылады.

Вергилийдің дидактикалық поэмалары «Георгикидің» 4 кітабында ежелгі Италиядағы шаруа еңбегі мен ауыл өмірін шырқайды.

«Георгиктерге» үлгі ретінде александриялық дидактикалық поэмалар болды, алайда құрған сарынды тақпақтарды дер өңдеу мен астрономия бойынша нұсқаулар келтірімімен олармен салыстырғанда, «Георгиктерде» Вергилийге схематизмді болдырмаудың сәті түсті, шаруалардың еңбегі мен өмірінің көрінісі қысқа, ықшам және де өте мәнерлі өтіп берілген. Поэманың жартысына жуығы тамаша философиялық шегіністер – ақынның табиғаттағы үйлесім, әлемінің құрылысы туралы, шынайы шаттық әлемдік тәртіппен үйлессе, саналы, ізгілікті әрі әділетті түрде өмір сүріп жатқан егіншілердің бақыты туралы ой-толғаныстары құрайды.

«Энейда» атты римдік ұлтық эпопея Гомердің туындыларының жанында лайықты орынды иеленді. Қаһармандық эпосты халықтың өзіндік ақыл ойын, оның Гомердің қаһармандарының аңызға айналған дәуірінен соншама алыс жатқан уақыттағы жалпылық тарихи сана-сезімін білдіру оңай шаруа болды.

Вергилийдегі Эней - тақуа әрі батыл, шынайы римдік. Өзінің барлық әрекеттерінде өзінің құдіретімен адамдардың мәңгі дүние жайлы армандарын жүзеге асыруға міндетті. Римның болашақ күш - қуатын алдын - ала айқындап берген құдайлардың алдын - ала тағдырға салғанымен жүреді.

Жер бетінде бейбітшілікті, заңдардың салтанат құруы мен ескі римдік ізгіліктердің қайта тізгілуін қамтамасыз ететін мәңгі қаланың жаңа билеушісінің іс - әрекеттері Энейдің диуаналығы мен қасіретті өміріне мән - мағына беріп оны ақтап тұрғандай. «Энейданың» патриотизмі мен азаматтық тебіренісі оны, «өздері үшін, муза үшін» жазған Александриялықтардың поэмаларынан жоғары қояды. Грек әдебиетінің ең тамаша үлгілерімен, «Буколиектердегі» фео криттің идиллияларымен, осылардан шыққан Гесиод пен Араттың, «Георгиктарындағы» дидактикалық поэмаларымен, Гомермен Родосстың Аполлонийдың эпопеяларымен шабыттанған «Энейдада» Вергилийдің шығармашылығы оны тудырған Италия жерімен тығыз байланысты терең шынайы құбылысты білдіреді.

Одан бұрынғы Александриялықтардың туындыларынан Вергилийдің туындылары формасы мен композициясы бойынша да ерекшеленеді. Оларда Александриялық шытырман таңдамалылығы жоқ. Олар классикалық стилдік қағидаларға сәйкес үйлесімді түрде құрылған, классикалық тілмен жазылған.

Егер де қарапайым адамдар Римге киниктерді тыңдаған болса, Август дәуіріндегі зиялы қауым бұрынғысынша стоиктердің философиясының ықпалында қала берді. Италияда орныққан ішкі дүние принцип тұсында Құдайдың алдын - ала жазғанына деген сенім мен нанымды туғызды. Ол стоиктер үйреткендей, әлемді билейді. Бұл наным Құдайдың алдын - ала жазғаны арқылы өзге елдер мен халықтардың үстінен билік жүргізе отырып, оларға бейбітшілік пен гүлденуді алып келетін Рим мемлекетінің тарихи тағдыры идеясымен ұштасып жатты. Римнің тағдырындағы Құдай еркінің жүзеге алуының бұл идеясы «Энейда» поэмасын жаулап алған. Вергилий жастық шағында эпикуршылардың ықпалында болса, кейінірек ол Энейдадан көрініп тұрғандай стоиктер философиясына бет бұрады. Көзқарастардың мұндай эволюциясы азаматтық соғыстар мен республикалық құрылыстың ыдырау кезеңін бастарынан өткізген және әлемнің жаңа уақыттарын қуана қабылдаған көпдеген адамдарға тән болды.

### **Овидий** **(б. з. д 43 ж –б.з.17 ғ)**

Римдік эротикалық поэзияның шыңы Публий Овидий Назон шығармашылығы болды. Вергиний мен Горацийдің кеші замандасы, талғампаз әрі жетік, орасан зор шешендік дарыны болған ол римдік элегияшылардың арасындағы ең таланттысы болды.

Овидий өзіне Табулл мен Проперций алып жүрген махаббат ұстазының рөлін толық мөлшерде алды. Өзінің «Махаббат ғылымы» дидактикалық поэмаларының бірінде, Овидий жастарды әйелдердің жүрегін жаулап алуды үйретеді, және де оның шығармашылығының бұл бағыты Августтың саясатының ресми морализаторлық бағыттарына қарама - қайшы келмей қалуы мүмкін емес еді. «Әдепсіздігі» мен бізге белгісіз әлде бір «қылығы» үшін ақын оңбай қалды: алдымен қуғынға ұшырап, кейін принципстің бұйрығы бойынша б.з. 8 ғасырда қара теңіз жағалауына. Томға (Румыниядағы осы күнгі Констанца) жер аударылады.

Айдауда жүріп өзінің шығармашылығын ой елегінен өткізе отырып, Овидий оны екі кезеңге болді. Махаббат туралы «жеңіл» өлеңдердің артынан («Махаббат элегиялары», «Қаһарман қыздар», «Махаббат ғылымы», «Махаббат дәрісі»), жетілген, «сергек айлы» туындылар, ең алдымен аңыздағы қаһармандардың жануарларға немесе өсімдіктерге айналып кетуі сипатталатын поэмалар «Метаморфозалар» мен көне римдік мейрамдардың пайда болуы мен олардың мәні туралы «Фасталар» келді. Алайда ақын бұл жерде де махаббат тақырыптамасын қалдырмайды: Метаморфозаларда эротикалық мазмұндағылары өзі емес, «Фасталарда» Овидий Ясун Құдайдың аузымен

былай дейді: «Біз өткенді мадақтаймыз, олайда қазіргі заманмен өмір сүреміз», ол сол жерде келтірілген әңгімелер «Махаббат ғылымының» кейбір бөліктері секілді жеңілтек әзіл - оспаққа толып жатыр. Оның айдауда жүргенінде пайда болған өлеңдерінде мүлдем басқа сарын шырқап тұрады. («Мұңлы алегиялар» мен «Понттан жіберімен жолдау»). Өзінің бүкіл шешендік өнерімен ақын әртүрлі мәнермен өзіндей бүкіл өре сезімдерді ығыстырып шығарған күшті сезімді - елінен қуылған адамның мұңын білдіреді. Жастық шағында ол, өзінің аға буын замандастары, Вергилий мен Гораций секілді жаңа дәуірді Август дәуірін қуана қабылдады.

Принцепсте, Августтың тұсында маңызды артықшылықтарға бөленген өре сословие - салт аттылар да қолдады. Олардың арасында муниципальды аристократиядан, Октавиан әскерлерінің еркіндікке жіберімей байып кеткен ардагерлерінен іріктеліп шыққан «жаңа салт аттылар» ерекшеленді: Салт аттылық үшін 400 мың ситерцийді құрайтын мүліктік ұсынуды қоя отырып, принцепс салт аттылар сословиесіне кеше ғана байып шыға келген, ескі республикалық дәстүрлермен психологиялық байланысы жоқ алып сатарлықпен байыған көптеген саудагерлердің еніп кетуіне мүмкіндік берді. Овидий өзін салт аттылар сословиесіне ата - бабасынан бері жататын ерекше атап көрсете отырып өзін батыл түрде қарама - қарсы қойған салт аттылардың жаңа ценздің тобы принципаттың сенатқа қарағанда сенімді тірегіне айналды.

Б.з. III ғасырдың поэзиясында Вергилий, Гораций немесе Овидий секілді тұлғалар болған жоқ. Алайда көп оқығандық, мектепте көне авторлар туралы алған білімі «Август» ғасырындағы ақындар тарапынан жасалып байытылған, латынның әдеби тілі көптеген білімді римдіктерге әуесқой ақынсымақтардың қатарын толтыруға мүмкіндік берді.

### **Рудакий (Абу Абдулла) (860-941 ж ж)**

Ол парсы әдебиетінің атасы атағын алды. Эскилді трагедияның, Аристофанды - комедиясының, Геродатты – тарихтың, ол Рудакиді – поэзияның атасы деп атайды. Ол Самарқанға жақын маңдағы Пенжикент аймағындағы Поижрут – Рудак қыстағында туған.

Ақын ретінде Рудаки ғажайып жемісті болды.

Рудакийдің шығармашылығының ортасында – адамдар мен олардың мұқтаждықтары туралы қамқорлық сезімі жатты. Үстем идеологияның өкілдері адаммен тұлға ретінде есептеспек, оған жағдаяттардық көріксіз қызметшісі, тағдырдың дәрменсіз құлы ретінде қараған орта ғасырлардың қаранға түнегінде Рудаки өзінің ең озық шығармаларында әділеттілікке, адамдарға құнттылық және тілектестік көзқараста болуға шақырды. Ол, кімде кім мейіріділік үшін қызмет етсе сол бақытты, оның ақыреті шаттықта болады деді.

Рудаки халыққа есепсіз қайрат алып келетін соғыстарға батыл айыптады.

Мейірімділік пен бейбітшілік болса ұмтылғаны дананың,

Ақымақтық болар ұмтылғаны соғыс пенен араздық.

Рудакидың ең ірі туындыларының бірі, сол кездегі араб тіліндегі аудармасымен де белгілі болған үнді ертегілерінің жинағын парсы тілінде поэтикалық тұрғыдан қайта өңделуін білдіретін «Калила мен Дилена» дастаны болды. Дастан месневи, жанрында, яғни жұп рифмамен жазылған он екі мың қос тармақты шумақтан тұрады. Дастанның әр жерінен сақталып қалған фрагменттерінде өмір - білімнің нағыз көзі, ең жақсы ұстаз екендігі туралы ой айқын байқалып тұрады.

Өмір сүріп, өмірден ақыл таппаған пенделерге,  
бере алмас дүниедегі ешбір ұстаз оны да.

Рудаки, халықтан шабыт ала отырып сол заманның барлық дерлік поэтикалық формаларын жасап шықты (қасида, ғазэл, рубай – төрт тармақты китъа, месневи месневи – қос тармақты шумақ). Оның туындылары жүздеген жылдар бойы осы поэтикалық формалардың бұдан былайғы дамуының үлгісіне айналды.

XII – XVII ғғ Шығыстық әдебиетте және біздің заманымызда кең тараған поэтикалық форма – ғазэлді одан әрі қарай дамыта түсудің уақыты болды. Аңыз бойынша бұл импровизацияны Рудаки шоңжарлардың оған сапарға шығып жүріп қалған Бухара әмірін астанаға қайтуына түрткі болуды жасаған өтініштеріне жауап ретінде жасалған екен. Ғазэлді тыңдап болған әмір онымен әсерленгені сонша, ол үйде киіп жүретін кебісін етігіне ауыстырып киместен атқа отыра сала Бухараға қайта оралған дейді. Бұл күлдіргі әңгіме, кейде өлеңдерге де берілген саяси маңызды білдіреді.

Бала кезінде - ақ рудаки өлең шығарып, музыкалық аспаптарда ойнай білген, сол аспаптың бірі руд аспабы еді. Өзінің зор құндығымен ерекшеленген Рудакидың өлеңдері көп ұзамай - ақ базарлар мен адамдар көп жиналатын өзге де жерлерде айтыла бастады да жас ақынның данқын паш етті. Рудаки Бухараға тәжіктер қоныстанған көптеген жерлерді біріктірген орасан үлкен мемлекеттің билеушілері – Саманилердің сарайына шақырылды. Саманилер сарайында Рудаки «ақындар патшасына» айналды, алайда ол халықты да ұмытқан жоқ. X ғасырының 30-шы жылдарының соңында ақын қуғынға ұшырады, оның қуғын – сүргінге ұшырап, соқыр болып қалуы бәлкім сол кезде болса керек.

**Әбу Әли Ибн Сина**  
**(Авицена)**  
**(980-1037 ж ж)**

Әбу Әли Ибн Сина философия, логика, тіл білімі секілді әртүрлі ғылым салалары бойынша жүзден астам еңбектің авторы болып табылады. Оның медицина бойынша еңбектері XVIII ғасырға дейін Еуропада дәрігерлік өнерге оқыту кезіндегі негізгі құрал болды, ол «Емшілік шарттары» медицина бойынша ең ызық шығарма болып, Еуропада латын және өзге де тілдерде бірнеше рет қайтара басылып шықты.

Ибн Сина мұсылмандардың шығыстағы ортағасырлық ең ірі философ болды. Сол кездегі мұсылман ғалымдардан оны тәжірібеге, ақиқатты

фактілермен, практикамен сыни тұрғыдан тексеріп көруге деген талпыныс ерекшелеп тұрды.

Өзін адамның ақыл – парасатының күш - қуатына деген сенімі туралы ол былай деген екен:

Өзімнің құдайсыздығым үшін өзімнің алдымда мен ғана жауапты,

Менің сенімімнен берік ешбір сенім дүниеде болмапты.

Айтар едім, бұл жүз жылдықта шын мұсылман қалмапты.

Ақыл - парасаттың билігі Ибн Синоның бүкіл шығармашылығының мәнін құрайды.

Декарттан алты ғасыр бұрын «Мен ойлаймын демек, мен өмір сүремін» деп жазғаны міне сол болды.

Оның шығармаларына логикалық бір тізбектілік, жалпылау, Құдайлық бедел мен діни догмаларға деген соқыр сенімге төзбеушілік, ақыл парасаттың шығармашыл қуатына деген сенім тән болды.

Әбу Әли Ибн Сина көптеген төрт тармақты өлең шұмақтарды – рубайларды жасап шықты. Мұнда ол әділетті билеуші басқарып тұратын кемелденген мемлекет, парасатты заң мен «дін соты» туралы өз ойын келтіреді. Ол надандықты, әділетсіздік пен ақымақтықты қатаң сынға алады. Өзінің қаламының өткір ұшын ол сондай - ақ дін қызметкерлеріне де қарсы бағытайды.

Есектермен есек бол, өз жүзінді көрсетпе!

Есектің ең үлкенінен сұрасақ – ол «Мен ұлықпын» дер!

Есектің егер де болмаса кімде құлағы

Есек үшін болар сол адам күпірдің нақ өзі!

Өзінің рубайларында мәнерлі астарлар менастарлы сөздің Эпостық тілін кеңінен қолданады.

Аристотельдың метафизикасының негізі берілген кітапты оқып зерттей отырып, Ибн Сино өзінің өмірбаянында мойындағанындай (Ибн Синоның сөзінен оның шәкірті Абу – Убейд Шузжани құрған) бұл ілімнің мәнін бірден ұғынып кете алмаған. Аристотельдың кітабын ол қырық рет оқып шыққан, ол оны жаттап та алған, алайда оның шынайы мәні ол үшін түсініксіз болып қала берген. Бұған кездейсоқ жағдай көмектесті. Бухараның кітап базарында, Ибн Сино арзан бағаға Орта Азиядан шыққан атақты философ Әбу Насір Әл Фарабидың (950 жылы өлген) аристотельдың «Метафизикасына» жазылған түсіндермелері болып табылатын шығармаларын сатып алады. Фараби материяның мәңгілігі демек дүниенің жаратылмағандығы туралы идеяны жасап шыққан мандай алды философ болды. Фарабидің түсіндірмелері (комментарийлері) Ибн Синоның сөзіне қарағанда ол үшін Аристотельге барар кілт болды, бұл кітап оған ежелгі заманның ұлы ойшылын дұрыс ұғынуға жол ашып берді.

999 ж Саманилер билігі құлады. Бухарада Илек хан билік құрды. Оның билігінің алғашқы жылдарда қалыптасқан жағдай Ибн Сина үшін тіптен

қолайсыз болғанға ұқсайды, бұл жағдай оны Үргенішке кетуге мажбүр етті, мұнда жергілікті билеуші – хорезмшахтың сарайында бірнеше көрнекті ғалым қызмет етті. Олардың ішінде аса дарынды ғалым энциклопедист Әбу Райхан Беруний (973-1048) болды, оның есімімен Ибн Синаның бірқатар пікір талас тудыратын шығармалары байланысты.

Өзінің жаратылыстану ғылыми және медициналық еңбектерінде Ибн Сина ежелгі медицинаның көрнекті өкілдерінің (Гиппократтың, Галеннің және үнді емшілерінің де) ілімдерін дамытады, сондай - ақ өзінің зерттеулері мен бақылауларының нәтижелерін қорытындылайды. Сонымен бірге ғылыми маселелерді баяндау Ибн Сина кейде өлеңдерге жүгінеді. Мәселен оның емшіліктің негізгі шарттары келтірілген «Урджуза фи-т-тибб» деп аталатын еңбегі 1300 ден астам қос тармақты өлең шумақтарынан тұрады.

Данте өзінің «Құдайы комедиясында» Ибн Синоны христиан емес ретінде Лимбке – тозақтың бірінші шеңберіне орналастырады, алайда бұл жерде ол ұлы бұхаралықтың «баршаға өнер мен білімнің үлгісі ретінде бола алатын» «көпсанды және жоғарғы көпшіліктің» арасында екендігін атап көрсетеді.

Ол жерде болды адамдар жүздері жылы  
Жанарлары бар аспай-саспай қарайтын.  
Сөздері болды олардың зор даусты, байсалды.  
Ол жерде геометр Эвклид, Птолемей де сол жерде  
Гиппократ, Гален мен Виценна тұрғой оларда сол жерде

Испандық Лопе де Вега (1562-1635) «Валенсиялық есуастар» атты комедиясында Авиценнаны Галенмен қатар жоғарғы медициналық беделді адам ретінде атап көрсетеді.

Кедергілерден асып өтудей табандылық, ауру - сырқауларды жеңу үшін, табиғаттың сырларын білуге деген құмарлық, адамдардың қасіретін жеңілдету үшін қолдан келгеннің бәрін жасау – Ибн Синаға тән міне осы қасиеттердің бәрі оның рубайларының бірінде анық келтірілген.

Қара түйіршіктен аспан денелеріне дейін  
Білдім мен сөз бен істің мәнісін  
Зұлымдықтан болдым аулақ бар түйінді шештім де  
Тек өмір түйінін шешуде болдым мен дәрменсіз.

### **Абдулқасым Фирдоуси (934-1022 ж ж)**

Хорасанда Бож қыстағында дүниеге келді. Оқуын аяқтап болғаннан кейін Тус қаласына келіп ілімді адамдардың ортасына қосылады. Ол кезде Туста медресе болды. Жастайынан халық ауыз әдебиетін оқып зерттейді, көп оқиды, билеушілер туралы жазу дәстүрін устана отырып дидактикалық сипаттағы өлеңдерді жазады.

976 жылы Фирдауси әлемдік әдебиеттің ең корнекті ескеркішіне айналған «Шахнама» атты орасан үлкен дәуірнамасын (эпопеясын) бастады.

Бұл еңбегіне ол 60 мыңдай бәйттерді жасай отырып өз өмірінің 30 жылын арнады.

О бастан «Шахнамаға» кірген дастандар көпшілікке әйгілі болды.

Орта Азиямен Ирант халықтарының эпостарын аңыздары мен ертегілері зерттей отырып Фирдауси эпикалық көрініске халықтың 4000 жылдық тарихын, оның мәдениетін жинақтауға тырысты.

Бірінші бөлімінде өңделген түрінде көне әпсаналар пайдаланылған, екіншіге – батырлар туралы аңыздар кірген, үшіншісі – оқиғалар хроникасына раналды. Гете жазғандай: «Фирдоуси өткеннің бүкіл қоғамдың және мемлекеттік, аңызға айналған және тәрихи оқиғаларды беруге тырысты».

Оның негізгі идеясы отанды, халықтың күші мен қуатын, оның нағыз батырларын ұлықтау болып жабылады.

Нұр жанса ақиқаттың қалбында  
Жарық етер даналық үндемесен жүзінді  
Нақ осыдан болса егер халық дұрыс  
Жаратқан иемнің әрекетінде болмас сен үшін құпия.  
Кім адамдарға мейірімді болса сол болар бақытты.  
Есімі оның бөленер данқтың гүлінен!

X ғасырда «Шахнаманың» бірнеше прозаикалық және өлеңдік нұсқалары құралған болатын, алайда олар туралы мәліметтер әртүрлі шығармаларда сақталып қалды, ол олардың өздері іс - түссіз жоғалып кетті.

«Шахнаманы» жазу кезінде Фирдоуси аштықты да, аязды да, жергілікті билеушілердің қуғындауын да көрді, алайда ол талмай еңбек ете берді де өзінің зор еңбегін отыз бес жыл өткеннен кейін аяқтады. Кітап жазылып болып, Саманилерді алмастырған жаңа билеуші Сұлтан Махмуд Ғазнауиге (990-1030) тапсырылды. Алайда, қарапайым адамдарға деген зор идеялар мен жанашырлық сезімдерге толы бұл еңбек қатал жиһангердің көңіліне ұнай қоймады.

Фирдауси мен Сұлтан Махмудтың арасындағы жанжал туралы көптеген аңыздар шығарылды, оларға тарихи тұрғыдан көз жеткізу қиын, алайда олар ақын мен қатыгез билеуші әртүрлі тілде сөйлегендігі және олардың саяси көзқарастарында ортақ нәрселер аз болғандығы туралы қарапайым ақиқатты дұрыс көрсетеді.

«Шахнама» композициясы бойынша патшалықтар деп аталатын елу бөлікке бөлінеді. Алайда эпопеяның ең басты кейіпкерлері, әйтсе де ол «патшалар туралы кітап» деп аталса да, ел үшін немесе жауынгерлік даңқ үшін аяқасқа түсіп жүрген батырлар мен ер жүрек жауынгерлер болып табылады. Рүстем мен Исфандияр, Сухраб пен өрелер міне сондай. Мағынасы бойынша зерттеушілер «Шахнаманы» әпсаналық, эпикалық, қаһармандық және тарихи деп үш бөлікке бөлді. «Кіріспе сөзінде» Фирдауси поэтикалық тұрғыдан өңделген формада өзінің ата -бабаларының тәжіктер мен



парсылардың космогониялық көзқарастарын келтіреді. Фирдауси Жаратқан Иеміз Аллаға деген мадақтаулардан кейін ақыл парасатқа деген мадақтауды орналастырады.

«Рустем мен Сухроб» дастаны «Шахнамадағы» ең тамашаларының қатарына жатады. Онда әке мен баланың жанжалы туралы баяндалады. Бұл әлемдік әдебиетте кең таралған сарын (орыс аңыздарындағы Илья Муромец пен Қарақшы - бұлбұл, Неміс эпосындағы Гильдербрант пен Ходубрант), және де осының негізіндегі аңыз - әңгімелер әртүрлі тайпалар мен халықтарда мемлекет алдындағы борыш сезімі туыстық байланыстардан басым бола бастаған ру - тайпалық байланыстардың ыдырап мемлекеттік - құқықтық байланыстардың қалыптасқан кезеңінде пайда болғанға ұқсайды.

«Рустем мен Сухроб» дастанында өз әкесінің қолынан өлуге душар болған жас жігіттің тағдырындағы қарама - қайшылықтың драматизмі мен шарасыздықтан болған қасірет адам баласын қайран қалдырмай қоймайды. Сухробтың әкесі туралы сұрай берді, оның өз әкесін қинала іздеуі мен оны тауып алуға деген ниеті әрбір шумақ сайын алаңдаушылықты күшейте береді, ол өзі жығып қойған Рустемді жіберіп жіберген Сухробтың бейқамдығы оқырманда күйініш пен абыржушылықты, оның қайтпас қайсар мінезімен бірге күш қуат сезімін туғызады. «Шахнамада» бүкіл кейінгі парсы әдебиеттің жүйесінің негізі қаланды.

### **Омар Хайям (1048-1131 ж ж)**

Омар Хайям Ғиясиддин әбул - фатх ибн Ибрахим. Омар Хайям – бұл ақынның лақап аты. Ол ілімді өз заманының ғұламасы Насреддин Шайхмансурдан алады. Ол математика, география, физика секілді әртүрлі ғылымдармен, дін ілімдерімен шұғылданады, парсы және араб тілдерін зерттейді. Содан кейін ол Балх, Бухара, Самарқанд, Мекке қалаларында оқиды. Бұл қалалар өз заманында ілімнің орталықтары болған. Оның шығармалары «Абдулфатх Умар ибн әл Хайям» - «Есептің қиын мәселелері» деген атпен Балх қаласында шығарылып отырды. Омар Хайям батыс ғылымының әсіресе Грекияның тарихы мен әдебиетін жақсы білді. Сондықтан Грекияның тарихы туралы өте көп жазды. Сондықтан Омар Хайямның шығармашылығы батыста өте әйгілі. Жыл өткен сайын халық арасында оның беделі арта берді. Бухара әкімі Шамсулмүлк (1068-1079) оны өз сарайына шақырады. Оған ол жерде аса құрметпен қарады, сарайда ол өте беделді адам болды. Селжүктердің билеушісі оны Исфахап қаласына шақырды. Селжук ханының уәзірі Низом уль - Мульк Омар Хайямды құрметтеп оған қызығушылық танытады.

Содан кейін ол Нишанур қаласына тұрақтап сол жерде өмір сүреді де өз қызметін осы қалада жалғастырады, және де сол қалада қайтыс болады. Бізге дейін оның «Мунтасар физика», «Рисолай Әл-жабр», «Макасат Фи жабр ва мукобала» (1069-1074), «Рисолатул хонимил Фозил Гиениддин Әбдулфатк Умар ибн Иброхимил Жабр вал мукобала», «Қолқо ва унинг вазифалари

хақида» - «Рисолатул набиват тақлиф», «Агебра мен алмукабала есептерінің дәлелдемелері туралы трактат» (математикалық еңбегі), «Болмыс пен міндетті болу туралы трактат» (1080). «Трактат Рубайяттың үш мәселесіне жауап» (төрт тармақты өлең шумақтарының жинағы) секілді туындылары мен Омар Хайямға тиесілі делінетін мыңнан астам төрт тармақты өлең шумақтары жеткен.

Омар Хайям математикалық 10-нан астам ғылыми тарақат жазған өз заманының ірі ғұламаларының бірі болды. Ол өз артында 8 ғасыр бойы оқырманның жүрегін тебіретіп келе жатқан бірнеше жүздеген рубайларды қалдырды.

Феодалдық қоғамдағы өмір жағдайы еркін ойлайтын ойшылдың еңсесін езді. өзінің Алгебра мен алмукабала есептерінің дәлелдемелері туралы тарақат деп аталатын әйгілі математикалық еңбегінде Хайям былай деп жазды: Мен бұл іспен жүйелі түрде шұғылдану мүмкіндігімнен айырылдым, керек болса, тағдырдың маған салған тауқыметінің кедергісінен мен өз ойымды бір жерге шоғырландыра алмадым.

Қоғамдық өмірдің ауыр жағдайлары Омар Хайямда пессимистік ноталары мен бүгінгі күннің игілікті өмірін насихаттауды туғызды.

Бірақ Хайямның шығармашылығының жалпылама сипаты еркіндік сүйгіш болды. Әсіресе бұл оның жазмышқа жанның өлмейтіндігі, ақыретке, жұмақ пен тозаққа және т.б. деген сенімі басым үстем дүниетанымының негіздерін күмәнға келтіретін дұрыс мән тұрғысынан кез келген екі жүзділік пен кертартпалықты батыл түрде келеке ететін төрт тармақты өлең шумақтарында байқалады. Өз пенделерінің тағдырын алдын ала айқындап қойған Жаратушыға Омар Хайям былай дейді:

Өмір беріп, артынан өлім бердің,  
Өлетін қып жараттың Сен барлық жаратқаныңды.  
Оларды жақсы жасамадың ба ? кім оған кінәлі?  
Егер де болса бәрі де жақсы, жойып оларды не керек?

Омар Хайям – рубайлардың жолына адам сезімдері мен ойларының тұтастай шоғырын сыйғыза алатын ұмтылған өлең шебері.

### **Низоми Ганджави (1141-1209 жж)**

Абу Мухамет Низами Ганджави Ильяс ибн Юсуф; (1141-шам . 1209) – XII ғасырының соңында тек тәжіктер мен парсылардың ғана емес, сонымен бірге көптеген өзге де халықтардың әдеби тілі болған фарсида жазған әзербайжанның ұлы ақыны. Сондықтан Низами органикалық тұрғыдан тәжік-парсы кіреді.

Низами кейінірек біртұтас циклге біріктірілеген бес дастан жазды. Омар Хамса, философиялық дидактикалық поэма құпиялар қазынасы (1173): «Хамса» (Бестік): «Байлықтың құпиясы». Хусроу Парвиздың Шірін Сұлуғаи

деген махаббаты туралы баяндайтын Хусроу мен Шірін (1181), араб жігіті Мажнүннің Лейлаға деген ессіз әрі қасіретке толы ғашықтығы туралы баяндайтын Ләйлә мен Мәжнүн (1118). Бахрам Ғурдың романтикалық хикаялары туралы баяндайтын «Жеті сұлу», (1196), Ескендір Зухарнайынның өмірі мен әскери жорықтары туралы баян ететін, «Ескендірнама» (1209). «Ләйлә мен Мажнүн» дастаны орта Азия мен батыс Азиядағы махаббат туралы ең әйгілі дастан. Оның көптеген тілдердегі поэтикалық тұрғыдан өңделген нұсқалары, сонымен бірге Мәжнүн мен Ләйләнің махаббаты тарихының көптеген фольклорлық варианттары кездеседі.

Дастанның сюжетінің негізінде жас жігіт Қайстың Ләйлә қызға деген махаббаты туралы ескі аңыз жатыр. Олар бала кездерінен бастап бірге өседі де бірін - бірі сүйіп қалады, алайда Ләйләнің ата - анасы олардың некесіне қарсы болып, қызын байға, күйеуге беріп жібереді. Ессіз ғашықтығы үшін адамдар Мәжнүн (яғни сезім кернеген) деп атап кеткен Қайс адамдардан алыс құмның үшіне кетіп жабайы аңдардың арасында махаббат туралы тамаша әндер шығарып өмір сүреді. Көп ұзамай ол әлсіреп қайтыс болады. Ал Ләйлә Мәжнүннің өлімі туралы есіте сала ол да өледі. (кейбір басқа нұсқаларда алдымен Ләйлә өледі, ал Мәжнүн оның қабірінің үстінде өледі). Бұл аңыз ауызша беріліп келіп прозаикалық нұсқасында арасындағы шеңберімен бірге арабтің поэтика-антологиясына енді. Тек Низамидің қаламының ұшымен ғана бұл қарапайым романтикалық повесть әлемдік поэзияның жәдігеріне, рулық немесе сословиелік тиымдарды білмейтін таза тебіреністі махаббаттың ұранына айналды. Қарапайым аңыз әңгіме ғашық жандардың құпия сырларына тереңінен байлаған адамдар тағдырын трагедиялы бейнелеу тебіренісі бар бай поэтикалық кескіндемеге айналды. Низамидегі Шірін Хусроуға өлердей ғашық басты кейіпкер. Ол Хусроудың мінезіне ықпал еткісі келеді, оның кемшіліктерін көріп тұрады, сонда да болса ол Хусроуды сүйеді, ал Фархадты аяйды. Ал Навойда Шірін Фархадты өлердей сүйеді, ал Хусроуды жек көреді алайда Шірін бұл жерде басты кейіпкер емес. Басты кейіпкерлердің характерлерінің өзгеруіне байланысты Навой поэмасының сюжетіде композициясы да жаңа.

Низамидың шығармашылығы Шығыс пен Батыстың мәдениет қазынасына үлкен үлес қосты.

### **Шота Руставели (1146-1198)**

Руставели жайлы ең анық өмірдеректік мәліметтер өте аз сақталған. Шота Руставели – XII ғасырдағы грузин ақыны, «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты дастанның авторы. Шамамен XII ғасырдың 60-шы немесе 70-ші жылдардың бас кезінде көп ғасырлық мәдениеті мен дәстүрі бар. Грузияда туды. Ерте замандарда бұл елді Иверия деп атаған, дәлірек айтқанда оның шығыс жағы осылайша аталады: ол Қара теңіз жағалауында орналасқан батыс

жағалары Колхида ретінде белгілі. Осы екі атаумен Грузия көне Грекия мен Римде айтылады.

Дәстүрлі халық аңыздары бойынша, Руставели білімді алдымен өз отанында алды, содан соң ол оқуын сол кезде көптеген грузиндер оқыған Афина қаласында жалғастырды. Грек тілі тамаша меңгере отырып әдебиет пен философияны, сондай - ақ өзге ғылымдарды да меңгерді. Расында да, поэмаға қарағанда Руставели антикалық философияны, әртүрлі ғылымдарды өте тамаша білген, әлемді көп шарлаған, бұл да Шота Руставелидің ұлы туындысы. «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанынан көрініп тұр.

Шота Руставелидің дастаны бізге дейін, кейінгі кездерде көшіріліп жазылған қолжазбаларда жетті, (ең көне қолжазба 1646 жылмен, ал жекелеген қолжазбалары – XV ғасырдың үзінділері). Мұның мәнісі – шіркеу топтарының дастанды қабылдамауы. Олар білімді патша Вахтангтің редакциясымен 1712 жылы басылып шыққан бүкіл алғашқы тиражды Кура өзеніне батырып жіберді. Ал грузин халқы Руставели тағдыр мен өмірге мойынсынған Құдайдан енжар құлын емес, рухы биік, өзіне тән үлкен талап тілектері мен сұлулыққа деген ұмтылысы бар кәдімгі адамды бейнелегені үшін дастанды өте қатты ұнаты. Руставели де адам мен Құдай арасында алшақтық жоқ. Керісінше, адам мен Құдай арасында Руставелидің дүниетанымында толық үйлесім бар, адам Жаратушыға жақындай түседі де Оған қосылады. Әрине, бұл философиялық идеализм, алайда ол христиандықтың ресми көзқарасына қарама - қайшы келді. Адамды асқақтата түсетін амал ретінде Руставели неоплатониктер секілді махаббат деп есептейді: Руставели адамда онда жасырынып жатқан рухани және күш – қуаттарды оятады.

Ол отансүгіштік пен басқыншыларға қарсы күресті, Тариель, Афтондил фаридун секілді батыл да қайсар адамдардың образдарын дәріптейді. Ақын грузин әйелінің образын дәріштеп, мадақтайды. Нестон Даритон есімі мен бейнесін ол әлемдік әдебиетке енгізді. Өзінің «Жолбарыс терісін киген батыр» шығармасымен ол қайта өрлеу дәуіріндегі Еуропа жазушыларынан да озып кеткен деп есептелінеді.

Ұлы грузин ақыны – грузинның ұлттық әдебиетінің негізін қалаушы Руставели өз кейіпкерлерінің характерлерін, олардың рухани әлемін аса шеберлікпен аша түседі. «Жолбарыс терісін киген батыр» дастанында бейнеленген идеялардың өзіндік болмысы терең әрі ұлттық мәнге толды. Дастан әлем халықтарының көптеген тілдеріне аударылған.

### **Саади Шерази (1210-1292 ж ж)**

Парсы жазушысы әрі ойшылы. Жарлы діни отбасынан шыққан. Муслихиддин Әбу Мухаммед Абдоллах ибн Мушрифаддин ибн Муслиге Саади Шираз қаласында туды. Ол тек Иранға ғана бүкіл дүние жүзіне әйгілі тұлға. Бағдадтағы жоғары діни академияда оқыды. 20 жылдан астам дәруіштің

кейпінде бүкіл мұсылман әлемін шарлап шықты. Дамаскіде «Бустон» дастанын жазып шықты.

Ширазда Шынғысханның ықпалының күшеюімен Саади Бағдадқа кетуге мәжбүр болды. Ол Қасиетті Меккеге 15 рет барып, Дамаскіде тұрақтап қалды. Содан соң Қашқарияға, үндістердің қалаларына барады. Қартайған шағында өзінің туған қаласы Ширазға қайта оралды. Оның поэзиясы өте әйгілі. Проза жанрында жазылған «Бустон» өте әйгілі. Гете өзінің «Батыс Шығыс» шығармасында Саади поэзиясына ерекше бөлімді арнаған. Ақынның шығармашылығында дидактикалық өсиетнамалар басым. «Гүлістан» шығармасында зұлым патшалардың билігі туралы тарих жазылған. Кейбір зерттеушілер ол 120 жыл өмір сүрген деп жазады.

Саади адамды дәріптеп, жетімдерге көмектесу керектігі туралы жазады. Саади өмірдерек пен қоршаған ортаны сипаттау жанрында жазған. Ақын Якиний есертуі өзінің туындысындағы «Садақ пен жебе» Саади шығармашылығының ықпалымен жазғандығы туралы айтып өтеді. «Бустон» шығармасын өзбек тіліне Маъсуд Ибн Амад аударған, «Гүлістанды» - Сайфи Сарой аударған.

Аңыз аңгімелер Саади отыз жыл оқыған, отыз жыл жер бетін кезіп жүрген, отыз жыл жазған дейді. Өмір жасының едәуір бөлігінен өткен толысқан шағында, ол өзінің ең басты туындылары «Гүлістан» мен «Бустонды» дүниеге әкелді. Алайда оның шығармашылығында ең бастысы – адамзаттың болашағына деген, бүкіл әлем гүлденген және хош иісі аңқыған жемісті бақтай болатын күнге деген сенім жатты.

Ақын адамға, оның жақсы қасиеттеріне – мейірімділік пен ақиқатқа, қуаныш пен сұлулыққа деген құмарлығына сенді. Өмір - байлық жинау үшін берілмеген – деді ол. Байлық не үшін қажет? Оның мәні неде? Өзіне осы сұрақты қоя отырып Саади сөзде емес, нақты істе көрінетін адамдарға деген махаббатта деп жауап береді.

Өзіңнің тәкаппар сұлулығында көрерсің сен әлемнің айнасында  
Бірақ та ғашықтардың төзімді болу керектігін түсінсеңші сен.  
О, келе ғой! Көктем келді. Біз екеуміз кетейік  
Бақты тастап, өзгелерді қалдырып түнде құмда түнеуге.

Ақынның өмірлік тәжірибесінде монғол шапқыншылығының қанды қырғыны да, бірбеткей діни басшылардың өктемдігі де өз таңбасын қалдырды. Ақын Саадиге ұқсап сондай жағдайларда өзінің өмірлік мұратын қорғап қалу үшін, кез - келген пендеге беріле бермейтін батылдық пен рух тәуелсіздігі болуы керек. Онда батылдық та, даналық та және дарын да жеткілікті болды.

Саадидің лирикасы поэтикалық формада кез келген адамның бақытқа деген, мәжбүрлеусіз еркіндікке деген, қадір - қасиетке, мәңгі емес жалған өмірді білуге деген құқығын жариялайды. Бүкіл тірі тіршілік келерінің өлмей қоймайтынын сезіне отырып өзіндік болмыстың әрбір сәтіне, қоршаған дүниенің сұлулығының көрінісіне қуана білуге шақырады.

## **Әмір Хосров Дехлеви (1253-1325 жж)**

Әмір Хосров Дехлеви. (Яминиддин Абулхасан). Оның ата - бабалары Кеш аймағындағы Шахрисабз қаласынан. Тағдырдың жазуымен олар Үндістанда Дели қаласында тұрақтап қалады, міне сондықтан да оларды Дехлеви деп атаған. Оның әкесі поэзияға жақын адам Туркиғой - өзбек болса, ал анасы – үнді қызы болған. Әкесі мұғалдармен соғыста қаза табады, сондықтан 8 жасар жеткіншек бала Делиде өмір бойы қалып қояды. Ол сарай ақындарына жақын болғандықтан, оның жинағы «Султоний» деген атау алды. Оның қаламынан 400 мыңнан астам бәйт, сондай - ақ 99 кітап шыққан дейді. Ақынның барлық шығармалары «Тушватусигар» (Жастық шақтың сыйы), «Висатул хат» («Әмірдің Ынсапты ортасы»), «Бақия-ун нақия» («Шындардың шыңы»), «Нихаятул камол» («Кемесдіктің шыңы») атты 5 жинақта жинақталған. Бұдан басқа өз ісіне ірі оқиғаларды жинақтаған жинақтар да бар, олар: «Киронүс Саъдайн» («Екі бақытты жұлдыздың қосылуы») «Мифтахул Футуге» («Жеңіс кілті»), «Дуволроний ва Хизрхан», «Нух спехр» («Аспанның тоғыз қабаты»).

Низамиден кейін шығармашылығын Хамса стилінде жалғастырған Хусроу дехлеуи шығармашылықтың осы түрін де салтанатпен аяқтайды. Оның «Бес тағанды»! «Матла ул Анвар», («Күннің шығуы»), «Шірін мен Хусроу», «Мәжнүн мен Лейли», «Искандар кузгуси» («Ескендір айнасы»), «Хайет бешишт» («Сегіз жұмақ»). Шығыс әдебиетінің Абдурахман Жәми, Ә Науаи секілді дүлдүлдері өз ұстаздары ретінде Дехлеуиді мойындайды.

Негізінде парсы тілінде Жазған Әмір Хусроу Дехлеуи өзінің кейін орасан үлкен шығармашылық мұра қалдырды. Ол шынайы ақынның биік мақсаты мен әдебиеттің баға жетпес құндылығы туралы былай деді: «Көптеген жарқылдаған әміршілер опырақта шіріп жоқ болды, олардың қазір іздері де жоқ. Ал Фирдоусидің немесе Низомидің ақындық дарынының арқасында халық жадында қаншама тәж иелері қалды десеңші». Дехлеуидің лирикасында, оның ғазалдарында парсының ақындық дәстүрінің таңбасы болса да, Үндістанда олардың көпшілігі халықтың сана сезімінде мәңгіге қалды, лирикалық фольклордың ажырамас бөлігіне айналды. Дехлеуидің өлеңдері жайлы айта келіп Жавахарлал Неру өзінің «Үндістанды ашу» атты кітабында былай деген: «Мен, алты жүз жыл бұрын жазалған әндер өзінің көпшілікке танымалдығын мәтінінің ешбір өзгерусіз - ақ күні бүгінге дейін сақтап келе жатқан ешқандай да мысалын білмеймін».

Егер де маған көз жанарыңды салмасаң сен,  
Бұл өмірде тозаққа айналған дүниені тастап кетермін мен.  
Жүректің тұтқынында тұрсам да шөлде тақта боп  
Бермен оны ешкімге бұдан былай енді мен.

Оқырман мен өзі соның атыннан сөйлесіп жатқан лирикалық қаһарман – дәстүрлі эпсаналардағы қияли кейіпкер емес, я болмаса шартты қағидалар әдеби маска емес, тірі нақты адам. Лирикалық қаһарман мұнда әдеттегідей қайталанбас іштей дербес дара тұлға, өзінің әлемімен байланыстарының шексіз алуан түршілгінде, барлық рухани күштердің барынша ширыққан сәтінде бейнеленген. Өзінің қарама - қайшылығы мен күрделілігінде көрсетілген бәрін жұтушы сезімнің билігіндегі адам.

### **Данте Алигьери (1265-1321 ж ж)**

Екі ғасырдың ортасында өмір сүрген Қайта Өрлеу Дәуіріндегі ортағасырлық итальян ақыны. Ол өзінің «Құдіретті комедиясында» о дүниені 3 бөлікке, - тамұққа күнәдан тазаруға, жұмаққа бөлді. Шығарма 10033 әннен тұрады.

Бірінші бөлігінде ол тамұқты иінді сұңқар түрінде бейнелейді де тамұқты 9 шеберге бөлді. Күнәһарлар өз күнәлары үшін жазаны әрқайсысы бөлігінде алады. Күнәһар жан қаншама терең түскен сайын азабы да оның соншама қатты болмақ. Данте өзінің саяси қарсыластарын тозаққа тастайды. Ол әсіресе христиан дін басыларына жаман көзбен қарайды да, оларды тамұқтың ең төменгі түкпіріне тастайды. Поэманың екінші бөлігі «күнәдан тазару» деп аталады. Ол жерге қарама – қарсы бетте орналасқан оларды мұхит бөліп тұрады, мұхиттың ортасында арал орналасқан, ол жерде жеті кертпештен тұратын биік тау бар. Күнәһарлар әрбір кертпештен өте отырып, өздерінің күнәларының бірін жуып отырады. Жеті кертпештен өте отырып олар жеті күнәні - менмендікті, арам ниетті, ашу - ызаны, үмітсіздікті, пайдакүнемдікті, бопсалаушылықты жуып отырады.

Жұмақ та тозақ қабаттан тұрады, жан қаншама биік көтерілген сайын ол Құдайға соншама жақын болады.

Данте өзінің «жаңа өмір» атты туындысында өзінің флоренциялық жас сұлу Беатричеге ұлы деген махаббаты жайлы айтқан.

«Жаңа өмірдің» негізгі өзегін өлеңдер құрайды. Өзінің жас жігіт шағындағы лирикадан Данте «Жаңа өмір» үшін 25 сонетті, 3 канцонда, 1 балладаны және 2 өлеңдің фрагментті таңдап алды.

Данте осы дүниедегі Беатричтің трансцентті әлемге деген қатыстылығын атап көрсетеді.

Болмас қызы пенденің  
Бірдей мәні сұлу жаны да ...  
Дейді ғой ұлы махаббат.  
Алайда ол қарай қойса – дейді ғой жұрт.

Беатриченің өлімі бүкіл адамзатқа әсерін тигізетін ғарыштық апат секілді бейнеленген.

1302-1313 жылдар аралығын қамтыған кезең Данте үшін азапты болғанымен шығармашылық тұрғысынан жемісті болды. Данте Флоренцияның өміріне белсенді қатысты. «Ақтар» мен «қаралардың» текетіресінде гвельфтер партиясында «ақтарға» - папаның қарсыластарына қосылды «қаралар» жеңіске жеткен кезде, сол уақытта Римде болған Дантеге сырттай отқа өртелуге, мүлкін таркілеуге үкім шығарылды. Қуғынды жүргенінде Данте «ақтардаң» ажырап қалды. Оның Италияны кезуі басталды.

Қуғында жүргенінің алғашқы кездерінде Данте «ақ» гвельфтердің флоренцияға қайта оралу әрекетіне қатысты. Данте бүкіл Италия халқымен рухани байланыста жаңаша сезімді және де бұл қуғында жүрген алғашқы жылдарының канцондарын және «күдіретті комедияны» (поэма 1037 жылы басталған), сондай - ақ «Халық тіліндегі поэзия трактаты», «халық тілі» туралы философиялық шығармасы «Пир» мен саяси трактаты «Монархия» туды. Италияны кезіп жүрген жылдарында Данте «әділеттілік ақыныны» айналды.

Данте «Монархияны» жазып болған кезде оның адамзаттың кідірместен қоғамдық саяси тұрғыдан түзілуге деген орасан зор үміттерінің күл - талхан болғаны анық болды. Генрих VII нің сәтсіздігі оның дүниеге көзқарасына айрықша әсер етіп өз өмірін қайта қарауға мәжбүр етті.

### **Джованни Боккаччо (1313-1375)**

Әңгіме Джовани Боккаччоның шығармашылығы туралы болғанда, біз итальяндық гуманистік идеяларды еске аламыз. Ол гуманистердың бірі және ерте қайта өрлеу заманының әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі болды. Оның шығармашылығы кәміл, іштей еркін адамды қарастырады. Оның шығармашылығының ортасында - әлем, жарық дүниенің материалдық әлемі, қоғамдық өмірдің құндылығы жатты.

Джованни Боккаччо Парижде туды. Әкесі қайтыс болғаннан кейін ол Флоренцияда, Неапольда өмір сүрді. Ол ғылымдарды – құқықтануды, психологияны меңгерді, дәуірдің идеологиясымен және коммерциясымен шұғылданады, грек және латын тілдерін үйренеді, антикалық Грекия тарихына қызығады, аңыз - әпсаналық және халық ауыз әңгімелерін жинайды. Оның «Амет» «Филоко-ло» (1338) туындылары алғашқы шығармашылық мұра болып табылады. Ол адамның махаббатын қорғап сол туралы баяндайды. Махаббатсыз өмір де адамзат та болмақ емес дейді. Боккаччо қайта өрлеу дәуірінің новелласын жасады. Ол реннесанстық поэтиканың, эпикалық поэма мен пасторальдың, сондай - ақ Жаңа заманның психологиялық романының негізін қалады.

XIV ғасырдың ортасында ол ең беделді дипломаттардың бірі болды. Міне сол Флоренциялық халық «попло» өзінің әмірлік, қоғамдық, сондай -ақ эстетикалық идеалдарымен Боккаччоға оның тарапынан Флоренцияда жасалған «Амето; немесе флоренциялық нимфалардың комедиясы» (1341-1342), «махаббат иесі» (1342), еуропалық психологиялық романның алғы шарты



(1343-1344), (махаббат туралы поэма аңыз) «Фъезолардың нимфалар» (1344-1346) секілді алғашқы туындыларын сипаттайтын реннесанстың гуманизмның толыққандығына қол жеткізуіне көмек берді.

«Фьяметтеде» психологиялық талдау жиі түрде риториканың көмегімен жүзеге асырылып, антикалық мифология саласында саяхат толып жатса да ауқымды және дәлдікпен жүргізілген.

«Декамерон» лирикалық «Кіріспеден» басталады, мұнда Боккаччо өзінің махаббаты жайлы айтады, ал шығарма «автордың қорытындысымен» аяқталады. Бұдан басқа, «төртінші күннің» басында Боккаччо батыл түрде хикаяға кіріп өз атынан «ұлбасар қаздар туралы 101-ші новелланы айтып береді де сыншылармен таласа отырып жаңа прозаның қағидаларын дамыта түседі». «Декамерондағы жаңа Әдіс» ішінен қалыптасады да бара - бара теориялық жағынан негізделе түседі. Осы новеллалардың негізіне күнделікті тіршілік оқиғалары енді.

Боккаччоның «Декамеронының» қиссашылары мен авторлық «меннің» арасында тығыз байланыс бар. Қиссашылар көп жағдайларда бір - бірлеріне ұқсас келеді. Олардың сойлеу тілі бір. Қара сөздері мен диалектизмдері әдептегідей, қиссашылардың емес, новеллалардың кейіпкерлерінің характері мен шарттасып жатыр. Көмкерулерді құра отырып Боккаччо феодалдық - сословиелік быжыраңқылықты емес, жаңа адамдарды бірінші ретін заялық пен адамгершілікті көрсетуге тырысты.

«Декамерон» қиссашыларының біріне - бірі жақындығы бұл қайта өрлеу дәуірі адамдарының новеллалардық қаһармандары өмір сүретін феодалдық - сословиелік әлемге деген ой-көзқарастарының бірдей болуы. Қиссашылар гуманист Боккаччоға ұқсас болғандықтан да олар біріне - бірі ұқсас. Олардың шартты әдеби есімдері Плефило, Филострато, Дионео. Бикештердің арасында Фьяметта аталады.

«Декамеронның» алғашқы беттерінде - ақ сурокалық Қайта өркендеудің бүкіл мәдениетіне тән дарашылдың «қашыр - қайрат» пен қоғамдық өнегіліліктің - тек қана христиандық ізгіліктің арасындағы емес, гуманистердің пікірі бойынша, жалпы адамзаттық мораль арасындағы да трагедиялық қарама - қайшылық айқындалып шықты. Аса сезімтал, дарынды суреткер ретінде Боккаччо бұл қарама - қайшылықты атап көрсетті, оның аламгершілік - эстетикалық тұрғыдан жеңуге болатынына берік сенді.

«Декамеронда» Боккаччо өз ғасырынан озып кетті. Кітап орасан зор табысқа кенелді, сондықтан бірден көптеген тілдерге аударылды.

Боккаччоның бірқатар эпсаналық кейіпкерлерді (Медеяны, Иокасты, Пенелопаны) қосқан алайда ортағасырлық дінбасылардың біреуін де қоспаған. «Атақты әйелдер туралы» трактаты (1360-1362) әйелге деген гуманистік көзқарасты теориялық жағынан негіздей отырып, оның дәріптелуін іштей еркін, рухани жағынан текті адамның жаңа реннесанстың идеалдарымен байланыстыра отырып «Декамеронды» толықтыра түседі.

## Хафиз (1325-1389 ж)

Хафиз Шамсиддин Мухаммад – ақын, философ данышпан, ол бүкіл ақындардың ұстазы. Хафиз яғни Құранды жатқа білуші халық әншісі болды.

Сондықтан оның өлеңдері қарапайым адамдардың жүрегіне жақын. Хафиз ағартудың, ғылым мен лирикалық өмірдің орталығы Шираз қаласында туды. Ол әлемдік поэзияның негізін қалаушылардың бірі ретінде мойындалды. 500 ден астам ғазэлдардың авторы. Жинақты оның шәкірттері құрған, сондықтан оның көптеген ғазэлдары жоғалған. Ол кейбіреулері өзгертілген. Хафиздың ең әйгілі туындысы – бұл «Сақинама». Гете өзінің «Батыс – Шығыс» кітабында Хафиздың шығармашылығына жоғары баға берді. Ал А.С. Пушкин ақынның шығармашылығына құрметпен қарап, оған өзінің өлеңдерін арнаған. Көптеген батыс – шығыс ақындары Хафизді өздерінің ұстаздары деп біледі. Шығыста Хафизды «Нукта санш шерик» («Ең ұлы ақын»). Әмір Темір Ширазды жаулап алғаннан кейін Хафизбек кездескен.

Поэзияның негізгі тебіренісі образдардың сопылық – символикалық, құдіретті шабыт пен аллегориялық сипаты. Оның поэзиясының өмірдеректік сипаты бар. «Сақинама» шығармасы шығыс әдебиетінің жәдігері болып табылады.

XIV ғасыр - махаббат лирикасының гүлденген шағы. Оның шарықтау шыңы Саадидің жерлесі Шамседдин Хафиздің өлеңдері болып табылады.

Хафиз шағын лирикалық өлең жанры - ғазэлді жетілдіре түсті, оның әрбір қос тармақты өлеңі - бәйтке нақылдың қисындылықты берді, өлеңдерді мол үндестікпен айытты. Бірақ ең бастысы, ол бұл жанрда талмастан махаббат жайлы – мистикалық емес, шынайы адами, сезімдік тұрғыдан айқын, дүниедегі барлық жамандыққа қарсы тұратын махаббат жайлы жазды. Ішкі бүтіндік, өзін-өзі ұмытатын риясыздық, шын жүректілік пен жан құлшынысының шынайылығы – Хафиз ғазэлдарының лирикалық қаһарманның қасиеттері. Ақын оның өзі сезінетін ие болудың қуанышы мен айырылысудың азабын ең маңызды оқиғалар деңгейіне көтерді. Мұндай әлемдік лириканың жаңа шегі, адам жүрегінің терең тұңғығына бойлай түсудің маңызды қадамы жасалды. Хафизда жарық дүниедегі махаббат болмыстың ең ұлы құндылығы, өз жеңілмейтіндігінде табиғаттың сұрапыл құбылыстарына тең күш ретінде көрінеді.

Эй жан! Сен менен бір рет болсын не керек екенін сұрармысың!

Есігіне жұмақтың қалай бару – емес қой менің уайымым .

Сұлулық патшасы! Міне мен – тақуа, дәруіш, күйген адаммын білермісің...

Пендешілік түсініктері! – байлық, абырой, атақ – емес оларда менің уайымым.

Хафиз бойынша махаббаттың салтанат құруы бұл зұлымдық, өтірік пен зорлық – зомбылық күштеріне жасалған үкім, сондықтан оның ғазэлдерінен біздің заманымызға дейін, Луи арагонның «тек қана махаббат жайлы айтыңыздар – қалғанның бәрі – қылмыс» деген нақыл сөзіне дейін ақындық эстафета жалғасы келеді.

Хафиз лирикасын ең басты қасиеті – адамгершілікті қорғау, бұл қасиетке барлық заманда да қауіп төніп, қорғауды бәрінен де көп қажет етті. Бұл жерде сөз абстрактті адамгершілік жайлы емес, әрбір пенденің құқығы бар және де әлеуметтік және адами зұлымдықтың - өркөкірек өктемдік, феодалдық өктемдік, көрсоқыр діндарлық, касталық тиымдар, қаранғы түсініктер, бетпак надандық, рсыз нәпсіқұмарлық секілді көп қырлы күштері қауіп төндіріп тұрған адамдардың шынайы сезімдері мен құанштары жайлы болып отыр.

### **Жәми** **(1414-1492 ж ж)**

Абдурахман Жәми ирандық поэзия классиктерінің тізбегін аяқтайды.

«Жеті таң» деп аталатын кең көлемді дастандар циклын құрушы. Мұнда ол өзінің адам өмірінің әділетті құрылысы арманы туралы, бақытсыз және үйлесімнен жұрдай әлемде бақыт пен үйлесімді әңгімесінде ізденісі туралы айтып берді, Жәми көптеген тамаша лирикалық өлеңдерді – ғазэлдарды жазды.

Жәми XV ғ мәдениеті мен әдебиетінің ірі қайраткері көптеген ақындардың, жазушылардың, суретшілердің, каллиграфтардың, музыканттардың, керек болса мемлекеттік және діни қайраткерлердің рухани ұстазы Парсы – тәжік поэзиясына жататын оның туындылары әлемдік мәдениеттің игілігіне айналды.

Нураддин Абдурахман ибн Ахмад ибн Шамсаддин Мухаммад Жәми Қорасандағы Жәм аймағына кіретін Харджард қыстағында 1414 ж 7 қарашасында дүниеге келді. Оның әдеби есімі оның ныспысы – Жәм қаласының атынан алынған сөз – Жәми сөзі, яғни Жәмилік сөзі болды.

Оның алғашқы ұстазы ақынның өзі айтқандай, оның – ғалым, заңгер әкесі болды. 4 жасынан кішкентай Жәми мектепке барып, әліппені, араб тілін, Құранды лезде жаттап алады. Содан соң оқуын Герартта, Самарқанда жалғастырып сол кездегі бар ғылымдар – логиканың, поэзияның, шешендік өнердің, теологияның, фәлсафаның, астрономияның, математиканың, классикалық әдебиеттің негіздерін меңгеріп алады.

«Ескендір даналығы кітабын» ол өзгелер дініне ұқсастырмай жазды. Жәми онда көбіне – көп өзінің бұрынғылардан алшақ кетеді. Бірақ ескеретін бір жәйт, ол Низамидің бейнелеген әлеуметтік утопиясын, Ескендірдің теңіздікті білмейтін адамды, адамның қанамайтын адамдары еңбекқор және мейірімді, таза ниетті қалаға қалай барғандығы туралы әңгімені сақтап қалады:

Ол қаланың адамдары болды ерекше,  
Болмады ол жерде патша да, бек те  
Бай мен кедей де. Болды ол жерде бәрі тең.

Нағыз туыстардай болды адамдары сол елдің.

Еңбек бұл адамдарға береке беріп тұрды, олар егіннің болмай қалуы, аштық дегенді білмейді. Жәми оның орасан зор беделінің алдында бас иген Хусейн Байқара мен өзге де әміршілер бірнеше рет ұсынған сарайдағы рахат өмірден біржолы бас тартты. Бүкіл өмір бойы ол ғылыммен және әдебиетпен шұғылданады отырып Гераттың шетіндегі өзінің жұпынылау үйінде өмір сүрді.

Абдурахман Жәмиұлы Әлишер Науоидың досы әрі ұстазы болды, ол өзінің шығармаларының едәуір бөлігін соның кеңесі мен берген ақ батасымен жазды. Жәми Науои өз туындыларын оның төрелігіне берген алғашқы адам болды. Өз кезегінде Жәми де солай істеді.

Өзінің Жәмимен достығы жайлы Науои «Таңырқаған бесеу» деп атаған кітап жазды.

Жәмидің әдеби мұрасы өте үлкен және көпқырлы. Ол маснави жанрындағы үлкен романтикалық дастандардан бастап, қытға, рубай, фардалар секілді шағын лирикалық формалар мен дидактикалық прозаға «Бахаристан» дейінгі тамша көркем образдар жасады.

Өлтір мені! Қан судай боп ақын қып-қызыл қып баян сенің кілеміңді.

Кілем тағдырға нәсіп еткен домалатұға менің күндерімді.

Қайбірдің түнегінде жұмақтың маған не керек?

Бар ғой ондай құаныш бұл дүниеде де .

Бар ғой Жәми үшін жұмақ, ол сені көрген жерінде.

Оның көркем шығармалары үш диуаннан тұрады, мұнда қасидилар, ғазэлдар, маснауилер, қытғалар, рубайлар және т. б. жинақталған.

Ғазэлдардың үш диуанын ол «Жастық шақтың бірінші бөлімі», «Алқадағы орта інжу - маржан» және «Өмір қорытындысы» деп атады.

Жалпы оның кітаптарының саны – 99. олардың ішінде оның «Алтын тізбек», «Саламан мен Абсәл», «Мейірімділерге сыйлық», «Лейли мен Мәжнүн», «Жүсіп пен Зылиха», «Тақуалардың тасбиғы» және «Ескендір даналығы кітабы» атты дастандардан тұратын «Жеті мәне» деп аталатын үлкен дастандар бар.

Жәми грамматика, философия, сопылық поэтика, музыка бойынша, өлең сөзжұмбақтары мұаммаларды құрастыру мен оларды табу бойынша көптеген трактаттарды қалдырды.

### **Әлишер Навои (1441-1501)**

Егер де біз Науоидың шығармашылығы жайлы ондаған кітап жазатын болсақ, ол жеткіліксіз болады. Оның өмірін, ұлы шығармашылық іс-әрекеттерін сипатауға әдемі сөздердің өз жеткіліксіз болады.

Әлишер Навои Гератта туды. 3-4 жасында ол бірнеше бәйтті жатқа білітін, ал 4-5 жасында оқуға барды. 1447 жылы Шахрух Мырза қайтыс болып тақ

үшін талас басталды. Навоидың отбасы Ирактан Тафт қаласына көшті. Мұнда Наваи Шарафиддин Әли Язидың «Зафарнаме» шығармасымен танысып, оның авторымен сұхбат құрды. 1450 жылы ол Гератқа қайта оралды.

Үйі өнер адамдарының сұхбаттасуының орталығы болған Науаидың әкесі Ғияссиддин Киякина Герат әміршісі Әбілқасым батырдың қолына қызметке кіріседі де, біршама уақыт өткеннен кейін, Иранның бір қаласының әкімі болып тағайындалады. Әлишер болса Гератта қалып оқуын жалғастыра береді.

Навои музыканы сол кездегі атақты музыкант Қажы Юсуф Бурхоннан үйренеді. Поэзияда Әлишер Лютфиды өз ұстазы деп санады.

Осы уақытта қалада хорезм шахы Әбусайдқа қарсы көтеріліс бұрқ ете қалады. Жасы 12-13 тегі Әлішердің әкесі қаза болады. 15 жасында ол Әбілқасым батыр мен оның баласы Хусейн Байқараның қасына қызметке кіріседі. 1456 ж. Бабур Мешходке кетеді де өзімен бірге Хусейн мен Әлішерді ала кетеді. Сол жерде олар оқуларын жалғастырады.

Әлишер өлеңдерін екі тілде - өзбекшеде (Навои – «ырғақты») - деген лақап атпен) және фарсида жазған.

1459 жылы Гераттағы тақты қайтадан қатыгез Әбусаид тартып алады. Ол Әлішердің Гератта қалуын қауіпті деп санап, оны Самарқанға жібереді.

1469 жылы батыс Иранны жаулап алу кезінде Әбусайд шах қаза табады. Ол қаза болғаннан кейін Гераттағы таққа Хусейн Байқара отырады.

Осы жылы Әлішер Самарқаннан Гератқа қайта оралды да Х. Байқараға арнап мадақ өлең жазады. 1463 жылдан бастап Науаи Хусейн сарайында мөр сақтаушы болып, барлық құжаттарға қол қоятын болады. 1472 жылы ол уәзір болып тағайындалады. Науаи ғалымдарға, каллиграфтарға көмек береді. Өз қаржысына ол көпірлер, жолдар, каналдар, керуен сарайлар, мектептер, каллиграфия мен көркем мұқаба шеберханаларын салды. 1476 жылы Науои зейнетке шығып Астрабадтың әкімі болып тағайындалады. 1483 жылы ол «Хамсаны», «Тақуалардың абыржуын», «Фахад пен Шірінді», «Лейли мен Мәжнүнді», «Жеті ғаламшарды», «Ескіндір қорғанын» жазуға кіріседі.

1492 жылы оның ұстазы Әбдірахман Жәми қайтыс болды. Әлішер 1491 жылы «Мажолисун нафоистың» 450 ден астам ақындарына арналған жинақты жазады. 1500 жылы «Махбубул нулубт» жазады.

Навоидың көптеген ғазалдарында жалпылама жобадан келіп шыққан, философиялық немесе саяси ой - пікірлерден тұратын қос жолдар пайда болады. Кейде мұндай жолдар бүкіл өлеңге шығатын кілт іспеттес болып жабылады. Осыған қарап алдыңғы жолдарды тұспалдап түсіндіруге болады – сонда ғазал шашылып жатқан қос жолдардың жай ғана қосылысы болудан қалып, ішкі бірлікке ие болады.

Навои төрт жолды өлеңдер – рубайларды да, дәстүрлі туюгтерді де жазған.

Өзінің рубайларында ақын адамды асқақтатып шейхтар мен дүниедегі өмірді дәріптеушілерге қарсы шығады:

Тозаң атымен қорқытпа мені сезімі жоқ тақуа,  
Өмірімнің соңына жеткенде жұмақ пен мені ренжітпе  
Тозақта мен сүйгенімді еске алармын, сонда тозақ айналар жұмаққа.

Егер де жұмақта шықсан сен алдымнан айналар жұмақ тозаққа.

Навои лириканың негізінде – сол заманның алдыңғы қатарлы идеялары, дарынды суреткердің адам мен оның құқықтары, адамгершілік туралы, өзінің заманы туралы ойлары жатыр. Оның шырындай тәтті тілмен жазылған өлеңдері қайғы мұң мен лиризмге толы. Міне осының бәрі Науои поэзиясына айырығыша табыс әкелді.

### **Захириддин Мухаммад Бабыр (1483-1530)**

1483 жылы Ферғана билеушісі Омаршейхтың отбасында Захириддин Мухаммад Бабыр дүниеге келді. Әкесі өлгеннен кейін, 1494 жылы он екі жасар Бабыр тақты мұралыққа алды.

Мәуреннахрда Шайбанилердің билігі орнағаннан кейін Бабыр Ауғанстанға кетеді.

1519-1528 жылдар аралығында ол Үндістанға бес дүркін жорық жасайды.

Бабырдың басты еңбегі - әлемдік әдебиет тарихына өзінің құнды үлесі арқылы белгілі болған «Бабырнама» атты өмірдеректің шығарма. Кітап Ферғана Кабул, Үндістан деген үш бөлімнен тұрады да 1494 мен 1530 жылдар аралығындағы оқиғаларды баяндайды. өмірбаяндық деректерден басқа «Бабырнамада» саяси, экономикалық, мәдени өмір жайлы мәліметтер, сондай - ақ жорықтардың, Орта Азияның, Ауғанстан мен Үндістанның қалалық және аулдық өмірінің сипаттамасы Бабырдың көрнекті замандастарының (Науои, Бинои және т. б.) портреттері беріледі.

«Бабырнама» Ферғанадағы 1494 жылғы оқиғаны Самарқан сұлтаны Ахмадтың Ферғанаға шапқыншылығын, Омаршейхтың өлімі мен он екі жасар Бабырдың таққа отыруын сипаттаудан басталады. Мәселелер мен оқиғалардың меңбері туындыда бірте – бірте кеңейс түседі.

Бабудың «Диуаны» дәстүрлі ғашықтық ғазелдары мен төрт тармақты өлең жолдарынан тұрады, мұнда ол отанына деген сағынышын төгеді, де оны жат жерде баурап алған жабырқауды сейілткісі келеді. Алыстағы Үндістанда оны тастап кетуге мәжбүр блған отаны жайлы ой тыныштық бермейді.

Өмірімде кездестірмедім бақытты мен,

Бақытсыздыққа болдым мен бейбақ.

Барлық ілімде сәтсіздікке,

Барлығы үшін барлығына қарыздар болдым мен бейбақ.

Тастап шығып өз Отанымды

Үндістанға тап болдым мен бейбақ.

Ұяттың қара күйесіне мәңгіге орандым ғой мен бейбақ.

## Физули (1494-1556)

Физули (Мухаммад Сулейман) Әзірбайжанда туды, алайда тағдыр оны Бағдадқа жақын маңдағы Кербела қаласына алып барды.

Физули Әзірбайжан, фарси, араб тілдерінде жазып бай әдеби мұра қалдырды, олар: хикаялы дастан «Лейли – Мәжнүн», «Диуан» (өлеңдер жинағы), ғазэлдардың үш жинағы, рубаилар, көркем проза жанрындағы саяси сатира «Шағымдар кітабы», философиялық трактат – «Сенімнің шығуы» мен көптеген лирикалық және лиро-этикалық шығармалар.

Өзінің парсы тілінде жазылған өлеңдер жинағының («Диуан») алғы сөзінде Физули өзінің шарыптың орнына үйсіз - күйсіз бақытсыз жат елдіктердің ыңырсыған әуенімен жұлмаланған жүректердің қанын ішкен той болып жатқан жерде тұрғандай сезімде екендігін жазады. Қасіреттің көзі болып табылатын оның егістіктерінде, тыныштық өмірдің самалы ешқашан да еспейді, ал олардың даласының үстінен жаңбырлары шаң дабысқан киімдерді жуып өтетін берекелі бұлттар көрінбейді. Қайреттің мұндай бағында жүректің гүлшанақтары жайылар ма екен, Қызылталдың бұлбұлдары сайрай ма екен?

Тұтқындағыдай өмір сүрсе мұнда адамдар,  
бәле билеп – төстесе бәрін де.  
Өнер жайлы армандау! Кімге берген мұнда ондай бақытты.

Физулидың осындай жағдайларда жазылған, адамдарға деген ыстық махаббатпен нұрланған, олардың тағдырына деген терең жанашырлыққа адам өмірін жарқын, әдемі ету ықыласына толы орасан зор еңбек соншама жоғары бағалау керек. Мұндай адамгершілікке толы ойларды Физулидегі Мәжнүн де айтады.

Адамдар қасіретін арқалап алайын мен мейлін,  
Аз болсыншы қайрет қай жерде болсын деймін.

Физули «Лейли мен Мәжнүн» дастанын Низамиден Хусроу Дехлеуиден, Жәми мен Науайдан кейін жазды. Алайда бұған қарамастан Физулидың дастанының өзіндік ерекше болмысы бар. Оның сюжетінің оқырманға белгілі болғандығын ескере отырып, ақын қаһармандардың уайым – қайғыларын беруге назар аударыды. Ол дастаннаң мәтініне Лейли мен Мәжнүн өздерінің нәзік те пәк сезімдерін төге түсетін ғазэлдарды енгізеді.

Айырылысу тақырыбтың ғасырлардың он бойында поэзияда әлеуметтік мәні болды. Физулидың поэмасы қоғамдың маңызы бар мәселелерді көтерді. Мәжнүннен ажыратылған Лейлиді өзі сүймейтін Ибн Саламға күйеуге береді. бұл олардың ешқайсысына бақыт әкелмейді. Бір – біріне деген сүйіспеншілікке негізделмеген неке тек қана қасірет алып келеді. Физули шығармашылығындағы ерекше орында прозамен жазылып өлеңдермен

араласып датқан «Шекаетнама» («шағымдар кітабы») алып жатыр. Бұл шенеуніктердің паракорлығы мен сатқындығын, феодалдық мекемелердің сыртқы әсемдігінің ар жағында белгі алған қатыгездік пен өзбырлықты әшкерелейтін ғажайып сатиралық туынды. Бұл шығармаға арқау болған ол терең өмірлік себеп. Қартайған ақын түрік султанының вакуфтық мүліктен, яғни қайырымдылық мақсаттарға жұмсалуға тиіс қаражаттан 9 теңге зейнетақы алу дипломына ие болды. Алайда, осы аз ғана ақшаның өзіне оның қолы жетпеді. Султан садақасы бос әурешілік пен лайық емес мазаққа қалдырды.

«Шиқастнама» - әзірбайжан көркем прозасының алғашқы елеулі үлгісі.

«Лейли мен Мәжнүн» мен Шиқаснамадан басқа Физули лирикалық өлеңдердің үш жинағын - әзібайжандың, парсылы және арабтың диуандарды, «Банг иа баде» («Шарап пен гашиш»), «Сиххат ва мараз» («Саулық пен ауру»), «Сухбат аль смар» («Жемістердің сухбаты») атты аллегориялық поэмаларды, поэтикалық сөзжұмбақтар кітабы «Муамманы» және өзге де шығармаларды жазды.

### **Фрасуа Рабле (1494-1553)**

Қайта өрлеу дәуіріндегі француз әдебиетінің өкілі Франсуа Рабле Турень аймағында Шинон қаласына жақын маңда адвокаттық отбасында дүниеге келді. Оны Шинонға жақын жердегі діни мектепке береді. Монастырьда оқып жүріп ол тиым салынған антикалық әдебиетке қызығады, грек тілі мен латінды үйренеді, үлкен ықыласпен Гомер шығармаларын оқиды. Жас шағында монах болды, содан соң махалла алады, алайда дін қызметкерлерінің міндеттерін орындамады.

1530 жылы Монпольға келіп, ол Гиппократтың «Афоризмдерімен» танылады. Лионда дәрігер болып жұмыс істейді. Италияда үш рет болады, көне Римнің тарихы мен мәдениетін зерттейді. 1530 жылы оның «Гаргантюа мен Пантагрюэль» атты эпопеясының алғашқы кітабы Алькофрибас Назьс атты лақап атпен шығады. Бес кітаптан тұратын эпопеясын ол 20 жылдан астам жазады. Бұл энциклопедия қайта өрлеу дәуіріндегі француз мәдениетінің ескерткіші.

1534 жылы Пантагрюэль әкей мен Гаргантюаның күйгелек өмірі жайлы екінші кітабы, 1546 жылы – ұлы мәртебелім Пантагрюельдің қаһармандық әрекеттері атты үшінші кітабы, 1552 ж – «Батыл Пантагрюельдің» қаһармандық қылықтары мен нақыл сөздері атты үшінші кітабы шықты. Ол өлгеннен кейінгі «Пантагрюельдің бесінші кітабын» (1564) шынайылығы жоққа шығарылады: оны беймәлім автор Рабледан кейін қалған қандай да бір материалдарды пайдалана отырып жасаған болуы керек. «Гаргантюа мен Пантагрюэль» - бұл Франсуа Роблені бүкіл әлемге әйгілеген шығарма.

Ол қалалық ауруханада дәрігер болып жұмыс істеді де гуманист ретінде бірқатар ғылыми басылымдарды шығарды (Манардидің «Дәрігерлік хаттары»,



Гиппократтың «Афоризмдері» өзінің түсіндірмелерімен бірге және т. б). Лионда Дабле – жазушының туылуы болды. Лионда Рабле саяси қайраткер әрі жазушы, әйгілі мемуарлардың авторы кардинал Жан дю Беллемен танысады да соның қасында қызметке кіреді.

Католиктік топтардың «Пантагрюэльдің» пайда болуына деген жауабы өте жылдам болды: 1533 жылы Сорбоннаның теологтары кітапқа тиым салады. Жазушының жауабы ретінде оның жауынгерлік рухының оған тән утопиялық армандар мен жарқын елестерінің үйлесімін үйлесімі ретін «Салтанат құрушы жанашыр» туындысы болды.

Алайда Рабле өз армандарымен қош айтысуы тиіс еді. 1534 ж. 18 қазанының түніне қарай әйгілі «Жарқағаздар тұралы іс» айналады. Король өкіметі бірден өзгереді: жақында ғана әдебиет пен өнердің қорғаушысы болған. Сорбоннаның шабуылынан гуманисттерді қорғаған Франциск I сөз еркіндігін шектейді.

Рабле Лионнан қашады. 1535 ж. маусымда ол Римге келеді, мұнда ол өзін күнәдан тазартатын папа Павел III Фанезенің қабылдауына қол жеткізеді. Рабле қайтадан діни дәреже алады, алайда монастырда көп тұрмайды. Кардинал дю Белленің қамқорығын пайдалана отырып Рабле дәрігерлік іс – тәжірибеге рұқсат алады да дәрігер емші болып жұмыс істейді, Монпельсте, Парижде, Лондонда және өзге де қалаларда анатомия курсын оқиды. 1538 – 1540 ж ж Рабле біресе анау қалада, біресе мынау қалада пайда болады, біресе бірнеше айға жоқ болып кетеді. Оның дәрігерлік қабілеті ғылыми әлем тарапынан мойындалған: ол Лионда, Монпельсда, Парижда, Туринде тәжірибе жүргізеді. Рабленің романы қайта басылып шығады, оның халық кітабы рухындағы жасырын қайта өзгертулері пайда, жазушінің беделі өседі. Өз кітаптарын теологтарының шабуылдарынан қорғауды мақсат етіп, 1542 жылы ол «Гаргантюа мен Пантагрюэльді» оның ең откір пассаждарын біршама жұмсарта отырып қайта шығарады. 1543 жылдың шілдесінде Франциск I-ші Раблені өзінің құзырындағы өтініштерді баяндап тұрушы етіп тағалбындайды. Алайда жоғары лауазым мен корольдің қамқорлығы Сарбоннаның жаңа олбыптарынан қорғап қала алмайды. Оның 1545 жылы жоғалады. Бәлкім осы кезде шет аймақта жүріп жазушы өзінің «Үшінші кітабын» ұрған болар.

Романда Рабле гуманистік тәрбие бағдарламасын ұсынады, бұған ең алдымен филологиялық пәндері, тарихты, жаратылыстануды, астрономия мен т. б. оқып – зерттеу кіреді. Гаргантюаның хаты – қайта өрлеу дәуіріндегі педагогикалық ойдың тарихынан алынған қызықты құжат. Жас Гаргантюа рыцарьлық дайындықтан да кездейсоқ өтпейді: Рабленің кітабы мемлекет басшысын тәрбиелеу туралы кітап. Бұл тақырып Грангузье мен Гаргантюаның Пикрохоль корольмен соғысы эпизодтарында құлаш жайған. Міне осында Рабле антитезадан бастайды: жазуші ақымақ топас және қатығез феодалдық билеушіні егжей - тегжейлі, әрі сатиралық тұрғыдан өткір бейнелейді. Пикрохаль өзінің наубайшыларының Грангузьенің шопандарымен ұрсып қалуының себептерін іздеместен-ақ әскер жинауға кіріседі.

Гаргантюа «оларға өзінің қайта ашқан кітап басып шағару шеберханасындағы станоктарға тұруға ғана бұйырды». (LI бөлімі). Расында да

Гаргантюа Платонның «Мемлекеттер патшалар философ болған кезде нешесе философтар – патша болған кезде бақытты болмақ» деген ойын қайталауы кездейсоқ емес. Бұл сөздер дәуірдің алдыңғы қатарлы адамдарының үмітін білдіреді.

Мейірімді Пантагрюэльдың қаһармандық әрекеттері мен сөздерінің үшінші кітабы он екі жылдан соң басылып шықты. Осы жылдардың ішінде Францияда көп нәрсе өзгерді. Рабленің өзі де, оның өнері де өзгерді. Біздің алдымызда әйтсе де таныс кейіпкерлер болса да, «Үшінші кітап...» бұрынғы екеуіне мүлдем ұқсамайды.

Гаргантюа мен Пантагрюэль – бұлар енді алыптар емес, жай ғана дана да мейірімді билеушілер. Оның үстіне басты қаһармандар енді олар емес, ісі де бойы да кішкентай, жеке дара тағдыры бар Панург.

Бұл жөнінде 1548 жылы жазылған «төртінші кітаптың» кіріспе бөлімінде, ағаш кесуші мен оның балтасы туралы мысалда айтылады.

«Төртінші кітап» - бұрынғыларының табиғи жалғасы. Енді пантагрюэльшілер Панург үйренуі керек пе әлде жоқ па деген сол баяғы сұраққа жауап алу үшін Құдіретті Шөлмектің жас тартады. Кітап теңіз саяхатның бірінен - соң бірінің болуымен байланысты көріністерге бөлініп кетеді.

### **Сервантес (1547-1616)**

Мигель де Сааведра Сервантес – испан әдебиетінің ең ірі өкілі, ал оның «Дон Кихоты» - әлемдік әдебиеттің жәдігері. Рыцарьлық романға породия жасай отырып, Сервантес Испанияның халық өміріне кең реалистік беәне береді.

«Дон Кихот» әлемдік әдеби үдеріске үлкен ықпал жасаған қайта өрлеу дәуірінің ең көрнекті шығармалырының бірі. Мейірімді кезбе Дон Кихот пен оның қару – жарағын алып жүретін Санчо Пансаның образдары жалпыға белгілі есімдерге айналды. Олар әділетсіздікке қарсы күреседі. Барлығында да рыцарьға Санчо көмектесіп жүреді, ол оған шын берілген.

«Айлакер идальго Дон кихот Ламанческий» (романның бірінші бөлімі, 1605), «Дон Кихот» (романның екінші бөлігі, 1615), «өсиеттік новеллалар» (1613). «Парнасқа саяхат» (Сатира 1614), «Персилес пен Сихизмундтың ишхангерліктері» (роман ол өлгеннен кейін шықты), «Ғажайыптар театры» (интермедия), «Саламан үнгірі» (интармедия), «Қызғаншақ шал» (сатира), «Сыған қызы» (новелла), «Ағылшындық испан қыры», «Ақ көңіл бас июші» - Сервантестің тамаша туындылары.

Жас өспірім шағында - ақ болашақ жазушы Испанияның жартысын аралап шықты, Севилияда, Вадьядалидада, Мадридте болды. Мұнда ол гуманист Хуан Лопес де Ойоспан білім алды, ол 1569 жылы өзінің кітабында өз шәкіртінің бірінші өлеңін басып шығарды. Осымен Сервантестің әдеби қызметі он үш жылға үзіліп қалады да оның өзі Италияда кардинал Аквавиваның содаң соң

испан әскерлерінде қызметте болады. Сол 1569 жылы Мадридте дуэльге (жекпе - жекке) қатысқаны үшін оң қолын кесуге және он жылға жер аударуға үкім шығарылған Мигель де Сервантес деген біреуге іздеу салынады. Италияда Сервантес 1570-1575 ж-р аралығында өз полкімен көптеген қалаларда болды. 1571 жылы Туркияға соққы беріп жатқан Испания әлі де болса прогрессивті рөлде болып тұрған XVI ғ. соңғы шайқастарының бірінде – Лепанто түбіндегі теңіз шайқасында ол өзінің даңқын асырды. Сервантес көкірегі мен біртола өмір бойына жансыз болып қалған сол қолынан жараланды. Мұнда отаны үшін сол қолынан айырылған Сервантеске сүйікті отаны «Дон Кихотты» жазатын оң қолын кесіп тастауға үкім шығарғанында қандай да бір сәуегейлік жатты.

Сервантеске Севильяға жақын маңдағы деревняларды аралап азық түліктерді нақты бағамен күштеп алуға тура келді. Аш құрсақ шаруаларға жұмсақ, азық - түлікті жасырған дінбасыларына қатал болған Сервантес шіркеуден аластатылуға сәл қалып төрт рет – 1592, 1597, 1602 және 1605 жылдары төрт рет түрмеге түсті – екінші және үшінші рет толық алынбаған салықтар үшін қамалды.

«Дон Кихоттың» бірінші бөлімі 1605 жылы басылып шықты да авторды халықтың сүйіспеншілігін, ол көп ұзамай - ақ суроналық даңққа бөледі. Алайда, құжаттардан белгілі болғанындай, Мадридте жазушының отбасы, оның өзі діни бірадарлыққа кіруіне және меценаттардың көмегіне қарамастан кедейлікке кедейлікте өмір сүргендігін көрсетеді. Соңы көрінбейтін қайыршылық өмір, дұшпандардың ғайбаттарымен қиындай түсті, оларға Сервантес «Парнасқа саяхат» дастанында (1614) жауап берді. 1614 жылы Алонсо Фернандес де Авельянеда аты бүркеншік атпен жарияланған бірінші бөлімде Сервантеске қарсы ұлы памфлетті білдіретін, оның айлакер идальгосын сөзге жаиандайтын «Дон Кихоттың» жалған түрдегі жалғасы оған әсіресе ауыр соққы болып тиді: Алайда, «жалған Кихот» 1615 жылы басылып шыққан шынайы екінші бөлімнің аяқталуын тездетті.

Сервантес өзінің өмірінің соңында Сервантес тағы да бір үлкен романды – «Персилес пен Сихисмундтың жиһангерліктерін» жазды. Бұған арналған кіріспе бөлімді Сервантес қайтыс боларынан бір апта бұрын жазып шықты. Туындыны 1617 жылы жазушының жесірі шығарды. Алайда, Сервантестің образы Дон кихоттың даналық шаттығының сәтіндегі образына жақын болып көрінген кіріспе бөлімнен басқа, «Жихангерліктер...» «Дон кихотқа» алғы шарт болған кезеңге жатады.

Дон Кихот пен Санчо біршама дәрежеде символдық тұрғыда, шынайы, өмірден да, идеалдан да тұратын шынайылықтың уақыт жағдайына қарай өмірге қайта өрлеу еңгізе алмаған, алайда оның адамзаттың бұдан былайғы дамуына қосқан өшпес үлесіне айналған шынайылық пен кемелдіктің иелері ретінде көрінеді.

Сервантестің көп көріністі романы – бұл испан гуманизмінің әмбебап картинасы.

## Лопе де Вега (1562-1635)

Қайта өрлеу дәуіріндегі испан әдебиетінің ірі өкілі. 1588 жылы «Жеңілмейтін армада да» ерікті болып қазмет етеді, испан солдаты ретінде англияның жағалауларына атталады. Саяхаты кезінде «Сұлу Анжелика» поэмасын жазады. Ол «Кінәсіздердің қаны», «Севильяның жұлдызы», «Саламель алкальды» секілді сонеттердің, романдардың, поэмалардың, романдардың, әңгімелердің авторы болып табылады. Оның шығармашылығы алуан түрлі. Лопе де Веганың әлемдік драматургияда өзінің лайықты орны бар. Оның өмірі жемісті болды, өзінің шығармашылығында ол қоғамдағы «әділетсіздікке қарсы шығады.

Испанияда Лопе де Веганың эстетикасына Мадрид академиясы қарсы шықты. Ол Лопе де Веганың «қарапайым халықтың театрын», «надан» және «Варварлық» деп атады. Алайда классицизмді жақтаушылар Лопе де Веганың жүйесіне ештемені қарсы қоя алмады. Драматург өзінің эстетикалық бағдарламасын шығармашылық тәжірибенің негізінде, жасалған жұмыстың қорытындысы ретінде тұжырымдады да замандастарының сүйіспеншілігін, өзі «жалаң аяқ» деп атаған комедияларымен жаулап алды.

Фуэнте Овехуна (испан тілінен аударғанда «Қойдың бастама негізі» деп аталады). Испанияда Кордова қаласына жақын маңда орналасқан. Сол жерде 1476 жылы Калатрава орденінің командоры Фернан Гомес де Гусманның озбырлығына қарсы халық көтерілісі бұрқ ете қалады. Осы тарихи көріністі өзінің пьесасында драматург қайта жаңғырта білді.

Тарихи хроникадан белгілі болғандай, Фернан Гомес Фуэнте Овехуна елді мекенін король мен Кордова қаласын үкіметінің еркіне қарсы өз бетінше иемденіп алды. Оған қарсы көтерілген шаруалар бұл жағдайда халықты қанаушыларға қарсы күрескерлерді ғана емес, сонымен бірге елдің бірлігі үшін күресушілерді де білдірді.

Лопе де Веганың «Сивилья жұлдызы» пьесасында (1623) қарапайым шаруалар емес, бай, ауқатты адамдар бейнеленген. Олар да қиыншылықтарды сезінеді, оларды да өздерінен де бай, әрі ауқатты адамдар қысымға ұшырытады. Мұнда да абырой үшін күрес жүріп жатады. Бәлкім дворяндық ар – намыс заңдарының кейбір айла - әдістері қарапайым адамның дұрыс пайымына ағаш болып көрінетін шығар, алайда өзіне алған міндетемелерді адал орындау, қабылданған қағидалар үшін кез - келген өзін - өзі құрбан ету ізгілікті әрі асқақ болып табылады.

Лопе де Вега өзінің өмірінің соңына дейін шығармашылықпен айналысты. Өзінің дүниеден озарынан бірнеше күн бұрын ол «Алтын ғасыр» атты тамаша философиялық поэманы аяқтады. Ол өз халқының, оның ұлттық тарихының даңқын сол заманғы оқиғалар мен ғұрыптарды жеңіл де, әсем өлеңмен немесе ескінің батырлық аңыздарын көне кастилиялық жылнамалардың қатаң стилімен сипаттай отырып асырды. («Астурияның атақты әйелдері» пьесасы ). Тасео рухында ол «Жаулап алынған Иерусалим» дастанын жазды. Драматург

бірнеше новеллалардың («Диананың басынан кешкендері», «Өжет Гусман» және т. б.) өз заманының жазушылары мен ақындарының екі жүзден астам есімін атаған әдеби – сыни «Бұлбұл» поэмасының авторы болып табалады. Дәуірдің лебімен ол діни өлеңдерді де жазады («Қасиетті өлеңдер» жинағы). Алайда негізінен Лопе ле Вега драматург болды.

Оның, «Қойлардың шығар жері» пьесасының қаһармандарының бірі – ақ жарқын, қалжыңбас ал қажет болған жағдайда ақын да болып кете беретін шаруа Менго, «өлеңде лезде шығара салатындарды», қиналмай-ақ өз өлеңдерін:

..... өзінің өлеңдері

Дәптерге шимақтап жаза салатын.

Жабысқақ болдың астына

Қай-қайдағыны жасыра салатын.

Ақынсымақтарды өткір сынға алады.

Лопе де Вега өз күшін алуын түрлі жанрларда сынап көрді. Ол сонетерді, эпикалық поэмаларды жазды. «Табиғаттың ғажайыбы – ұлы Лопе де Вега пайда болды!» - деп жар салды Сервантес және де өлерінен бұрын (бұл жолдарды ол 1615 жылы өлерінен бір жыл бұрын жазған болатын) өзінің өнердегі тумысына ақ батасын берді.

Испандықтар өзінің ұлттық дарынын қатты құрметтеді. Оның есімі бүкіл сұлулықтың символына айналды.

### **Вильям Шекспир (1564-1616)**

Қайта өрлеу дәуіріндегі ағылшын әдебиетінің ең ірі өкілі. Қарапайым отбасында туды. 1587 жылы Лондонға келеді. Алдымен театрда суфлер, актер, содан соң режисер, ал кейінгі кезде директордың көмекшісі болып жұмыс істейді.

Шекспирдың туындылары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Шекспир драматургтың шығармашылығын үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңі (1590-1601) оптимистік сипатта. Драматург орта ғасырлық қараңғы, аскеттік феодалдық – шіркеулік дүниетанымға қарсы шыға отырып, қалыптасып келе жатқан капитализм халыққа бостандық алып келеді деп шын сенді. Шекспирдің комедияларының өмір қуанышына толы үні осыдан келіп шығады: («Катерлер комедиясы», «Асауға тұсау», «Екі верондық», «Махаббаттың босқа жұмсалған күші», «Жазғы түндегі уйқы», «Болмашыны болды ету», «Сізге бұл қалай ұнамақ?», «Он екінші түн», «Виндзорық алапестер»). Осы кезеңде Англияның өткен тарихы бейнелейтін пьеса - хроникалар да жатады («Генрих VI», «Ричард II», «Ричард III-ші», «Король Джон», «Генрих IV», «Генрих V») 7 Осы жылдары «Ромео мен Джульетта» трагедиясы, «Венециандық көпес» драмасы мен «Юлий Цезарь» трагедиясы жазылды.

XVI ғасырдың соңына қарай капиталистік қатынастардың адамгершілікке жат мәні ашыла бастайды. Гуманистер қалыптасып келе жатқан капитализмнің кері жақтарын жиі сыңға ала бастайды. Гуманистердің санасына келмеске кетіп бара жатқан қоғамның да қалыптасып келе жатқан қоғамның да жағымсыз жақтары келіп құйыла береді. Шекспирдің шығармашылығында да күрт өзгеріс пайда болады. 1600 жылдан бастап оның комедияларын оптимизмі, жағдайлардың трагізміне, қаһармандардың ішкі жан дүниесімен өміріндегі қарама-қайшылықтарды терең талдауға орын береді. Өзінің шығармашылығының екінші кезеңінде (1601-1608) Шекспир ұлы трагедиялары – «Гамлетті», «Отеллоны», «Король Лирді», «Макбетті», «Тимон Афинскийді» және т. б. жазады.

Шығармашылығының ең соңғы үшінші кезеңі 1608-1612 жылдар аралығын қамтиды. Драматург шындық өмірдің трагедиялық қарама-қайшылықтарынан романтикалық – ертегі армандарында жол табады. Ол «Цимбелин», «Қысқы ертегі», «Дауыл» атты пьесалар жазады.

«Гамлет» трагедиясы (1601) Шекспирдың шығармашылығын екінші кезеңін ашады. Трагедияның сюжеті XII ғасырғы дат хроникасы Саксон Граматиктен алынған. Әтсе де пьесаның көрінісі Данияда болып жатса да, Шекспир өзінің өзге де пьесаларындағыдай өз заманындағы ағылшын қоғамын оның өткір әлеуметтік қарама - қайшылықтарымен бірге бейнелейді. Пьесаның негізінде гуманист Гамлетің «қатыгез» ғасырмен, әлеуметтік және моральдық зұлымдық әлемінен трагедиялы қақтығысы жатыр.

Гамлет – қайта өрлеу дәуірінің өзіне тән өкілі. Трагедияның басында ол өмірге разы әрі бақытты болды, себебі шындық өмір әлі де болса оның армандарынан алыс кетпеген еді.

Әкесінің кенеттен қайтыс болуы мен анасының лайықсыз қылығы оның дүниеге көз қарасы мен оның бүкіл келбетін өзгертіп жіберді. Егер де бұрын әлем оған үйлесім патшалығы, ал адам – ұлы, әрі сұлу болып көрінген болса, енді ол үшін «өткінші дүниенің квинтессенциясы» болды. Гамлет корольдың қылмыстары заманның жеркенішті тұстарын жүзеге асырып жатқандығын түсіне бастады; олар дат мемлекетінде белең алған ортаға, сол атмосферада мүмкін болды. Гамлет «дания түрме екендігін», алайда сонымен бірге көптеген қақпаларымен, зындандары мен және жер асты түрмелері мен бірге бүкіл дүние жүзінде түрме екендігі туралы қорытындыға келеді. Гамлеттің осы сөздерінде Шекспирдің өзінің ойы білдірілген.

Ханзада өз заманының қатыгездігі мен әділетсіздігіне қайран қалған, мұнда күшті әлсізді езеді, соттар істі әділетсіз қарайды, мұнда адамның қадыр қасиеті арсыздықпен қорланады.

Пьесаның трагедиялы аяқталуына қарамастан пессимистік емес. өлерінен бұрын Гамлет Норвег ханзадасы Фортинбрасы Дания тағына лайықты үміткер ретінде атайды. Фортинбрас өзінің рухани қасиеті бойынша Гамлеттен көп кейін қалады, алайда адал да батыл Фортинбрасың қылмыскер өте жаман Клавдийдың орнына келуі, Гамлет өмірден елінің жарқын болашағына деген үмітпен кетіп бара жатыр деген үмітпен қарауға мүмкіндік береді, міне осы сезімнің артында драматургтың өзі тұр.

## Джон Мильтон (1608-1674)

Нотариустың отбасында туған Мильтон діни ақуалда өмір сүрді. Мильтонның мектептегі досы Чарльз Диодад (шығу тегі италяндық) Франциядағы католиктік шіркеуден қашып шығып, Женеваға келеді де протестанттарға қосылады. Ол кезде Мильтон Кембридж университетінде сабақ береді. Ол ағылшын республикасы егемендігін жақтаушы, феодалдық реакуияның дұшпаны ретінде көрінеді. «Жоғалған жұмақ» (1667), «Қайтарылған жұмақ» (1671) поэмалардың библиялық образдарында ол революциялық оқиғаларды көрсетті, адам құқықтары туралы мәселелерді қойды.

Мильтон өз балалық шағын шіркеу қызметкерлерінің арасында өткізіп, өзінің оқуын Кембридж университетінде жалғастырады. Содан соң ол әкесінің үйіне тұруға көшіп борады, грек, латын және көне еврей тілдерін үйрене бастады. Ол өз заманының ең сауатты адамдарының бірі болды.

Дін тақарыбы «Дінге деген күшті сенім, поптардың еркі мен ұлылықтары». Тұлғаның еркіндігі тақырыбы «Сөз еркіндігі туралы сөз», атты туындысында көрсетілген. Тәрбие тақырыбы «Адам құқықтарын тәрбиелеу туралы» аты зерттеулерінде, «Тәуелсіздік пен химия» атты туындыларында келтірілген.

Мильтонның теориясы бойынша, адам үшін үш еркіндік бар, олар: діни наным - сенім, отбасылық және азаматтық құқық. Мильтонның шығармашылығындағы ерекше орында оның «Ағылшын халқын қорғау» деген атпен латын тілінде жазған туындылары алып жатыр.

1660 жылы Англияны Ресторрация кезені басталады. Бұл кезеңде Мильтон Лондоннан алыс емес жерде жұтаңдау өмір сүрді. Мұнда ол өзінің «Жоғалған жұмақ» және «Қайта оралған жұмақ» атты поэмалары мен «Сасон - күрескер» трагедисын жазып шықты.

Жеті әннен тұратын «жоғалған жұмақ» поэмасын ол он үш жыл бойы жазған. Бұл кезеңде ол өзін жалғыз сезінген жоқ. Ол ойша табиғатпен сұхбат құрады.

«Жоғалған жұмақ» поэмасының жалғасын біз «Қайта оралған жұмақ» поэмасында көреміз.

«Баспасөз еркіндігі туралы сөз» (трактат), «Тәрбие туралы» (трактат), «Ажырасу туралы» (трактат), «Иконаға қарсы күресуші» (памфлет), «Жоғалған жұмақ» (поэма), «Қайта оралған жұмақ» (поэма 1662), «Самсон – күрескер» (драма) – оның туындыларының бір бөлігі міне осы.

Университетте Мильтон өлеңдерді ағылшын және латын тілдерінде жазды. Олардың кейбіреулерінің атаулары ақынның дінге бейімділігін білдіріп тұр. («Христостың туған күнінің таңы», «Құдайдың ынтықтықтары», «Құдайға сүндеттеуге» және т.б., сонымен бірге «Шекспирге»).

Университетті бітіргеннен кейін, әкесінің қала сыртындағы үйінде Лондонға жақын маңдағы Хартонда тұрып жатып, Мильтон өзінің алғашқы өзінің жеткілікті дәрежедегі елеулі туындыларын, драмалық поэмасы «Камусты» жазды.

Мильтонның соңғы туындысы, оның қаһармандық драмасы «Самсон» да эпсанадан келіп шығады, ақынның қалған барлық шығармалары секілді революция оқиғаларымен байланысты. Мұнда ол жығылған алыптар тақырыбына қайта оралады. Енді ол алып күшке бөленген, зұлым да жауыз филистимляндықтар жеңе алмайтын алып Самсон. Самсон сенгіш, оның үстіне ол сұлу әйелді, өзінің жұбайы Далиланы сүйеді, алайда филистимляндарға сатылған Далила оны сатып қояды. Оның көзін ойып алады. Филистимляндардың кешегі қорқынышы болған ол, олардың сайқымазағына айналуына мүмкін. Алайда, бақытсыз жығылған алып бағынған жоқ. Ол өзінің дұшпандары көңіл көтеріп жатқан сарайдың қабырғасын бұзады да оларды құртады, өзі де сарайдың қабырғасын үйінділерінің астында көміліп өледі.

Мильтонның есімі Англияның сыртында, баспасөз беттерінде оның «Ағылшын халқын қорғау» атты әйгілі шығармасы пайда болғаннан кейін әйгілі болды.

Мильтон жаңа поэтикалық әлемді жасады, элиталық өлеңнің жаңа мүмкіндіктерін тапты. Ол еуропалық поэзияның дамуына үлкен ықпал етті.

### **Пьер Корнель (1606-1684)**

Әйгілі француз драматургі Руан қаласында адвокат отбасында дүниеге келді. Әдеби қызметін комедияларды жазудан бастады. Өмір тіршілігінің тарихына арналған «Мелита» (1629) комедиясы шығармашылықты осы жанрда жалғастыра беруге серпін берді. Осы шығарманың ықпалымен ол бірінен соң бірін «Клитандр» (трагикомедия), «Сот өмірі», «Корольдердің жарығы» (1631-1636) пьесаларын жазды.

Корнель «Сид» трагедиясын испанның батырлық эпосы «Сид туралы жырдың» ықпалымен жазғанына қарамастан, осы «Сид» трагедиясының арқасында әйгілі болды. Ұзақ уақыт бойы әдеби қызметпен айналысады, алайда одан кейін «Гораций», «Цинни», «Эдип» (1659) трагедияларын жазады. 1667 жылы Парижге қайта оралысымен әйгілі драматург Рассинмен кездеседі. Мұнда ол «Пампея», «Аттил», «Геркулес» атты тарихи трагедияларын жазады да өз беделін қайта қалпына келтіріп, көрермендер тарапынан әйгілі драматург ретінде мойындалады. «Мелита», «Клитандр», «Сот галереясы», «Король алаңы», комедиялары, «Сидтің күлдіргі елестері», «Сид», «Горации», «Цинна» (1639-1640) пьесалары, «Пертарит» (1652), «Эдип» (1652) трагедиялары, «Талғам храмы» поэмасы (1731) Корнельдің әйгілі пьесалары.

«Сид» авторға халықтың мақтауын бергенімен сонымен бірге орта қол драматургтердің қызғанышы мен кардинал Ришельенің теріс ниетін туғызды. Соңғысына келсек, оған ең алдымен, саяси себептер түрткі болды, нақтырақ айтсақ: Корнель пьесаларындағы испандық қаһарман. Ришелье сол кезде Австрияға қарсы сыртқы саясат жүргізді, әрине ол осы елдің тағында отырған испан габенбургтеріне жақсы ниетте болмады.



Сид туралы – тарихи тұлға Радриго Диас туралы мәліметтерді Корнель испан батырына арналған ортағасырлық қаһармандық поэмадан немесе рыцарлық жырлардан (рамансеро) алуы мүмкін. Алайда, Корнельдік «Сид» – нағыз француздық туынды. Испаншаны Сид пен Хименаның махаббаттын жүрегіне соншама жақын қабылдауына не нәрсе мәжбүр етті. Оның өзі сүйеді еріксіз, қинала сүйеді. Сүйгенде кімді сүйеді? Қарапайым дворян болғандығы себепті оған күйеуге шыға алмайтын жас Сидті ме? Испанша өзін - өзі қаншама айнытса да, өз-өзімен қаншама күрессе де махаббаттың сиқыры оны дес бермес күшпен тартып кетеді. Тек үміт қана оның махаббатына нәр беріп тұр деп пайымдай отырып, оның өзі осы үмітті бірatalа өлтіріп тастауға тырысады. Радригоның үйленуі екеуінің арасында айырып жіберуі мүмкін, сондықтан корольдың ғашық қызы, жүрегінде ауыр күйзелістің құпиясын сақтай отырып өзінің сүйген адамының жек көріністі некесін өзге адаммен, яғни қоғамдық жағдайында өзіне тең қызбен некеге тұруын дайындайды.

Оның «Мелитасы» пайда болды (1629). Корнельдің осы комедиясы және осыдан кейін 1631-1636 жж жазылған өзге де комедиялары («Клитандр», «Жесір», «Сот галереясы», «Король алаңы») бүгінде ұмытылған, алайда олар өз кезінде көрермендер тарапынан жылы қабылданған.

«Гораций» трагедиясын (1639) Корнель кардинал Ришельеге арнады.

Корнельдің Ришельеге шын мәнінде қалай қарағандығын білу үшін, драматургтің Людовик XIII нің қазасына арнап жазған сонетінің прозалық аудармасын келтірейік (Король өзінің министірінен жарты жылдан кейін қаза болды).

Трагедия бірінен кейін бірі келе беретін екеу ара сұхбаттан басталады. Кіші Горацийдің жұбайы Сабина, содан соң Горацийдің әпкесі Юлиямен сұхбат құрады. Юлийдің рөлі - көріністің барысына ешқандайда ықпалы жоқ қызметтік рөл ғана, ол сұхбаттарға қатысудан, сұхбаттасушы қыздардың сөздерін қақпақылаудан, тұрады., осылайша олардың ойларын дамытуға көмектеседі, кейде оларға сахнаның арғы жағында не болып жатқанын хабарлап тұрады.

Саяси ойшыл ретінде, Корнель мемлекетке қызмет етуде шектен шығуға қарсы болды. Ришелье саясатындағы қатыгездікті ол өзінің «Цинна» атты трагедиясымен айыптады, оған оның өзінің «Цинна немесе Августың мейірімі» атты атауы меңзеп тұрды. Өнегеліліктегі осындай шектен шығушылыққа ол кардинал Ришельеге арналған «Гораций» (1639) атты трагедиясында да қарсы шықты. Корнель өзінің трагедияларын саяси диспуттардың типі бойынша құрастырды («Циннадағы» монархия мен республика жайлы диспут, «Помпейдегі азаматтық соғыстарды саяси талдау және т.б.). Корнель XVII-ғы драматургтердің ішінде саяси ақын болды.

Францияның шын мәніндегі билеушісінің қаһары қауіпті еді. Сондықтан драматург өзінің Руанында тұрып уақытша болса да үндемей отырды. 1639-1640 жылдары ол «Гораций» және «Цинна» атты жаңа трагедияларымен шықты 1643 жылы «Полиевктті» жазды.

1652 жылы ол үлкен шғармашылық сәтсіздікке ұшырайды: «Пертарит...» трагедиясы толық күйрейді. Есі кеткен Корнель жеті жыл бойы үндемей жүреді де тек 1659 жылы ғана ол «Эдип» трагедиясымен тағы да шығады.

### **Жан Батист Мольер (1622 – 1673)**

Жан - Батист Мольер парижде корольдік жиһазшы әрі және оны қаптаушы отбасында дүниеге келді. Мольердің дарыны тақуалық пен көзге көрінер мейірімділікті жамылған екіжүзділікке қарсы бағытталған «Гартюф», «Дон Жуан», «Мизантрон» комедияларында шарықтауға жетті. Оның комедияларының қаһармандары типтеудің орасан зор әлеуметтік күшіне ие болды. Парижде ол сахнаны сүйоші өзге де жастармен бірге ол театр құрады, алайда ол сәтсіздікке ұшырайды. Ол кезбе топтың әртісі болады. Спектакльдерде жетекші рольдерді ойнайды. 1650 жылдан бастап топтың жетекшісі болады. «Телба» (1653), комедиясын қойғаннан кейін

«Арық дәрігер» пьесасын жазады. «Әйелдерге арналған сабақ» пьесасын (1662) оның дұшпандары жағып жіберуді талап етеді.

«Өтірік ауру», «Мизантрон», «Сараң», «Жорж Дантен» секілді туындылары бұл туындылардың тек санитарлық жағын ғана емес, сонымен бірге Мольердің жазу өнерін, сөзді басқаруын, оның биік шеберлігін көрсетеді.

1653 жылы Лион қаласында ол өзінің ең алғашқы пьесаларының бірі – «Шәлкесті» қойды. Драматургке әдебиет мәселесінен алшақ жатқан дұшпандардан қорғануға тура келді. Олардың артында Мольердің санитарлық жебесі түйреп өткен олардан да күштірек дұшпандары тұрды; дұшпандары халықтың мақтанышына айналған адам туралы адам сенбес өсектерді таратты.

Мольердің комедияларының халықтылығы барша образдарға соның ішінде автордың мысқылын беріп тұратын сатиралық образдарға да беріліп тұрған өлшенетін үнде болып отыр.

«Күлкілі бәлденген әйелдер» комедиясы – Мольердің Парижде қойылған өзіндік алғашқы пьесасы. Оның табысты болуы ғажап болды, ол пьесаның қадір – қасиетіне байланысты болмады, әйтсе де драматургтің шеберлігі онда айқын білініп тұрды, ол осы пьесаға байланысты француз ақсүйектерінің арасында пайда болған дүрлігумен байланысты болды.

Еліктіргіш романдарды әбден оқыған екі мешьян қыз Парижде келіп Румбуйе ханымның даңқы туралы армандай бастайды. Ақсүйектерден шыққан бұл бикештің есімі аталмайды, алайда замандастарының көрермендері әңгіме кім туралы болып жатқандығын түсінеді. Қыздар өздеріне еліктіргіш романдардан Аминта және Пашкина деген сәнді есімдерді алады. Қыздар өздеріне ұсыныспен келген күйеу жігіттердің «Нәзіктік карталарын» көрмегендіктеріне ызалы.

1661 ж. маусымда Мольер пале – Рояльда отбасы проблемаларына арналған «Ерлер мектебі» атты комедияны қояды. Драматургтің мұнда алға ұсынған идеясы өз заманынан озық тұрды.

Мольер өзінің «Ғалым әйелдер» атты жаңа комедиясын алғаш рет жазушы әрі өткір сөздің шебері герцог Ларошфуоға оқып берді, содан соң бір аптадан кейін ол Пале – Рояль театрында қойылды. Әйелдер білім алуға құқығы бар ма, әлде олардың үлесі – асхана, жатын бөлме және балалар бөлмесі ме? Егер 1789 жылғы революциядан кейін ғана француз әйелдері Конвентке, әйелдерге қоғам өміріне қатысуға құқық беру туралы петиция түсіргенін және мұнысымен олар депутаттардың арасында едәуір абыржылушылық туғызғанын ескерсек, Мольер заманы үшін бұл мәселе өте батыл болды. Ал сол Конвентте төрағалық тіккен Талейран мардымды жауап бермеді.

Партюфтің есімі дүние жүзіндегі барша білімді адамға белгілі. Керек болса Мольердің «Партюф» атты комедиясын (1664) ешқашан да оқымағандар да, оны сахнада тамашаламағандар да, осы есімді бірнеше рет естіген, бәлкім оны өздері де айтқан болар. Ол әлемдік сөз қолданысына барлық өрінісіндегі екіжүзділіктің, сыпайылықтың, бояма діншілдіктің бет пердесінің ар жағындағы азғындық пен арсыздықтың, өтіріктің, алдап – арбаудың (қулық - сұмдықтың) жалпылама есімі ретінде кірді.

1664 ж 12 мамырда Версальда комедияның алғашқы редакциясы қойылды. Париж архиепископы мен король - анасы оның тиым салынуына қол жеткізді. Сол жылы күзде Мольер корльге комедияның қойылуын жалғастыру туралы жазбаша өтініш жасайды. Алайда рұқсат берілмеді. Мольер комедиямен жұмыс істеуді жалғастырып, оны жетілдіре түседі. Оған оның сахналық көрінісінің жүзеге асуын ақсүйектердің үйлеріндегі жабық спектакльдерді көрудің сәті түседі. 1664 ж қарашасында комедия Ренсиде Палатинская ханшайымның сарайында қойылды.

Әлемдік өнер Дон Жуанның образының жүзден астам нұсқасын біледі. Олардың келбеті әртүрлі, бірақ жалпылама атауға айналған бір ғана есім әйгілі. Олардың ішінде болашық барлық Дон Жуандардың прототипі ашықтан - ашық ұятсыз, өтірікші, зұлым - зорлықшы Дон Жуан Терео де Малини. Олардың арасында нәзік әдемі, бала көңілді, Байронның «Дон Жуан» поэмасының жалынды, сұлулыққа әрқашан да ғашық әйелдің махабатына әрқашан да жауап беруге дайын қаһарманы да бар.

Мольердегі Дон Жуанның образы қарама - қайшыға толы: ол өзіне жақсы қасиеттерді де, жаман қасиеттерді де біріктірген. Мольердің драматургиясына бұл тән еместігі сонша, ол оның шығармашыл ойларын түсіндірушілердің көпшілігін тығырыққа тіреді. Ол олма, Мольерлік Дон Жуанның образы статикалы емес. Ол дамуда берілген және де бұл да оны классикалық театрдың шеңберінен шығарып жібереді. Пьесаның басында Дон Жуан «Эпикурлық шошқа» деп аталған. Осыған Мольер жанашырлық таныта алды ма? Зұлым реңкпен Құдайға тіл тигізуші әрі арсыз Дон Жуанды суреттей отырып, Мольерден бұрынғы сюжетті сахналық өңдеушілер, діни ортодоксия мен тақуалықты қорғаушылар ретінде көрінді, ал бұлар болса, өмірсүйгіш ақынның жанына жақпады.

Мольердің замандастарын Дон Жуан мен Сганарель арасындағы діни пікірталас таң әсіресе қайыршы көрсетілген көрініс, пьесаның философиялық шарықтау шыңы таң қалдырды.

Әкесі тәубеге келген баласын көзіне жас ала отырып қарсы алады, бұдан Сганарель де аса зор қуанышта. Алайда Дон Жуанның қайта туылуы басқа нәрсе: ол адамдардың үстінен зұлымдықпен күлуге, Тартюфтің бет пердесін киіп алып олардың құрметіне бөленуді ұйғарды. Екіжүзділік – кең тараған жаман қасиет, дейді ол. Мизантрон «комедиясында бұл ой ең басты ойға айналды. Драматург оны бүкіл сахналық көріністің ортасына қойды.

Комедия екі достың сөз таласынан басталады. Сөз таласының басы пьесаның негізгі басты проблемасы.

Комедия «Альцеотті мизантроп» деп атады. Алайда Альцестің мизантропиясы - басқа емес, қайғылы көрсоқыр гуманизм.

«Сараң» комедиясы алғаш рет 1668 жылы 9 қыркүйекте қойылды да театрда автордың көзі тірісінде – ақ үнемі табысты болып жатты.

Пьесаның ең басты жағымсыз кейіпкері сараңдықтың көрінісі Гарпагон шал болып табылады. Оны жақсы, мейірімді адал адамдар қоршап тұрады. Олардың ішінде Гарпагонның қызын құтқарып қалған және содан соң оған ғашық болып қалған, қызға деген ғашықтығы үшін өз еркімен жағымпаздың жағымсыз рөлін қабылдаған, ақылды да зерек жас жігіт Валер де бар.

Жастар бір - бірін сүйеді, сондықтан құпия түрде некелесіп қойған. Шал бұл жайында білмейді, сондықтан қызын бай шал Ансельмге беруге қамданады. Қыз қарсыласады, Гарпагон Валерден көмек сұрайды. Қызды күйеуге жасаусыз алады - сараң әкенің басты аргументі міне осы.

Корольдік саятшылыққа байланысты мейрамдарда алғаш рет қойылған. «Дворян кезіндегі мещанин» (1670) комедиясы сарай маңындағыларға ұнамады. Журденнің дәрекі мәнері таң қаларлық, алайда ақымақ кішіпейілділік көңілді күлкі туғызуы мүмкін, ал Дорантың салқынқанды алаяқтығы жиіркенішті туғызады. Сонымен бірге Журден соншалықты ақымақ емес. Ол зерек. Шынайы буржуа секілді ол әрбір тиынды есептейді. Жазба кітабына жүгінбей - ақ ол Дорантқа оның қарызға қанша ақша алғандығын, қашан алғандығын хабарлайды. Тігіншінің костюміне қарағанда ол сол сәтте - ақ оның өзіне тігуге берілген материалының бір бөлігін пайдаланғанын біліп қояды.

### **Даниэль Дефо (1660 - 1731)**

Дүние жүзіне «Робинзон Крузо» романының авторы ретінде әйгілі. Романда сипатталған оқиғаның шынайы негізі бар. Дефо «Робинзон Крузо» романын, 1713 жылы ағылшын журналдарының бірінде журналист Ричард Стиллдің адам тұрмайтын аралда төрт жыл тұрған матрос Алксандр Селькирк туралы мақаласын оқығаннан кейін жазуды ұйғарды.

«Афина Меркурий» газетінде бірнеше саяси памфлет 1701-1707 жылдары басылып шығарылған. Таза қанды ағылшын помфлеті оны бүкіл Англияға мәжһүр етті.

Памфлекті Вильгельм III - ші ақын (ақсүйектер оны тақтағы жат елдік деп атады) авторды марапаттады. Лондондық Ситидің қайраткерлері оны өздерінің туысы әрі ортақ мүдделерін лордтардың қол сұғуынан қорғаушысын көрді.

Дефоның «Десентерлерді жазалаудың қысқа жолы» аты памфлеті авторға үкіметің наразылығын туғызды. (Вильгельм бұл уақытта қайтыс болған еді), ол ресми ағылшын шіркеуінің үстінен күлген сатирикті жазалауды жөн деп санады. (Дефо пуритандық болды). Жазушы астыртын жағдайға өтті. Билік оған іздеу жариялады.

Әрине, Дефо көп ұзамай табылып түрмеге қамалды, содан соң бұғауланып масқаралайтын бағанға байланды. Жазушы «Масқара бағанға гимнмен» жауап берді, оның «масқарасы» зор жеңіс болды.

Королева Аннаның министрі Роберт Харли Дефоның талантты қаламын өз мақсаттарына жету үшін пайдалануды ұйғарды. Жазушы босатылды. Оған өзінің «Француз істерінің толуы» атты өз газетін шығаруға рұқсат берді. (Англия бұл уақытта Франциямен бәсекелесіп жатқан болатын. Дефо өз ұстанымының тәуелсіздігі көрінісін ғана сақтай отырып, сонда да бала үкіметте адал қызмет еті, одан ол материалдық көмекте алып тұрды. (әрине жанын қинамастан).

«Робинзон Крузо» романы буржуазиялық ағартушылық идеясының өзіндік энциклопедиясына айналды. Еңбек пен оптимизм шабытына тола ол әлемдік әдебиетке тек ересектерге ғана емес балаларға да әйгілі кітап ретінде енді. Ол әлемнің көптеген тілдеріне аударылған және де көптеген еліктеулерді туғызды.

Кітаптың басқы беті көрсетіп тұрғандай, жазбаның авторы әдебиетші емес, теңізші болды, сондықтан кез - келген поэтикалық нәзік тұстар оған тән емес еді. Әңгіме сипаттамаларында барынша қатал әрі жұтаңдау болуы тиіс болды, әйтпегенде оқырмандар өтірікші бірден танитын еді. Дефо осы авторлық бағдарламаға өте мұқият қарайды. Оның жазу стилі өте қатаң, дәлме - дәл, әрі ақындық баямалардан аулақ.

Робинзон сезіммен айта алмайды, оған сезімге қатысты бір нәрсені айту керек болса, ол оған дәрменсіз болып қалады: «Мен өзімнің жан дүниемнің қаншалықты толқулы екенін сипаттап беруге қабілетсізбін» немесе «оның маған тигізген әсірін сипаттап беру мүмкін емес: бір сөзбен айтқанда автор сезімдер қиялында жасап шығуды, сол оқырманның өзіне қалдырады».

Дефо заманындағы идеялар тұрғысындағы Робинзонның қызметшісі әрі досы болып қалған жабайы – бала Жұманың образы өте қызықты. Жұма – бұл Робинзонның сөзімен айтқанда «табиғаттың перзенті», өркениет мектебінен Робинзонның басшылығымен өтті.

Робинзонда заттарға деген сергек те нық сенімді көзқарас бар. Ол үмітсіздікке берілмейді. Оның барлық ойлары оны жағдаяттар тастаған барлық қиын ахуалдардан шығуды іздеуге келіп тоғысады және де ол ондай шығатын жолды тауып, шағын жатады да рухтың қуанышымен рахатына бөленіп жатады.

Дефоның кітабы әлем кітаптарының арасындағы ең сергек, ең өмірді сүйгіш кітап болар. Оны балалардың өте қатты жақсы көрері бекер емес. Балалар әрқашан да оптимистер. Олар жолы болмайтындарды мүлдем

ұнатпайды. Олар өздерінің қаһармандарының жеңіске жетеді ғой, бәрі де қуаныш пен бақытқа бөленеді ғой деген шарты болған жағдайда ғана олардың бастарына түскен қауіп-қатерлерді мұқият бақылап отырады.

Дефоның романдары («Молль Фландерс», «Капитан Сингльтон», «Полковник Шахтың хикаясы» және т.б.) да өзіндік робинзониалар болып табылады, мен ондағы оқшауланған индивид, жалғыз адам дұшпандық ниеттегі адамдар ортасында, қоғамға тап болады. Бұл романдардың қаһармандары қылмыстық әлемнің адамдары.: Маль Фландерс ұры әрі жезөкше әйел, капитан Сингльтон – теңіз қарақшысы, полковник Жак ұры. Бірақ бұлардың бәрі де соңында игілікке қол жеткізеді. Джек полковник болады, Мооль Фландерс – ауқатты әрі мейірімді ханымға айналады. Сингльтон болса, өзіне жетерліктей ақшаны тапқаннан кейін қарақшылық кәсібін қойып, ізгі ниетті, әдепті азаматқа айналады.

### **Джонатан Свирт (1667 – 1745 )**

Көрнекті ағылшын жазушысы Джонатан Свирттің «Гулливердің саясаты» атты туындысы әлемдік әдебиеттегі ең басты орында тұр. Романның басты қаһарманы Лимепутия еліне алыптардан – Бробдингнегу, Лапуте, Глаббдобрибу еліне, сондай - ақ ізгілікті жылқылардың еліне саяхаттайды. «Гулливердің саяхаты» төрт бөлімнен тұрады.

Гипербола және метаморфоза секілді тәсілдерді пайдалана отырып жазушы өз заманында болып жатқан теріс құбылыстарды келемеждейді. Гулливер өз заманының ішкі жан дүниесі таза, отанын сүйетін шынайы өкілі болды.

Свирт үлкен өмірлік мектепті бай ақсүйек әрі дипломат Темплдің үйінде өтті. Темплдің жанында жеке хатшы ретінде бола отырып, оның ортасының адамдарымен, дипломаттармен және саясаткерлермен кездесе отырып, Свифт өз қожайынының саяси және мәдени мүдделерімен өмір сүрді, сондықтан оған кейде құпия дипломатияның перденің ар жағындағы механизмдері ашылып тұрды, бұл әрине оның саяси танымын кеңейтіп сонымен бірге мемлекеттік өмірдің ресми жағына деген сенімсіздігін күшейтті.

Джонатан Свифт өзінің қожайынын қолдан «Кітаптар шайқасы» деген өткір ойлы памфлет жазды. Памфлет баспада 1704 жылы Темплдың қазасынан кейін пайда болды, алайда ол тізімде көзінің тірісінде - ақ болды. Памфлеттің сюжеті мынадай: Кітапханада кітаптар шайқасы шықты. Ричард Бентли (Темплдың қарсыласы) сөрелердегі барлық жақсы орындарда жаңа авторларға беріп, ежелгілерді қараңғы, тар жерлерге тығып тастайды. Қапаланған ежелгі авторлар көтеріліске шықты. Үлкен шаң көтерілді.

Шайқас шынайы әскери шайқастардың бүкіл формасы бойынша жүріп жатты. Атты әскерлерде Галар мен Пиндар атқыштарға Аристотель мен Платон қолбасшылық етті. Инженерлік бөлімге Евклид қолбасшылық етті. Данқ құдайы Олимп құдайларын шақырады. Ежелгілерге Темпл көмектеседі.

Қарама - қарсы лагерьде - Сын. Ол жауыз әрі зұлым, себебі оның ата - анасы менмендік пен надандық. Оның көптеген ұрпақтары бар, бұл – Ұятсыздық, Даурықпа, Педантизм Топастық, Доңғайлық. Оларға Бентли мен Уотон көмектеседі. Жаппай шайқастар жекпе - жектермен алмасады. Гомер Перрален жеке - жеке шықса, Аристотель Беконмен шығады және т.с.с. Ежелгілер жеңеді. Бентли мен Уотон өздерінің қарсыластарының найзаларымен түйреп өлтіреді.

«Бөшке туралы ертегі» атты полифлет - өзі мен өзінің шығармасының үстінен, екінші жағынан полифлеттің қаһармандарының, әкеліп мұралығы тентек балаларының араздығы бар ақымақ тарихтың жалпы айтқанда бәрінің үстінен мысқылдап күлу. Ал егерде “әке” – бұл христиандар құдайы екендігі, ал мұралықтың - христиан дінінің өзі екендігін ескерсек, онда «Өсиет» - қасиетті жазба Інжіл болып шығады.

1969 жылы Вильям Темпл өледі. Свит шағын ғана эрланд деревнясында прихот алады. (онда діни факультеттің дипломы болды, ол діни құрметпен қызметкер болған) алайда баспасөзде тамаша сатираларын және полифлеттерімен шыға отырып, ол өзіне лезде ауқымды тыңдаушыны жинап алады да саяси күреске кіріседі.

«Гулливердің саяхаты» романындығы Свирттің қаһарманы жүріп хирург, кеме дәрігері, қатардағы ағылшын атақ дәрежесіз қарапайым адам Гулливердің күй талғамайтын сөйлемшелерінде сыннан өткен адамзат тағдыры жайлы күлкілі әрі көңілсіз ой талғамдарым өз ішінде адамзат қоғамының және қолданыста жүрген формаларына және де керек болса парасатты негіздегі қоғамдық қатынастарды құра алуда. Бүкіл адамзатқа өзіндік бір жасырын мағынадағы сатирадан тұрады. Алыптар каролі (оның артында Свирттің өзі тұрған Гулливердің оған әскери техника саласындағы ең соңғы жаңалықтар жайлы айтып бергенде өте қатты үрейленіп келеді.

Свирттің кітабы оның барлық королдерге қарсы болғандығы білдіреді. Ол осы тақырыпқа жақындаса болғаны оның табиғатына тән бүкіл сарназым сыртқа атқылап шығады. Ергежейлілер королін оның бөдендері ең ұлы император, ғаламның қуанышымен қорқынышы патшалардың патшасы өзінің табанымен әлемнің ортасында тіреліп тұратын ал басымен күнге тиіп тұратын адамзаттың ұлығы деп ұлықтайды.

Бірінші кітапта ергежейлілер еліне жасалған саясат кесенесінің мәні - бар халықтарға ұқсас, барлық халықтарға тән қасиеті барша адамдардағыдай дәл сондай қоғамдық институттары бар халық ол ергежейлілердің болуында болды. Сондықтан барлық талаптарда барлық мекемелерде барлық қазынада соншама күллі, соншама ергежейлі болмашы ғана.

Гулливер алыптар арасында көрсетілген екінші кітапта енді оның өзі өте кішкентай әрі өте кішкентай әрі болмашы ғана болып көрінеді. Ол шыбындар мен шайқасқа түседі, оны құрбақа үркітеді, жас бола әзілмен оны сүйекке тығып қояды, ол бір тостаған батып кете жаздайды және т.с.с. “Ұлы және кіші ұғымдары салыстырмалы ұғымдардың мәні ” – деп ой қаратады автор.

Шихангездің басты мақсаты – адамдардың көзін ашу және оларды жақсы ету, олардың ақыл парасаттар олардың өзге елдерге қатысты не бере

алатындығына байланысты жаман мысалдар мен де, жақсы мысалдармен де жетілдіре түсу.

Романна көрініп тұрғандай, Свиерттің арманы еркіндікпен барлық адамдар мен жеке тұлғаның игілігі үшін парасатты еңбек болып табылады. Өзге ағартушыларға қарағанда Свиерт адамды өз табиғатында мирімділікке бейім деп есептеді. Мейрімділік күшейіп келіп, бекуі тиіс. Оған алып барар жол әділетсіздікпен күресу арқылы өтеді.

### **Расин (1639-1699)**

Расин Ферте – Милоне қаласында, шенеуніктер отбасында дүниеге келді. Бала күннен бастап поэзияға қызықты. Діни тәрбиемен классикалық білім алды.

660 жылы Людовик XIV үйленуіне байланысты ол “Сена Нимфолары” атты сарайға тән мадақ өлең жазады, осыдан соң оның сарай мен корольдік зейнет ақыға қолы жетті. Осыдан соң Ралин Парижде ақын ретінде белгілі болды.

Ралиннің өте көптеген туындылары ежелгі дүниенің антикалық дәуірі тақырыбында жазылған. “Федра” (1667), “Эсфирь” (1689), “Аталида” (1689) “Андромаха” секілді туындылары идеялық көзқарас тұрғысынан жазылған.

Бұдан басқа ол өзгеде жанрларда да жемісті етіп жазды. “Франция”, “Баязет”, “Италия” поэма мен трагедия жанрында жазылған. Мұнда тарихи тақырыптар шебер түрде берілген. “Баязет” трагедиясы түрін сұлтанының Роксанаға деген махаббатын сипаттайды. Әрине трагедияда ойдан шығарылған образдармен оқиғалар көп. Интригаларды, иллюзиялармен драмаларды сипаттау жағынан трагедия шығармашылықтың тамаша үлгісі болып табылады. Орға жығар құмарлықтың, дүниеден баз кешудің қаһармандық құлшынысын жеңіп кетуін федраның өз ішінде басу әрекеті драмада орсан зор ғаламдық трагедия ретінде көрсетілді. Трагедия расиндік дүниеден бас кешу мұратының дағдарысқа ұшырауын көрсетеді де өз ішінде бүкіл көне әлемдік тәртіптің дағдарысын күні бұрын сездіріп тұрғандай болады.

Расиннің өмірлік ақиқатымен поэзиясының қарапайымдылығы, оның тарапынан бейнеленген құмарлықтардың өте тереңдігі сара маңындағыларды бұдан бұрында шошытты. Алайда драматургтың өміріндегі көңілсіз оқиға нақ сол “Федра” трагедиясымен байланысты. Кординал Мазаринидің жақын туыстары бастаған ақсүйектер тобы оны қорлағысы келіп, арыс, өсек - аяң таратушы ақын Прадонды сол тақырыпта пьеса жазуға және Расинмен сайысқа түсуге көндіреді.

Театрдағы орындар осы жөн тарапынан алдын ала сатып алынып, Прадонның пьесасы көрсетіліп жатқан кезде көрермендермен толтырылды, ал Расиннің “Федрасы” қойылған өзге жерлері ол бос болып тұрды. Мұндай лас, дөрекі қылық драматургті мазаққа қалдырды. Сондықтан ол театрды ұзақ уақытқа тастап кетті.



Он екі жылдан соң де Монтенон ханымның өтініші бойынша, осы ханымның қамқорлығындағы Сен - Сир монастырының тәрбиеленуші қыздарының әуесқой спектакілі үшін “Эсфир” трагедиясын жазып берді. Пьесада корольдің тақуа құрбысы талап еткендей, махаббат қарама-қайшылығы болмады. 1691 жылы Расин өзінің “Афалия” атты ең соңғы трагедиясын жазды да театрдан бір жола кетті.

Гомер, Еврипид және өзгеде көптеген антикалық авторлар даңқын асырған Гектор мен Андромах жайлы көне грек аңызы кейінгі буын суретшілерінің назарын өзіне бірнеше рет аудартты. Француздар Гектор мен Андромахинің жас баласы Астианакс туралы поэтикалық аңызда көне римдіктер троялық Энейдің есімін өздерінің тарихына қалай бейімдесе солай бейімдеді.

“Андромаха” трагедиясында өрлетті Астианакстың тағдыры аз толғандырады, сондықтан ол бұл жерге соған бола келген жоқ. Орсеттің бар ойы Гермиянда оны ол бір кездері сүйді, онымен өз тағдырын қосқысы келді, оны ол қазір де өлердей жақсы. Қазір ол оны Эпирден Астианакс бала болып алып жасырын түрде алып кеткісі бар. Мұнымен ол Пиррге қаншама жақсылық жасайды десеңізші! Оны қаншама уайыммен ауыртпалықтарда арылтады десеңізші! Мұның бәрін аңқылдаған Орест қайдан білсін.

“Федра” трагедиясы тұлғаның адамгершілік қасиетінің азғындау бейнесін аша түседі. Драматург жарықтың сәулесін жан күйзелісіне, адамның санасында парызбен оның субъективті құмарлығы, ықыласпен рұқсат етілгеннің арасындағы үйлесім бұзылып жатқанда оның бойынан өткізіп жатқан жан түршігерлік апатқа қарай дәл бағыттайды.

Трагедия Ипполит пен оның тәрбиешісі Тераменнің сұхбатымен ашылады. Олардың әңгімесіне көрермен Федраның өзінің өгей баласын жек көретінін, оны қыр соңынан қалмай аңдып жүретінін біледі. Алайда Федраның Ипполитті сүйетіні, сондықтан оны өкшелеп аңдып жүргендігі анықталады. Сол кезде не үшін Ипполит емес Тезит келді оған? Сіз сол уақытта қайда болдыңыз нәзік келбет үшін мен нені бермес едім?-дейді ол таң қалған жас боз балаға.

О құдай! не деген сөз бұл? Ұмыттыңызба сіз,

Тезейдің маған әке екенін, өзіңіздің жұбайыңыз екенін?- деп жар салады Ипполит. Қу әйел кейін шегінді оның жаман нәрсе айтатын ойы шақ еді ғой сондықтан ақылды Ипполит оның қулығын дұрыс қабылдаған сияқты. Иә, иә ол оның сөздеріне теріс мағына берді, сондықтан өзінің ұятты ұйғарымы үшін ұялуда. Алайда Федрада, Ипполитте бірін - бірі дұрыс түсінгендіктеріне көздері жетіп отыр.

“Британик” трагедиясында – Неронның дәуірі оның патшалығының алғашқы кезеңі келтірілген ол кезде ол өзінің табиғатындағы жиіркенішті қасиеттердің бәрін байқамаған еді, өзінің рим тағында отырған аздаған жыл ішіндегі көптеген зұлымдықтарды әлі жасамаған еді. (б.з.д.54-68жж).

Өзінің жағдайы, билік тақ үшін анасы Ариппинаға қарыздар болғандықтан оған дейін аса жоғары құрмет көрсетіп келген Нерон оған деген көз қарасын бірден өзгертті. Одан қашқақтап, жалғыз өзі басқаруды жөн көрді. Агриппина уайымдай бастайды. Билік ол үшін бәріненде қымбат еді. Баласын билікке келтіре отырып, ол оны әр қашанда бағынышты ретінде көргісі келді, оның

атымен басқарғысы келді. Нерон бұған оны белгілі бір уақытқа дейін мүмкіндік берді.

“Баязет” трагедиясында шиеленісті қақтығыстар, эгоизм, қатігіз әдеттер, сарайдағы ағыл - тегіл ысырапкершілік бейнеленді. Баязетке көптен бері сұлтан Амурат үрейлі көзбен қарап келеді. Одан билікті тартып алуға қабілеті бар бір бауырын өлтіріп тынды. Тағыда екі бауыры бар оның бірі Ибрагим, балалық мінез құлықпен қалып кетті. Сондықтан ол оған қауіпті емес, алайда Баязет жас, қайсар, әрі ақылды. Ол Амуратқа қауіпті. Сондықтан өзінің әйелі Роксанаға жаушы арқылы Баязетті өлтіру туралы құпия жібереді. Кейіпкерлердің екі типі өзімшіл, өктемшіл нәпсінің қаһармандарымен адамгершілік парыз, қаһармандары арасындағы қарама - қайшылық.

Жас Баязет адал шыншыл, текті қыз Аталидаға деген нәзік махаббатына өте берік. Оны Аталидада сүйеді. Бірақ Роксана олардың махаббаты жайлы білмейді. Оған жас келбетті князь сүйкеледі. Ол оны өлтіруге қимайды. Егерде ол оның Роксананы сүйе алса ше! Онда ол Баязетті таққа бірақ отырғызар еді ғой. Ол Баязетті өзінің жанына жиі шақырады. Жас жігіт қарапайым, сондықтан оның алдында ұялады. Сұлтан әйелінің құмарназдық қиалы барған сайын өрши түседі. Сарай төңкерісінің жоспарын жасап жатқан ұлы уәзір Аномед, Баязетті Роксананың құмарын қолдауға көндіреді. Жас жігітке өзін оған құмарланып тұрған сияқты көрсетудің де қажеті жоқ, есі кеткен Роксана оның болмашы ғана наздарының өзін махаббат ретінде қабылдайды.

“Аталия” трагедиясында оның ақындық фантазиясының әлемі ажарсыз, көркем бейнелер әлемі де ажарсыз. Трагедиямен танысып болғаннан кейін ойға келетіні – ол ақынның ішкі жан дүниесінде өте қиын болғандығы туралы сезім.

Аталияға түсінде Иостың бейнесі келді. Ол өзінің немерелерінің бірі құтқарылғанын білмейді, сондықтан ол алаңдаулы. Иерусалимге кіре отырып (ол жерге кіруге оған тиым салынған), ол Иосты көреді бала шынайы бала екен. Аталия ең соңында жеңілед: оны өзінің қол астындағылары өлтіреді. Иоас Иудей тағына отырып патша болады.

«Аталия», «Эсфир» секілді діни - іншілдік ән айтуды орындаған хормен сүйемелденді.

### **Франсуа Мари Вольтер. (1694-1778)**

Замандастары Дени Дидро, Руссо, Мабли өз заманының жарқын шығармашыл өкілдері болып табылады және олар Вольтермен тығыз шығармашыл байланыста болды. Жазушы, философ, тарихшы, әдебиеттанушы, сыншы, Прижде дүниеге келді. Әкесі заңгер мамандығына дайындады алайда Вольтерді әдебиет қызықтырды өзінің шығармашыл жасын сатиралық туындылардан бастады. Жас Вольтердің лирикасымен қала эпикуреилік сарындарға ғана жолы болған жоқ. Сонымен бірге регентке қарсы саяси шабуылдардан да тұрды. Осы үшін Вольтер Бастилияға қамалды. 1717жылы

түрмеге қамалып, ол Генриге IV туралы поэмамен “Эдет” трагедиясын жазады.

Людовик XV оған камергер лауазымын беріп, сарай тарихнамашысы етіп тағайындады. Вольтерді Француз академиясының мүшесі етіп сайлады. “Ағартушылық абелютизмді” жақтаушы, сарайға жақындау арқылы ол Францияның қоғамдық өміріне ықпал етуге тырысты. Алайда ол сәтсіздікке ұшырады. Версальды тастап шығып ол алдымен Фридрих II – нің сарайына содан соң Швейцарияға аттанды. Тек өзінің Франциямен

Швейцария шекарасындағы қателігі Фернеде ғана өзін тәуелсіз сезінді. Осы уақыттан бастап оның қызметінің ең соңғы әрі ең жемісті кезеңі басталды. 1758 жылы Вольтер өзінің “кандидат немесе оптимизм атты ең тамаша повесін жазда («Оптимизм» дегеніміз не?) өкінішке орай бұл шындығында бәріде шамалы болып тұрған кезде, бәріде жақсы деп тұжырымдауға тырысу, дейді Кандид. Руссоның көзқарастарына байланысты пікірталас осы кезеңге жататын “Ақ көңіл” атты философиялық повестің мазмұнын құрайды. Вольтер энциклопедиядан белсенді қарым - қатынаста болды, мұнда ол тарих, философия және мораль мәселелері бойынша жазды.

“Эдин” сахнада қойылғаннан кейін Вольтердің есімі көпшілікке мәлім болды. Содан кейін ол 3 жыл бойы Англияда тұрды. Ол сол жерде ағылшын әдебиетшілерімен тығыз байланыста болды. Оның жазған туындылары “Эдип” (1717), “Зайра”(1732), “Маламед”(1740), “Меропа” (1743), “Цуарьдің өлімі” “Лига поэмасы” (1719), “Геприада” (1728), “Ормандық қыз” (1735), “Адасқан ұл” (1736), “Нанина” (1749) комедиялары, “Задигі” атты философиялық повесі (1748), “Людовик XIV ғасыры ” (1751), “Философиялық сөздік”, “Микромегас” “Ақ көңіл”, (1767). Өзінің шығармашыл өмірінде ол 52 драматургиялық шығарма жазды. Вольтер көзі тірісінде бүкіл Еуропаға мәлім болған болатын. Өз уақытында онымен ешкімде теңесе алмаған еді. Оның пьесалары бүкіл еуропа сахналарын шарлап кетті. Вольтер театрдан адамдарды тәрбиелеудің құдіретті күшін көрді. Трагедия ол үшін - “ізгіліктің мектебі” болды.

Вольтер Англияда 3 жыл тұрды. Ол көп жұмыс істейді, ағылшынның материалистік философиясын, әдебиетін оқып зерттейді, елдің ғылыми ойының жетістіктерімен танысты. Әсіресе оған философиялық материалист Лонк пен ғалым Ньютонның шығармалары күшті әсер етті.

Өзінің “Адасқан ұл” атты комедиясын талдай отырып Вольтер былай деп жазды: Біз мұнда салмақтылық пен әзілдің, күлдіргі мен қайғысының араласып кеткенін көремі, адам өмірі де осылайша ала - құла: біркелкі оқиға жиі түрде қарама - қарсылықтарды тудырады.

Вольтер «Генриада» атты этикалық поэманың авторы болып табылады. Тегінде осы жалғыз туындыны жасай отырып, ол өзінің алдына екі міндет қойды: Вергилий, Тассо, Камюэнс Гомерге еліктеп жасағандары секілді Францияға оның өзіне лайықты ұлттық эпосын беру, сонымен бірге ақыл - парасатты дәріптеу, фанатизмді де соққы беру, елде діни төзімділікті орнатқан, діни соғыстардың өртінен сөндірген Кәміл патшаны фанатиктің қолынан қаза тапқан азап шегуші королді жырлау.

Вольтер Жанна д'Ари образына (бейнесіне) терең сүйіспеншілікпен қарады. Өзінің “Генриадасында” ол оны “батыл амазанка”, “ағылшындарды масқаралаушы” деп атайды. “Халықтардың әдет ғұрыптары мен рухани дүниесі туралы тәжірибе” атты шығармасында ол Жанна Дари туралы “икк визи торлар мен ғалымдар өздерінің үрейлі қатігездігімен отқа байлаған қайсар қыз” ретінде жазады.

Ормандық қыз Вольтердің шіркеуге қарсы бағытталған ең батыл шығармасы болды. Сирдедю Шотле Маркизаның әрекетімен поэма тағышарлардан берік және ұзаққа жасырылды. Парламент тарапынан оның “философиялық хаттары өртелуге айыпталғаннан кейін, оның өзі де сол жерде жасырынуға мәжбүр болды. Олар Лондонда ағылшын ұлты туралы хаттар” деген атаумен басылып шықты. Бұл жердегі басты ой алдыңғы қатарлы және еркін ағылшындық қоғамдық тәртіптерді абсолюттік Фрацияға қарсы қою.

Маркизаның қожалығында Вольтер 1745 жылға дейін тұрды. Содан соң Парижге қайтып оралды.

Оның ең әйгілі пьессаларының бірі - «Фанатизм немесе Моломет пайғамбар» -деп аталады, мұнда бәріде дін мен шіркеудің қатысу рөліне әшкерелеуге бағындырылған. Францияның бірінші министірі, қартайған шал жайлы сұхбаттасуы және қайтпас - қайсар реакционер Кординал Фари нысанның бірнеше жерінде «жетілмеген жерлерін» көре отырып, автордан өз туындысын әбден жетілдіруді өтініп пьессаны қоюға рұхсат бермеді.

Вольтердің драматургиялық шығармашылығы қарама -қайшылықтардан ада емес еді: бір жағынан классицизм дәстүрінде саяси республикалық трагедияларды құру болса, («Бруно», «Цезардың өлімі» және т.б.) екінші жағынан - адам құқықтарын феодалдық - христиандық догмалардан қорғау болды.(«Зайра», «Альзира» және т.б.)

Антикалық идеалдың ықпалымен, Вольтердің трагедияларында парыз бен сезім, адамилық пен батырлық үйлесім тапқан батырдың образы пайда болады. («Мерона», «Орест» және т.б.)

Адамдар Айға қонған біздің заманымызда, екі жүз жылдан астам жыл бұрын жазылған ғарыштық сапар тақырыбының өзі ғылыми алдын - ала болжау ретінде көрінеді. Алайда повестің міндеті мүлдем басқа. Макромегасты жасай отырып, Вольтер ғылыми фантастика туралы аз ойлайды. Ағартушылық утопия адамның парасатын ұлықтау, Р.Денарттың «тума идеялар» теориясымен пікірталас болды.

84 жасында Вольтер орасан зор жоспарлар құру, және де онда жас жігіт сенімі, күш - қуат мол болды. Ол өзінің ең соңғы «Иринь» атты трагедиясында болды. Актерлер сахнаға Вольтердің лавр гүл тәжі кигізілген мәрмәр мүсінін алып шықты, көрермендер ақынның құрметіне ду қол шапалақ ұрды.

1778 жылы ол Парижге келді, мұнда ол аса зор құрметпен қарсы алынды. Ол осында қайтыс болды.

## Жан-Жак Руссо (1712-1778)

Француз философы, жазушысы, композиторы Жан - Жак Руссо Женевада дүниеге келді. 16 жасында ол Туринде пайда болды. 1748 жылдан бастап, Парижде тұрды. Шығармашылықпен кеш айналыса бастады. 1745ж «Наварра королеवासы» атты опера балетінің қойылымынан кейін, ол көпшілікке әйгілі болады, бұл оның бұдан былайғы шығармашылығына ынталандырды. Оның шығармалары: «Лиссабондағы жер сілкінісі», «Трактаттар» (1762), «Эмиль», «Теңсіздіктің шығуы туралы» (1755), «Юлия», «Саяси келісім» (1762) және т.б. Бұлардың бәрі саяси және философиялық рухта жазылды. Руссо өз замандасы Вольтермен тығыз шығармашылық байланыста болды, керек болса, онымен бірге қос авторлықта шығармалар жазды. Әрдайым қуғын - сүргін көрген Руссо «Мен қай жерге барсам да, барлық жерде қуғын - сүргінге ұшырап отырдым» - деп жазды. Оның бірнеше шығармасы отқа өртелді. Қуғын - сүргінге қарамастан, ол өзінің шығармашылығымен әдебиет ескерткіші ретінде биікке көтерілді.

Жас Руссо содан соң Туринге дінге жаңадан өткендерге арналғандарға арналған панаға тап болады. Тәжірибесіз бала қаңғыбастар мен азыққа бола өз дінін жиі алмастырып тұратын қара ниеттердің арасына тап болды. Олардан діни қызметкерлерде артық болмады. Панада болған бір ай Руссоның кальвинизмнен бас тартумен аяқталды. Бұдан кейін Руссо Иерусалимнен келген бір арген - мандридке хатшы әрі аудармашы ретінде қызметке тұрды. Грек тақуасы «Құдай қабірін қалпына келтіруге» садақа жинады. Алайда ол алаяқ болып шықты. Монактан кетіп, Руссо қалалар мен ауылдарды аралап шықты.

Ол 29 жаста. Ол әлі де болса өзінің тағдырында жазылғанын әлі білмейді. Ол музыканы сүйді, сондықтан өзін тек сода ғана толық етіп көрсетемін деп ойлайды. Парижге ол өзінің ойлап тапқан музыкалық жүйесін алып келеді. Академия оны мақұлдағанмен, жүйе қолданылмай қалады. Шатырда тұрып, нан мен суды азық ете отырып, Руссо театрға арнап «Сыпайы муза» операсын, «Нарцисс» атты комедияны жазады, алайда олар табысты болмайды.

Руссо Вольтермен де Д.Аламбермен де, керек болса өз ұстазы әрі досы Дидромен де Д.Аламбердің энциклопедияда басылып шығарылған «Женева» атты мақаласына бола ұрсысып қалады. Д.Аламбер қалада театрды ашуға мүмкіндік бермеген. Женевалықтардың көлгірлігіне жүйлікті. Руссо оларды қорғап 1758 жылы мақалаға шымбайға бататын хатпен жауап береді. Ол театрды халықты аздырудың құралы деп есептеп оны жоққа шығарады. Ағартушылар мұнымен де, жалпы Руссоның адамзат қоғамы үшін өркениеттің қауіптілігі туралы теориясымен де келіспеді.

Оның ең басты көркем туындысы «Жаңа Элойра» романы (1761) сентиментализмнің әдеби бағытының бастамасы болды. Бұл прозадағы лирика, махаббат әуені, жалынға толы сезімдер поэзиясы, табиғат пен оның сұлулығының алдында бас ию болды. Мұндайды әдебиет ешқашан білген емес. Наполеон Әулие Елена аралында тұрып «Жаңа Элойзаны» оқыған, Лас Кази өзінің «Мемориалында» жазғандай. Ол пайымдаудың шеберлігін, күш - қуатын,

стиль мен жекелеген айтылымдардың сұлулығын атап көрсете отырып жиі кідірді. Алайда Наполеон жазушымен келіспеді. Жан - Жак Руссо әсірелеп жіберген - ол сезімнің қаталдығын суреттейді. Махаббат, қайғыны емес, қуанышты әкелуі тиіс. Бірақ роман жалынға толы толқытады, тебіренеді. XIX ғасырдың реалистік романы Руссоның жаңалығын пайдаланды. Нәзік ойлы психолог Стендаль «Жаңа Элоиза» авторының мектебінен шыққан.

«Қоғамдық келісім туралы» трактат француз революциясының тарихында үлкен рөл ойнайды. (Робеспьер Руссоны қатты қадірлеушілердің бірі болды. Ол оның саяси бағдарламасын өмірге енгізгісі келді). Трактатта (1762) халықтың дербестігінің басты қағидалары, халықтың озбыр билікті құл атуға деген құқығы білдірілген, жалпыға ортақ теңдікке негізделген демократиялық республиканың құрылымы жасалған. Ауқаттылардың билігімен ымыраға келуге үзілді - кесілді қарсы бола отырып, көптеген ағартушылардың ағартушы монархияның болу мүмкіндігі туралы қиялдар құптамады.

Руссоның «Эмиль, немесе тәрбие туралы» атты романы (1762) өз ішіне философиялық - педагогикалық трактатпен романды біріктірген, бұл ағартушылық дәуіріне тән еді. Тәрбие мәселелері әлеуметтік зұлымдықты түбірімен жоюға тырысқан ағартушылардың ең маңызды мүдделерінің шеңберіне кірді. Міне енді Эмиль - «Қиялдағы тәрбиеленуші» жас баланың, содан соң жеткіншектің, ересек еркектің моделі ісбеттес, «ұстаз» - өзінде тәрбие жолында еңбек етуге қажетті жасты, денсаулықты, білімді және барлық талаптарды қарастырып, «мұғалім» - Руссоның өзі.

«Эмиль» романын жариялағаннан кейін Руссоның өмірінде ең ауыр күндер басталды. 1762 жылы 9 шілдеде Париж парламенті кітапты өртеп, оның авторын тұтқындауды қаулы етті. «Эмиль» мен «Қоғамдық келісім» Руссоның отаны Женевада да отқа тасталды.

Руссоның ең соңғы өзі туралы ашықтан - ашық әрі шыншыл жазылған кітабы - «Тәубеге» (1770) деп аталады. Сол заман үшін жаңалық болып табылатын, психологиялық нюанстарының байлығы бойынша Руссоның «Тәубесі» рухани өмірдің, адами қадір - қасиеттің құндылығын биікке көтереді.

### **Дени Дидро (1713-1784)**

Француз жазушысы, философ - ағартушысы, энциклопедияшылардың идеялық көсемі Лангер қаласында дүниеге келді. 1732 жылы Париж университетінде өнер магистрі атағын алды. 1733 жылы Екатерина II-нің шақыруымен Дидро Ресейге келіп Ресей академиясының шынайы мүшесі болады. «Табиғатты түсіндіру туралы ойлар» (1754), «Д.Аламбердің түсі» (1769), «Роланның немересі», «Отбасы әкесі» жанрындағы пьеса (1758) Дидроның бұл туындылары философиялық ғылым мен драматургияны безендіріп тұрады. 1746 жылы Философиялық ойлар пайда болды. Париж соты (парламенті) бұл шығарманы жоюға үкім шығарды, сондықтан ол жендеттің қолымен өртелді. 1749 жылы Дидро ашықтан - ашық атеистік сипаттағы

«соқырлар туралы көретіндерге өсиет» атты шығарманы жазады, бұл үшін ол жүз күнге түрмеге қамалды. (Венсен қамалы)

«Энциклопедия» басылымына барлық ағартушылар қатысты. Руссо музыка туралы, Бюффон жаратылыстану ғылымдары туралы, Монтескье - эстетика жайлы («Талғам»), Тольбак - дін мәселелері туралы мақалалар жазды. «Ақыл - парасат» мақаласын Вольтер жазды.

Францияға қайта оралысымен, Дидро басқа ешқайда шықпастан 1784 жылы дүниеден өтті. Бұдан бұрын Екатерина II-ші Париждің Сен-жермек деген жеріндегі ақсүйектер тұратын ауданнан зәулім үй сатып алып берді, бұл жерге ол Латын кварталындағы үйлердің біріндегі төртінші қабаттағы жутаны пәтерінен көшіп келді. Орыс патшайымы одан оны жеке кітапханасын сатып алып және Дидроны оның сақтаушысы етіп қоя отырып оған үлкен материалдық көмек көрсетті.

Ол Ричардеонның оқырманы болды. 1761 жылы ағылшын жазушысы қайтыс болған кезде, өзінің проза өнеріне деген көзқарасын бере отырып, оған «Ричардеонға мадақ» атты шығармасын арнады. Ол автордың қарапайым адамның азғындауға қарағандағы моральдық шыдамдылығын дәріптеуге деген ұмтылысынан тұрды. Дидроның драматургия теориясы бойынша еңбектері («Драмалық поэзия туралы пайымдаулар», «Актер жайлы парадокш» және т.б.) оның драмалық тәжірибесіне байланысты жазылған болатын. Бұл еңбектің алғашқы нұсқасы Мельниор Гримнің «Әдеби корреспонденция» атты журналында жарияланды. Толық мәтіні автор дүниеден өткеннен кейін 1830 жылы жарық көрді.

Дидроның көркем шығармашылығының шыңы - «Ромогенені» диалог - повесі (1762-1779). Ақша үшін бәрі де кешіріледі. «Байлық жаман қылықтар мен қылмыстарды бүркемелейді», «Кімде - кім бай болса, өзі не жасаса да өзін қамтамасыз ете алмайды», «Байлар - олар халықты тонаған қарақшылар. Рамо өзіне қандай қорытынды жасайды? Байлықты жек көру керек пе? Себебі ол арсыз ғой, ештеме болмайтындай оңбағандардың ортасында адал болу керек пе? Оның философиясы - еңбек етпестен біреудің есебінен рахаттану.

«Тағдырға сенуші фотолист» романын Дидро Ресейде жүріп жазды, алайда ол отанына оралғаннан кейін оны баспаға бермеді. Ол қолдан қолға тізіммен өтіп жүрді. Жак қызметкер, шаруа Санчо Поненан француздың ұрпағы - халықтың Францияның, оның өмірлік қуанышы мен әзілінің көрінісі.

Дидроның «Монах әйел» романы шіркеудің қылмысын әшкерелейді. Сюзанна қызды, оның еркінен тыс монастырьға береді. Қыз ақылды, сұлу, дені сау. Табиғат оны өмір үшін жаратты. Қоғам соқыр нанымдарды басшылыққа ала отырып, оны барлық қызығушылықтардан, ықыластардан, бейімділіктерден өлкеттін өмірге қарай мәжбүрлейді. Табиғат оны еркін етіп жаратқан, қоғам болса, шіркеу дәріптеп жүрген табиғилыққа қарсы моральды басшылыққа ала отырып, оны бұғауға салады. Сондықтан қыз өзінің өмір мен бақытқа деген өзінің құқығын қорғайды.

## Мақтұмқұлы (1733-1791)

Түрікмен ақыны Мақтұмқұлұлы - әйгілі ақын Азади Довлетмамедтің (лақап аты - Фраги)(шамамен 1700-1760жж) баласы. Ол өзінің ең озық шығармаларында өзінің туған халқының ауыр тағдыры туралы бірнеше рет жазған. Жергілікті мектепті бітіргеннен кейін, білімге аса ынтық Мақтымқұлы оқуын Чарджоудағы Ыдырыс - Баба, Бухарадағы Көкелдаш медресесінде және Хиуадағы Шерғазы медресесінде жалғастырды. Бір күні оның қолына дутар түсті, содан бері ол ән айта бастады. Мақтұмқұлының ақындық мұрасы 6000 шығармадан тұрады.

Мақтұқұлы Оққыз атты қызға үйленіп, одан Сори және Ибрагим атты екі ұл көреді. Алайда, бұл екі баласыда кейіннен қайтыс болып, оған ақын қатты қайғырады. Түркмен ақыны Мақтұмқұлы өзбектердің де сүйінші ақыны болды.

Мақтұмқұлы өзінің өлеңдерінен көрініп тұрғанда алыс елдерге сапар шегуге мәжбүр болған. Ол Астрханда, Әзербайжанда, Үндістанда, Иранда, Ауғанстанда болды. Аңыз бойынша ол екі рет тұтқында болған. Тұтқында ақын өзінің қолжазбаларын жоғалтып алады - дұшпандары оларды өзенге тастаған. Бұл түркмен халқын орасан үлкен нұқсан келтірген парсы қызылбастарының тонаушылық шабуылдарының бірінде болды. Олардың қара ниетті істерін Мақтұмұлы «Шапқыншылық» атты өлеңінде айтылған:

Не істеу керек, болмаса жүректе махаббат,  
Алды ғой жұлып қызылбастар тамұқтың есігін  
Тапталды ғой менің қуанышқа толы отаным,  
Тапталды ғой бағымда қатыгез табанның астында  
Не істейін енді, бар ма амал?

Мақтұмқұлы махаббатты асқақ сезім ретінде жырлады. Ақын айтқандай, ол мойындалған кез - келген әспеттелген адамдардан да биік керек болса асқақталғандар да оған бас июлері тиіс. Бұл ойларды ақын сол заманда шарифат бойынша заңды деп танылған көп әйел алуды сынаумен байланыстырды. Жеңіл некесінмен «Екі әйелі бардың үйі әрқашан да жиналмайды» деген халық мақаласының рухында Мақтұмқұлы екі әйел алуға отбасыны бұзатын құбылыс ретінде қарайды.

Өжет сымақ өзіне қос әйел алса,  
Кіреп отбасына бітпес араздық  
Олар қояр жүз мың талапты,  
Ол байғұс тағдырына болар нала.

Қызды, оның сезімін ескерместен қалың малға бола өзі сүймейтін шалға берген. Ауырлығын Мақтұмқұлының өзі сезінген. Мұндай тәртіптер, оның «Ғашықтың жарлылығы» атты өлеңінде ащы мұң толы жолдарды туғызды.

Қалыңдық үшін төленер қалың  
Қайғыға душар болар жаның.

Ақын сондай - ақ басты мақсаты сыртқы сән - салтанатқа жетемін деп, қоғам алдындағы парызды ұмытып кеткендерді де кекеткен. Оның сөзі



бойынша мұндай адамдардың бастарына ораған шалмасы олардың рухани дәрежесіне сай емес. Мақтұмқұлы түркменнің ақындық тілін халықтың тіліне жақындата отырып, оны едәуір өзгертті. Мақтұмқұлының ақындық шеберлігі түркмен поэзиясында ең озық деп есептелінеді. Ол ақындардың кейінгі ұрпағына үлкен ықпал жасады.

### **Готхольд Эфраим Лессинг (1729-1781)**

Немістің көрнекті жазушы - ағартушысы әрі драматургі, эстетигі, әрі әдеби сыншысы. Лессинг неміс философиясы мен қоғамдық ойының тарихында көрнекті роль ойнады. Ол немістің классикалық философиясының негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Лессинг тамаша көсемсөзші болды. Оның қызметінің негізгі отергиені-абсолютизм идеологиясымен күрес, демократияшыл топтардың мүдделерін қорғау, демократиялық ұлттың мәдениетін құру болды.

Лессинг Коменц қаласында пастор отбасында дүниеге келді. Жергілікті мектепте оқып, содан соң Лейпциг және Виттенберг университеттерінде оқыды. 1748 жылы ол Берлинге келеді. Мұнда ол Вольтердің қолында хатшы болып жұмыс істейді. Мольер дәстүрінде жазылған «Жас ғалым» комедиясы сахнада жиі қойылып, Лессингтің есімін паш етті. 1767-1769 жылдары ол Гамбургке келеді де театрда жұмыс істейді, мұнда оның драматургиялық дарыны гүлдене түседі. Бұл кезеңде ол көлемді екі эстетикалық еңбек жазады. Олар: Лессинг идеализация қағидасына қарама-қарсы поэзия туралы реалистік ілімді негіздеген Лаоноон(1766) трактаты мен «Гамбург драматургиясы» деп аталатын театрлық рецензиялар жиынтығы (1767-1769). Ол Германияда драма жанрын оны классикалық трагедияға қарама-қарсы қоя отырып құрды. Өзінің теориялық еңбектерімен ол ұлттық театрды реалистік негізге қоя отырып және саяси шеңбер ретінде пайдалана отырып құрды.

Оның шығармалары - «Мисс Сара Салепеон» (1755), Минна фон Барнгильм»(1767) драммалық поэма, оның драматургиясының гүлі «Данышпан Натан»(1779) оның философиялық көзқарастарының кеңдігі жайлы білдіреді. Оның алғашқы драмасы, «Мисс Сара Сампеон»(1755) Дидроның пьесаларына дейін пайда болған; француз ағартушысы оны байқап, лайықты бағасын берген.

Пьесаның тақырыбы - ресми мораль заңдарын бұзған және сезімге беріліп кеткен қыздың қасіретінің тарихы. Дүниенің пікірін тәрк еткен Сара Сампсон, махаббат мәселесінде жүректің үні бірінші маңызға ие болады деп ұйғарды.

Лессингтің екінші пьесасы «Минна фон Барнгеельм» комедиясының көрінісі тікелей жеті жылдық соғыстан кейінгі кезеңді қамтиды. Телькейм мен оның қолындағы Миннаның образында Лессинг соғыспен ыдырап жатқан Германия жағдайындағы отан сүйгіштік сезімнің тірі иелерін бейнелейді.

«Антикварлық мазмұндағы хаттар» атты пікірталастың мазмұндағы шығармасында Лессинг әдебиетте жағымсыз дәстүрлерді таратқан, барлық

әділдік пен батылдықты тұншықтырған сыни журналдың баспагері пәлекор және өсекші Клотц деген біреудің жалған ғалымдығын әшкереледі.

## **Иоганн Вольфганг Гете** **(1749 – 1832)**

Неміс ақыны әрі ойшылы, Германиядағы ағартушылықтың көрнекті өкілі. Жаңа замандағы немісәдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, көп қырлы ғалым. «Дауыл мен тегеурін» қозғалысының белсенді мүшесі. Империялық кеңсешінің, білімді бюргердің ұлы Гете Майндағы Франфуртта туды. Үйде тәрбие алған. Бала кезінен ғылымға қызығып өсті. Содан соң Лейпциг университетінде дәрістер курсының тыңдаушысы, Страсбургте оқыды. Университеттік ғылымның жеміссіздігін сезігеннен кейін, шынайы білімді іздеу жолына түсті.

Оның шығармалары биік философиялық рухқа толы, олар адамдарды ақиқатты іздеу жолына қарай бағыттайды. Оның алғашқы шығармалары «Поэзия мен ақиқат», сондай - ақ «Ганимед» өлеңі (1774) философиялық негізде құрылған.

Гете Шығыс поэзиясы мен оның көрнекті өкілдер – Хафиздың, Низамидің, Фердаусидің, Саадидің шығармашылығына орасан зор көңіл бөлді. Ұлы ақынның «Батыс – шығыс диуаны» атты жинағы 12 томнан тұрады. Олар: «Жыршылар туралы кітап», «Хафиздің кітабы», «Махаббат туралы кітап» және т.б.

Студенттік жылдарының өзінде - ақ ол Ганьенің «Мұхаммедтің өмірі» (1732) атты кітабымен танысады да Мұхаммед (с.ғ.с) жайлы драма жазуды ойластырады. Ол өзінің ойын жүзеге асыра алмады, оның жас жігіттік бастамасының тек фрагменттері ғана қалған. Ақын дүниеден өткеннен кейін басылып шыққан үзінділер (1846) өзінің философиялық мазмұны бойынша терең. Мұхаммед (с.ғ.с) Гетенің бейнелеуінде философ. «Прометей» атты философиялық драмасы көп сөзді емес, алайда ондағы айтылған есте қаларлық. Прометей Зевске бағынбайды, ол - құлдықтың дұшпаны. Ол Меркурийге құдайларға бағынбаймын деп батыл жауап береді. Керек болса құдайлар Прометеймен билікті бөлісуде ықылас білдіргенде де ол бұдан да бас тартады.

Гете өз өмірінде шамамен 1600 өлең жазды. Олардың көпшілігін халық қабылдап, олар халық жырларына айналып кетті: әлемнің ең озық композиторлары оларға ән жазды. Ақын халық үніне оның жырларына, оның сөзіне өте мұқият ден қойды: ол халық поэзиясының бұлағынан оның формасының тамаша сұлулығын ала алды.

1771 жылы жазылған (1773 жылы жарияланған). Гетеге алғашқы даңқы даңқ алып берген «Гец фон Берлихинген» драмасында, көлемді тарихи көрініс беріледі. Гец Вейслингеннің маңындағы адамдардың бірін тұтқынға алады. Ол тұтқында отырып Гецтің қарындасы кіршіксіз таза, нәзік, қулық - сұмдық пен өзінің қара басын ойлауға жоқ Марияға ғашық болып қалады. Оның

қарапайымдылығы, кіршіксіздігі мен көңілінің тазалығы өзіне еріксіз тарта береді. Онда болашақ Гетелік Гретхеннен бір нәрсе бар.

«Жас Вертердің қайраткері» романының қаһарманы барлық адами сезімдер аяқ асты болған шенеуніктер мен филистерлердің (халық ұсақ адамдар) дүниесіне қарсы көтерілді.

Вертер өзімен бірге Гомер поэмаларының томдарын алып жүреді де, табиғат аясында оларды қайта қайта оқиды. Ұлы ақынның кіршіксіз таза дүниетанымына, қарапайымдылығына және сезімнің еркіндігіне таң тамаша болады. Соңғы хаттарында Вертер қажулы оның ойына өлім туралы ой келеді. Ол жападан жалғыз, күресуге дәрмені келместен, өмірден қайғылы жағдайда кетеді.

Тассоның трагедиясы («ТоркватоТасео») – қайта өрлеу дәуірі қайраткерлері – Джордано Бруноның Талас Мордың және т.б. трагедиясы: бейбіт бірте – бірте болатын реформаларды насихатау, күрес идеясын тәрбиелеу идеясымен алмастыру, бұл түптің түбінде өмір сүріп жатқан тәртіптерменкелісуде білдіреді.

Гете «Эгмонт» атты тарихи драманы 1775 жылдың өзінде - ақ ойластырып, оны 1787 жылы аяқтады. Алғаш рет пьеса елулі түзетулермен 1794 жылы Веймар театрында қойылды.

«Фауст» трагедиясының түпкі ойы Гетедіе ХҮІІ ғ-ң аңыздарының негізінде пайда болған.

«Фауст» трагедиясы – Гетенің бүкіл өмірінің ісі: ол онымен 60жылдан астам 1773 жылмен 1837 аралығында жемісті еңбек етті. Ақиқатты ұлы іздеушінің образы оны жас өмірі шағынан бері толғандырып, оның өмірінің соңына дейін ілесіп жүрді. Страсбургте студенттік жылдарында – ақ ол Гец фон Берлихинген мен Фаусттың алып образдарын жасап шығарудың орасан зор жоспарын ойластырып қойған.

«Фаустың» аллегориялық картинасында Гете мәңгі материалдық әлемді дәріптейді, ұлы табиғат анаға гимн айтады.

Мефистофель адамның өзінің мал секілді өмірін дұрыстауға деген қабілетін сенбейді, ол өзінің қамқоршыл жек көруінде оны аяйды, алайда жаратушы Құдай (пантеист Гете үшін – бұл мейірімді табиғаттың өзі). Адамға сеніммен қарайды.

Ол маған қызмет етеді, бұл анық.  
Сондықтан – қалауыммен менің,  
Шығар ол қараңғыдан.

Адам – табиғаттың құлы, себеубі ол оған қызмет яғни оның заңдарын ақылмен пайдаланады. Себебі оларды елемей кетпейге болмайды, ол табиғатқа қызмет ету өзінің пайдасына қарай бет бұрғызады.

«Фауст» трагедиясы екі бөліктен тұрады. Біріншісі 25 көрініске бөлінеді, екіншісі бес акттен тұрады. Көптеген эпизодтың персонамдары көптеген тұжырымды, алуан түрлі көріністері бар, шекетүрлік хроникалардың үлгісімен құрылған ол оқырманды әлемнің бір шетінен екінші шетіне Гарца тауындағы

мыстандардың жын ойнағының фантастикалық жағдайына («Вальпургиев түні») немесе Лейпцигтегі Ауэрбан жертөлелеріндегі қызыққұмарлардың ортасына, Маргаританың бөлмесіне, немесе жас күнәһар қыз қамауда жатқан қараңғы түрмеге алып жүреді.

Әлемдік әдебиеттің жәдігері болып табылатын бұл шығарма әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Гетенің 90-шы жылдардағы ірі туындысы – «Вильгельм Мейстердің оқу жылдарын» романы – суретші тұлғасының қалыптасуы туралы хикаядан тұрады.

Ақыл мен дарынға бөлінген адам, өмір мектебінен өтеді. Гете қаһарманның жолын жаңаша ашады. Оның сахналық қызығушылықтары мұнда жас жігіттің адасуы ретінде көрінеді. Романның соңында, ол өзінің міндетін еркін кәсіпкерлік рухындағы практикалық экономикалық қызметте көреді. «Вильгельм Мейстердің саяхат жылдары» бұрынғы роман қаһарманның жаңа ізденістерін бейнелейді.

Екі томдық романның бірінші кітабымен Вольфганг Гете 20 жылдай жұмыс істеді, екіншісімен – 20 жылдан астам уақыт жұмыс істеді.

### **Фридрих Шиллер (1759 – 1805)**

Фридрих Шиллер, неміс ақыны, драматургі, өнер теоретигі, тарихшысы. Лесинген және Гетемен қатар – немістің классикалық әдебиетінің негізін қалаушысы. Марбак қаласында әскери дәрігердің отбасында дүниеге келді. Фредрихтің өмірі өте қиын болды: оның балалық шағы әскерлердің арасында өтеді. 1780 жылы ол әскери академияның медициналық факультетін бітіреді. Ол Ж.Ж. Руссоның, Лессигтің, Шекспирдің шығармаларын құмарлана оқиды.

Әлемдік әдебиетте бірінші орындардың бірінде оның «Қарақшылар» атты драмасы туралы. Шиллердің есімі әйгілі бола бастайды. Трагедия әскери цнецураның рұқсатынсыз Мангейм театрында қойылған болатын, сондықтан ол әскери қызметтен кетіп, жасырынып жүруге мәжбүр болады да шығармашылыққа толықтай ден қояды.

Оның қаламынан «Фиеско қастандығы» (1774), «Дон Карлос» (1787) «Жамандық пен махаббат» (бастапқыда «Луиза Миллер» деп аталған), «Вильгельм Телль» секілді көрнекті туындылар шығады. Ең жоғары бағаланған оның «Жамандық пен махаббат» атты трагедиясы болды.

Пьеса 1784 жылы Мангейм театрында қойылып, көрермендердің сүйсінген мойындау алуын.

Осы жылдары ол тарихпен тыңғылықты айналысады., «Құрама нидерландтардың ыдырау тарихын», «Отыз жылдық соғыс тарихын» жазады. Шиллердің тарихи еңбектері оған ғылыми әлемнің назарын аударады. 1788 жылы оны профессор ретінде Йен университетіне шақырады.

Шиллер эстетика бойынша бірқатар мақалалар жазады; Олар: «Қасіретті өнер туралы», «Асқақтаған туралы», «Аңғырт және синтиментальды поэзия

туралы», «Адамның эстетикалық тәрбиесі туралы хаттар» (1795). Гетемен жақындаса түседі, олар бірігіп «Оры» журналын құрады. Гетемен сайыста «Паинкрат жүзігі», «Иван тырналары», «Қалға», «Кубок», «Кепілдік» атты және т.б. балладаларды жазады. 1791 – 1799 жылдары ол Валленштейн трилогиясын жазады. («Валленштейн лагері», «Пянномини», «Валленштейннің өлімі»).

1801 жылы Шиллер «Мария Стюарт» және «Орман қызы» атты және 1803 жылы антикалық трагедиясының үлгісімен хор енгізілген. «Құтқарушының қалыңдығы» атты романтикалық трагедиялар жазады. 1804 жылы Шиллер өзінің «Вильгельм Телль» атты соңғы драмасын аяқтайды. Орыс тарихынан алынған «Лжедмитрий» атты пьеса (ол бұл пьесамен «Телльден» кейін жұмыс істеді) аяқталмай қалды.

«Қарақшылар» атты драмасына арналған эпиграф оның әлеуметтік мақсаты жайлы білдіріп тұрады. Франц деген ағасының жаныңды езіп жіберетін қылмыстарын біліп қойып Карл Моор өзінің Құдай жіберген жазалаушы ретінде ойлай бастайды. Алайда оның таңдаған жазалау формасы, оның асқақ ниетімен қарама - қайшылыққа келмей қоймады. Карл бөгелі орманына кетеді де ер жүрек жігіттердің бір тобын жинап қарақшы болып алады.

Карлдың ниеті ізгі әрі таза, ол қоғамды қайта құру туралы армандайды.

Карл Моор үстем таптардың сатқындығы мен өзімшілдігін қатал айыптайды. «Олар табиғат Ненатиатты қалай жасай алады деп бастарын қатырып жатқанда, олардың жаман емес ау деп табылатындарының өзі он күміс ақшаға сатып жібере салады». Көріп тұрғанымыздай, бұл жай ғана қарақшы емес; бұл көтерілісші, саяси, көтерілісші.

Өмірге көзқарастың стилі ретіндегі пиквикизм жігерлі қолдауға ие болды. Роман, бұған дейін кітап әлемінде бұрын соңды болмаған табысқа кенелді. Ал Диккенс болса, әдебиетші ретінде танылып қана қоймай, оның пәтер жалғауға да (ол бұл кезде үйленіп те қойған еді), әкесін борыштық кіріптарлықтан құтқарып алуға да мүмкіндігі пайда болды.

Содан бастап өмірінің соңына дейін Диккенс үшін жұмыс істеудің стилі мен жылдамдығы өзгеріссіз қала берді. Бір еңбегі жұмыс үстінде болса, екіншісі журнал бетінде немесе жеке таралым болып басылып жатады, ал үшіншісі болса, жеке кітап болып шығып жатады. Алайда мұндай жылдамдыққа қол жеткізіп алмастан бұрын, ең болмағанда бір нәрсені аяқтап алу үшін кідіріс қажет болды. Ал жұмыстан бас тартпауға итермелейтін сол заманғы қағида бойынша қамын жасаған Диккенс болса, жаңа тапсырыстардың бәрін бірдей үш романнан қарыз болып қалды. Оның өзіне де борышкер болып қалудың қаупі төнді. Кәсіби жазушыда болатын табыспен бірге келетін шығынды да, оның ащысы мен тұщысын да ол басынан кешірді. Ол осылайша, бәріне танымал, бәрі жақсы көретін жазушының рөлін үздіксіз атқара отырып, зорығып дүниеден озды.

Бір баспаның өзге екі баспадан сатып алған «Оливер Твестің басынан кешкендері» атты романда Диккенс ақыр соңында аяқтап шықты. Роман 1837 жылы журналға басылып шыға бастады. Ол өзінен бұрынғы және бұған дейін де бүкіл дүние жүзіне әйгілі болып қалған «Панвик клубының өлгеннен кейінгі жазбалары» романының табысын бөлісті.

Өзінің «Николас Никльби» атты үшінші романында енді кедейлерге арналған пананы да, ұрылар ұясын да емес, жабық пансионды сипаттады. Диккенс қызмет еткен және оның тарапынан аты жасырын пансионды тауып алып жауап тастайтындай етіп сипаттады. Ал кейбір тарихшылардың пікірі бойынша бекер жауап тастаған, себебі Диккенс бәрі бір де пансионға кірмеген, ал бұл пансион болса, өзгелерінен жаман болмағаны түгілі олардан анағұрлым жақсы болғанға ұқсайды. Онда тіпті жерлеуге де ақшаны Диккенсте көрсетілгеннен де көбірек етіп, бүкіл рацион үшін ақша төлегендей етіп жұмсаған. Сондықтан - әсірелеп жіберу қара бояуды қоюлатып жіберумен



бірдей. Есебіне Диккенс жер астында өлген балалар туралы жақ ашпастан балалар еңбегінің жаздайын қаншама көрсеткен.

Диккенс кемелденген шығармашылығына «тәрбиелік романға» жақындай түскен «Домби және баласы» (1848) және «Девид Копперфилд» (1850) атты екі романы жатады. Мұның біріншісінде Диккенс қатыгез меншік иесін көрсетеді, оның жан дүниесіндегі фирманың гүлденуіне деген ұмтылыс барлық адамгершілік сезімдерді ығыстырып шығарады. Екінші роман өмір деректік болып табылады, себебі ол өзінің бірқатар тұстарында Диккенстің өз өмірін еске түсіреді.

### **Тарас Шевченко (1814-1861)**

Тарас Григорьевич Шевченко – украин жазушысы. Оның «Тарас Бульба» атты әңгімесі бізге мектеп қабырғасынан белгілі.

«Егер мен өлсем, Украинада жерлеңдер»-деп өтінді жазушы.

Ол өз отанын өте қатты сүйді. Ол бостандықты мадақтай отырып, оның болашағына сенді.

«Кобзарь» жинағы үшін Шевченко Маңғышлақ түбегіне айдалды, ол жерде ол жауынгер болып қызмет етті.

«Кобзарь» - ақынның басты кітабы, міне осылай аталады, бұл оның бүкіл қасіретке толы өмірінің үні іспеттес. Ол кейінгі ұрпақты ар - намыс пен мейірімділікке, перзенттік парызға берік болуға үйреткен дана ұстаз болды. «Кобзарьдың» өлеңдері бүкіл халықтың рухани өрлеуі мен адамгершілік келбетінде көрініс тапты. Олар көбінесе оның әлеуметтік және ұлттық сана сезімінің деңгейін айқындай берді.

Шевченко поэзиясының шарықтау шыңы – адамзаттың ілгері болуының оның әл - ауқаты мен бақытының алғашқы әрі мызғымас алғы шарты – бостандыққа арналған гимн. «Еркіндік» сөзін ақын ең қымбат эпитеттермен айтады. Көптеген өлеңдердегі басым көңіл - күй жоғалған, бостандыққа деген сағыныш және соған, «қасиетті бостандыққа» қарай ұмтылу.

Оянғанда ақиқат, оянғанда еркіндік.

Сені енді о Ұлылық

Ұлықтайды мәңгіге

Жер бетіндегі бар халық

Тарас Шевченконың ұнатқан қаһарманы - туған өлкенің қорғаны, халық ақиқаты мен абыройын бойында жинақтаған, халық батыры, бүлікші - гайуамак запаралдық казак.

«Кавказда» да және үздік сатиралық жарқылмен, өткір оймен және еркін қиялмен жазылған «Түс» дастанының көркем образдарында да, «Делкұлының», «Неофиттердің», «Күпірдің» батыл өлең жолдарында да, «Архимед те, Галилейде..», «Қанды шинкарьлардың патшалары» сенімді өлеңдері мен өзге де жалынды өлең - ғибадаттарымен өлең - толғауларында және сәуегейлікке толы

жыр жолдарында да халықтың мұң - зары буырқанып жатты, самодержавке билігі басып жаншыған қуатты күштердің жер астынан шыққан зор дүмпуі айқын сезіліп тұрады.

Кобзарьдың сөзі (Украина өз ақынын осылай атаған) күні бүгінге дейін баурап алатын сиқыр күшін жоғалтпай келеді. Мұны бәрі, осы сөздердің мәңгі жасайтын ойлардан және халықтың ақиқатында адамзаттың мәңгіге сөнбес үміттерін жан дүниесімен сезінуден туындағандықтан түсіндірілсе керек.

Салыстырмалы түрдегі бостандық ұзаққа бармады. 1847 жылы Украинаға бара жатқан жолда Тарас Шевченко тұтқындалды. Жандармдардың қолына оның жаңа өлеңдерінің қолжазбалық жинағы түсті.

Олардың қолдауының нәтижесінде Шевченко Бутаковтың әйгілі экспедициясына суретші лауазымына бекітілді, сондықтан ол аракідік жергілікті ауылдарға барып тұрды. Оның дала адамдарына деген ыстық лебізін білдіретін, қазіргі Қазақстан мен Орта Азия аумағын мекендеген халықтардың адами сипаттарын, дәстүрлерін бояумен немесе қаламмен әсерлі етіп бейнелеген еңбектері міне сол кезде пайда болды.

Ақынға оның шығармашылық шыңдарынан әртүрлі уақыттар мен халықтар ашыла берді. «Кобзарьда» ұрпақтардың рухани қазынасы жинақталғандай, онда адамның, жеке бастың қасіретінің ар жағында жалпы адамзаттық қасірет жатыр.

### **Гюстав Флобер (1821-1880)**

Гюстав Флобер хирургтің Руан ауруханасының бас дәрігерінің отбасында дүниеге келді. Оның балалық шағы мен балдәурен кезеңі романтизмнің гүлденген шағына түспа - түс келді. Ол он бір жасынан бастап өлең шығаруға тырысты. 1840ж лицейді бітірісімен Парижде заң факультетіне оқуға түседі.

1848-1849 жылдары Флобер «Қасиетті Антонийдің азғырылуы» атты прозадағы философиялық драмалық дастанын жазды. Мұның соңғы нұсқасы 1822 жылы жазылды. Мұнда оның өзінің пантейістік- материалистік дүниетанымын, өзінің ғылыми білім әулетін діни мистика мен схоластикаға қарама - қарсы қоюға деген қажеттілігі жүзеге асты. Дастанда алғаш рет Флоберге тән білімдарлық байқалды. Көзқарасы бойынша атеист бола отырып, ол өзін мұнда теологияның қыр - сырын меңгерген білгір ретінде танытты.

Жас кезінде Флобер Бретаньды жаяу көп аралады, Италияға, Пиреней түбегі мен Корсина аралына, Мысырға, Шығыстың өзге де елдері мен Гренияға саяхат жасады. Флобердің сапарнама естеліктері кейінірек оның шығармалар жинағына енді.

Оның хат түрінде жазылған (эпистолярлық) мұрасы - француз әдебиетінің қазынасы. Өз шығармашылығында Флобер орасан зор қайсарлығымен ерекшеленді. Үстелге кемелдікке деген аса зор құмарлықпен байланған ол ой мен сезімнің дәлдігіне бұрын соңды болмаған табандылықпен қол жеткізді.

Анатоль Франс, Мапассан және М.Горький өздерін оның шәкіртіміз деп есептеді, ал Эмиль Золя мен ағайынды Гонкурлар өздерін оның ісін жалғастырушы ретінде есептеді.

Өмірге деген терең қанағаттанбаушылықтан туындайтын рухтың шаршауы Флобердің жастық шағына қарай айқын саяси мәнге-буржуазияға қарсы сипатқа ие болды. Флобер дүниетанымның трагедиялық қарама - қайшылығы сонда, ол мешанды жек көре отырып, өз заманда тек қана соны көреді және де буржуазиялық даму жолын жоққа шығара отырып, өзгенің шынайылығына сенбейді.

Шыңғыс саяхатынан 1850 жылы Флобер қатаң реалистік «Бовари ханым» романының терең ой елегінен өткізілген түркі ойын алып келді. Реалист ретінде ол бейнені нақты ете түсуге тырысады да, автордың интонациясы сезіліп тұратын әңгімеден бас тартады. Мәселен ол «Бовари ханымда» оқырман оның қайта жаңғыртқан өмірін «материалдық тұрғыдан» сезінуге мәжбүрлеу үшін стереоскопиялық әсерге қол жеткізеді. «Бовари ханым» авторы - қоғамды зерттеуші. Флобердің объективтілігі - бұл байсалдылық емес, толық туралық. Оның өзі жасаған кейіпкерлеріне айналып, олармен қосыла уайым - қайғыға батқаны сонша, Эмма Боваридің улану көрінісін жасап жатқан кезде, онда улану мен құсу белгілері болған. Роман басылып шығысымен, оның авторына «сұлулық пен мейірімділікті жоқ қылып өмірдің қатыгез, қараңғы тұстарын бейнеледі» деген айыптаулар қарша борады. Алайда, романға ең болмағанда шағын ғана түзетулер енгізу туралы ақыл-кеңестерге Флобер «онда айыптауға тұрарлық ештеме де жоқ» деп жауап беріп отырды.

1861 жылы Флобер «Саламбо» романын жазуды аяқтады. Мұнда ол тарихи тақырыпқа бет бұрады. Автордың қиялы ғасырлар қойнауына сіңіп кеткен адамдардың үздіксіз құмарлықтары мен жабайы күш - қуатын бейнеледі.

1869 жылы оның «Сезімдерді тәрбиелеу» атты романы шықты. Басты қаһарман - романтикалық жас жігіт Фредерик Моро. Оның характерінде – келесін қосұдайылық бар: Оның өмірінің ең басты мазмұны - Арну ханымға деген асқан махаббаты - күнделікті лас қылықтардың өңезі мен мінезі тамаша үйлесіп жатады. Сондықтан ол күлкісіз, керек болса түнеріңкі фарстан (ерсі әзілден) әрі асып кете алмайды. «Сезімдерді тәрбиелеу» қазірде жаңа типтегі роман ретінде оқылады. Онымен идеялық – образдық тұрғыдан ХХ ғасыр үшін жаңашыл болып табылатын М.Горькийдің «Клим Самгиннің өмірі» атты романы тығыз үндесіп жатыр.

### **Бердах (1827-1900)**

Қарақалпақ жазушысы Бердах (Бердімұрат Қарғабайұлы) 1827 жылы, Арал теңізінің оңтүстік жағалауында Аққала ауылында, кедей балықшының отбасында дүниеге келген. Оның әке - шешесі, ол тіпті кішкентай кезінде - ақ қайтыс болып кеткен еді. Алдымен ауыл мектебінде содан соң Қарақұм медресесінде оқыды. Ол түркмен, қарақалпақ, хорезм, өзбек және қазақ

тілдерінде ән айтып, жыр жырлады. Ол халық дастандары «Көроғлыны», «Алпамысты», «Тахир мен Зухраны», «Ашик Кериб пен Шахсанамды» жатқа білді.

Оның туындылары «Халыққа», «Көрінген болды», «Бұлбұл», «Қарамайды», «Хужин», «Шетіре», «Харезм», «Ерназар бай» қарақалпақ халқының сүйікті туындыларына айналды.

Бердахтың көптеген өлеңдері мен дастандарында қарақалпақ халқының XVIII - XIX ғасырлардағы әлеуметтік өмірі бейнеленген. Демократ ақын ретінде Бердах өз заманындағы оқиғалар мен қоғамдық қатынастарды маңдай алды көзқарас тұрғысынан бағалады, туындыларында теңдік, адамгершілік, отансүйгіштік идеяларын насихаттады, кедейлерге қорған болып, хандар мен патшаларға қарсы көтерілген батырларды жырлады. Өзінің дүниетанымы мен қоғамдық-саяси көзқарастары бойынша ол өз замандастарынан едәуір алға озып кеткен еді.

Бердахтың бүкіл шығармашылығы арқылы езілген халық ахуалы туралы тақырып өтіп жатады. «Ешқашан да болған жоқ», «Салық», «Осы жылқы», «Менің өмірім» және т.б. өлеңдерінде ол еңбек адамының ауыр өмірін, қанаушылардың озбырлығын көрсетті. Алайда ол риясыз қасіретшіл болып қала бермейді.

Біз сіздермен елдің қамы үшін өмір сүріп өтуіміз тиіс бұл дүниеден.

«Маған керек» өлеңінде ақын «Жарқын заман» «Батыл жігіттер» керектігі жайлы айтады.

Мәселен, езілген жоқшылықтан еңсесі түскен халық үшін мейірім мен әділеттілікті іздеу жолында өзінің ақындық туындыларында үлкен философиялық қорытындыларды жасайды. Ол «Әділ патша» туралы идеядан жоғары көтерді. Алайда өз заманының перзенті болғандықтан, ол (сол замандағы қарақалпақтардың қоғамдық экономикалық жағдайынан) халықты бостандыққа шығарудың жолын көрмеді және көруді де мүмкін емес деді. Ол әлеуметтік теңсіздікке қарсы стихиялық қарсылық көзқараста болды. Бердах халықтың өз бақытымен еркіндігі үшін күресінің әділдігіне және де түбінде бақытты заманның болатынына сенді («Маған қажет», «Халыққа», Амангелді», «Есуас патша және т.б).

Бердах – ақын - ауқаттылар билігін қаһарына масқаралаушы, халық үшін талай бақыт іздеуші үлкен азаматтың ерліктің адамы, білімдар прогрессивті ойшыл шежіреші, өз заманының жанашыршысы, үлкен гуманист әрі интерноциалист сөздің талантты суреткері.

Ақынның азаматтық батылдығы оның туындыларын өшпестей етті.

Лайықты адамның – көңлі кең

Лайықты адамдардың көңлі – ағып жатқан өзен.

Олардың жандары таза, таза олардың қолдары

Жүректері олардың халқына деген махаббатқа толы.

Бердахтың шығармашыл маңызының маңызы қарақалпақ халқының ұлттық мәдениетінің шегінен асып кетеді. Оның туындыларында жарияланатын әділеттілік адамгершілік, әлеуметтік теңсіздікке, деспотизм мен тиранияға

қарсы күрес идеясы барлық озық ойлы адамдардың жүректерінде өз жаңғырығын табады.

### **Лев Николаевич Толстой (1828-1910)**

Лев Николаевич Толстой Ясная Полянада граф отдасында дүниеге келген. Оның әкесі 1812 жылы соғысқа қатысқан. Оның туыстық жағынан А.С.Пушкинмен байланысты болды. Ол ауыл балалары үшін 20 мектеп ашып олар үшін «Букварь» және «Кавказ тұтқыны», «Отан», «Хаджи Мурад» көптеген тілдерге аударды.

Өзінің «Соғыс пен Бейбітшілік» және «Анна Каренина» романымен Лев Толстой орыс әдебиетін бүкіл дүниежүзіне әйгіледі. Оның туындылары - әңгімелері «Балалық шақ», «Балдәурен шақ», «Жастық шақ», Севастополь әңгімелері» (1885), «Екі гусар» (1856), «Альберт» (1858) және «Казактар» (1852) атты әңгімелері, «Люцерн» (1857) әңгімесі, «Соғыс пен Бейбітшілік» роман эпопеясы «Анна Каренина» (1873-1877) және «Тірілу» (1899) романдары , «Ағартушылық жемістері» (1890) комедиясы, «Қараңғылықтың билігі» (1888) көптеген тілдерге аударылды.

Толстойдың әдеби қызметі оның өміршіл трилогиясынан басталады («Балалық шақ», «Балдәурен шақ» және «Жастық шақ» әңгімелері). Бұлармен ол 1851 жыл мен 1856 жылдар аралығында алты жыл бойы жұмыс істеді.

Оның соғыс туралы әсіресе «Севастополь әңгімелері» құжаттық негізге ие. Өзінің құрылуы бойынша олар кейде очерк жанрына жақындай түседі. Олар өзіне құжаттық репортаж бен сюжеттік әңгімені біріктірді. «Соволтополь әңгімелері» жазушының «Соғыс пен Бейбітшілік» эпопеясын жасап шығу жолындағы оның шығармашылық кезеңдерінің бірі болды.

«Шапқыншылық» әңгімесінде екі образ – шынайы батылдылықтың иесі болып табылатын капитан Хлоповтың образы мен жалған батылдылықтың көрінісі болып табылатын поручик Розенхрон тық образы бір - біріне қарама - қарсы тұрады. «Орманды кесуде» Толстой «шапқыншылықта» бастау алған тақырыпты дамыта түседі. Бұл әңгіме едәуір дәрежеде шынайы батылдықты бойына жинақтаған солдаттарды, көп жағдайларды жалған батылдыққа бөленген офицерлерге қарам - қарсы қоюға негізделген.

1856 жыл – жас жазушының әдеби және қоғамдық қызметінің дамуының елеулі шегі. Бұл жылы. Толстой сонау Кавказда ойластырған бір қатар туындыларын дәлірек айтқанда «Орыс помещигінің романын» аяқтап шығады. Романның бір қатар тарауларын түпкілікті өңдеп болған соң, ол сол туындыларды «Помещик таңы» аяқталмаған ойдың үзіндісі деген жалпылама атаумен шығарады.

«Полещик таңынан» басқа, 1856 жылы Толстой «Бұрқасын» атты әңгімесімен «Екі гусар» повесін жазды. 1856 жылы «Делдалдың жазбалары» атты. әңгімесінің толық мәтіні басылып шықты.

50-ші жылдардың екінші жартысында Толстой эстетика мәселелеріне айрықша қызығушылық танытты. Оның назарына екі мәселе ілікті олар өнердің қоғамдық өмірдегі орны туралы және өнердің шындыққа қатысы туралы Люцер (1857) әңгімесі мен «Альберт» повесі (1857 - 1858) тегінде өнер жайлы көркем трактаттар болып табылады.

1860 жылдың шілдесінде Толстой шетелге кетеді онда ол 9 айдан астам уақыт ішінде Герда болады. Толстойдың шетелдің сапарындағы ең елеулі оқиға – оның Герценмен танысуы болды.

Толстойдың педагогикалық қызметі 1859 жылдан бастап 3 жылға созылды. «Ясная Поляна» туралы 1867-1863 жылдары басылып шықты. Ал барлығы он екі кітапша шыққан болатын оның алғашқы кітабы 1862 жылы ақпанда жарыққа шықты. Толстойдың «Халыққа білім беру» туралы атты мақаласында халықтың жанды мүдделерімен қажеттіліктерін елемейтін мемлекеттік педагогиканы өткір сынға алды.

Толстойдың 60-шы жылдардың басында жазған туындыларының ішіндегі ең елеулісі – «Қазақтар» повесі болып табылады.

«Қазақтардағы негізгі тақырып – еңбек адамның рухани дүниесін мадақтау және артықшылықтарға ие сославиелердің рухани дүниесін әшкерелеу. Толстой еңбек өмірін көркейту суреттеуге, соның негізгі қалыптасатын қарапайым адамдардың психологиясына сүйенді. Қазақтар – еркін тәуелсіз, өзіндік қадір - қасиетті дамыған адамдар, және де бұл оларды басыбайлы шаруалардан ерекшеленіп тұрды.

«Соғыс пен Бейбітшілік» - орыстың ұлттың эканомиясында бейнеленген оқиғалардың ортасында – тарихи район – эпопея ретіндегі «Соғыс пен Бейбітшіліктің» негізгі сюжеті – 1812 жылғы Отан соғысы тұрды. Ақсүйек жағдайдағы Граф Кирил Безухов пен Суворавтың үзеңгілесі қарт Князь Николай Балионскидің бейнесі типтерінде Толстой Екатериналық ақсүйектер ғасырының екі келбетін тарихи тұрғыдан дұрыс көрсете білген. Толстойдың тарапынан Екатеринаның ақсүйектерде айыптаған нәрсе Екатеринаның төрінен кері шыққан сүйіктісі, бір кездерде желөкпе әрі сымбатты жігіт болған некесіз туған Пьердің әкесі қарт граф Безуховтың обрызында берілген.

«Соғыс пен Бейбітшілікте» мәскеулікке дворяндық қоғамының барлық топтары келтірілген. Толстой Мәскеудің ақсүйектерін де кеңінен суреттеген Анатаев Наташаға бақытсыздық алып келсе, Долохов Николай Ростовқа бақытсыздық алып келді. Өз кезегінде Ростовтардың отбасына, тән өркениеттік бастама сүйуші әрі шын берілген Сонияның өмірін мағынасыздыққа айналдыра отырып оның өзінің құрбаны етеді.

Наташа өзінің бойына сезім мен пәктік нәзіктік пен талапшылдықты қуанышпен мұңды, біріктірген махаббаттың көрінісі. Бұл жерде Толстой үшін ең бастысы Наташа өзінің декабрист жарының соңынан сібірге кетуге тиіс болады.

«Анна Каренина» романы 1873-1877жж жазылған. Анна романда бақытты іздеуші әрі оны беруші ретінде пайда болады. Алайда оның жолында зұлымдықтың белсенді күштері тұрады. Түптің түбінде Анна солардың ықпалымен өледі. Сондықтан Аннаның тағдыры терең драматизмге толы. Бүкіл

романда драматизмге толы. Аннаның басынан кешіріп кешіріп жатқан аналық және сүйеуші әйел сезімдерін Толстой теңдей етіп көрсетеді. Оның екі ұлы сезімі – махаббаты мен аналық сезімі ол үшін біріктейтін сезімдер алып қала береді.

Толстойдың 90-шы жылдардағы негізгі көркем еңбегі «Тірілу» романы болды. Бұл романның сюжеті шынайы болған сот ісінің негізінде пайда болды. Кезінде өзі болып айналдырып алған қыздың қайғылы жағдайына кінәлі ақсүйек жігіттің сотта оның тағдырын алқа би ретінде шешуге тиіс болған жағдайлардың таң қаларлықтай тоғысуында Толстой үшін әлеуметтік әділетсіздігіне құрылған өмірдің бүкіл қиынсыздығында көрінеді. Қаһарманның санасындағы бет бұрыстары кейін Нехлюдовтың басынан өткен жағдай соңында қарапайым ақиқаттың жарығын сезе бастайтын «Толстойшыл» тәубеге келгенмырза туралы әңгімемен еске түсіре бастайды. Наташа Маслованың рухани ояну хикаясы Толстой үшін көркемдік тұрғыдан анағұрлым елеулі әрі мүлдем жаңа болып табылады.

Көркемдік көзқарас тұрғысынан алып қарағанда Толстойдың өмірінің соңғы жылдарындағы ең зор және түсініктері оның дүниеден өткеннен кейін жарияланған. «Хадшимұрат» повесімен «Тірі өлім» драмасы болды.

Өмірінің соңғы жылдарын Толстой Ясная Полянада үздіксіз рухани қасіретпен өткізді. Өзінің өмір сүру салты өзінің көзқарастарына сәйкестендіруге тырысып және полещиктік үй жайдық тұрмысынан жаңа шеге отырып 1910 жылдық 28 Қазанында Ясная Полянадан жасырын түрде шығып кетедіде жолда суықтан қайтыс болады.

### **Жюль Верн (1828-1905)**

Нант қаласында дүниеге келген адвакадтың баласы білім бойынша заңгер. Жюль Вернді тектен - тек жазушы ғалым деп атамайды. Ол Әлемдік әдебиетте ғылыммен фантастиканың негізгі қалаушы ретінде көрнекті орын алды.

Фантастикалық және шым - шытырманға толы туындылардың авторы француз жазушысы Жюль Верн өзінің «Әуе шарында өткізілген бес атты» атты романының арқасында танымал болды.

Өз өмірінде ол 65 ғылыми фантастикалық сондай - ақ сотиралық романдар жазды.

«Капитан Граюттың балалары құпияға толы арасы 15 жасар капитан» атты туындылары оқырмандардың сүйіп оқитын туындылары болып табылады.

15 жасар капитан «Туындысы балалардың сүйікті кітабы болып табылады және де ол мектеп оқулықтарында лайықты орын алып жатыр».

Мектеп қабырғасында жас жеткіншек Жюль өзінің мындаған құрдастары секілді Даниэль Дефоның өлмес туындысы «Робензон крузоны» тебіреніскен қайта - қайта оқып шықты. Фенимор купердың романдарын том - томымен «Жұтып жіберіп» отырды. Өзінің шығармашылығында Жюль Верн өз балалық шағының құштарлықтарына адал болып қала береді. Сондықтан оның

туындыларынан осынау тамаша туындылардың тақырыптары мен обрздарының жаңғырықтарын байқауға болады.

Жюль Верн жайғана жазушы емес терең білімді бола отырып ол өз романдарында белгілі бір жаңалықтарды алдын - ала болжап отырған. Бұл жерде Жюль Верннің қалауымен су астында сексен мың шақырым қашықтықты жүзіп өткен тамаша сүнгір қайық «Наутулисті» айта кетсек те жеткілікті.

Оның болжамы 1879 жылы жазылған «Бегумның 500 миллионы» романында айқын көрсетілген. Оның басты қаһарманы – бүкіл әлемді билеп ұмытылған басқаны емес әскери зауотта білдіретін қорқынышты «Құрым қаланы құрушы ғаламның залымы». Ол көп мөлшерде бүтіндей бір қалаға бір мезетте өртпен өлім себетін оны барлық жағынан да сөнбес жалындаған өртпен қамти алатын «Бұрын соңды болмаған қуатты снаридтарды дайындайды Шюльге бүкіл адамгершілік мейрімділік атаулыны жек көреді» алайда түптің түбінде романда ол масқара болып күйрейді.

Оның «Капитан Гранттың балалары», «Құпия арал» «15 жасар капитан» атты романдары оқырмандардың бірнеше буынының сүйікті кітаптары болып табылады. Оның кітаптарының бірі Иван Федорович крузинш тернеге орналады. Оның есімімен 1803-1806 жылдарда жер шарын айналған орыстың алғашқы экспедициясына байланысты жалапы орыс ғалымдарымен зерьтеушілеріне Жюль Верннің картотекасында да оның туындыларында да үлкен орын бөлінген.

«Капитан Гранттың балалары» – бұл оңтүстік Американың Австралияның, Жаңа Зеландияның флорасымен фаунасы айшықты бояуларымен бейнеленген географиялық район. Алайда жазушы осы жерлердің өсімдік және жануарлар әлемімен ғана шектеліп қалмайды. Ол отаршылардың қол астына өткен осы осы елдердің жергілікті тұрғындары қандай жағдайға тап болғандықтарын мәнерлі түрде көрсетеді.

Өз отанында ағылшындардың үстемдік еткендігіне наразы болған Грантының мұхитты аралдарында еркін шатландық отарды құру үшін саз жақтың аралдарын зерттеп шығуға бел буады. Осы себебтің капитан апатқа ұшырағаннан кейін, Лондондағы адмиралистіктің лордтары өршіл шатландықты іздестіруге немесе жіберуден бас тартады, сондықтан бұл іске оның отан досы Гленерван тәуекелге бел буып кірісіп кетеді.

«Капитан гранттының балалары» романының оқырмандары, Гленерван мен оның серіктері капитан грантының қарастырған құпия аттарының құпиясын қалай атуға тырысып жатқандығының қыбыр етпестен бақылайды.

Жюль Верн сондай - ақ география және географиялық зерттеулер тарихы еңбектердің авторы. Оның шығармашылығы біздің ғаламшарымызбен Ғарыштық құпияларын ашатын ғылым романтикасына толы. Оның қаһарманы – қарабасының қамын ойлаудан ада, гуманист, кейде озбырлықпен ұлттық езгіге қарсы күресуші ғалым демократ ірі республикашыл Ж.Верн утопиялық социалистермен және 1871 жылғы Париж коммунасы қайраткерлерімен байланыста болды. Кейінірек ол ғылымның жетістіктерін байлардың мүддесіне пайдалануға қарсы шықты.



## Генрик Ибсен (1828-1906)

Норвегияда, Шиен қаласында дүниеге келді. Кедейленген коммерсанттың ұлы. Ол 8 жасқа келгенде әкесі қайтыс болып, Генрик өмірдің қиыншылықтарын өте ерте сезінді. Ол гимназияда оқып жүрген кезінде, барлығының арасында өзінің өткір ақыл - ойымен ерекшеленді. Кейінірек ол дәріханада жұмыс істеп жүрген кезінде әдеби туындыларды үзбей оқыды.

Өзінің шығармашылығын ол өлеңдерден бастады. Оның «Каталина» (1850 жылы атты алғашқы драмасы 20 жасар жазушыға даңқ алып келді. «Иван кеші», «Хельгеленнің соғысытары» мен өзге де туындылары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Оның шығармашылығының ең гүлденген шағы «Пер Пент», «Жастар одағы», «Көлеңкелер» секілді туындыларға тап келеді, мұнда өз заманының философиялық рухын жинақтаған.

Жазушы өз қаһармандарының дүниетанымын өз шығармаларында шеберлікпен бейнелей білді.

Оның туындылары – «Каталина» (алғашқы драма 1848), «Иван түні» (пьеса 1853) «Эстраттан шыққан Фру Ингер», (Пьеса 1854), «Салхаугедағы той» (пьеса 1855) «Хельгеленнің соғыстары» (пьеса 1857), «Махаббат комедиясы» (драмма 1862), «Таң үшін күрес» (драмма 1863), «Бранд» (драма 1865), «Қуыршақ үй» (драмма 1879), «Халық жауы», (драмма 1882), «Елестер», (пьеса 1881), «Жабайы үйрек» (пьеса 1900), «Біз өлі кезімізде оянамыз» (пьеса 1899).

«Каталина» пьессасында Ибсен тарихпен аз есептесті. Рим сенатына қарсы шыққан шынайы бүлікші Каталина (б.э.д. II ғасыр) өзінің қара басының мансаптарын басшылыққа алды, Римнің диктаторы болуға тырысты.

Жеті пьессасының: «Иван түні» (1853) «Эстраттан шыққан Фру Ингер» (1854), «Салхаугедағы той» (1855), «Олаф Лилиенкранс» (1856) «Хельгелен соғыстары» (1857) «Махаббат комедиясы» тарихи сипатқа ие («Эстараттан шыққан Фру Ингер», «Таң үшін күрес») (1864), немесе скандинавиялық аңыздарға негізделген

Осы тұрғыдан алғанда әсіресе «Эстроттан шыққан Фру Ингер» тарихи драмасы ерекше болып табылады. Оқиға ХҮІғ да Норвег халқының дат билігіне қарсы күресі кезеңінде болған. Орасан үлкен жерлердің иесі кербез де, өктем Фру Ингер Норвегияның азаттығы үшін күреске басшылық жасай алатын еді, ол тіпті жас қыз кезінде осыған ант берген, алайда ол бұл антына берік болмады. Ол заңсыз туған баласының өмірі мен жарқын болашағы үшін күресуді жөн көрді және осыған бола ол өз отанының жауларымен бірқатар ымырластық келісімдерге келді. Өз баласына жол ашып беруді ойлап, ол үйіне жолшыбай кетіп бара жатып қонған, тақтың тағы да бір үміткері болып табылатын жас жігітті өлтіреді. Алайда, өлтірілген жігіт оның өз баласы болып шығады, себебі ол балалық шағынан бері көрмеген еді.

Бірінші кезеңнің ең әйгілі әрі ерекше болып табылатын «Жауынгерлер Хельгеландта» атты пьессасы бүтіндей әйгілі, «Вольсунгілер туралы салалар» материалына негізделген .

Ибсеннің шығармашылығының бірінші кезеңіндегі оның ең елеулі пьесасы – «Тақ үшін күрес» атты пьесасында Шекспирдің ықпалы сезіліп тұрады.

Ибсеннің шығармашылығының екінші кезеңін (1864-1884) реалистік деп есептеу керек. Бұл кезеңде Ибсен сегіз драма жазды. Олар: «Бранд» (1865), «Пер Гюнт» (1866), «Жастар одағы» (1869), «Кесарь мен галилеялық» (1873), «Қоғам қайраткерлері» (1877), «Қуыршақ үй» (1879), «Елес» (1881) және «Халық жау» (1882).

«Пер Гюнт» драмалық дастаны - әртүрлі сарындар мен жанрларды - драмаландырылған халық ертегісін, әлеуметтік – сатиралық комедияны, саяси фарс пен философиялық драманы біріктіретін өте күрделі пьеса. Оның қаһарманы – туған ауылында көп бәлені жасаған, мақтаншақ әрі қиялшыл, байлық пен даңқ жайлы армандайтын көңілді, жеңіл мінезді ауыл баласы. Пер Гюнт Брендтке тікелей қарама - қарсы кейіпкер. Бұл жеке басының рахаты үшін өмір сүретін өзінен өзге ешкімді артық көрмейтін өзімшіл жан.

Ибсен шығармашылығының үшінші кезеңі (1884-1900) сегіз пьесаны қамтиды, олар - «Жабайы үйрек» (1884), «Росмерсхольми» (1886), «Теңізден келген әйел» (1888), «Тедда Габлер» (1890), «Сольнес құрылысшы» (1892), «Кішкентай Эйольф» (1894), «Йун Габриэль Боркман» (1896) және «Біз өлі кезімізде оянамыз» (1899).

### **Марк Твен (1835-1910)**

Марк Твен (Шын аты – Самуэл Ленгхорн Клеменс) - Американдық жазушысы. Миссури штатында дүниеге келген. Балалық шағы Миссисипи жағалауындағы Ханнибал қалашығында өтті. Әкесі қайтыс болғаннан кейін оның өмірі жоқшылықта өтті.

Ол өз қызметін журналист ретінде бастады. «Энтерпрайз» газетінде оның сатиралық және әзіл - сықақ әңгімелері жиі пайда бола бастайды. Содан соң ол Еуропа мен Кіші Азияны саяхаттап аралайды. Өзінің алған әсерлерін ол бірқатар шығармаларында бейнелеген.

1861-1865 жылдардағы азаматтық соғыс басталысымен Миссисипи мен кеме жүзу тоқтайды. Осының себебінен Марк Твен Батысқа, алтын мен күмістің кеніштері табылған Невада жеріне барады. Мұнда ол қомақты байлыққа ие болуды үміттеніп, біршама уақыт бойы старатель болып жұмыс істеді, содан соң журналистикамен шұғылдана бастады.

Журналистика саласында ол жаңадан пайда болған адам емес еді. Оның алғашқы мақалалары, очерктері мен фельетондары ол әріп теруші және боцман болып жұмыс істеп жүрген кезінде жазылған болатын. «Энтерпрайз» газетінде қызмет ете жүріп Марк Твен қысқа уақыттың ішінде әйгілі сықақшыға айналады. Марк Твеннің алғашқы әңгімелері – бұл, негізінен сықақ туындылар. Фольклорлық сюжеттегі «Калаверастағы атпен шабушы әйгілі бақа» атты әңгімесінен өзге, олардың қатарына «Теннессидегі журналистика», «Мен ауыл шаруашылық газетін қалай редакцияладым», «Мак Вильямс және Круп»,

«Сағат» және т.б. жатады. Онда таңғажайып оқиғалар сипатталды, қызықты оқиғалар мен анекдоттар айтылған.

«Ашық ауыздар шетелде» - қарама - қайшы туынды. Бір жағынан онда американ шығармаларының сатиралық образдары сомдалған, олардың топастығы мен діни көлгірлігі масқараланады. Екінші жағынан кітапта еуропалық тәртіптерге немқұрайлы қарау, мәдениеттің ұлы ескерткіштеріне күмәнді көзқараспен қарау сезіліп тұрады.

Сықақ әңгімелермен қатар ертедегі Твенде өзге сатиралық сипаттағы әңгімелер кездеседі. Құрама Штаттардағы нәсілдік келіспеушілікті өткір сатирамен түйреген. «Гольдсмиттің досы тағыда жат елде» («Қытайлықтың хаты» 1870) әңгімесі болып табылады. Әңгіме ақкөңіл қытайлық А.Сунхидің, жұмыс пен бостандыққа малдан Америкаға қалай келгендігін баяндайтын хат формасында жазылған.

Мак Твеннің ең көлемді туындысы - «Гекльберри Финнің басынан кешкен оқиғалары» (1885). Мұнда жазушы Американың өткенін бейнелеуге, «Таом Сойердің басынан кешкенін оқиғаларында» әдемі етіп сипатталған өз балалық шағына тағыда мойын бұрады. Алайда «Том Сойермен» салыстырғанда өткеннің тақырыбы енді басқаша үнмен шыға бастады.

«Гекльберри Финнің басынан кешкен оқиғаларында» орталық образ Гек Финнің образы болып табылады, әңгіме міне соның атынан жүргізіледі. Том Сойердің образы мұнда екінші дәрежедегі рөлді атқарады.

80-ші 90-шы жылдары Марк Твен «Миссисипидегі өмір» атты очерктері кітабын (1883), «Американдық үміткер» (1892), «Кеуек бас Уилсон» (1894) романдары мен тарихи тақырыптағы - «Ханзада мен қайыршы» (1882), «Король Артур сарайындағы янкилер» (1889) «Жанна д'Арк» (1896) романдарын жазып шығады. Осы кітаптардың ішінде ең көп қызығушылықты туғызатын ол тарихи романдар болып табылады.

«Ханзада мен қайыршы» - бұл гуманизм мен демократия үрдістері толып жатқан кітап. Қыңыр мінезді ерке өскен Уэльстін ханзада кездейсоқ емес жағдайда халықтың қалың ортасына түсіп қалып, барлық қиын сынықтардан өтеді. Жазушы оны өзінің жеке ауыр тәжірибиесінде өмірді түсінуге және қолданып жүрген заңдардың қаталдығы мен әділетсіздігіне көз жеткізуге мәжбүрлейді.

Бірқатар туындыларында Марк Твен дінді батыл сынға алады. Шіркеудің адамгершілікке жат рөлін ол «Кароль Артурдің сарайындағы янкилер» романында анық көрсетті. Бұл тақырыпты ол Вольтерлік рухта жазылған - «Кішкентай Бесси құдіретті күшке көмектесуі тиіс» (1909) атты шағын әңгімесінде дамыта түседі. Твенді Вольтер секілді өмірдегі зұлымдық мәселесі алаңдатады. Оның әңгімесінің қаһарманы кішкентай қыз Бесси өз анасына - қайғы-қасірет неге мұншалықты көп? Бұл неліктен осылайша болады? деп сұрақ қояды.

«Өмірдеректе» көптеген беттер өткен өмір, балалық шақ пен жастық шақ туралы естеліктер болып табылады. Бірақ мұнымен қатар кітапта өз заманының көкейтесті мәселелеріне арналған бүтіндей тараулар мен бөлімдер бар. Жазушы Американың бастарында тәждері жоқ, өз байлықтарын қанды

жолмен жинаған билеушілері - Рокфеллердің, Кларктің, Гугентеймнің ашық портреттерінің галереясын жасайды.

### Эмил Золя (1804-1902)

Әйгілі Француз жазушысы Эмиль Золя Парижде инженердің отбасында туған. Оның әкесі итальяндық, ал анасы - француз қызы болды. Золя алдымен колледжде, содан соң лицейде оқыды.

1864 жылы Золя, «Нинон ертегілері» атты новеллалар жинағын жариялады. Золяның ертектегі бір бөлігі өмір деркетен болып табылатын «Клодтың тәубесі» (1865), «Өлген қыздың өсиеті» (1866), «Марсель құпиялары» (1867) секілді романдары өзіндік ерекшеліктерден кенделу болып келеді. Алайда Золя ертектегі туындыларына тән романтизмге эпигондықпен еліктеуден бірте - бірте арыла бастайды.

Золяның шығармашылық мұрасы алуан түрлі. Ол әңгімелердің бірнеше жинақтарынан әдеби - сыни және публицистикалық мақалалар жинағынан бірнеше драмалық туындылардан тұрады (әсіресе оның «Рабурденнің мұрагерлері» атты пәссасы көпшілікке мәлім) деген мен мұнда маңызы мен көлемі бойынша романдар алып жатыр.

«Терезза Ракен» романының алғы сөзінде Золя өзінің «жазушы натуралистер тобына» жататындығы туралы мәлімдейді де өз әдісін айқындайды. Натурализм теориясын Золя «Тәжірибиелік роман», «Романист - натуралистер», «Театрдағы натурализм» атты еңбектерінде негізделген.

1868 жылдың соңында Золя екінші империя туралы романдар сериясын жазуды бастады. Негізгі ой түкпілікті түрде тұлғаның, отбасының, қоғамдағы әлеуметтік топтардың, ал қоғамның өзінің тарихта дамуының динамикасын ашып көрсету идеясымен біріктірілген 20 романдан тұратын «Ругон - Маккары» сериясында қалыптасты.

«Ругон - Маккар» - күрделі және көп көріністегі эпопея. Оны құрайтын романдарда жетекші тақырыптарды ерекшелеуге, негізгі бағыттарды олар эпопеяның бүкіл мазмұнын қамтамаса да белгілеп алуға болады. Бұл - буржуазияның бейнесі («Ругонов мансабы», «Олжа», «Париждің құрсағы», «Қаспақ», «Ақша» және т.б.), халықтың өмірі («Тұзақ» «Жерминаль», «Жер»), реликалыққа қарсы тақырып («Плассонның жаулап алынуы», «Аббат Меруеннің теріс қылығы» және т.б.), өнер мен шығармашылық («Шығармашылық»).

«Жерминаль» романының негізгі ойы өмірді мұқият зерттеудің нәтижесінде қалыптасты. Жұмысшылар бұл романда олардың өмір сүруін айқындайтын ең басты нәрседе - еңбекте бейнеленген. Кеншілердің тұрмысы да шынай етіп көрсетілген, алайда бұл толық мәнді болып табылмайды. Адам төзгісіз жағдайларға қарамастан адами қасиет шаруалар – Жанеде, Франсуагеде, Фуане қарияда сақталған. Кейінірек алғаш рет «Жерде» бейнеленген шаруа жан.

«Талқандау» романында бүкіл ұлттық дұрыс ниеттегі күштерінің көрінісіне, Золяның оң идеяларын білдірушіге айналады.

«Үш қала» романдарын жаңа циклы келешекке қарай ұмтылған. Алайда әлеуметтік зұлымдықты жоққа шығару және гуманистік идеалды тұжырымдау мұнда шынайы өмірдің өзін талдаудан келіп туындайды. Трилогияның қаһарман - зиялы адам.

Пьер Фроман христиан дінін ғылыми сараптамадан өткізеді де оның түп негізінде надан тобырды қанау, «Кереметтерді» дөрекі түрде саудаға салу («Лурд»), Ватиканда пайдакүнемдіктің, пәлеқорлық пен оңай олжаға құмарлықтың үстемдік құруы («Рим») жатқандығын анықтайды. Дін өлген. Тура жол тек ғылым мен еңбекте («Париж»)- деп сенеді Пьер Фроман.

Пьер Фроман христиан дінін ғылыми сараптамадан өткізеді де оның түп негізінде надан тобырды қанау, «Кереметтерді» дөрекі түрде саудаға салу («Лурд»), Ватиканда пайдакүнемдіктің, пәлеқорлық пен оңай олжаға құмарлықтың үстемдік құруы («Рим») жатқандығын анықтайды. Дін өлген. Тура жол тек ғылым мен еңбекте («Париж») – деп сенеді Пьер Фроман.

Болашақта ақыл парасат пен еңбектің салтанат құратындығы туралы өзінің арманын аяқталмай қалған әлеуметтік утопиясы – «Төрт Евангели тетралогиясында» нақтылы түрде көрсетті. Тетралогиясының қаһармандары Пьер Фроманның балалары – матвей, Лука, марк, Ионанн – бейне біржана апосталдар секілді отбасына («Жемістілік»), қалаға («Еңбек ұлтқа»), («Ақиқат»), адамзатқа («Әділеттілік») жаңару алып келеді. Бұл цикл – халыққа жолданған өзіндік бір ағартушылық «Іжіл».

Жазушыға франко - прусс соғысымен және Париж коммунасы мен байланысты оқиғалардың орасан зор ықпалы болды. Франко - прусс соғысындағы оқиғалар «Талқандау» (1892) романында да, міне сондай –ақ Мопассанның, «Күлшесімен» бірге «Медан кейстері» (1880) жинағына енген «Диірменді қоршау» атты атақты новелласында көрінісін тапқан. Бұл новеллада ол қайсар патриоттары - диіменші Марлье ағайды, оның қызы Франсуазаны, жас жігіт Доминикті ерекше зор сүйіспеншілікпен көрсетті.

### **Томас Гарди (1840 – 1928 )**

Ағылшын жазушысы Томас Гарди кедейленген дворяндық отбасынан шыққан. Оның ата – бабаларының жер иеліктері әлде қашан сатылып кеткен болатын. Сондықтан дворяндар гарди іс жүзінде фермерге айналып қалды. Болашақ жазушының әкесі сәулетші болып оның табысы онша көп бола қоймады. Томас Гарди Дорчестер маңындағы жоғарғы Бонхемптон деревнясында туып балалық шағы мен жастық шағын сонда өткізді. Бастапқы да ата – анасы оны діни дәрежеге дайындады, алайда оның бұл мамандыққа деген ықыласының мүлдем жоқтығынан, оған сәулетшілікпен шұғылдануға рұқсат берді. 1862 жыл мен – 1871 жыл аралығында ол Лондонда тұрды,

университетті бітіргеннен кейін өз білімін көне шіркеулер мен ғимараттарды жаңартумен айналыса отырып жетілдіре түсті.

Гарди монополистік капиталдың шапшаң өсуі кезеңінде жаза бастады. 1899 – 1902 жылдары ол ағылшын – бур соғысында, ал 1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғысқа қарсы шықты.

Оның туындыларындағы оқиғаның болған жері «Бірнеше текті бикеш», «Өмірдің кішкентай ғана жырлары», «айныған адам» - Уэссенс. Гардидің бастапқы өлең жинақтары, «Уэссенс өлеңдері» (1898) деп аталады.

Гарди барлығы 14 роман жазды. Кейінірек ол хронологияны емес, идеялық – көркем мазмұнды ұстана отырып оларды үш топқа бөлді; Олар: «Романтикалық оқиғалар мен фантазиялар» («Көгілдір көздер», «Драгун полкінің аға кернейшісі», «Мұнарадағы екеу», «Сүйіктім» ) және Әзәзіл романдары бұған новеллалар да кіреді. («Өтір амалдар», «Этельбертаның қолы», «Селқос қыз»), бұлар «Мінез құлық және айнала орта» деген атаумен біріншісімен романдар циклынан («Жасыл ағаш түбінде», «Есі шыққан тобырдан алыста», «Отанға оралу», «Кэстенбурдж мэрінің өмірі мен өлімі», «Орманның шетінде», «Діэрбервильдер әулетінен шыққан Тэсе», «Елеусіз Джуд» едәуір артта қалады).

Гардидің пайдаланатын «Әлемдік жігер» ұғымы оған идеалистік философияның біршама ықпалының болғандығын білдіреді. Оның «Жасыл ағаш астында» атты алғашқы романының бақытты идиллиясының жалпылама екпініне сыни суреттемелер шамалы ғана бекітілген. Деревняның оған тән қарама – қайшылықтарымен бірге әлеуметтік өмірі – «Есі шыққан тобырдан алыста» романындағы оқиғалардың өрбитін аясы. Адал ниетті, еңбекпен тату - тәтті өмір сүріп жатқан қарапайым шаруаларға Гарди ашкөздік пен өзімшілдіктен «Естері шыққан » ауыл байларын қарама-қарсы қояды.

«Кэстербридж мэрінің өмірі мен өлімі» романында (1886) тағы да эгдон даласының пейзажы пайда болады, оның аясында оқиға өрбіп, қайғылы оқиға нақтылы көрсетіледі. Майкл Хэнсард - алдымен кедей қалайышы. Содан соң бай ұн тартушы қала мэрі болады. Алайда өзінің бәсекелесі тарапынан тақырға отырғызылған, масқараланғандықтан қайтыс болды.

Гарди – прозаиктың шығармашылығының негізін «Мінез - құлық және айнала орта» романдары құрайды. Олардың ішінде ең маңыздылары - «д» Эрбервильдер әулетінен шыққан Тэсс» және «Елеусіз Джуд». Гарди шығармашылығының шыңы – оның «д'Эрбервильдер әулетінен шыққан Тэсс: шынайы бейнеленген жаны таза әйел» (1891) романы.

Кедей шаруа қыз Тэсстың өмір тарихының қайғылы болғандығы оның әкесінің кедейленген дворяндық әулеттің ұрпағы болғандығынан емес, шегі жоқ жоқшылық, әке - шешесінің маскүнемдігі, олардың қайыршылануы оның жастық шағын күл талқан еткендігінен болды. Оның ауыр жағдайының, күресімен өлімінің себебі міне осында.

Гардидің келесі «Елеусіз Джуд» (1895) романының айналасында қызу күрес жүрді; шіркеу қолдаған ресми буржуазиялық сын оған шыдамсыздық танытты.

«Елеусіз Джудта» Гарди оқырмандарға «Тэсттен» танымал идияларды дамыта түседі де қаһарманның қайғы - қасіретінің әлеуметтік негізіне тереңірек мән береді.

Үшінші кезеңнің жетілген әрі маңызды туындысы «Әулеттер» эпикалық драмасы. Бұл философиялық эпикалық драма (3 бөлімнен, 19 акт пен 130 көріністен тұрады.) автордың жазғандай сахнада қойылуға емес, оқуға арналған.

### **Абай Құнанбаев (1845 - 1904)**

Қазақтың ағартушы ақыны, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Ірі шонжар, би болыс Құнанбай Өскенбайұлының отбасында дүниеге келді. Медреседе оқып жүріп, орыс мектебіне дебарып жүрді. Шығыс тілдерін (араб, парсы және т.б.) көп оқып, зерттеді. Шығыстың ұлы ақындары мен ғұламаларының (Фердаусидің, Низамидің, Навоидің, Ибн Синаның) гуманисті көзқарастары оның дүниетанымына өз ықпалын тигізді. Ол қазақ халқының ауызша «поэзиясын» жатқа білді және оны өзінің шығармашылығында кеңінен пайдаланады.

35 жасында сүйікті еңбегімен поэзиямен тыңғылықты айналыса бастады. Оның алғашқы өлеңдері жаттап алынып, ауыздан – ауызға өтіп жүрді. Кейінірек оның туындыларының тізімі жасалды. Абайдың есімі қазақ даласында әйгілі болды.

Абайдың қазақ ағартушыларының дәстүрлерін жалғастырған қайталанбас, өзіндік болмысы бар шығармашылығында, орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық ойының игі ықпалы айқын білінеді. Абай шығыс халықтары поэзиясының классиктері - Фирдаусиді, Низамиді, Иафузды, Навойны, Физулиды және сонымен бір мезгілде Пушкинді, Лермонтовты, Белинскиді, Чернышевскийді, Некрасовты, Тургеневті, Салтынов - Шадринді, Л.Н.Толстойды зерттеді. Қазақ ақыны әрі ойшылы Пушкиннің, Свермановтың, Крыловтың туындыларын жақсы біліп, оларды өзінің ана тіліне аударып қана қоймай, сонымен бірге орыс зиялыларының кейбіреулерімен кездескен.

Абайдың қлеңдерінің алғашқы жинағы 1909 жылы басылып шықты. Оған «Салт атты» (1886), «Күз» (1888), «Көктем» (1890), «Қараша желтоқсан мен сол бір екі ай», «Қолымды мезгілінен кеш сермедім», «Өсиет» өлеңдері, «Ескендір», «Масфұт» дастандары енді. Абайдың еңбекші халықтың қалың ортасында пайда болған өлеңдері езгі мен надандықты жоюға шақырды.

Бай шонжарлардың ырду - дырду өмірін, мақтаншақтығын келекелеп, әшкерелей отырып, ол қазақтарды қоғамдық парызды жете ұғынуға шақырды. Адамдардың өмірде биік өнегелігін қағидаларды басшылыққа алуын, адамдар арасындағы қарым - қатынас өзара сыйластыққа, адамды сүйуге, адамгершілікке негізделуін талап етті. «Егер де менің қасымда билік болса, адамның мінезін түзетіп болмайды дегеннің тілін кесіп олар едім» дейді Абай. Абай адам баласындағы имандылықты дер кезінде қолдау мен дамытуды қажет

ететін талпыныстарды, «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкінбеу үшін алдын ала байқай білуге үйретті.

Абай бұл жөнінде тарихи, педагогикалық және құқықтық мәселелер, қозғалған прозалық «Өсиеттерінде» жазады. Адамға дұрыс тәрбие берудің маңызды амалы ретінде, ол адамдарға бақыт пен пайда алып келетін жасампаз еңбекті атады. Абай еңбек қылмай, арын жоғалтқан адам өз бостығындағы бар жақсылықтан жұрдай болып, қанатынан айрылған құстай болмақ деді.

Ақын осыны барлығы, әсіресе жастар ойланса екен дейді. Оларға ақын батыл әрі табанды болуды өсиет етті. Ақын жастарды феодалдық патриархалдық түсініктерге, ескі әдеттерге қарсы тұра алатын озық дәстүрлерді қорғауға шақырды. Абайдың шығармашылықтарындағы дастандардың орны ерекше («Ескендір», «Масғұт», «Әзім туралы аңыз»). «Ескендір» Ескендір мен Зулхарнайын туралы аңызбен байланысты және де бұл дастан сонау Фирдаусиді, Низами мен Науаиды толғандырған тақырыпқа өзіндік үнін қосу болып табылады. Ақын жаулап алушы патшаның ашкөздігін айыптап, оған Аристотельді қаулы қояды. өзге екі дастанның сюжеттері шығыстың классикалық әдебиеттерінің сюжеттерін өзіндік қайта өңдеуге құрылған.

Қазақ әдебиетінің тарихында Абай өлеңнің хас шебері болып қала бермек. Ол бірқатар жаңа формаларды енгізіп (алты шумақтар, сегіз шумақтар) қазақ поэзиясын жаңа мазмұнымен байланысты. Оның жылдық төрт мезгіліне арналған өлеңдер циклы, поэзияның мақсаты туралы өлеңдері қазақ әдебиетіндегі жаңалық болды. Абай өзінен кейін лириканың тамаша үлгілерін қалдырды. Оның өлеңдері «уақыттан мезет жауады...», «қырық албыр-салбырға сағынамын...», «әлде керек шығар, мылқау мен балшық тұрған...», «Суда челнокқа ұқсап, айға...», «қашанда ұзақ көлеңке болғанда.....» ақындықтың асқан шеберлігінің мысалы болып табылды.

Абай сонымен бірге талантты сазгер де болды. өзінің көптеген лирикалық өлеңдерін көпшіліктің айтып жүруіне арнап әуенге қосты. Абай сазгер – әуенші ретінде көптеген жаңалықтар енгізді. Ал оның Татьянаның Онегинге хатының шығармашылық аудармасы қазақтардың сүйіп айтатын әндерінің біріне айналды. Осы әнді төңкеріске дейінгі қазақ даласында халық әншісі Абылай Қарабарытовтың орындағанына куә болған адам былай деп жазады: «Әнші домбыраның құлағын бұран лезде күйге келтіреді де күйқылжыта жаңа бір әнді шырқай жөнелді, мұның да әуені алғашқы әндікі секілді мұңды болғанымен, сөздерін айтсаңызшы!»

Татьянаның қазақ даласында қалайша ән шырқағандығы туралы әңгімені Мұхтар Әуезов өзінің «Абай жолы» роман – эпопеясында жазады. Әуезов Абай шығармаларын жинақтап, зерттеуде көп еңбек етті. Себебі автордың заманында оның поэзиясын жинақтап шығаратын баспалар болмады.

Қазақ халқының ұлы ақыны 1904 жылы қайтыс болады. Ол Шыңғыс тауының етегінде өзінің Жидебайдағы қыстауында жерленген. Абайдың шығармашылығы халық игілігіне қызмет етудің ұлы идеяларымен рухтанды, туған әдебиет пен өнердің ұлттық қадір -қасиетін асқақтата түсті, олардың реализм жолымен дамуына кең мүмкіндіктер ашып берді.



**Элиза Ожешко**  
**(1841 -1910ж)**

Поляк әдебиетінің өкілі. Ауқатты отбасында дүниеге келіп, Варшавада білім алды. Ол 16 жасқа келгенінде Петр Ожешкоға тұрмысқа шығады. Көптеген әдебиет шығармаларды оқиды. «Менің өмірімде менің отбасым нағыз университет болды» деп еске алады. Петр Ожешко Сібірге жер аударылғанына қарамастан, ол шығармашылықпен айналысқанын тоқтатқан жоқ, мұнаймады.... Әдебиет туралы жазбаларында ол әдебиеттің өмірмен байланысының үздіксіздігі туралы бағытты алып барады да осыдан философиялық қорытындылар жасайды. Оның шығармашылығында әйелдер образы ерекше орынды алып жатты. Бәлкім бұл оның өзі де әйел болғандықтан шығар, сондықтан да оған әйел жүрегін түсіну оңай болған шығар. «Марта», «14-бөлім» атты туындыларында әйел тағдыры ерекше орында тұр.

XIX ғ. 60-70 жылдарының туындыларында, «Пан Граба» (1869), «Вацлова күнделігі» (1870), «Марта» (1873) романдарында, «14-бөлім» повесінде буржуазиялық - мемлекеттік Польшадағы әйелдің құқықсыз жағдайы шынайы етіп көрсетілген. Автор әйелдің азат болуын, оның отбасында, қоғамда дербес, тәуелсіз жағдайда болуын жақтады, алайда бұл жерде ол біртіндеп жаңаруға иек артты.

Әйел тағдыры тақырыбымен бірге Ожешконың шығармашылығында буржуазиялық құрылыс жағдайындағы балалар қасіреті тақырыбы өздігінен байланысып жатады. «Марта» повесіндегі кішкентай ғана Янидің өмірі қуаныштан ада. Осы аттас повестегі Юлианнаның өмірі оқырмандардың көз алдында тізбектелген қайғы - қасіреттермен өтіп жатады. Қайғы - қасіреті бұдан да кем түспейтін хикая «Көңілсіз идилияда» да (1878) айтылған. Бұл повестің қаһармандары әлеуметтік «қабаттың ең түбіндегі» балалар – Владек пен Марцыся болып табылады.

«Эли Маковерден» бастап, Ожешко еврей тұрғындарының жағдайына мән беріп, оларды қорғап сөз сөйледі. Еуропаға «Меир Эзофович» романы әйгілі болады.

Э.Ожешконың идеялық – шығармашылық тұрғыдан кемелденуі оның кішкентай ғана адамдардың («А..В..С.», 1884), жұмысшылардың («Романова», 1884) өмірі туралы әңгімелерінде, оның Иллиактаның өмірі туралы зәрлі де, әшкерелеуші повестерінде («Сильфида» 1880, «Мейірімді пани», 1883) және де әсіресе белорус шаруалары туралы тамаша повестерінде («Төменгілер», 1883, «Дзюрдзи», 1885, «Арсыз», 1887), сондай - ақ Польшаның қоғамдық өмірін ауқымды етіп баяндайтын «Неман үстінде» (1887) атты романында байқалады.

Белорус шаруаларының өмірі - Ожешконың осы кезеңдегі шығармашылығының жетекші тақырыптарының бірі. «Неман үстінде» романы Ожешконың ең ірі реалистік туындысы. Мұнда ол өзі ұнатқан әлеуметтік алуан түрлілік тәсіліне жүгінеді.

«Неман үстінде» романы терең демократизммен, халқына деген шынайы махаббатпен және оған көмектесуге деген ұмтылыспен рухтанған. Позитивист әдебиетшілерге қарағанда Э. Ожешко 1863 жылғы көтерілістің қаһармандарын

құрмет тұтады. Шығарманың бүкіл өн бойында осы көтерілістің жарығы сезіліп тұрады. Оған деген көзқарасы мен ол тіпті кітап қаһармандарының азаматтық толыққандығын да жоғары бағалайды.

Ожешко кейінгі шығармаларының ішіндегі ең таланттысы «Аргонавттар» (1899) атты романы болып табылады. Бұл романда оның реалистік дарынының ең озық тұстары дамытыла түскен.

Егерде өзінің ертедегі кейбір романдарында («Соңғы махаббат», «Торда») Э.Ожешко «жасампаз» буржуазияға әлі де болса үміт артқан болса, ал «Аргонавттарда» ол буржуазиялық жыртқыш миллионер Алаиз Дарвидтің терең типтік образын жасайды.

Бенедикт Коргинскийдің образы күрделірек ол бай шляхтаға жатпайды. Оған өз шаруашылығын күйзелуден құтқару үшін көп күш-жігер жұмсау қажет болады. Ол жастық шағының демократиялық идеяларын ұмытып, шаруалар мен кедей еңбекші шляктаны қатаң қыспаққа ала отырып, олармен ұқсастық жағдайда тұр. Алайда Бенедикт Карчинскийдің образында оның «өмірге қайта келуінің» негізі болатын күш - қуат, өмірге деген дұрыс көзқарас секілді жақсы қасиеттер де бар.

Роман қаһармандарының 1863 жылы опат болғандардың бауырластар зиратына деген көзқарасы әсерлі. Отансүйгіштік сезімнен жұрдай, халықты жек көретін ірі шляхта оны кемсіте отырып әңгіме қылады. Әкесі осы зиратта жерленген Зыгмунт Карчинский әке өсиетінен толықтай айнып, енді оны ақылынан адасқан адам деп тануда. Ал пан Дожецкий болса, 1863 жылғы күрескерлер туралы қандай да болса әңгімелер ешкімге керек емес «күйректік» деп есептейді.

### **Анатоль Франс (1844-1924)**

Француз жазушысы. Шын есімі – Анатоль Франсуа Тибо. Парижде туды. Француз академиясының мүшесі (1896 жылдан бастап). Букинистің балалық шағы мен жастық шағы кітаптар мен кітап сүйерлер арасында өтті. Француаның әкесі Тибо өте білімді адам болды, әдебиетті сүйді және де өзінің осы махабатын өз баласына берді. А.Франс өзінің әдеби қызметін журналдың жұмысынан бастады. Ескертпелер мен мақалалар, сын мақалалар жазды. Алайда ол өзінің новеллалары арқылы әйгілі болды.

60-шы жылдары Франс «Парнас» тобымен жақындасты. Бұл оның жарияланған алғашқы кітабында «А. де Виньи» очеркінде, «Алтын дастандар» жинағында және «Коринфтік үйлену тойы» атты драмалық дастанында көрініс тапқан. Мұнда Франстың музаның сыртқы көріністері парнастықшардың мәнерін еске түсіреді, сондықтан олар көп үміт күттіретін жас жігітті өз ортасына қуана қабылдады.

«Коринфтік үйлену тойында» оқиға христиандықтың алғашқы ғасырларында болады. Шалтер Гилли мен Дафна бірін бірі сүйеді, олар

атастырылып қойылған. Гиппий, қайта оралып Дафнаның өзінің жұбайы етіп жариялау үшін алыс теңіз сапарына аттанады.

Содан кейін Франс поэзиядан кетеді. 1879 жылы оның «Июоста» және «Арық мысық» атты повестері шығады. Бұл шығармалар жас Франстың позитивизмге қызығушылығын бейнелейді.

Жазушының атағын «Сильвестр Бонардың қылмыстары» атты романын шығарды. Бұл роман ескілік пен кітаптарға жаны құмар, шынайы өмірде аңқау да дәрменсіз қарт филолог ғалымның күнделігінен тұрады. Романда Буржуазиялық заңдардың жалғандығы, үстем әлеуметтік тәртіптердің әділетсіздік реалистік тұрғыдан ашып көрсетіледі.

Романның қаһарманы, кітаптардың, көне жазушының қызығына батып кеткен Сильвестр Бонар шынайы өмірдің қажеттіліктеріне кезігіп қалады. Ол өзі тұрып жатқан үйдің шатырында, жылытылмаған бөлмеде бір отбасының тұрып жатқандығын біледі. Ол бұл отбасына бір арқа отыннан беріп тұрады, оның адамға жасаған міне осы жақсылық әрекеті, оның қаншама тер төккен, көп жылдық тарихи ізденістерінен анағұрлым маңыздырақ болып шығады.

Сильвестр Бонар кезінде өзінің ұяла ғашық болған Клементинасының немере қызын кездестірді. Енді ол жүрегінің бар жылуын адал ниетімен жетім қалған кішкентай ғана бейшара қызға береді. Клементинаның немере қызының тұрмыс құратын уақыты келгенде, қария оның жасауын беру үшін өз кітапханасын сатып жібереді.

«Сильвестр Бонардың қылмыстары» атты романы жарыққа шыққанда (1887) Франс 37 жаста болатын.

«Томс» атты философиялық прозаикалық дастаны XVIIIғ. Философиялық повесіне тән схематизмнен ада. Оның қаһарманы идеяларды тасымалдауын ғана емес сонымен бірге шынайы адамдар. Бұлар куртизанка әйел Томс, монах дәруіш Пафнутий және Эпикуршыл философ Никий.

Кезінде жас шағында Парфнутий Александрияда сұлу куртизианка Томсты көреді. Оның еліктіріп алып кететін сұлулығы адамдарға шаттық алып келіп жататын. Анатоль Франс демократ. Асқан сұлулықтың бейнесін ол қарапайым халықтан шыққаныңыздан табады. Томс көше баласы. Ол жоқшылықты да соққыны да, өзіне азық тауып жеудің ауыр тәжірибесінде көрді. Оның жалғыз ғана игілігі сұлулығы ғана болды.

Томстың образы көптеген жазушылардың назарын аударды. И.Ефремов оған «Афиндық Томс» атты тамаша романын арнады.

Франс, өзінің буржуазияға деген наразылығын үйіп төгу үшін, барынша өткір мәнерде оны өзінң жек көрушілігін білдіру үшін Франс зұлым помфей жанрын таңдаған еді. Мұнда ол өзінің отандасы Рабле мен Джонатан Свифидің ізбасары.

Жером Куаньярға Франстың «Қазы аяқ патшайымының асханасы, «Жером Куаньяр мырзаның пайымдаулары» мен «Жак Турнеброштың әңгімелері» атты бірнеше шығармалары арналған.

Жером Куаньяр туралы кітап аяқталды, алайда соңғы беттерде жазушыдан да, оның қаһарман ында да күмән пайда болады. Олардың философиясы дұрыс па? «Турнебромм, балам менің, сен байқайсың ба менің қалай сасқалақтап

адасып жатқанымды» дейді аббат өз шәкіртіне. «Бақытты күмәнді» уағыздаған, кез келген шабытпен романтикалық сенімді «жеңіл күлкімен қарсы алған, барлығына жақсы ниеттегі мысқылмен қарап келген философ екенін, философ эпикуршыл ол кенеттен өз жүрегіндегі мағынасыздықты сезді де өзінің бапрлығын қамтып тұратын мейірімділігі жағдайында ол шын мәнінде бәріне селқос адам екендігін түсінеді.

1904 жылдың 18 сәуірінде «Юманите» газеті өз беттерінде Анатоль Франстың «Ақ тастың бетінде» (1904), атты кітабының алғашқы жолдарын басып шығарады. Кітап кейінгі жиырма алты номерде толықтай жарияланды, ал бұдан соң қайта өңделіп 1905 жылы ақпанда жеке баспамен шықты.

Біздің көз алдымызда автордың «әр бір халықтың өмірі апаттардың, қылмыстар мен ессіздіктердің ауысып отыруынан басқа ештеңе емес» деген көңілсіз қорытындысын образдар мен және суреттер мен негізделе түсетін адамзат қоғамынан оның тарихына айтылған өткір мысқыл тұрады.

### **Ги де Мопассан (1850-1893)**

Нормандияда қарапайым отбасында дүниеге келген 1869 жылы ол Руандағы лицейді тәмамдап Канн университетіне оқуға түседі. Франко прусс соғысы басталысымен Мопассанды әскерге шақырады.

70-жылдары оның жазушы ретінде қалыптасуына едәуір ықпал еткен талғампаз ұстазы Флобердің жетекшілігімен табанды түрде әдеби шеберлікке қол жеткізді. Мопассан Флоберге өзінің «Өлеңдер» (1880) атты алғашқы кітабын арнады. «Медан кештері» атты әңгімелер жинағына қатысады. Мұнда оның «Күлше» атты әйгілі новелласы басылып шықты. Мопассанның қолымен тағыда 300 новелла жазылған.

1883 жылы оның «Өмір» атты романы шықты. Оны лезде «Овар» баспасы жеке кітап етіп басып шығарды. Романның табысы орасан зор болды.

Мопассан Жюльенге таза пәк қыз Жаннаны оны гүлдей ашылған бойжеткен шағы мен махаббат пен бақытқа деген оның сенімін аяусыз жаншылған өмірін көрсете отырып өарсы қояды.

1885 жылы Мопассанның «Абзал досым» атты келесі романы шықты. Онда жазушы француздық өмірдің басқа тұстарына бет бұрады. Дюруан жарқырап тұрған ешбір қабілеті жоқ. Ол пысықтығымен арсыздығымен және әйелдерді өзіне тартатын сырт келбетімен ерекшеленіп тұрады. Осы қасиеттер оның ұсақ шенеуніктен депутаттық жұмсақ орындық пен министрдің портфелі туралы армандауға негіз беретін ірі журналистке бай адамға айналуына мүмкіндік береді. Өзінің жеке басының мақсаттары мансабы мен баю үшін Жорж Дюруа ең алдымен өзіне ғашық әйелдерді пайдаланады.

1887 жылы «Монт орьиол» романы жарық көрді. Онда сол кезеңдегі францияға тән жаңа курорттар салудан пайда табу көрініс тапқан. Типтік тұлға курорттарды салу бойынша бей берекет әрекеттерді жасаған банкир Андрематт болып табылады. Минералды сулардың кені табылған жер телімінің

иесі кәрі құлан, сонымен бірге топас әрі өу Ориол жақсы көрсетілген. Мопассан «Пиер мен Жан», «Өлім секілді күшті» және біздің жүрегіміз атты тағыда үш романын шығарады. Бұл шығармалардың құндылығы едәуір болғанымен олар алдыңғыларынан әлсіздеу.

Мопассанның әлемдік әдебиетке қосқан ірі үлесі оның новелистикасы болды. Ол өзінің новелласы өмірді еркін және терең танудың құралы етті. Мопассанның новеллаларының маңызды ерекшелігі қаһармандардың характерімен психологиясын қимыл іс әрекеттер сөздік мәнер арқылы мәнерлі бөлшектерді пайдалану арқылы қалыптастыру болып табылады. Франко прусс қатысты новеллалар топтамасында өмірден алынған көркем бейнелерде қыңырлыөтан, мақтаншақтықтан кісі өлтіруге үйреніп қалған адамдардың образдары берілген. Жас офицер Вильгельм Фон Эйнине («Модмозель Фифи») «Ақылынан алжасқан әйел», «Екі дос», «Жекпе жек» новеллаларындағы пруссиялық лейтенантар міне осындай Эиникенің әдемі сырт келбетінің ар жағында садистік қатыгездік күйретуге деген құмарлық жеңілген елді арсыздықпен жек көру жасырынып тұр. Сонымен бірге қарапайым адамдар кейде тіпті қоғамның алдын алалмаған және құқықтарынан айырылған мүшелері отан сүйгіштік сезімдерге және қаһармандық істерге қабілетті болып шығады. («Күлше», «Милан ағай», «Тұтқындар»), «Алқа» новелласы терең трагизмімен ерекшеленеді. Транемомедиялық түсініксіздік, мағынасыз оқиға бұл новеллада күрделі өмір мен драманы туғызады. Бұл новелланың қаһарманы кедей шенеуніктің әйелі өзінің өмірінде болған жалғыз балда өз құрбысының алқасын жоғалтып алады, осыдан оның мойнына түскен ақшалай борыш, оның жас өлшеміне зиянын келтіреді. Оның әңгіме шеберлігінің фактісі өзіндік жеке мақсатқа айнала бастайды, новелла мінез құлықтарды болмашы ғана суреттейтін қызықты анекдотқа айналады. («Зығырданы қайнады», «Үркіліс», «Терезе»).

Бірқатар новеллаларда натурализм элементтері байқалады. Мопассан жиі түрде және айқын етіп сипаттаған махаббат бұл новеллаларда адамның санасына бағынбайтын соқыр сезімнің ауыздықталмайтын билігіне айналады. («Иосиф», т.б.) Мопассанның тылсым күштерге сеніп кететіндей етіп көрсететін новеллалары да бар.

Бұлар көк шу шығарған «Орля» (екі нұсқада) «Жалғасқан әлем» және т.б. новеллалары. Олардың көпшілігі Мопассанның өмірінің соңында жазылған.

### **Редьярд Киплинг (1856-1936)**

Ағылшын жазушысы Джозеф Редьярд Киплинг Больбейде, суретші - өнер профессорының отбасында дүниеге келді. Алты жасында оны ата -анасы Англияға алып кетеді. Мұнда ал отарлар үшін офицерлер мен шенеуніктерді дайындайтын жабық колледжде білім алды. Мектепті тәмамдағаннан соң Киплинг 1887 жылы Үндістанға қайта оралып «Азаматтық және әскери газетінің» қызметкері болды. 1886 жылы оның «Департаменттық жырлар» атты

өлеңдерінің алғашқы жинағы, ал 1888 жылы «Таудың қарапайым әңгімелері» атты шығармасы шықты. 1907 ал Новель сыйлығын алды.

Алғашқы кезеңде Киплинг Үндістандағы өмір жайлы жазды. Ол әдебиетке империяның «Алыстағы Қамалдарында» қалған адамдардың – отаршыл үкіметтің ұсақ шенеуніктерінің, солдаттармен офицерлердің образын енгізді. «Үш солдат», «Күйбең тіршіліктегі кедергілер», «Деодарлардың панасында», «Ақ пен қара» (1888-1890ж) атты солдаттар туралы әңгімелер жинағында Киплинг жоғары шенді офицерлерді келеке етіп, буржуазиялық - шенеуніктік басшылықты, олардың солдаттар жағдайына немқұрайлылығын айыптайды. Бірақ ол әскер мен үкіметтің абыройына нұқсан келтірмейді.

«Қазақша жырлары» атты өлеңдер циклы халық арасында Том Аннинис деп аталып кеткен ағылшын солдатына қарай айтылған арнау мен кіріспеден бастау алады. «Томми» атты өлеңінде тминерге лайықты құрмет көрсетпейтін ауқаты мырзаларды айтпайды.

«Шығыс пен Батыс туралы Балалада» Батыс ол Бытыс шығыс ол Шығыс Бұл екеуі ешқашанда үйлеспеді деп қайталанып отырады.

Киплингтің «Жарық сөнді» (1890) атты алғашқы романы соқыр болып қалған суретші баталистің қайғылы тағдырына айырылған. Бұл Кинменгтің буржуазиялық әлемде жалғыз қалған адамның қасіретін белгілі бір шамада бейнелеген психологиялық тұрғыдағы ең терең романы. Алаида роман қаһарманы көз жанарынан айырылған, сүйікті қызы мен достары тастап кеткен Дин Илдар өзіне шығар жолды немесе өмірді отарлау соғысының даласынан іздейді. Ол өзінің суретшілік мансабы басталған Суданға қайта оралды да сонда қаза табады.

Ерік - жігер мінез - құлықты тәрбиелеу мәселесі «Ержүрек теңішшілер» (1897) повесінде қойлады. Онда канаданың балықшылардың өмірі мен күнделікті еңбегінің қызықты реалист суреттемелер бар. Осының аясында ауқатты отбасынан шыққан ерке бала Гарви Чейннің мінезінің дамуы мен өзгеруі көрсетілген. Кейде балықшылар отбасына түсіп қалып ол жұмыс істеуді үйренді, табанды әрі батыл болып шығады.

Киплинг балалар өмірі туралы әйелдердің қайғылы жағдайы туралыда Үндістанды жаилаған ашаршылық жаилы да айтады (Мәселен «Кішкентай Торба» «Липсет және «Вильям жеңімпаз атты әңгімелерінде «Қорқынышты түн қаласында» және «Жас келіншектің саяхаттарында» жасанды эпизотиканы әшкерлейді.

Киплингтің шығармашылығында едәуір көркемдік құндылықтарға ие анималистік туындылар ерекшеленеді. (1894-1895 жылдары Маугли туралы екі «Джунгли кітабы» мен оларды аяқтайтын «қорықта» атты әңгімелерден тұратын кітаптар пайда болды.

Киплинг діни - мистикалық тақырыпқа көне сюжеттерді қайталауға бет бұрады. Алуан түрлі тіршілік иелері» (1917) және Дебет және кредит (1926) әлемнің жабылмай қоймайтындығын христиандық көнбістік дәріптелді. Киплинг сюжеттерінде христиандық аңыздарды да пайдаланды.

## **Бернард Шоу (1856-1950)**

Ағылшын жазушысы Джордж Бернард Шоу Дублинде сауда қызметерінің отбасында дүниеге келген. Оның анасы музыкадан сабақ берді және ол таланты әнші еді. Үйде араздық үстем құрып тұрды балаларға ұқыптылық пен қарамады. Бірақ есесіне музыка мен жасөспірім құмарта тыңдаған зерделі әңгімелерден кеңділігін байқалмады.

Бала 15жасқа келгенде анасы үйін тастап Лондонға нәпақа табуға кетеді. Болашақ жазушы осылайша орта білім алмастан жер мәселелері мен айналысатын кеңсеге ұсақ қызметкер болып жұмысқа орналасады.

Өзінің орасан зор танымына Шоу өз бетімен қол жткізеді. Оған университетте оқудың сәті түседі. Орта мектеп өзінің оқытудағы охластикалық әдісімен денеге қолданылатын жазаларымен және де құрғақ жатаулары мен оның санасында ең ауыр есептеулерді қолдандырды.

Шоудың баспасөздегі алғашқы мақаласы дінге қарсы болды. 1875 жылы Дублин қаласына Нью - Иортен әйгілі екі уағызшы евангелист келді. Шоу оларға қарсы Дублиндік Паблик опиньон газетінде сенсациалық табысқа ие болған өткірмақаламен шықты.

1876 жылы 20 жастағы Шоу Лондонға кетеді Ол телефон компаниясында жұмыс табады оның бұдан былайғы өмірлік мақсаты әдеби шығармашылық болады. Ол тыиын - тебен тауып жүреді, нашар тамақтанады, жыртық аяқ киім киіп жүреді, бірақ романдарды бірінен соң бірін жаза береді де оларды баспаларға сәтсіз түрде жібере береді, Кейінірек ол, оның романдарын 60 баспа қайтарғандарын айтқан.

1884 жылы Шоу ерлі зайыпты Уэббтармен бірге «Фабиан қоғамы » деп аталатын ұйымды құрып ,оның жолында насихатшысы болды. Бұл өзіне Карфаген көсемі Ганнибалға жайбарақат күтіп, асықпастан соңында оған батыл соққа берген рим қолбасшысы Фабия Кунктатордың (Шайбасар) есімін алған социал – реформистік ұйым болатын.

Романдарда Шоудың шығармашылық әдісінің өзегі – матындалған идеологиялық ұстанымдарды қулатудың тәсімі ретіндегі парадоксы (тосын пікір) айқындалып шықты. Ол Ибсеннің шығармашылығын жаңа драманың үлгісі ретінде насихаттады.«Ибсенизм квинтессенциясы сыни этюді»

Қазіргі заманғы идеялар драмасын құрушы Шоу пікірталас - нысаны тұжырымдады. Оның орталығында - қоғамдың өнегеліліктің өткір проблемаларын қоятын пікірлердің, қарама – қарсы идеологиялардың нақтығысы жатыр. Шоудың ұнатқан өмірді сергек, елестерсіз қабылдайтын реалистер.

Өзінің алғашқы пьесаларын Шоу «Жағамсыз пьесалар» деп аталатын циклге біріктірді. Осы атаудың өзінен ол буржуазиялық қоғамға батыл қарсы тұрды . Бұл циклға – «Тұл ердің үйінде» (1885) , «Миссис Уорреннің мамандығы» (1894) және «Әйелдерге сүйкімді еркек» (1893) атты үш пьеса енді.

Бірақ, «Тұл ердің үйінде» пьесасы жағымды кейіпкердің пьеса. Бастапқы ой бойынша Сортарнусқа антогонист болуы тиіс Тренч ондай болмайды. Ақсүйек әулетін ұрпағы ол бастапқыда дербестіктің бір шама елесімен жүреді, тіпті бланшқа өзінің адал табыстарына өмір сүруді ұсынады. Алайда ол көп ұзамай осынау адал табыстардың шыққан жері сортарыусытың лашықтары екенін біледі. Олар Тренч апайдың жерінде салынған сондықтан оның жерден алынатын ренталлашықтардың тұрғындары сол жердегі кедейлерден алынады.

Келесі цикл – «Ұнамды пьесалар» оған «Қару мен адам» (1894), «Кандида» (1895), «Тағдыр таңдауы» (1895) және «Тірі болсаң көреміз» пьесалары енді. «Ұнамды пьесалар» астыртын мысқылға толы, себебі біз жеткілікті дәрежедегі батыл сынды кездестіреміз.

«Қару мен адам» (Бізде ол кішкентай шоколадты салдап атауымен белгілі) пьесасындағы оқыға Болгарияда 1886 жылғы Болгар – серп соғысы кезінде болады. Пьесада жеткіліксіз түрде көрсетілген соғыс көріністері мағынасыз қатыгездің тұғысқан халықтар – Болгарлармен серттердің бірін – бірі қыру сезімін туғызады.

«Ұнамды пьесалар» циклындағы Напален I арналған өзге пьесада («Тағдырдың таңдауы») жау Напаленның басқыншылық әрекетін мысқылмен сүреттейді де оның сөзімен Британ имперализмімен оның демагогиялық тәсілдеріне өте жаман сыпаттама береді.

Келесі цикл - «Пуритандарға арналған үш пьеса» «Ібілістің шәкірті» пьесасында Шоудың жағымды кейіпкерінің қызықты эволюциясын көреміз. Онда мін шін әнінде екі жағымды кейіпкер бар: Бірі – пастор Антонын Аандерсон болса, екіншісі діншіл пуританда, «Ібілістің шәкірті» деп атап кеткен жау жүрек бүлікші – Ричард Деджен. Бұл циклдың өзге пьесалары – «Цезар мен Клеопатра», «Капитан Бранбауынтын үндеуі» «Пикмалион» (1913) сөйлеу мәдениетімен жалпылаша рухани даму проблемаларын қақтығысқа нел – отырып, қарапайым халықтан шыққан Элизаның оны бепіл жаргон сөздерінен арылтқан сырттай қарағанда зиялы, тіпті ақсүйек келбетті фонетика профессоры Хиччинстен адамгершілігі жоғары екендігін анықтайды.

«Жүректер жаралатын үй» (1913-1919) атты пьесада Чеховтың ықпалы мен жазылған, оны өзінің сөзімен айтқанда «Орыс тақырыбындағы ағылшындық фантазияда». Шоу билеуші топтардың зиянкестігін, олардың рухани құндылықтарды жоғалтуын мінез құлықтың дарақылығын жоюын әшкерелейді. 1925 жылы Шоуға Нобель сыйлығы тапсырылды. Сахнаға бірден енбестен, Шоудың драматургиясы бірте - бірте көпшілікке танымал болып XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиетте орталық құбылыстардың біріне айналды.



**Оскар Уайльд.**  
**(1854-1900)**

Дублин қаласында дәрігер отбасында дүниеге келді. Ол Оксфорд университетінде оқиды. Раскинин дәрістерін баяндамаларын тыңдады. 1887 жылы ол өлеңдер жинағын жазды. Оның ұстазы Эмиль Золя болды Ол оның дәстүрлерін зерттеді әрі жалғастырды. Оның шығармалары адамдар өмірі жайлы. Ол өмірде өзінің дұрыс жолын таңдады .

Оның кейбір туындылары мыналар: «Жалғандық өнерінің құлдырауы» (Трактат - 1889), «Бетперделер ақықаты» (Трактат - 1889), «Лорд Артур Севилдың қылмыстары» (Әнгіме), «Жұмбақсыз серсенке» (әнгіме), «Дорян Грейтың портреті» (роман – 1891), «Бақытты ханзада» (ертегі), «Жас карол» (ертегі), «Жұлдызды бала» (ертегі) , «Саламея» (драма - 1893), «Веерледи Уиндермир» (драма) , «Болмашы әйел» (драма) .

Өзінің эстетикалық көзқарастарын Уайльд «Жалғандық өнерінің құлдырауы» (1889), «Каламуш қарындасы және у» (1889), «Бетперделер ақықаты» (1889) секіді мақалаларымен трактаттарында берген .

«Жалғандық өнерінің құлдырауы» трактаты Золяның өткір пікірталас туғызған «Жермынал» романының себебінен жазылған .

О. Уайльдтың кейбір әнгімелері (Лорд Артур Севилдың қылмыстары, «Мистер Энның портреті», «Жұмбақсыз сфинис») оларда соншама кенесін болмағанда реализмге және моралға қарсы теориялардың көрінісі іспеттес болар еді. Мәселен «Лорд Артур Севилдың қылмыстарында бірнеше шіркеніетті қылмыстарды жасаған, алайда сүйкімді де тартымды, тамаша атағалы болып қала берген» жас ақсүйек жігіттің хикаясы баяндалған .

1891 жылы О.Уайльд өткір қайшылықталы шығармасы - «Дорян Грейдың портреті» романын жазады. Онда салмайтын жастың шақпен әдемілік үшін ібіліске иманын сатқан адас туралы готикалық романдардың ықпалы сезіледі .

Сол жылы Уайльд ертегілер циклын жарып шығады. («Бақытты ханзада», «Раушан гул мен бұлбұл», «Анардан тұрғызылған үйшік», «Жұлдызды бала»). Мәнерлі поэтикалық форма оларда маңызды гуманистік мазмұнмен үйлесіп жатады. Уайльд адам үшін маңыздысы мейрімділік пе әлде әдемілік пе – міне сыны анықтауға тырысады. Барлық ертегілердегі жауап біреу ғана – мейрімділік, адамдарға қызмет ету әдеміліктен анағұрлым жоғары әрі маңызды болып табылады.

1881 жылы Уайльдтың өлеңдерінің алғашқы шынағы шықты, мұнда ол өзін форманың үлкен шебері ретінде көрсете білді. Өз өлеңдерінде ол бірқатар жанамасыз әсерлерді, қысқаша, алайда айқын суреттемелердің сериясын беруге тырысты.

Уайльдтың көпшілікке әйгілі бағыттың басшысы ретінде атағы Америкаға да жетеді, сондықтан ол сол жаққа ағылшын әдебиеті бойынша дәрістер оқуға, ал негізінде – «алтын» жастарды атетизмнің құпияларына қатыстыру үшін шақырылды .

«Лорд Артур Севильдің» ескі тақырыбын, жағалыз қылмыс тақырыбын О. Уайльд бұл жерде жазбаша түрде янағұрлым гуманистік тұрғыда шешеді:

қылмыс адамның екінші мұқият жасырылған «менінде» міндетті түрде өз ізін қалдырады.

Романда, зұлымдықтың әдемілігін дәріптелі отырып, тамаша тосын пікірлерді бірінен – соң бірін жаудыратын отаір ойлы арсыз әрі мейірімсіз лорд Генри Уотсон әрекет етеді. Бозбала Дорианды бұзақылық жалға міне сол Г. Уотсон еліктіреді.

О. Уайльдтың анағұрлым декаденттік шығармалы оның «Саломея» атты драмасы (1893). Ол шығарманы әсемдігін айқын көрсету үшін француз тілінде ижазылды. Уайльд мұнда, патшадан орның билегені үшін сыйлық ретінде Иоканаан (Иаанн Креститель) пайғамбардың шабылған балын талап еткен иудей патшайымы Саломея туралы евангелиялық хикаяны пайдаланды

1895 жылы О. Уайльд азғындықта айыпталып сотқа тартылды да екі жыл бойы турмеге қамауға кесілді.

1897 жылы ол ауружан, сағы сынған адам болып шықты. Францияға қоныс аударып сонда үш жылдан кейін ешкім қарамай қойған қайыршылық жағдайда тәубеге келген күйінде қайтыс болды. Оның соңғы шығармалары «Түрмедегі тәубе» және «Рейдінг түрмесінің баладасы» (1898) атты дастаны болды. Мұнда О.Уайльд өзінің өткен өмірімен өзінің істегендерін ой елегінен өткізеді.

### **Артур Конан Дойл (1859-1930)**

Артур Конан Дойл ағылшын жазушысы, суретшінің баласы, білімі бойынша дәрігер, өзінің Шерлок Холмс жайлы детективті әңгімелері мен әйгілі болды. Ол талдағыш ақылы мен өткір әділеттілік сезімі бар осынау әуэзқой із керушіні ағылшынның ең сүйікті кейіпкері дәрежесіне дейін көтере алды. 1887 жылы оның Шерлок Холмс жайлы алғышқы повесі – «Қып - қызыл өндегі этют» шықты, содан - соң 20 жылдың ішінде оқырмандар асыға күтетін жаңа повестер -«Төртеудің белгісі» (1890), «Баскервил иті» (1901-1907), «Үрей алқабы» (1914-1915) және «Шерлок Холмстың басынан кешкен хикаялары» (1891-1892), «Шерлок Холмс жайлы естеліктер» (1892-1893) атты әйгілі әңгімелер жинағы пайда болды.

Бұлардың ішіндегі ең озығы ретінде «Баскервиль иті» повесін атауға болады. Мұнда детективтің романның шеберлігі романтикалық көркемдікпен және сирек кездесетін психологизммен үйлесіп жатады. Шерлок Холмс, ағылшын полициясына көмектесседе, оның тұрпайы әдістерінен де, оның тікелей маң саттары болып табылатын - буржуазиялық тәртіп пен бапйлардың меншігін қорғаудан алыс турады. Ол шынайы адамгершілікті басшылыққа алады, сондықтан оның образында автор өзінің адам ақылы мен мейірімді жүректің күш қуатына деген сенімін көрсетеді. Холмстың үнемі жанында жүретін серігі доктор Уотсонды ( әңгіме соның атынан жүргізіледі) Конан Дойль өмірдеректік белгілеріне бөлейді. Оның өзі де дәрігер болған, әрі ағылшын буржуазиясы соғысына қатысқан.

А.К.Дойлдың кейінірек Г. Уэллстың ғылымы фантастикасының ықпалымен жазылған ғылымы фантастикалық повестері де («Жоғалып кеткен әлем», «Уланған белбеу», «Маракот тұңғиығы») назарға лайық. Оларда талантты әрі таңғажайып ғалым, профессор Челенжердің образы қызықты ойластырылған

Конан Дойл сондай - ақ тарихи романдармен Наполеондық офицер – бригадир Жерар туралы әзіл оспаққа боялған әңгімелердіде жазды .

Өмірінің соңғы жылдарында жазушы модаға жаңадан енген спиритуалистик, мистикалық теорияларға беріліп жүрді, міне сондықтанда бұл оның кейінгі шығармашылығында өз ізін қалдырды .

### **Эрнест Сетон – Томпсон. (1860-1846)**

Канадалық жазушы, суретші – анималист табиғат зерттеушісі . Саут – Шилдста туған . 1879 жылы Торонто өнер коледжын тамамдады. 1896 жылға дейін, Парижбен Нью - Йоркте бейнелеу өнерін зерттеді. Саяхаттап, аңшылықпен айналысты. Негізінен жануарлар жайлы 40 шақты кітап жазды. Сетон Томпсон көркем прозамен зоология бойынша ғылымы көпшілік кітаптарды жазды. («Жалғандық нұрдың өмірі» 1883 ж, «Гризмедің өмірбаяны» 1900ж, «Кұмыс реңді түлкінің өмірбаяны» 1909). Өзінің ең басты еңбегі ретінде ол 8 томдық «Жабайы хайуандардың өмірі» атты ғылымы еңбегін атайды (1925-1927). Бұл еңбек биология ғылымы үшін күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Сетон - Томпсон сондай - ақ Канаданың жергілікті тұрғындары – үндістермен эскимостардың фольклорына қызықты. Олардың аңыз әңгімелерін, жырларымен ертегілерін жыйнады. Бірнеше антологияны құрды. Ол өз кітаптарын өзі безендірді .

Өзінің «Жабайы жануарлар, мен оларды қалай білдім» (1898) атты кітабы жайлы Сетон Толепсон оның жаңа бағыттын негізін қалағандығын айтадыда «Мұнда алғаш рет жануарлардың мінез - құлықтарына шынайы түрде сыпаттама беремін» деп түсініктеме береді. Бұл кітап «Адамдар аулайтын тіршілік иелерінің өмірі» атты өзге кітабымен бірге оны көпшілікке танымал етті .

Ол бала кезінде - ақ ағаштан әр түрлі хайуандардың мүсіндерін жасаған. Ал зоология бойынша әр бір кітабына қалай қуанған десеңші. Содан соң оның өзі айгелі зоолог ғалым болды. Канаданың мемлекеттік натуралысты құрметті лауазымын иеленді . Оның ғылымы кітаптары ең жоғары марапатқа алтын медалға ие болды .

Алайда оған атақ данқыты өзге көркем жанрдағы кітаптары алып келді. Бұл кітаптар оны табиғат зерттеушісі ретінде емес дүниедегі барлық жануарларды шексіз сүйетін, олар тұралы бәрін білетін және әрбір оқырманды өзінің танымдарымен, өзінің махабатымен баурап алатын қарапайым адам ретінде танытқан кітаптар болды .

Сетон - Томпсон әр түрлі жануарлармен құстардың әдеттерін егіжей – тегжейм зерттеді. Ол құрлар мен бультерерлер, түлкілер мен койоттар, қояндар мен сары шылымшықтар жайлы жазғанда, оқырмандар болса «автор қандай байқағыш, ол табиғаттің қаншама жасырын сырларын біледі» деп таңырқап жатты. Ол өзінің басқа бір өмірінде бейнебір қарға да, түлкі де, көгершін де, қонжық та болып корген секілді әнгемеледі. Ол өз кейіпкерлерінің өздерінен ұяларын қалай салатынын, ұрпақтарын қалай дүниеге алып келетінін, азыты қалай табынатынын, және мұндайда қандай ой - амалдар жасайтынын және өз дұшпандарын қалай алдайтынын бүге – шегесіне дейін білді.

Мұның өзі таңқаларлықтай емес еді: себебі ол ғалым еді ғой. Ол Канада ормандарының тұрғындарын ондаған жылдар бойы бақылады, таңнан таңға дейін биологиялық станциялар мен қорықтарда жоқ болып кетіп жүрді. Өзінің көргендерінің бәрін ол өзінің табиғат зерттеушісінің күнделігіне жазып отырды. Ол әңгімелерді жазуға тіріскенде шаубалары пайдаға асып жатты.

Бұл әңгімелерде зоолог үнемі сезіліп отырады. Сетон - Томпсонның қаһармандары бір біріне ұқсамайды - бұлар біресе алып сұр аю Уэб болса да, біресе «Корольдік Аномастика» деп аталып кеткен қарапайым мысық болса да біресе лорегісіз сары ит Вулли болса да, ақылды түлкі Данино болса да – олардың өмірі шамамен бірдей қалыптасады. Олардың бәрі дүниені таниды. Сепілт және сана - сезімімен онын тәртібіне ыңғайласады. Бәріде сол бірі тасілмен жасайды.

Дәлірегі, үш тәсілмен алдымен ата - бабаларының ғасырлар бойы жинақталған және де түйсікке айналған. Оларды өмірлік тәжірибелері қалыптаспағанша қауіптерден сақтандырып тұратын түйсікке жүгінеді. Содан соң ата - аналарынан, ересектерден үйрене бастайды. Әріне егер де желіккен аңшының оғы немесе күшті әрі тәжіребелі дұшпанымен кездесу оларды сәби кезінде жетім қалдырмаса. Және де орте ме кешке өз білімене, тәжірибесіне күшіне және ептілігіне ең бастысы - қауіп пен бәіспет қай жақтан келетінін білдіріп тұратын өзінің алтыншы сезіміне сүйенетін кез келеді.

Сонда олар үшін бәрі шешіледі. Өмір сүру керек пе әлде өлу керек пе? Қалай өмір сүру керек? Ешкіме бағынбастан үйірдің басшысы болып кейде адамның өзі де қол сұғуға сескенетін иелікті қауіптенбестен аралап жүру арқылы өмір сүру керек пе әлде бәрінен жасынырып үреймен, аштық азабымен, оқтан, у дан, қатігез әрі мейірімсіз дұшпаннан келетін өлімді тосумен өмір сүру керек пе?

Сетон – Томпсонға бүтіндей, ерекше қаһармандар ұнады. Ол даңқы шыққан, аңыздарға енген аңдар мен құстар жайлы әңгімеледі. Уэбтің дене күші - де күміс Таңбаша атты қарғаның данышпандығы да, Телеграф болмаған жазбаларды жеткізіп тұрған көгершін Арноның ұшқырлыны осылайша аңызға айналды .

Сетон Томпсонда байсалды сұр аю туралы оқуға болады. өмірден саналы түрде кетті, себебі ол өзінен күш –қуат пен ерік – жігер кетіп бара жатқанын сезді, сондықтан қорлық коргісі келмеді.

Сетон Томпсон оқырмандарды өте күрделі нәрселер деп ойлануға мәжбүр етеді. Оның қаһармандары шынында да адамдар секілді: олар да мінез - құлықтары бойынша бір – бірімен шығыса алмайды, кез келген мәжбүрлеу мен әділетсіздікті жек көреді, балаларына үйлеріне біреу қастық жасайтын болса жаужүрек болып кетеді, олар да мейірімді болғанға мейірімді болады. Олардың жағдайы мүлдем мүшкіл болып қалған жағдайда құпия түйсік оларды адамдардан қорған іздеуге итермелейді.

### **Робиндранат Тагор (1861-1941)**

Үнді жазушысы әрі қоғамдық қайраткері. Ірі не иесінің отбасында дүниеге келді. Калькуттада оқыды, әдебиет бойынша дәрістерді Лондон университетінде тыңдады. Ол балалық шағынан бастап әдебиет пен өнерге қызығын өсті.

1875 жылдан бастап «Генанкур» («Білім өстіндері») және «Бхароти» («Тіл»), журналдарымен байланыс орнатты. Бұл басылымдарға 1877-1878 жылдары «Ақын хикаясы» атты дастаны, аяқталмаған «қайғыға ортақтасу» романының тараулары, «Қайыршы қыз» атты әңгімесі басылып шықты. Бұл әлі де болса жетілмеген, еліктеген шығармалар болды.

1878-1870 жылдары Тагор Англияда болды, мұнда ол әдебиетпен және музыкамен шұғылданды. Отанына оралып ол үндінің ұлттың әуендері мен Англияда естіген ирландтың халық әндерді үйлестірген «Данышпан Вальмини» (1881) атты музыкалық драмасын жазды. Сол кезде ол, алғаш рет өзінің пантеотік көңіл - күйге толып, Шеллидің музыкасы мен көне үнді әдебиетінің образдарының лебі сезіліп тұратын «Кешкі жырлар» (1882) атты, өмірді сүйетін көңіл күйге толы «Таңғы жырлар» (1883), «Бейнелер мен жырлар» (1884), «Диезалар мен бемалдар» (1886) атты өлеңдер жинағын жариялады. Өлеңдермен оскетизм мен дерексіз пайымдауды айыптайтын «Табығаттың берер жазасы» (1884) атты драмасы үндесіп жатыр.

90-шы жылдары Тагор өзінің ең тамаша әңгімелерін «Маноши», «Алтын қайық», «Ала - құла», «Әнімді жинау», «Түйіршіктер», «Қос қағым сәт» атты поэтикалық циклдарын жазады. Өлеңдердің едәуір бөлігі сондай - ақ ағылшын тіліндегі «Бағбан», «Тартулар» атты жинағына, «Раджа мен Рани», «Құрбандық», «Фитрагофа», «Малини» атты философиялық драмалар циклына енді.

1890 жылы ол Еуропаға саяхатқа аттанды - Италияда, Францияда, Англияда болады. 1901 жылдан Цейлонды, Канаданы, Үндіқытай елдерін аралайды. Шеллидің, Браунның, Гетенің, Дантенің, Петрарнаның шығармашыларымен таныса отырып ол өзінің ақындық шеберлігін жетілдіре түседі. 1913 жылы «Құрбандық жырлары» («Гижанфисамі») атты өлеңдер жинағы үшін Тагорға Нобель сыйлығы беріледі.

Робиндранат Тагордың шығармашылығы Үндістанның отарлық қалғудан оянумен байланысты болды. Бұл ояну Үндістанның XX ғасырының ортасында

әлемдік аренаға тәуелсіз, бейбіт және қарқынды дамушы дармава ретінде шығумен аяқталды. Ол өз елінде шинеодан тыс жерлерде тарихи өзгерістердің болатындығын өткір сезінде, өмірдегі өзгерістерге қуанды. Оның лирикалық қаһармандары әділеттілік үшін күресте тұлғаның дамуы мен жүзеге шығуының табиғи ынталандыруын көреді, әлемде болып жатқандардың бәріне шейі ол әлеуметтік болсын, мейлі табиғи болсын өздерінің қатыстылығын терең сезінеді.

Рабиндранат Тагордың поэмасы жаңа үнді лирикасының шыңын білдіреді.

### Ромен Роллан (1866-1944)

Француз жазушысы, қоғам қайраткері, музыка танушы - ғылым . Бургундтың Иламси қаласында нотариустың отбасында дүниеге келді. 1881 жылы отбасы Парижге көшіп келеді де Ролланда оқытын мүмкіндік пайда болады. Ол бала кезінен бастап педагог болуды армандады, әдебиет пен өнерге берілген болатын. Студенттік жылдарында **олореге** жазушыларының шығармаларымен танысады. Л.Н. Толстойдың шығармашылығын зерттейді.

1889 жылы Роллан Париждегі нормальды мектеп курсын үздік бітіріп шығады да Римге аттанады. Онда ол өнерді зерттеуді жалғастырады. 1891 жылы ол Парижге қайта оралады, ол төрт жылдан кейін еуропалық опера тарихи бойынша диссертация қорғайды. Бұдан кейінгі жылдары Сорбоннадағы Нормалды мектеп пен Сорбоннадағы оқытушылық қырыметпен қатар, Роллан уақыттың шығармашылыққа көбірек арнайы болмайды. Ол музыка жайлы көптеген мақала жазады, өзінің алғашқы драмалармен жұмыс істейді.

Ролланның ертегі драммалардың арасында «Сенім трагедиялары» атты цикл ерекшеленеді. Бұл циклға «Қасиетті Людовик» (1897) «Аэрт» (1888) «Уақыт келеді» (1903) пьесалары енеді.

«Сенім трагедияларында» Ролла өз идеалдарына деген шексіз сенім сезімі кернеген «өте қымбат» ерекше адамдарды көрсетуге тырысты. «Қасиетті Андровин» драмасында король Андовик – міне осындай адам. Драммадағы оқиға крест жорықтары кеңінен жатады, алайда мұндай орта ғасырларда реалистік тұрғыда қайта жаңғырту жоқ. Авторды кресшілердің діни миссиясын да қызықтырмайды. Оның мақсаты ерлікке – бастарын тіккен Аюдоаик пен оның жақтастарын (патшайым Маргарита, граф де Брев, темір ұлтасы Квентин, оның Барантера және т.б) опасыз, мансапқұмар, бос кеуде адамдарға қарсы қою.

Роллан «Ревю д'ар драматик» журналында белсенді қызмет атқарады. («Драмманың өнерге шолу») мұнда ол театр жайлы мақалалар жасып отырды. Мақалаларды 1903 жылы Роллан «Халық театры» деген атаумен жеке кітап етіп шығарды. Бұл кітап сондай – ақ «Идеализм зәрі» (1903) атты мақаласы Ролланның айрықша эстетикалық бағдарламасына айналды.

XIX ғасырдың соңында Роллан Ұлы француз революциясына арналған «Қасқырлар» «Дантон» (1899) « Сана сезімнің салтанатты құрауы» (1899), «Он төртінші шілде» (1901) және басқа бір кезеңде жазылған «Махаббат пен өлімнің ойыны» (1924), «Робесьер» (1939), атты драмалар циклымен жұмыс істейді.

Циклдың алғашқы «Қасқырлар» атты драмасы әділеттілік және азаматтық парыз идеяларының қақтығысуында құрылған негізгі шапшалдың дерексіздігілік «Сенім трагедияларына» жақын тұрады. «Дантон» драмасында 1794 жылғы оқиғалар бейнеленген. Революция мұнда аррационалды бейбірекет нарожердің жасап жариялауы ретінде ашып көрсетілген, сюжеттік қақтығыстардың ортасында революциясы дамуымен бірге келген әділетсіздіктер, қайраткерлер, құрбандықтар пайда болды.

«Бетховеннің өмірі» (1903) ұлы адамдардың өмірбаянының сериясының бастамасы болып табылады. Содан кейін «Микеланджелоның өмірі» (1906) «Полетойдың өмірі» (1911) сериялар шықты.

Роллан өткен роман мен өз заманының музыканттары туралы бірқалыпты еңбектер жазды. («Өткен заманның музыканттары», 1908; «Біздің заманымыздың музыканттары», 1908; «Гендель», 1910 және т.б). Бетховеннің шығармашылық өмірбаянын зерттеуге Роллан үнемі бет бұрып отырды.

10 жылдық «Жан - Кристоф» роман – эпопеясы (1904 - 1917) Ролланға әлемдік даңты алып келген оның басты шығармасы. Ол ерекше бір «роман – ағымды» білдіреді: Францияда бір ғана қаһарманның өмірінің тарихын баянтайтын көп томдық роман жанырын осылайша атайды. Неміс музыкантының обырызында деекатизм мен күресте қалыптасатын «нағыз адам», шығармашылық данышпан туралы өз арманын жүзеге асырды.

Ерекше ойластырылған орасаң зор әңгіме шығарма үдерістің құпияларына бойлай отырып, қаһарманның рухани өмірбаяны мен XX ғ Еуропаның жергілікті публицистикаға қаныққан кең әлеуметтік көрінісін үйлестірді.

1913 жылы «Кола Брюньон» повесі жазылды (алғаш рет 1919 жылы жарияланды). Француз әдебиетінің көптеген шығармаларында пемимисттік көңіл күйі басым болған Соғыс алдындағы жағдайда жазылға бұл повест өзінің оптимизмімен таң қалдырды.

Повесте қым – қиғаш кезеңдегі мәдениетің, өнердің тағдыры «Ойлау мен әрекетің», шығармашыл тұлға мен халықтың өзара қарым – қатынасы проблемалар қойылады. Оқиға XVII ғасырдың басында Бургундияда діни соғыстардың дүрбелең кезеңінде өрбиді. Повестің қаһарманы ағаш оюшы шебер табиғи артисттік дарыны бар төменгі топтардан шыққан халық рухының келбетті иікпейтін, күлдіргі, кез – келген қиын – қыстау кезеңдерде өлмес қайсарлық таныта алатын Кола Брюньон. Повестің еңбекті шығармашылық ретінде тұжырымдайды, еңбекші халықтың күш – қуаты мен оның белсенді тарихы әрекетке деген қабілетін дәріптейді. («Шыда, шыдайгөр төс. Төс болып тұрғаныңша шыда. Балға болғаныңда ұрасың»)

Ролланның Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі негізгі көркем шығармасы - «Таңдаған жан» (1922 - 1933) романы. Романның қаһарманы Аннета Ривьер әйелдің жаңа тұпатын (типін) бейнелейді: ол өзінің жеке, өз

алдына еңбек етуге және толық қанды азамат ретінде өмір сүруге деген құқығын қорғайды. «Аннета пен Сильвия» (1921), «Жаз» (1923) атты алғашқы кітаптарында Роллан Аннета Ривьердің «дауыл» уақытымен сәйкес келетін дербес өмірінің басталуын бейнелейді «Ана мен бала» (1926) кітабында Аннетаға соғыс оқиғаларының ықпалы көрсетілген. Роллан «Шөл Кристофердегідей» Францияны онда тұратын әртүрлі сословидегі бастары бірікпейтін адамдарды білдіретін «бір үйдің өмірін» бейнелейді. Шовенизм өрті бәрін дерлік шарпыған. Аннета «Соғыс пен бейбітшілік мәселелері жөнінде» ешқашанда бас қатырып көрген емес соғысқа дейін ол «өзінің дара қылығының тар қапасында қамалып қалған болатын». Германиядағы гитлерлік төңкерістің қарсаңында жазылып болған Рома азаматы фашизмнің қауіпінен сақтандырады.

### **Ованес Туманян (1869 - 1923)**

Ованес Туманян – армян жазушысы және қоғам қайраткері. Лорий өзінің Дсех селосында діни қызметкерінің үйінде туды. Жергілікті мектепте оқыды, содан соң оқуын Тбилисиде, армян гимназиясында жалғастырды. Тамаша шәкірт ретінде танылды. Оның өлеңдері күрделі композициясымен, бай ұйқастарымен, ырғаты алуан түрлілігімен ерекшеленді. Алғашқы ақының шығармалары «Мурч» (Балша).

Туманяның XIX ғасырдың соңында шыққан алғашқы кітаптары кеңінен танымал болды: «Ит пен мысық» (1886 ж), «Маро» (1887ж) т.б ақын туған жерін жырлайды, оның қасіретке толы тарихы туралы қайғы шегеді оның отанына жолдаған үндеуінде азаматтық және жеке сарындар табиғи түрде үйлесіп жатады.

Туманяның шығармашылығының кемелденген шағы реализм мен халықшылдық кезеңі XIX ғ-ның соңы 10 жылдығы мен XX ғасырдың басына жатады. Бұл кезеңде «Лореци Сако», «Ануш», «Көне соғыс», «Давит Сосунений» дастандары «Шреніздікке қарай», «Тмук қамалының алынуы» атты философиялық дастандары, баяндамалары мен өлеңдері жазылды.

Ақынның ең озық туындылары болып табылатын «Лореци Сано», «Маро», әсіресе «Ануш» дастандарында армяндық патриаркалдық ауыл, қаһраандарды қайғылы нәтижеге алып келетін онының әлеуметтік тұрмысының қарам – қайшылықтары бейнеленген. Бұл туындылардың халықшылдығы олардың қақырайға қызыл сөздерден ада, алайтуда халықтың тіліне тән сипаттамалардың дәлдігінен бай тілінде байқалады.

Армян эпосының бірнеше нұсқаларының негізінде Туманян армян әдебиетіндегі батырлық аңыздың ең озық оң деңгейлі – «Давит сасунешей» дастанын жазды.

«Тмук қамалының алынуы», «Ануш», «Туған өлке» (1915ж) дастандарында ақын халық лерикасының қисынын келтіргені сонша өзге өлеңдер белгісіз жыршылардың туындылары халық шығармаларының жаңа



сериясы секілді көрінеді. Расында да ақының таланты оның образдары мен идеяларына ғажайып ақындықты беріп тұрады, оның өлеңдерін мыңдаған адамдар жатқа айтты, олар жырға айналып отырды.

О.Туманян Кавказдың көптеген халықтарының туыстастығының жаршысы болды. Егише Чаренцтің айтуы бойынша оның есімі «Туыстастықтың туына, бейбітшіліктің өсиетіне» айналды. Тециан Табидзе оны «Армян – грузин достығының алтын дауысы» деп атады. Ақының көптеген туындылары мерзімдік басылымда тек армян тілінде ғана емес басқа тілдерде де шықты.

### **Теодор Драйзер. (1871 - 1945)**

Американ жазушысы әрі қоғам қайраткері. Индиана штатының Терре – Хат қаласында Германиядан келген көп балалы кедей отбасында дүниеге келген. Ол ақшаның жетіспеушілігінен оқи алмады, өзін асырау үшін мейрамханада ыдыс жууыш, жер өлшеуіш және т.б. болып үнемі жұмыс істеуге мәжбүр болды. Ол істемеген жұмыс болмады. Қыйындықтарға қарамастан ол білім алуды армандады. Мектепті тәмәмдағаннан кейін Индианадағы университетке оқуға түседі, алайда оқуын тастауға мәжбүр болды. Осы ақшаның жетіспеушілігі оның дүние танымында өз ізін қалдырды. Бүкіл өмірінде ол әртүрлі адамдармен кездесті, жақсыны да, жаманда да көрді, көп қыйыншылықтарды басынан кешірді сондықтан солар туралы жазуды армандады. Бұл құлшыныс оны Чилноның, Сект – Лустың, Питсбурчтың, Нью – Йорктың газеттеріне алып келді. Жоғары білімі болмаса да ол газеттерде өзінің мақалалары мен жазбаларын жазып шығарады.

1900 жылдан оның шығармашылығы басталды. Драйзердің алғашқы романы «Керри әпке» (1900 ж) оны жазушы ретінде бүкіл Америкаға әйгілі етті. Романды басып шығаруға 13 жыл бойы рұқсат берген жоқ, алайда оны қол жазбалық нұсқа да оны көпшілік оқып шықты. Ал осы уақытта кітап Англияда басылып шықты жазушыға ауыр тиді бірақ бәрібір ол өзінің «Дженни Герхардт» (1911) деп аталатын екінші романын жазуды жалғастырды.

Т.Драйзердің дұшпандары оның даңқы шыққанына алаңдады. Алайда мыңдаған оқырман өзімен кездесуге аысқты, оның жаңа туындыларын асыға күтті. «Данышпан» (1913), «Тат» (1921) Романдар Американдық оқырмандардың көңілінен шықты. Алайда осыған қарамастан бас кесерлер, Драйзерге күмәнмен қарады. «Американдық қасірет»(1925) романынан кейін Драйзердің талантына ешкімде тосқауыл болмады.

«Американдық трагедиялар» Драйзер реалитін шеберліктің шыңына жетті. Клайд Гриффитстың бірте - бірте азғындау жолын суреттей отырып, Драйзер американдық, буржуазиялық қоғамның тұлғаны тұңыртып жіберетін сипатын көрсетеді.

1928 жылы Драйзер «Эрнита» повесін жазды. Мұнда ол өзінің шығармашылығындағы алғашқы жағымды обырыс жазды.

Эрнита – американдық қыз. Қоғамның өміріне деген қанатсыздықтық тереңдеп кетуі, оны өзге анағұрлым саналы әрі әділеттілікке қайда. Бірақ әділеттілік қайда, өз күш жігерінің нендей мақсат жолында жұмсауында болады, адамның нағыз бақыты ненде – оны міне осындай сұрақтар толғандырды.

30-шы жылдардың басында Драйзер өзінің ең ірі публицистикалық туындыларының бірі – «Қасіретті Американы» (1931) жазды.

«Қасіретті Америка» американдық өмірдің өзіндік ерекшеліктері туралы, жұмысшы табы мен фермерлердің жағдайлары туралы, банктер, темір жол компаниялары туралы баян ететін 22 тараудан тұрады, американың ата заңы мен сот істері жайлы ой толғандырулардан тұрады.

40-шы жылдардағы американдық әдебиетіндегі ең ірі көркем туындысы. Драйзердің «Тірек» және «Стойк» романдары болды. Қайтыс боларынан алдын ол «Тіректі» аяқтап үлгерді. «Стойк» аяқталмаған күйде қалды. Екі романда 1946 жылы ол қайтыс болғаннан кейін басылып шықты.

«Стойк» романымен Драйзер «Тілек трилогиясын» аяқтады «Стойктың» болған уақыты ХХ – ғасырдың басына тура келді, оның негізгі кейіпкерлері – Каупервуд пен оның ғашығы «Тетеаның» беттерінде алғаш рет пайда болатын Беренис Флеминг. Каупервудтың жыртқышының әрекеттерінің мысалында американдық капиталының Англияға экспансиясы әдемі көрсетілген. Чинагадағы қалық темір жолдарға концессияны ұзартуды сыркөзге ұшырай отырды, Каупервуд өз операцияларын Еуропаға - Лондонға ауыстырады. Ол Лондон метрополитенінің бағытарының кесініне айналды. Міне осы жерде ол өз жолына бәсекелестерін құрта отырып, темір жолдардың жалғыз ғана иесіне айналуға тырысты.

«Эрнитадағыдай», «Стойктегі» өмір қалыптасу мен даму үрдісіне қарастырылады. Беренис дүниенің әділетсіздігіне көзі жете отырып, шынайы өмірді тану жолына өтеді. Романның соңғы тарауларында Драйзер оқырманның атты құқықсыздықты, қанауды, қайырмылықты жойып өмірді бақытты ету үшін батыл өзгерістердің қажеттілігіне қарай жетелейді. Автор «Тілек трилогиясын» осындай лайықты филммен аяқтады.

### **Анри Барбюс. (1873 - 1936)**

Француз жазушысы әрі қоғам қайраткері. Шурнамест отбасында дүниеге келген. Сарбоннаның әдебиет факультетінде оқып, сол жақтта философиядан диссертация қорғады. Университетті тәмамдағаннан кейін ол әдеби қызметпен шұғылдана бастады.

1895 жылы Барбюстың «Жалдамалы жақтаушы» атты алғашқы өлеңдер жинағы шықты. Олардың көпшілігінің пессимистік көңіл күйде болуы, шынайы әлемді емес әлеммен алмастыру, жалғыздық сардары декаденттердің әлемді қабылдауына жақындау болды, сондықтан олар мұны мақұлырақ көрді.

Ақынның болашаққа, өмір мен сұлулыққа деген сенім еңбекшілер туралы сөз болатын тұстарда байқалды. («Романс», «Тігінші» ж.б.)

«Жалбарыныштылар» (1903) романында пессимистік көңіл – күйлер басым. Оның қаһраманы, Мансимилиан – «адам жүрегінде» ақиқатты іздей отырып, өз қайғы – мұңдарының шеңберінде тұйықталып қалатын драмалы адам.

«Тамұқ» романы (1908) өмірдің анағұрлым шынай бейнесін береді. Сол жылдары жазылған «Біз» атты әңгімелер жинағында реалистік бағыт басымдау болды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс басталысымен Барбюс майданға өз еркімен қатардағы жауынгер ретінде аттанады. Өз жұбайына майданнан жазған хаттарында ол соғыстан оның романтикалық жамылғысын жұлып алды, француздың әскери қолбасшылықты әшкерлейді, алайда халықтың қаһармандығын көрді. Барбюс хаттарының сарыны «Шалын» (1916) кітабының негізі болып енді. Ол кітап туралы М.Горкий былай деп жазады. «Бұл - әулиелік ызаға толы қарапайым кітап, бұл – соғыс туралы жай ғана, қатаң түрде, байсалды және ақиқатының шексіз күш – қуатымен айтатын кітап».

«Жалынның», «Взводтың күнделігі» атты тақырыпшасы мен «Круи түбінде және 119 төбеде менің жанымда апат болған», «Жолдастарымды еске алу» атты арнауы бар. Бұл қарапайым адамдар «көпшілігі ерұрпақтың егіншілері мен жұмысшылары» көмір қазушылар. Потерло мен Бекюв, автомобилдің бояушы Тарлуар, қаптамалар шеберханасында жұмыс істеген капрал Бертран, қайықшы Фуяд, дәрі – дәрмек сатушы Андэ Мениль, жалдамалы жұмысшы Ламюз және т.б. Бұлардың бәрі қарапайым жауынгерлер.

«Жалынның» құндылығы соғыс сұмдығының шынайы бейнесінде ғана емес, сонымен бірге бәріненде маңыздысы – солдаттардың бірте – бірте көздерінің ашылуын, «бір – біріне опасыздық пен қарама – қарсы тастамаған отыз миллионың құлдардың» көзерінің ашылуы көрсетуде болып отыр. «Жалынды», «Айқынды» (1919) романы қайталайды. Романың соңында солдаттардың көрген азаптары шегіне жеткенде, олардың ашу – ызысы лықсып сыртқа шығады.

«Айқындықта» лирикалық көріністер мен эпикалық көріністер араласып кетеді. Әңгіме, мінезі даму үстіндегі қаһарманын атына айтылады.

1924 жылы Барбюс «Түйіндер» атты романды жазады. Оның түпкі ойы қамалып жатқан адамзатты көп ғасырлық қасіреттің тарихын суреттейді. Барбюс кішкентай ғана адамдардың қасіреттерінің толастамайтындығын тұжырымдай отырып қоғамды ерте кезден бастап сол заманға бейнелеп көрсетті.

Алайда 20-шы жылдарда Барбюс негізінен реализмді жаңа дәуірдің талантарына сәйкес тереңдете әрі жаңарта отырып оған берік болып қала берді. «Шынайы новестер» (1928) атты новеллалар жинағы осының дәлелі. Бұл әңгімелерде басты назар өз заманына аударылды.

«Кісі өлтіргіш біреу ғана ма? Естеріңізде болсын: олар мыңдаған!» деген көп мағаналы көп тақырыптағы әңгімесінде 180 соғыс туындысын «шертіп шықаны» ордермен марапаталған майор Матис секілді офицерлердің

қатыгездігі көрсетілген. Топас әрі адам баласы жек көруші, кінәсіз солдаттарды жазасыз, тергеусіз атып салған генерал Бутегурдың жексұрын обырызыда бұдан кем түспейді. Бүлік шығарған солдаттарды арудың қорқынышты көрінісі «Солдаттарға қалай кек қайтарады» әңгімесінде келтірілген.

Барбюс әдеби сын саласында жемісті еңбек етті. 1932 жылы оның зоя атты кітабы жарық көрді. Ол едәуір шамада Барюстың эстетикалық манифесі болып табылды. Жаңа өнердің негізі ретінде ол заманауи жазушының халықпен байланысының болуының қажеттілігін тұжырымдады.

### **Генрих Манн (1871 - 1950)**

Неміс жазушысы Любектің көне ақсүйекшісі бюргерлік отбасында дүниеге келген. Әкесі сенатр болды. Мектепті бітіргеннен кейін Г. Манн білімін Берлин университетінде алды. 1892 жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін, оның отбасы Мюнхенге көшіп келді.

Оның «Кисельдік жағалаулар елі» (1900) атты алғашқы романда буржуазиялық әлемнің реялистік символы - «жерұйықтың» жиынтық образын береді. Кішкентай адам – студент Андреас Кумзеге «жерұйық» ретінде көрсетілген (29 жылдан соң дәл осы образ өзге романда қайта жаңартылды.) ол, 1902 – 1903 ж-ғы Берлиннің батыс кварталы болды. Манн әзіл, карикатура, мысқыл тәсілдерін пайдаланды, неміс әдебиетіне, обырыз – мағынаны енгізді.

1902- 1903 ж.ж Г. Манн «жебеуші әйелдер. Немесе герцогиня Ассидің үш романы: трилогиясын жазды. Бұл трилогияның басты қаһарманы сұлу әрі талантты әйел Виолетта Асеи, жебеуші әйелдердің есімдерімен аталатын бөлімдерге сәйкес құмаршылықтың үш кезеңнен саяси күрестен (Диана), өнерден (Миневра), сезімдік махаббаттан (Венера) өтеді.

«Жебеуші әйел» трилогиясының кейін Г. Манн «Махаббатты қуу» романын жазады.

1905 жылы Г. Манн өзінің ең озық сатиралық туындыларының бірі- «Мұғалім Унрат (Гнус) немесе бір тирақтың Ақыры» атты романын жазады. Орталық образ оқушылар Унрат («таза емес») деп атап кеткен мұғалім Рат үлкен түйіндеуге дейін өседі.

«Бір достық туралы» (Флобер мен Жорт Сандтың) атты үлкен мақаласында, «Гете мен Вольтер» мақаласында Г. Манн идеялық өнер қағидаларын тұжырымдайды. Ол әдебиеттің екі алыбы- Гете мен Вольтердің арасындағы айырмашылықты атап көрсетеді: Гете барлығына жанымның алып мұнарасынан адамзат үшін күрес жүргізеді.

«Шын бағынған» романы- Г. Маннның ең маңызды туындыларының бірі. Жазушы басты қаһарманы - Дидриге Геслингтің мінез - құлқын қалыптастырған жағдайда (оны бала кезінен бері дәрекілік пен жағымпаздық қоршап тұрды) екжей- тегжей етіп ашып көрсетеді. Осы романмен «Империя атты трилогиясы ашылады. «Буржуазия туралы» романынан кейін

«Кедейлер» атты (1918) «пролетариат туралы роман» келеді. Трилогияның үшінші бөлімінде, «Бас» романында (1921) әскерилермен, дипломаттармен, өнеркәсіпшілермен қатар зиялылар әлемі де суреттелген.

«Бас» романында Геслинг бас иген германдық үкіметтік басшылықтың іріп-шірігендігі көрсетілген. Оқиға XIX ғ-р мен XX ғ-р шегінде болады. Г. Манн өз романын тарихи деп есептейді, себебі мұнда ол ойдан шығарылған есімдермен болса да шынайы тарихи қайраткерлерді бейнелейді (империялдық канцлер Ланна - бұл 1900- 1909 жылдар аралығында Германияның канцлері болған Бенгард Бюлов)

1933 жылы фашистік төңкерістен кейін Г.Манн Германиядан кетуге мәжбүр болады. Фашистер алаңдарда оның кітаптарын өртеді, ол көркем Академиядан шығарылып, герман азаматтығынан айырылды. Алдымен ол қысқа уақыт Прагада тұрды, содан соң Францияға өтті, ол оны гитлершілдер басып алғаннан кейін ол Америкаға қоныс аударды.

1933 жылы Амстердамда Г. Маннның «ношиемін өмірден алынған көріністер» қоса берілген «Ыза- Кек» атты публицистикалық туындысы шықты. Г. Манн қан - құйлы фашистік басшылар- Гитлердің, Герингтің, Геббельдің образдарын береді.

Г. Маннның ең озық туындыларының бірі және XX ғасырдың ең озық тарихи романдарының бірі- «Генрих IV- ң жастық шағы» және «Генрих IV- ң кемеленген шағы (1935- 1939)» атты дилогиясы осы кезеңге жатады.

1943 жылы «Лидице» атты кинораманы, 1944 жылы- Г. Маннның ең ірі публицистикалық туындысы - «Ғасырға шолу» кітабы, 1949 жылы- «Жарықта қабылдау» және «Тыныс» атты романы шығады. «Лидице» кинороманы Чехословакиядағы бүкіл дүние жүзін толқытқан оқиға туралы. Фашистік биліктің өкіл - башысының өлтірілуіне жауап ретінде жаннай адам өлтіру басталды, екі ауыл - Лидице мен Лещканы фашистер күл - талқан етіп өртеп, олар тұрған жерде жыртып тастады.

«Ғасырға шолу» - бұл формасы бойынша ерекше туынды, Мұнда публицистикалық пайымдаулармен қатар көптеген қосымша новеллалар (мәселен «Капитан Ланедорер») мен айқын портрет- образдарда бар.

### **Томас Ман (1875- 1955)**

Неміс жазушысы Томас Манн, Генрих Маннның інісі Любекте дүниеге келді. Өзінің ағасы Генрихпен бірге ол Италияда екі жыл өмір сүрді, мұнда ол антикалық әдебиетті зерттеді. 1930 жылы нацистік оппозицияның күшеюі кезінде Амстердамға, кейінірек Брюссельге, Парижге (1933), Швейцария мен Чехословакияға қоныс аударды. Ең соңында ол өз ағасының жанына - Америкаға кетеді.

Олардың отбасы Мюнхенге қоныс аударғаннан кейін Т. Манн радикалды - сатиралық «Семплицисимус» журналында қызмет ете бастады, мұнда оның «Кішкентай Фридеман мырза» (1897) атты новеллаларының жинағы пайда

болады. Бұл жинақ оның әдебиеттегі атағын шығарады, ол 1907 жылы жарияланған «Будденбраш» романы жас жазушыны немістің ірі сөз шеберлерінің қатарына қосты.

Бұл уақытта еуропалық әдебиетте роман- ироникаларды шығару кеңінен тарай бастаған болатын. («Трибо отбасы», «Форсайттар туралы аңыз».) Будденброктардың отбасылық хроникасы бір кездері қуаты толыған немістің сауда аристократиясы басшылығының гүлденуі мен құлдырауы жөніндегі этикалық әңгімені білдіреді.

«Буденброки» романының: Томас Маннның болашақта шығармашылық тұрғыдан дамуы үшін маңызы зор болды. Мұнда фокустағыдай, Т. Манн өзінің суретшілер туралы новеллаларында және «Сиқырлы тау» романында зерттей түскен ол үшін өмірлік маңызы бар проблемалар жинақталған.

Оның «Тонио Крегер» атты бағдарламалық новелласының қаһарманы өмірден және өзінің өнерінен түңілген талантты жазушы өзінің шығармашылық жолына қорытынды жасауға, қоғамнан жатсынуының себептерін ашуға тырысады. Бұрынғы рухани құндылықтарды қайта бағалаудың осынау күрделі негізінде Т. Маннның ең маңызды шығармаларының бірі- «Сиқырлы тау» (1924) атты философиялық романы пайда болды.

Өзінің бұдан бұрынғы туындыларының бірінде де жазушы рухани және тәндік құлдырау әлемін осы романдағыдай күшпен суреттеген емес. Сиқырлы тау туралы аңызды жазушы швейцария санаториясындағы туберкулезбен аурағандардың өмірі туралы повестің реалистік қабығымен қаптайды. 20-шы жылдардың ортасында ол Иосифпен оның аға інілері туралы .....тілдік аңызды негіз етіп алған көлемді эпосты жазуға кіріседі. Петрологияға ұластырып кеткен бұл кітапты жазып шығуға ол 16 жылын сарп етті.

1933ж 10 ақпанда фашисттер билікті басып алған сәтте Талас Манн Веймарда өзіне тілектес католиктің алдында «Динард Вагнердің қасіреті мен ұлылығы атты мақаласын оқып жатты. Бұл мақаласында ол Вагнер мұрасын фашистік бұрмалаушылықтардан тазартты. Келесі күні-ақ Манн жеңіл - желпілей жалғыз чемаданы мен Амстредамға, Брюссельге Парижге дәріс алуға аттанды, міне осы сәттен бастап оның эмиграциясы басталды.

Өзінің шығармашылығының шыңына Т.Манн 1947жылы шықты оның шығармашылығының соңғы кезеңінің ең дәуір туындысы оның көп жылдық ойға шомуының жемісі «Доктор фаустус» романы.

«Доктор фаустустың жаршысы. Бір романтикалық романы» (1949) атты әлемді мақаласында Манн бізді бір ізінше өзінің шығармашылық зетханасына жетелей түсті. Ол «фаустустың тарихын, оның үлесіне тиген сыртқы оқиғалардың қысымымен және бейберекеттілігі мен үздіксіз байланыста «Қайта қалпына келтіріп жатқандығын тікелей мәлімдеді» Бұл роман «Ақымақ Германияның» пайда болуына алып келген рухани түп негіздер жайындағы, фашизмнің өніп-өсуі мен күйреуі жайындағы роман.

Неміс сазгері Адриан Леверкюннің қасіретке толы өмірбаяны оның жастықшағындағы досы, философия профессоры Серенус Цейтблоренның

атынан айтылады. Өмірбаян 1943 жылы 27 мамырдан, яғни Манның Доктор Фаустусты жазуға кіріскен күннен басталады. Бұл хронологиялық сәйкестік әңгімеленушінің образын едәуір дәрежеде жазушының өзіне ұқсастыруға мүмкіндік береді.

Кездейсоқтықтардың нәтижесінде Адриан жалған елестердің шырмауына түсіп қалды. Өның өзіне бір кездегі Фауст секілді ібілістің өзімен шарт жасасқандай болып көрінеді де тұрады. Романдағы маңызды эпизоттардың бірі - Ф.М.Достаевскидің әсері мен жазылған Леверкюннің шайтанымен әңгімесі. Есі шыға отырып, ол апаттан алдын өзінің шарасыз, жанды жегідей жейтін шығармасы – «Доктор Фаустың қасіретті шағымдары» атты ораториясын жазады. Ол мұны адам рухымен жасалған барлық пен жақсылыққа қарама - қарсы қояды.

### **Джек Лондон (1876-1916)**

Джек Лондон Сан - Францияда кедей отбасында дүниеге келді, Өзінің балалық шағы туралы айтқанда ол төсеке қарны тойып жатқанда бірде - бір күнді есіне ала алмайтын. Мектепті қиыншылықпен бітіргеннен кейін, Лондон фабрикаға жұмысқа тұрады, Жұмыс іздеп жүріп Америка мен Канаданың көптеген қалаларында болды. Ол қай жерге барса да үнемі өзін - өзі шыңдаумен болды, себебі ол университетке түскісі келді. 1895 жылы оның арманы орындалды. Алайда бір жылдан кейін әкесінің қайтыс болуына байланысты университетті тастауға мәжбүр болды. Бұдан соң Лондон жұмыс іздеп Аляскаға кетеді, алайда оның байып кету арманы бұл жерде де орындалмайды. Керісінше ол бұрынғыдан да бетер кедейленіп, ештеңе таппастан кері қайтады. Бұл оқиғалар оның өмірінде терең із қалдырып, оның дүниеге деген көз қарасын түбегейлі өзгертті. Ақша табу үшін ол күні - түні жұмыс істейді, алайда ол одан бай болмайды. Сонда ол өзінің өмірінде көргендері жайлы жыза бастайды.

1899 жылы қаңтарда Сан - францискалық «Овэрлэнд манели» журналы оның солтүстік жайлы «Жолаушылар кеткендері үшін» атты алғашқы әңгімесін жариялады. Осыдан кейін сол журналда 1899 жылдың өн бойында «Ағарған үнезін», «Қасқырдың баласы», «Қырқыншы миляда», «Алыстағы өлкеде», «Священниктің құқығы бойынша», «Корольдің жұбайы», «Қарлы соқпақтың даналығы» әңгімелері басылып шықты, яғни бұл әңгімелер «Солтүстік адиссеямен» бірге Лондонның әдеби даңқының бастамасы болған «Қасқырдың баласы» атты алғашқы жинаққа енген болатын. Оның даңқы «Оның әкесінің құдайы» (1901), «Қардың қызы» (1902), атты жинақтарға енген жаңа әңгімелердің шығуынан кейін, әсіресе, «Бабалар үні» (1903) жарияланғаннан кейін арта түсті. Соңғы туындысы оны Американы ең ірі жазушыларының бірі ретінде танамал етіп, атағын дүние жүртқа паш етті.

«Ағарған үнсіздікте» ол сенімді дос ретінде көрінеді. Мейсон өлгеннен кейін ол оның әйелі мен баласын өз қамқорлығына алады. Оның кең

пейілділігі мен қара басының қамын ойламайтындығы Наасқа деген қатынасынан көрініп тұрады. Ол Наасқа қарызға ақша бергенімен, оны кері қайтарып алуды көздемейді («Солтүстік одиссея»).

Солтүстікте көптен бері тұрып келе жатқан көне тұрғындарға қарама - қарсы Лондон алтынға дүрлігудің басталуынан кейін келгендердің бәрін «жаңалардың» немесе «иичақалардың» айырықша тобына бөне леді. Кент пен Рассмунсен міне осы топтан болады. Алайда олардан басқа келімсектердің арасында кеңінен тараған типтер Монтанадан келген кішкентай («Кемпірқосақтың соңында»), ойын құмар Ла-Пирл («Ешқашан да ұмытылмайтын нәрсе»), Аризонадан келген Джек («Маркус О Брайеннің жоқ болып кетуі») секілді авантюристер болды. Бұл адамдардың бәрі де капиталистік дүниенің жыртқыштың, өзімшіл моралының заңдары бойынша өмір сүреді. Солтүстікке келгенімен олар оның заңдары мен есептескісі келмейді, оның этикасын бұзады. Олар үшін достықта жолдастықта жоқ. Күш пен қатыгездік - олар бас иетін қағидалар міне осылар.

Солтүстік ізгілікті әсері жайлы ой «Смок Беллью» жинағында анық сезіліп тұрады. Нәзік, әрі ерке өскен Смок Беллью Аляскаға келеді де қайта туады. Солтүстік одан жаңа, ержүрек батыл адамды жасап шығарады, ал жаңа ел оның екінші отанына айналады.

Лондонның сүйікті қаһармандарының бірі - Мэйлмют Кид жан-жақты суреттелген. Ол солтүстік көне тұрғыны, ол оның әдет-ғұрыптарын жақсы біледі. Ол үлкен құрметке бөленген, және де барлық талас тудырар жағдайларда ол сөзі шешуші мәнге ие төрешіге айналады. Өзінің батыл әрекеттерімен достардың қанда жекпе - жектен аяқталғалы тұрған мағынасыз жанжалын басып тастайтын міне сол («Қырқыншы милде») Солтүстік оларды ол жақта байып кету мүмкіндігі бар болғандықтан емес, бұл қарапайым қарым - қатынастар бар, адам өзінің қабілеттерін, күш - қуаты мен табандылығын жүзеге асыра алатын өлке. Оларда өрелер секілді алтын іздейді, кейде оны табады да, алайда ол ешқашан да олар үшін өзіндік мақсат болмайды, өмірдің мәні болып табылмайды. «Адам тек ақшаға бола өмір сүрмеуі тиіс», - дейді Ситка Чарли. Солтүстік әңгімелердің жағымды қаһармандары - өздерінің көңіл - күйлері мен мінез-құлықтары бойынша нағыз, шынайы романтиктер.

Лондон өзін социалистік деп есептеді, алайда оның көзқарасы дәйекті болған жоқ. Маркстың кітаптарының жанында столда дарашылдың философиясын білдіретін Ницшенің шығармалары да жатты. Лондонның Клондайкстың әсерлері оны осындай философияға жақындатпай қоймады, міне сондықтан ол оны ғылыми социализм қағидаларымен ымыраластыруға тырысты. Осынау ішкі күрестің іздері Лондонның ең үздік «Теңіз қасқыры» (1904), атты романын қоса алғандығы көптеген туындыларда анық байқалып тұрады.

Қасқыр Ларсен - қайғылы қаһарман, мінезі аса күрделі, өздігінше күшті, әрі бүтін, алайда оның ұстанатын «Ойына келгенді істей беру» философиялы көбінесе оның шәйкес өмірінің табиғи нәтижесі болып, соңында оны адамға дайындалып қойылған тағдарға қарсы шығатын біріншіден жыртқыш-кәсіпкерге айналдырып жібереді.



Лондонның «Темір табан»(1908) романы американ әдебиетінің тарихындағы ең революциялық роман. Кітап шынайы жаңашыл, алысты болжаған және сонымен бірге өз заманың бейнесі символдық мәніне дейін талданып қорытылған туынды, роман-кұжат әрі утопия болды.

«Темір табанның» соңын ала Д.Лондонның өмірбаяндық «Мартин Иден» (1909) атты романы жарық көрді. Лондоның таланты өзінің гүлденген мағына жеткендей болып көрінді, бірақ бір нәрсе үзіліп қалғандай болды; кейіпкерлер жансыз болып шыға берді, көркем идеалар ұсақ болып көрінді. Лондоның реализмның өзі ең басты нәрсесінен философиялық ойдан айырылды. Енді оны бірде қызықтылық ығыстырса, бірде уағыз ығыстырды. Романда жазушы өмірінің қиын, бірақ тамаша кезеңі суреттеледі. Бұл кезеңде оның бақ құсы,салтанатты сәті келмегенше оған қонуға асықпады. Сол «Мартин Иден» романында Лондонның шығармашылық таңы атып келе жатқан кезде басынан кешірген және өмірінің соңына дейін ауыздықтай алмай кеткен оның көптеген ішкі қарама-қайшылықтары ашық көрсетілген.

«Айлы алқап» (1913)-кейінгі Лондон үшін бағдарламалық роман. Оған бұл жерде жаңа тақырып табылғандай, жаңа «ақиқаттың» есігі ашылғандай болып көрінді, алайда ол өз үмітіне алданып қалды. Жазушы дағдарысқа тап болды; ол тірнектен жинаған әдеби абыройын өзін - өзі қайталаумен ұстап тұру мүмкін еместігін түсінді. «Жеңілдету» бағдарламасын ұсынған кітаптар сатылмады; «Уақыт күтпейді»нің табысы сонымен емес, қарқынды жазылған солтүстік және «қалалық» тараулармен түсіндіріледі.

«Үлкен үйдің кішкентай ғана қожайыны»(1915) кей жерлерде бұрынғы Лондонның шындалған шеберлігін еске түсірді, алайда мұндай жекелеген табыстар кітапқа араша бола алмады.

1911жыл Лондонның ең озық новеллаларың бірі «Мексикандық» атты новелласымен белгілі болды. Онда «ерлер ойыны» болып табылатын бокс поэзиясы оған қатысушылардың бірі көтеріліске қаже мылтықтар үшін жұдырықтасатын Фелипе Ризераның таза пақ революциялық идеалымымен рухтанған. Соңғы рет Лондонның талантты полинезиялық («Оңтүстіктегі теңіздерінің ертеглері»)1911 жылы « Менмендік храмы (1912) және гавайасы («Макалоаның ши тоқымаларында» 1919) әңгмелерінде жорық етті.

### **Эптон Синклер (1878-196)**

Американ жазушысы. Оңтүстіктің азаматтық соғста жеңілуінің нәтижесінде кедейленген ақсүйек отбасыда дүниеге келді. 15жасында өзінің алғашқы әңгімесін содан - соң өлеңдерін, новеллаларын, повестері жариялады. Оның туындылары әлемнің көптеген тілдеріне аударылды.

Оның алғашқы романы - «Мидас патша» (1901). Содан кейін «Хоген ханзада» пьесасы, «Артур Стерлинтің күнделігі» (1903) пайда болды. Кейінірек «үлкен бизнеске әлеуметтік сын» астана (1907) романы шықты. 1906 жылы Синклердің шығармашылық кемелдігіннің белгісі болып табылатын, бірінші

кезекте өз заманына тікелей үн қатқан алғашқы «Джунгли» атты романы шықты. еңбектің сұмдықтарын талдау арқылы жазушы американдық жұмысшыларының жалпылама жағдайын, олардың өмір сүру жағдайларын, шеберлермен, қожайындармен қарым-қатынастарын жолдағысы келді.

Романда басты жұмысшыларға, бірінші кезекте Юргисқа беріледі. Юргис - жазушыдағы дараланған және де сонымен бірге өзінде көптеген жұмысшыларға тән белгілері бар жана образ. Литвалы эмигрант Юрис өзі секілді эмигранттармен бірге Америкаға үлкен үмітпен келген болатын. Олар ауқатты өмір жайында, бақыт жайында ойлады ал олар ол жерде өмір сүру жолындағы рухани күреске, жалғандықпен сатқындыққа таң болды. Кітап қаһармандарының тағдыры өзінің қайратымен таң қалдырады.

«Көмір Каролі» (1917) американдық кеншілері туралы кітап. Оның қаһарманы - буржуазиялық ортадан шыққан жұмысшылардан социализм идеяларын бойына сіңірген адам. Материалдардың едәуір бөлігін жазушы Колорадодан жинады, мұнда ол өмір жазушылардың 1913-1914 жылғы әйгілі ереуілі кезінде үш рет болған болатын. Синклердің өзі соңғы сөзінде атап көрсеткендей «романда өмір сүру жағдайлары мен автор осы кезеңде бақылаған оқиғалары шынайы көрсетілген» Қаһармандардың бәрі дерлік - өмірде болған адамдар, сондықтан әрбір эпизод өмірден алынып қана қоймай, сонымен бірге жіктік болып табылады. Синклер социалистер қатарына оралады. Оның шапқылаулары мен ауытқулары осы жылдары «Джимми Хиггинс» (1919) романында көрініс тапқан. Джимми Хиггинс қарапайым жұмысшы, ұзақ уақыт бойы ақиқат кімнің жағында екендігін және кімді қолдау керектігін шеше алмайды. Интернационализмді қорғап жүрмін деп ойлап жүріп ол неміс ұлтшылдарымен байланысады, ол олардың артында шпиондар әрекет етеді және де солардың құрған торына түсіп қала жаздайды.

Жазушы өз қаһарманының образын дамуда суреттейді. Біздің көз алдымызда Джимми Хиггинс өмірлік практиканың ықпалымен өз көзқарастарын, өзінің өмірге деген көзқарасын өзгертеді. Осы тұрғыдан алғанда романның соңғы тараулары ерекше көрнекі болып келеді.

«100%. Патриоттық өмірбаян» (1920) романында шпион әрі арандатушы Питер Гиджаның айқын образын жасайды. Оның психологиясын ішінен ашып көрсете отырып, осы «Жүз поездің американдықтың» лас әрекеттері жайында әңгімелей отырып, жазушы сонымен бірге Америкадағы жұмысшы қозғалысы ұшырап жатқан аяусыз қуғындаулар жайлы баяндайды.

Сакко мен Ванцеттиге қарсы әйгілі сот процесіне Синклер «Бостон» (1928) романын арнады. Жазушы американдық реакцияның жұмысшы қозғалысына қатысканы үшін екі адамды қалай өлтіргендігін айтып беруде батылдық танытты.

«Мұнай» (1947) романында капиталистік монополиялардың жыртқыштық саясаты мен мұнайшы жұмысшылардың ауыр жағдайы жарық көрген.

## Сергей Александрович Есенин (1895-1925)

Орыс ақыны Сергей Есенин Рязань губерниясының Константиново селосында шаруа отбасында дүниеге келді. 1912 жылы Мәскеуге аттанады. 1914 жылдан бастап Мәскеу журналдарында оның өлеңдері жариялана бастайды. 1915 жылдың наурызында ол Петроградқа қоныс аударады. Оның талантын бірден бағалаған А.Блокпен танысады.

Бұл уақытта Есениннің ақындық әлемі табиғат туған рязандық деревняда өткізген балалық шағының суреттерімен шектелген болатын. Ертедегі Есениннің көптеген өлеңдері табиғат өмірімен үздіксіз байланыс сезіміне толы. («Әндетіп тудым мен көкке оранып. Таңдар мені жазғытұрғы кемпіркосаққа бөледі»). Қоршаған дүние құбылыстарының ұдайы сезімдік - нақтылы бейнесі болып табылатын оның ақындық образдары әлемді осылайша қабылдаумен байланысты.

Күлімсіреді ұйқыдағы қайындар,  
Тарамдалды жібектей бұрымдар,  
Сыбдырлайды жасыл сырғалар.

Табиғат өмірін қабылдау Есенинді халықтың жыр дәстүрімен де, ХІХ ғасырының классикалық жыр дәстүрімен де тығыз байланыстырылады. Өзінің жыр образдылығымен оны сол кезде діни символына өзіне тарта бастады. Есениннің 1916 жылы шыққан алғашқы өлеңдер кітабының «Радунница» деген атауы діни күнтізбеден алынған болатын.

Есениннің ертедегі дастандарына («Евпатші Коловрат туралы жыр», «Марфа Посадница») сарындарының белгілі бір стилизациясына қарамастан орыстың қазіргі заманғы тарихында жаңадан бір нәрсенің туындап келе жатқандығы сезімі жарып шығады. Бұдан кейінгі жылдары ақынның құдайшылық көңіл - күйлері күшейе түсті. «Кабактық Мәскеу» (1921-1924) циклы – рухани құлдыраудың, терең шығармашылық дағдарыстың көрінісі. Осы кезеңнің кейбір өлеңдері құлдырауды, дүниеге деген Құдайшыл - пессимистік көзқарасты, сотқарлық пен бұзаушылықты жырлауды білдіретін «есениншілдік» терминнің пайда болуына түрткі болды.

1924-1925 жылдары Есенин «Ресей мен революция хақында», «Кенестік Русь», «Кетіп бара жатқан Русь», «Әйелге хат», «Анадан хат», «Жауап», «Стансылар» дастанын жазады. Олардың көпшілігінде ол ішкі сезімді, сезім мен табиғат поэзиясын сергектікпен бере алатын нәзік лирик ретінде көрінеді.

Есениннің шығармашылығында ерекше орынды үлкен әрі шабытқа толы махаббат хақындағы «Парсы сарындары» (1924-1925) атты өлеңдер циклы оқылып жатыр. Ол күні бүгінге дейін қарама - қайшылыққа толы, екі ұдайы күйінде қалуда («Қара адам» дастаны, 1925 ж. Өлер алдындағы жазбалары)

«Марияның кілттері» (1918) мақаласындағы Есениннің аңыз-әпсанаға қызығушылығының әсері байқалады, символизм мен имажинизмнің де ықпалы байқалады. 1919 жылдан бастап Есенин – имажинистер тобының мүшесі, бірақ

кейінірек имажинизмнен іргесін аулақ салады. Аяқталмай қалған «Сөз өрнектері» атты кітабындағы «Өнер тұрмысы» (1921) үзіндісі Есениннің көзқарастарының дамып отырғандығы туралы білдіреді.

1922-1923 ж.ж. Есенин Германия, Франция, Бельгия, Италия, АҚШ елдерінде ұзақ сапарда болады. Ақынның АҚШ туралы әсерлерін бейнелейтін, оның «Темір Миргород» атты очеркі қызықты.

Орыс поэзиясының тарихында ХХ ғасыр басындағы жаңа шаруа ақындарының бүкіл тобының ішінде Есениннің шығармашылығы анағұрлым терең із қалдырды. Осынау ортада шығармашылығын бастай отырып, содан соң оның шеңберінен шыға отырып, Есенин әдебиет тарихында алғашқы орындардың бірін иеленді, ең ірі ақындардың бірі болды және орыстың жыр мәдениетінің дамуына едәуір ықпалын тигізді.

### **Лион Фейхтвангер (1884-1958)**

Көрнекті неміс жазушысы - романтисті. Ауқатты отбасында дүниеге келді. Мюнхен және Берлин университеттерінде филологиялық білімін алды. Журналистикамен, театр сынымен шұғылданды. 1944 жылы Француздың қарсыласу майданының жас қаһарман қызы туралы – «Симона» романын жазды. Билік басына Гитлер келгеннен кейін Германиядан кетіп Францияда тұрды. 1939-1940 жылдары ұсталып, арнайы жерге қоныстандырылды. Ол жерден әрең дегенде қашып құтылып АҚШ-на кетеді де сонда кмірінің соңғы жылдарын өткізеді.

Фейхтвангердің неміс әдебиетінің тарихындағы орны оң, алдымен оның романдарымен айқындалады. Оның шығармашылығының негізгі проблематикасы – іс әрекет пен философиялық пайымдаудың баламасы – алғаш рет. «Томас Вендт» драммалық романында айқындалды. Осы тақырыпты Фейхтвангер «Еврей Зюсс» (1920-1922) және «Ұсқынсыз герцогиния» (1923) романдарында тарихи өткен шаққа ауыстырды.

1930 жылы кейінірек «Күту залы», деп аталатын трилогиясының бірінші бөлімін құраған – «Табыс» романы мен «Оппенгейм отбасы» және «Қуғындау» атты өзге де романдары пайда болды. «Табыстың» кейіпкері Тюверлен пулеметқа қарағанда баспасөздің күшіне көбірек сенеді; білімдерді, ақиқатты таратуды ол революциялық зорлық-зомбылыққа қарағанда әділдікке қол жеткізудің анағұрлым сенімді тәсілі деп есептейді. «Оппенгейм отбасында» буржуазиялық гуманизмнің күйреуін бейнелей отырып, «Қуғындау» романында Фейхтвангер өзінің саяси күрестен принципті түрдегі оқшаулануын сыни тұрғыда қайта қарайды.

Өткір антифашистік көңіл - күй «Шалған Нерон» (1936) романына тән. Мұнда гитлерлік топтың билікке келуі, оның қанды терроры мен абыройдан жүрдай болып күйремей қоймайтындығы сатиралық, породиялық сарында бейнеленген. «Ағайынды Лаутензактар» (1943) романында шынайы тарихи

тұлғалар әрекет етеді және фашистік төңкеріс қарсыңындағы Германиядағы оқиғалар бейнеленеді.

«Жүзімдіктегі тұлкілер» (1947) романында «ескі тәртіптегі» Франция бейнеленген, және де сахнаға Людовик XVI мен Мария Антуанеттадан басқа Бомарше мен Б.Франклин естіліп жатқан найзағай гүрілімен қатты толқыған XVIII-XIX ғасырлар шегіндегі феодалдық Испания көрсетілген.

«Әумесердің даналығы, немесе Жан-Жак Руссоның өлімі мен қайта жаңғыруы» романы Фейхтвангердің шығармашылығында көптен бері пісіп жетілген, өнердің жаңғыртушы рөлі, оның қоғамның дамуындағы рухани қызметі туралы ойды қорытындылайды.

Фейхтвангер XX ғасырдың 30-шы жылдарында Г.Манн, Б.Франк және т.б. бет бұрған романның жаңа тарихи типін жасады. Фейхтвангердің тарихи романы екі көріністен тұрады. Оның тарихи тұрғыдан алшақ ортада өрістейтін шынайы - тұрмыстың көрінісі өзінің арғы жағында замандауилықты білдіретін екінші көріністі жасырып тұрады.

### **Ғабдулла Тоқай (1886-1913)**

Татардың халық ақыны, публицисті. Жаңа реалистік татар әдебиеті мен татардың қазіргі заманғы әдеби тілінің негізін қалаушы. Қушлауш атты татар ауылында молданың отбасында дүниеге келді. Ата - анасынан ерте айырылып жетімдіктің барлық тауқыметін көріп өсті. 1895 жылы Оралда тұрды, медреседе оқыды және орыс сыныбына барып жүрді.

1902 жылдан бастап өлеңдер жаза бастады. Гахеттер мен журналдарда қызмет атқарды, мұнда ол өзінің өлеңдерін, публицистикалық мақалалары мен фельетондарын бастырды. Оның ертеректегі шығармашылығында діни - реформаторлық идеологияның таңбасы болды, алайда ол кейінірек бостандық үшін күреске қатысты өз көзқарасын айқын етіп анықтап алды. («Бостандық хақында», 1905; «Зиянкестерге», 1906; «Мемлекеттік дума», 1906).

1907 ж. А.Тоқай Қазанға қоныс аударады. Мұнда ол алдыңғы қатарлы татар зиялыларының ортасына кіреді. «Эльислах» атты демократияшыл жастар газетінде қызмет атқарады. («Реформа», 1905-1909), «Яшын» («Жасын») атты Қазандағы алғашқы сатиралық журналды басып шығара бастады, 1910 жылдан бастап «Ялт-Йолт» журналында жұмыс істеді.

Оның сатирасы патша үкіметіне, ұлтшыл буржуазияға, діни басшылыққа, мұсылман фанатизміне деген жек көрушілікке толы. («Кетпейміз!», 1907; «Ұлтшылдар», 1908; «Иман», 1908; «Ауыл жырлары», 1909 өлеңдері, «Пішен базар немесе Жаңа Қисықбас», 1908 дастаны). Тоқайдың поэзиясында патша өкіметі мен капиталистік қанаудың езгісінде тұншығып жатқан еңбекшілердің реалистік бейнелері айрықша ықыласпен бейнеленген.

Гуманист жазушы Тоқай әйелдерді қорғап үн көтерді. («Татар қыздырына») 1906; Әйелдердің бостандығы, 1909ж және т.б («о, бұл махабат!», 1906; «Егерде

сен болғанда»1907, «Махаббат»1908 және т.б ) загал формасында жазылған. Бұл ескі форманы Тоңқай жаңа мазмұнға тастырды.

1910жылы Тоқай балаларға арналған өлеңдер прозалық туындыларын жазды. («Балаларға»,1910, «еңбеке үндеу»,1911 «Көңілді беттер»,1910; «Шурам» дастаны 1907; «сулы» баладасы,1908).

Өзінің аудармаларында Тоңай татар оқырмандарына Пушкиннің Лермонтовтың, Майковтың, Плещеевтың, Полоннскийдің, Кольцовтың Никитеннің, А.Н Толстойдың поэзиясын жеткізді.

### **Абдулла Қадыри (1894-1938)**

Өзбек жазушысы, өзбектің көркем прозасының негізін қалаушылардың бірі. Ташкенте бағбанның отбасында дүниеге келеді. Екі - үш жыл ескі әдіспен оқытылатын мектепте оқып шықты. Содан соң байдың қолында жалданып жұмысқа тұрды. Қожайыны оның зор қабілеттері бар екендігін байқап, оны орыс түзем мектебіне оқуға берді. Абдулла жұмыс істеуді, әрі оқыды. 1915-1917 жылдары медіреседе оқыды, мұнда ол араб және парсы тілдерін үйренді.

1913 жылдардан бастап А.Қадыри «Садой - Туркистон»; «Самарқанд» «Ойна» газеттерінде қызмет атқарды. 1914жылы «Содам Туркистон» газетінде оның «Жаңа мешіт пен мектеп» мақалалары жарық көрді.

Баспаға 1915 жылдан бастап шыға бастады. («Бақытсыз күйеу жігіт» рысалы). «Азғыдаған» деп аталатын алғашқы әңгімесі өзбек тұрмысына арналған. Оның шығармаларында жадизм идеяларының ықпалы анық байқалады 1919 жылы ол «Озиқ ишлар» газетінің редакторы болады. «Руста», «Иштирокиюн», «Қызыл байрақ», «Инқилоб» газеттері мен журналдарында, сатиралық «Муштум» журналында жұмыс істейді. Тілші ретінде ол Қадыри, Жұлқынбай, Қалван, Махсун, Таш-пулат, Авсар, Думбул деген бүркеніш аттарымен қол қойып жүрді. А.Қадыри орысша-өзбекше сөздікті құруға қатысты. Өзбек тіліне Н.В.Гогольдің «Үйлену тойын», А.П.Чеховтың «Шие бағын» және т.б. аударды.

Оның ескіліктің қалдықтарына қарсы бағытталған сатиралық әңгімелері, фельетондары табысты болды. («Залым Ташпулат не дейді?», «Қалвақ Махсумның жазба кітабынан», 1927-1928 және т.б.). «Өткен күндер» (1923-1924) және «Мехрабтағы сарышаян» (1929) романдарында А.Қадыри ХІХ ғасырдың ортасындағы өзбек халқының қиын өмірін суреттейді. Соңғы повесі «Абид - Кетмень»(1935) ұжымдастыруға арналған.

1937 ж А.Қадыри қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылы өлім жазасына кесілді. «Өткен күндерде» халық тақырыбы жекелеген қаһармандар-кедейлер немесе еңбекші халықтың тұрмыс көріністері арқылы ашылды және ХІХғасырдың 40-шы жылдарының негізгі әлеуметтік жанжалы-төменгі еңбекші тап пен билеуші тап арасындағы жанжал әлі де болса терең ашылмаған.

Атабектің образы - өзбек әдебиетіндегі жаңа құбылыс. Ол ауқатты отбасынан шыққан жаңа ойдың адамы және де бұл жалғыз ілікті қаһарман емес. Жазушы оны достарының ортасында, өзінің сүйікті қызы Кумушпен бірге адамдар арасындағы жаңа, әділ қарым - қатынаста суреттейді.

Кумуш - айшықты дараланған образ. Ол жақсы тәрбие алған, оқымысты, ақылды қыз. Қарапайымдылықпен пәктік, сыртқы сұлулықпен үйлесе отырып Кумушқа ерекше сүйкімділікті беріп тұрады. Ол таза ниетті, шын берілген, шын сүйуші қыз.

«Мехрабтағы сарышаянда» басты қаһарман - езілген халық, Сондықтан ортадағы жанжал-еңбекші халықтың күресі.

Раноның образы – өзіне халықтың мінез - құлқының ең тамаша қасиеттерін жинақтаған Ануарға деген махаббаты Раноның барша сұлулыққа, жарқындыққа деген ұмтылмасынан ажырағысыз ұғынылуы мүмкін. Ол үшін Ануар – ең алдымен жаны таза, әділ, ер жүрек адам, әлсіхдердің қорғаны.

Ануар - өз махаббаты үшін, күші тең емес күресіне түсетін таза, батыл әрі ақылды адам. Ол үшін махаббатсыз және сенімсіз өмір мүмкін емес. өзінің сүйгеніне деген романтикалық қатынасы мен шексіз ынтықтығы бойынша шығыс аңыздарының әйгілі қаһармандары Фарход пен Мәжнүнге жақындай түседі,

Жазушы өзбек халқының өмірінің, тұрмыстық ұсақ түйектерінің дәлдігімен таң қалдыратын жанды бейнесін суреттейді.

Өзбек прозасы үшін қаһармандардың ішкі дүниесін бейнелеудің тәсілдері жаңалық болды. Жазушы терең психологиялық талдау береді, адамның ойы мен сезімін паш етеді. Ол адамдардың рухани жағынан қалай өзгертетінін, олардың елестерден бірте-бірте қалай арылатынын көрсетіп береді.

### **Эренст Хемингуэй (1899-1961)**

Американ жазушысы Чикаго маңында дәрігердің отбасында туды. 1917 жылдан бастап газетте жұмыс істейді де осы кезден бастап өзін журналистпін деп есептей бастайды. Еуропада бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысады. Майданда санитар болады. Ауыр жараланып, 12 операцияны басынан өткізеді. Госпиталдан кейін қайтадан майданға аттанады.

1919 жылы Хемингуэй Америкаға оралады, мұнда ол журналистикамен шұғылданады. 1920-1921 жылдары күн сайын шығатын Торонтолық газеттің жергілікті, ал 1922-1923 ж.ж. еуропалық тілшісі.

Журналистикалық практика жазушының қалыптасуына төтенше маңызды рол ойнайды. Соғыс, «жоғалған ұрпақтың» тағдыры, өмірдің шынайы құндылықтарын іздеу Хемингуейдің 20-шы жылдардағы шығармашылығының негізгі мазмұнын айқындалды. Оның алғашқы туындылары ол 1928 жылға дейін тұрған Парижде шығады.

Өзінің «Үш әңгіме мен он өлең» (1922) атты кітабын Хемингуэй 1924 жылы Парижде 300 данамен шығады. «Қош бол қару» романында ол

«жоғалған ұрпақ» жайлы жазады. Соғыс адамдардың бір-біріне деген көңілдерін суытады. XX ғ-ң 30-шы жылдарының соңында Хемингуей драматургияға қарай бет бұрады.

«Ие болу мен ие болмау» романы өтпелі туынды болды. Ол Хемингуей ірі заманауи проблемалар туралы алғашқы кітаптарының бірі болды. Ол дарашылдыққа деген басқа көзқарасты; осы күнге дейін Хемингуейдің жүріп келген жалғыздық жолынан бас тартуын білдіреді.

Гарри Морган тек өзіне ғана сүйенеді. Ол өзіне жеке өз күшіне ғана сенеді. Осы тұрғыдан алғанда ол Хемингуейдің өзге қаһармандарына ұқсайды. Алайда Гарри Морган мен олардың арасындағы едәуір айырмашылық сонда, «Ие болу мен ие болмау» романында дарашылдықтың күйреуі көрсетілген.

Кубалық анахистермен қақтығыста өлімисі болып жарияланған, содан соң жазалаудағы күзеттің қатері құтқарып алған Гарри Морган өзінің соңғы сөздерін айтады. «Адамның жалғыз өзі ештеңе істей алмайды екен. Енді адамның жалғыз қалғаны болмайды...». Бәрібір адам жалғыз өзі ештемеге шамасы келмейді. Өліп бара жатқан Гарри Морганның бұл сөздері дарашылдық философияға айтылған айыптау үкімі болды.

Хемингуейдің «Бесінші колонна» атты пьесасы оның шығармашылығындағы ең биік жетістігі болды. «Ие болу мен ие болмау» секілді ол да жазушының шығармашылық эволюциясында маңызды орынды алып жатты. Пьесаның басты қаһарманы- американдық Филипп Роулинг. Оның жұмысы қиын әрі қауіпті. Шпиондар мен диверсанттарды аулай жүріп «бесінші колоннаның» тыңшыларымен күрес жүргізе отырып, ол өмірін үнемі тәуекелге байлады.

Испаниядағы азаматтық соғыс Хемингуейдің «Қырау кімге соғып тұр» (1940) романында көрініс тапты. Бұл жазушының ең қарама қайшылықты туындыларының бірі. Мұнда біз лирикалық қаһарманмен американдық антифашист Роберт Джорданмен кездесеміз. Роулинг секілді Джордан да испан халқының жағында франкошыларға қарсы шайқасады. Қолбасшылықтың тапсырмасын орындай отырып, Джордан испан партизандарымен бірге франкошыл әскерлердің тылындағы көпірді жаруы тиіс. Жарылысқа айындық, содан соң оны сәтті етіп жүзеге асыру үш тәулікті алады. Осынау уақыттың және оқиғаның шеңберге Джорданның ішкі монологтары, оның өмір жайлы естеліктері, испан партизандарының әңгімелері, қысқаша авторлық түсіндірушілер енгізілген.

«Өзенің арғы бетінде ағаштарды көлеңкесінде» атты романында (1950) жалғыз қаһарман, екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Венецияда пайда болатын, американдық әскерінің елу жастағы полковнигі Ричард Кэнтвелл пайда болады. Оның өткен өмірі- әскердегі қызмет, екі соғысқа қатысу, жаралану, сәтсіз әскери мансап. Қазіргі өмірі- жас сұлу графиня Ренатаға деген махаббат.

«Шал мен теңіз повесін» (Бұл повесі 1952 жылы Хемингуей Нобель сыйлығы берілді) Хемингуейдің кітаптарына тән қайғылы жағдаймен аяқталмайды. Абден азаптаған, әлсіреген, алайда жеңілмеген Сантьяго



аймаққа дейін жетіп барады. Оны бала күтіп алады. Бала шалға олар балықты бірлесіп аулайтындығын ол одан көп нәрсені үйрену керектігін айтады.

Повестің қаһарманы Саньяго шал, біз онымен танысқанымызда ол үнемі сәтсіздікке кезігіп жүреді. Шалды үнемі өкшелен жүретін сәтсіздіктің символына оның қайығының клең қапшықтардан шамалаған, талқандалған полыктің туын еске түсіретін желкені айналады. Алайда Хемингуей Сантьягоның қарттығын атап көрсете отырып, шалда «Жеңілмейтін адамның көңілді көздері» бар екендігіне назар аударады. Мне осы тұста баланың Сантьягоға жолаған ілтипаты, нәзік қамқорлығы жайында айтылады.

Хемингуей қайтыс болғаннан кейін оның тағы да екі кітабы жарияланады. Бұл жазушының соғысты, сол жақта кездескен адамдарын еске алатын «Әрқашанда сенімен болатын мейрам» (1964) атты кітабымен қандайда бір шамада ойда өмірбаян болып табылатын «Мұхиттағы аралдар» (1970) атты роман. Мұнда Антиль аралдарының бірінде тұратын және соғыс кезінде фашист сүңгуір қайықтармен күреске қатысқан суреші Том Хадсон әрекет етеді

### **Джон Стейнбек (1902- 1968)**

Американ жазушысы. Салинаста туған. Оның әкесі қазынашы, анасы - мұғалім болды. Стэнфорд университетінің биологиялық факультетінде оқыды. Ауыл шаруашылығының жұмысшысы, тілші болды.

Д. Стейнбектің- «Құдай тостағаны» (1929), «Жұмақ жайылымдары» (1932), «Білмейтін құдайға», (1933) атты туындылары табысты болмады. Осы кітаптарында, сондай- ақ «Тортилья Флэт кварталы» (1935), «Күмәнді нәтижемен айқаста» (1936) атты романдарында Стейнбек жырақта қалғандардың етектегі адамдардың тағдырлары жайында, шыдамдары таусылған ереуілшілер жайында жазады. Автордың тарапынан пьеса мен киносценарийге айналдырылған «Тышқандар мен адамдар саңында» (1937) повесі оған алғашқы табысты алып берді. Оның қаһармандары- бизнес қоғамында ешкімге қажет әрқашан да биологиялық әрі әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі адам қызықтырады.

Оған нағыз атақ- даңқ «Ашу ыза шақтары» (1939) атты романынан кейін келді. Бұл кітапта ол едейленіп жатқан американдық фермерлердің қайраты бейнеледі, үлкен жалпылаушы күштің бейнесін салды. Джоудтардың фермерлік отбасы, өздерінің ата бабалары туған жерінен қуылады да жұмыс пен нан іздеп Құрам Штаттарды шарлап кете барады. Джоудтар шығыстан батысқа- Калифорнияның берекелі жерлеріне қарай ағылған өздері секілді қоныс аударушылардың аралап үлкен ағымына қосылады. Алайда олар осы «берекелі жерлерге» жеткен

сыздыққа кезігеді.

Гарленд пен Нористің дәстүрлерін жалғастыра отырып, Стейнбек қаһармандары қарапайым адамдар болып табылады. Өз бойында халықтың оптимизмін, оның жарқын болашаққа деген сенімін жинақтаған, әрі сол халықтан шыққан қайсар да мейірімді әйел ананың тамаша образы есте қалады. «Біз халықпыз Том, біз тірі адамбыз. Бізді құрта алмайды. Біз халықпыз өмір сүре береміз, байлар өмір сүреді ол өледі, олардың балалары да болмағыр. Ал біз болсақ Том.... бізге шек жоқ. Сен мұайыма Том әлі – ақ мүлдем басқа күндер келеді!» дейді ол өз ұлына.

Том Джоудтың образы да бұдан кем емес әсер қалдырады. Бұл таза еңбекқор адам өз өмірі үшін жүруге мәжбүр.

Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Стейнбек фашистермен күрес тақырыбына арналған бірнеше туынды жазды. Олардың қатарына Норвегиядағы Қарсыласу Қозғалысы жайында айтатын. «Ай батто» (1942) повесі жатады. Стейнбектің «Бомбаларды төменге қарай» (1942) аты екінші кітабы америкалық ұшқыштары жайлы әңгімелейді. Алайда бұл туындылар «Ашу- ыза шақтарын» ерекшелендіріп тұратын көркем қасиеттерден ада.

### **Антуан де Сент- Экзюпери (1900- 1944)**

Француз жазушысы Антуан де Сент- Экзюпери Лионда ақ сүйек отбасында дүниеге келді. Балалық шағынан бастап әдебиетке, өнерге және техникаға қызығып өсті.

Сент - Экзюперидің шығармашылығы әр алуан. Оның кітаптары романтика рухына бөленген, және де жазылғандардың бәрінің артында автордың романтикалық болған өмірі тұр.

Табиғатынан жан - жақта дарынды Сент - Экзюпери әдебиетпен құмарта шұғылданды, суреті жақсы салды, скрипкада ойнады. Бәрінен де бұрын оны ұшқыш мамандығы көбірек қызықтырды. Париждің өнер академиясының сәулет бөліміндегі оқуын тастап кетіп Сент - экзюпери 1971 жылы жолғыш авиацияның екінші полкіне кіреді. Бұл авиацияның жас кезеңі болатын. Оның пионері Сент - экзюпери көрнекті ұшқыш батыр жаңа әуе жолдарын алиавиациялық приборларды ойлап тапты. Ол бірнеше рет күрделі жағдайларға түсті өмірі бірнеше рет қыл үстінде тұрды, кейде күрделі жаракаттармен аяқталған әуе апаттарын басынан кешірді алайда ол сүйікті ісіне қайта оралып жатты. Ұшқыш кәсібі жердің үстінде қалықтап жүрудің ғажайып сезімін, соған күрделі техника мен ұшы - қиыры жоқ кеңістіктің бағынышты екендігінің мақтаныш сезімін беріп тұрды ал өрлеу жолында үнемі тәуекелге бел буу өмірдің шынайы құндылығы туралы өткір сезімді туғызды. Байлық мансап тағышарлық тоқтық туралы ұйымдарда ұсақ әрі болмашы болып көрінеді. Адам осы үшін туа ма? Бұлттардың үстіне көтеріле отырып не туралы ойлағандарын, нені көріп нені сезінгендерін жазшы адамдарға жеткізуге тырысты Мен үшін ұшу мен жазу - екеуі де бірдей. Ең бастысы әрекет ету бастысы өзінді табу. Авиатор мен жазшы бірге түседі; екеуі де бірдей әлемді

тең дәрежедетаниды. Ұшақ бұл әлем мен өзінді танудың құралы. Шақуды емес көре білуді үйрену керек. Шазу бұл енді салдар деді бірде Сент экзюпери

Сент экзюперидің кітаптары («Ұшқыш» 1926 «Оңтүстік патшалық» 1929 «Түнгі ұшу» 1931 «Адамдар ғаламшары» 1939 «Кішкентай ханзада» ертегісі 1934) бұл адамдарға қажет қызықты бірақ күрделі де қауіпті ұшқыш кәсібі туралы кейде қаһарлы әрі сұлу болатын табиғатпен бетпе-бет келетін ержүрек адамдардың ұшқыштардың қатаң бірақ сенімді достығы туралы көңілді толықтыратын әңгімелер

Оның алғашқы романы «Оңтүстік паиталық» ұшқыштар туралы әңгімелейді; әрекеттің адамдары ретінде олар тоғышарлық енжарлыққа қарама-қарсы қойылған.

1931жылы «Түнгі ұшу» романы үшін Сент Экзюпери «Фемина» сыилығын алды. 1939 жылы «Адамдар ғаламшары» кітабы француз академиясы романының үлкен сыилығына лайық болды.

«Кішкентай ханша» атты аллегориялық ертегісі билеген қоғамның беибастықтарына ащы сатира Мұнда таза адами қатынастардың әдемілігінің орнығуымен үйлесіп жатады.

Жазушының бүкіл шығармашылығы нәзік бірақ берік байланыстарға адамдарды біріктіретін туыстық дәнекерлеріне айтылған жыр болатын

Жазушының кітаптары бұл адамның шынайы мақсаты туралы және адамдар арасындағы рухани байланыстар жайлы ой толғаныстар мен «Адамдар ғаламшары» замандастарыма сендер бір ғаламшардың жердің тұрғындарысындар, бір кеменің жолаушысындар деп айту үшін құмаршылық пен жаздым. Адам болу бұл өзінді тек өзің үшін ғана емес барлығы үшін жауапты екендігіндәі сезіну; адам «адамзаттың тағдыры үшін жауапты себебі олар соның да еңбегіне тәуелді ғой»

Капитан Сент Экзюперидің өлімі де оның өмірі секілді батырдың өлімі болды. Ол францияны басқыншыларынан азат етуден үш апта бұрын 1944жылы 31шілдеде шайқаста қаза тапты Сент Экзюперидің ұшағы хабар ошарсыз кетті бәлкім оны фашистік жойғыш ұшақ атып түсіріп ол теңізге құлаған болар.

### **Альбер Камю (1913-1960)**

Француз жазушысы және философы. Алжирде дүниеге келген. Жұмысшының ұлы . Орандағы философиялық факультетті бітірді

Гитлерлік басқыншылық жылдарында А Намю қарсыласу қозғалысына қатысты партизандар үшін тыңшылық ақпараттарды жинады астыртын баспасөзде жарияланып жүрді. («Неміс досқа хат», 1943-1944, және т.б). Ол коммунистермен жақындаса түседі және 1945 жылы астыртын жағдайда шыққан «Комба» («Күрес») газетіні бас редакторы болады. Алайда соғыс жылдары Еуропадағы қайғылы оқиғалардың ықпалы мен экзистенциалдық философияға бет бұрады, «Сизиф туралы аңыз» деп аталатын эссесінде

(1942) әлемнің абсурдтығын тұжырымдайды. Өз тұжырымдамасын негіздеу үшін Камюді Бостоевскийдің шығармашылығы оның «Жындар» романы қызықтырады.

Осы кезеңнің аса елеулі көркем туындылары- «Калигула» (1944, 1945 жылы қойылды, басты рольде Филипп трагедиясы, «Бөтен» (1944) повесінде мағынасыз өлім үшін өлім жазасына кесілген қызметкер үкім орындалатын түнге қарағанда рухани еркіндікке ие болады: қаһарманның бәріне селқос және моральға ашықтан- ашық жат іштей мағынасыздығы шіркеу мен буржуазиялық соттың екіжүзділігіне қарама- қарсы қойылған.

Соғыс жылдары Оранда бола отырып, Камю «Оба» (1947) атты роман - аңызын жазуды бастайды. Анониді жылнамашының әңгімесі түрінде жазылған Камюдің осынау озық туындысында, мағынасыз өмірімен күресудің қағидасы бәрінен айқын көрсетілген. Тілінің түсініктілігі мен реалистік байқағыштығы бұл туындының философиялық астарын жасырып тұрады. «Оба - бұл өмір...»- дейді роман қаһармандарының бірі. Автордың өзі болса обының қазіргі замандағы нақтылы - тарихи аспектісін атап көрсете отырып, былай дейді. «Обалының мазмұны еуропалық қарсыласудың нацизмге қарсы күрес». Алайда Камюдың аңыз жазуға құмалы. Г.Мелвиллдың «Моби Дин» және Ф.Кафканың «Поцес» секілді роман аңыздарға қызығуы, авторды әңгімені абстрактілі - символикалық астарға ауыстыруына алып келді. Осыған байланысты Камю былай деп жазды: «Мен обының көмегімен өзіміз азап көрген тұншығу (буыну) жағдайын, біз өмір сүрген қауіптілік пен қуғында жүрудің ақуалын бергім келеді. Сонымен бірге мен осы түсіндірмені бүкіл тіршілікке таратуым келеді».

Камюдің өзге де туындылары аллегориялы. «Әділеттілер» (1950) драмасы мен «Патшалыққа қуылу» (1957) әңгімесінде сюжеттердің шындыққа жуықтығы арқылы «абсурдты дүниенің» және өзінің жеке дара жалғыздығынан адамдарға қарай жарып шығуға ұмтылған «Бүлік шығарған» тұлғаның сол баяғы философиялық категориялары мен мұндалап тұрады.

Жазушының соңғы туындыларынан «Құлау» (1956) повесі ерекшеленіп тұрады.

Камюдың шығармашылығы Нобель сыйлығына ие болды (1957).

Кейінірек дағдарыс кезеңде, Камю жеке туындыларды жазбай қояды. У.Фолкнедің «Моняге әйел бойыншренвием» (1957) романы мен Ф.М. Достоевскийдің «Жындар» (1959) романын сахнаға арнап қайта өңдеумен шұғылданады.

Камю ХХ ғ- ғы ықпалды француз жазушыларының бірі болып қала береді. Философиялық повесть, роман, трагедия жанрларын дамыта отырып, ол батыс зиялыларының сана- сезімінің ерекшеліктерін көрсетті. Камю олар үшін әдеби кумир болып қала береді.

## **Джанни Родари (1920- 1980)**

Итальяндық балалар жазушысы. Оменьяда туылды. Қарсыласу қозғалысына қатысушы. Бірнеше жыл бойы скрипкада ойнауды үйренді, музыкант болғысы келді. Сондай - ақ суретші де болғысы келді: қаламмен сызуды және маймен сурет салуды ұнатты.

Журналист болып жұмыс істеді, газеттер мен журналдарға мақалалар жазды.

Жас кезінде мектеп мұғалімі болды. Жазушының өзі мойындағандай, ол «балаларға әртүрлі күлдіргі әңгімелер айтты. Бұл әңгімелердің ешқандай да мағынасы болмады, бұлар қаншама абсурдты болған сайын, балалар соншама көп күлді».

1948 жылдан бастап «Унита» газетінде қазіргі заманғы еңбекші Италиядағы балалар өмірінсүретейтін өлеңдерін бастырып отырды.

Родаридің көптеген өлеңдерінің формасы итальяндық балалар фольклорына жақын тұрады: «Фиастроке»- күлдіргі такпақ, санамақ, бесік жыры және т.б.

Алғашқы және кейінгі жинақтарында («Аспандағы және жердегі өлеңдері» (1960), «Өлеңдер поезды» және т.б. Родаридің дарынының өзіндік ерекшелігі, үйреншікті және шағын құбылыстарда әлемнің күрделілігі мен маңыздылығын аша білу өнері байқала түсті.

Родаридің поэзиясы албырт әзіл мен әуезділікті әлеуметтік сатира мен бүкіл әлем балалары үшін жарқын болашаққа деген сенімді үйлесіреді.

Родаридің прозасында К.Коллодидің «Пиноккьоның басынан кешкен оқиғалары» дәстүрінде жазылған «Чипполиноның басынан кешкендері» (1951) атты ертегі повесі ерекшеленеді. Чипполино- бала- пияз кедейлерді қорғай жүріп және езгілеушілермен күресе жүріп ершеге елінде саяхаттап жүреді. Осының негізінде Родаридың өзге де ертегі - повестері, соның ішінде көркем «Телефонда айтылатын ертегілер» (1962), «Рим әңгімелері» жазылған.

Родаридің өлкңдерінің ең тамаша аудармаларын С.Я.Маршак жасады.

## **Қайсын Кулиев (1917- 1982)**

Таудың арасында туған ақынның дауысы өзен суына ұқсап сылдырлап тұрады, бұлақтың суындай тұнық болады деседі. Қайсын Кулиев Кабордин - Балқар тауларында туды, мұнда күні бүгінге дейін оның дауысы халық арасында жаңғырық болып шырқап тұрады. Кабордин - Балқарда Қайсын Кулиевтың өлеңдерін жатқа білмейтін адам жоқ дейді.

Қайсын Кулиевтың балалық шағы Жоғарғы Үегем ауылында өткен. Мұнда жатардың шыңы қыстада, жазда да қар жамылып жатады. Табиғаттың – осынау тамаша көріністері мен туған өлкенің нышандары

оның өлеңдеріне енді. Сондықтан табандылық пен қайраттылық тақырыбы - оның өлеңдерінің негізгі сарыны. Шығыстың класикалық әдебиетінің дәстүрлерін жалғастыра отырып, ақын қос бармақты шумақтарды құрастырды.

- Олар: «Ана» (1968), «Өмір және ой талғау» (өлеңдер жинағы, 1975). Қайсын Қулиев - Ұлы Отан соғысына қатысушы ардагер. Анри Бербюс секілді ол да соғыстың не екенін көрді. Өзінің алғашқы өлеңдерін ол майданда жазады. Өзінің соғыстағы алғашқы күнін еске ала отырып, ол «Соғыс кімге қажет, не үшін?» деп жар алады. Соғыстың сұмдықтары, оның қасіреттері, дұшпанға деген өшпенділік оның көзін ашады, ақынның дүниеге көзқарасын байыта түседі.

Қ.Кулиевтың поэзиясының басты тебіренісі - шаттыққа толы дүниетаным. («Таудағы қос дауыс», «Нан мен раушан гүл», «Қаншар мен раушан гүл» және т.б). Оның туындыларының тақырыптамасы алуан түрлі. Айырықша сұлулық, қуаныш пен мақтаныш Қ.Кулиевтің поэзиясын тау шыңдары секілді безендіріп тұрады.

Туған жерін, ұлттың, халықтың - бұл сыртқы экзотикалық бояма емес. Ақынның өзі бұл туралы пікірталас тудыратындай етіп «Мен жырламаймын, қағазға жазамын, қалалық туғанның пальтосын өлшеп киемін» деген. Ақын-этнограф емес, оның міндеті- халықтың рухани мәнін беру. Ал ол күрделі және де кавказдық тұрмыс, мінез - құлық, тіл туралы шартты түсініктерге қарама- қайшы келеді.

Болмайды таулықтардың тілі шұбар болар қатал  
Сөздерінде қулық жоқ, қарапайым болар.  
Асау ат секілді қорқа ма деп көпірден  
Қорқамын мен бір сөзді қосуға

Кездейсоқ түрде қысым жасамай - ақ, қамыламай - ақ аттың образы шыға келеді, алайда онда ұяттың дүниетанымның шынайлығын сезінесің. Міне осының арнасында Қ.Кулиевке тән бірқалыпты сарындар, мәселен қайсарлық, табандылық тақырыптары дамиды. Оның көтеген өлеңдерінің атауы кереғарлықтарға негізделген, мәселен «Нан мен кітап», «Қанпияр , мен раушан гүл». Бұл қарама- қарсы қою емес, бұл өмірдің эналектикалым күрделілігін білдірген. Раятная солдаттан өзге кім әлемді бағалай алады, кім болашақтың өскіндерін қорғай алады! Балаларға деген махаббат пен нәзік сезім - Қ. Кулиев поэзиясының үйлесімді және тұрақты сарыны.

Адалдық пен ашықтық балкар ақынның талантының ерекше қасиетіне айналды. Ержүрек жауынгер ала сезімтал жүрекке, өзгелердің уайым қайғысын бөлісе алатын қабілетке ие, сыздатататын, оқ екілді, тесіп өтетін жолдар міне сонда ғана пайда болады.

## Джеймс Олдридж (1918- 1976)

Джеймс Олдридж - жазушы- реалист, публист, бейбітшілік жолындағы белсенді күрескер. Олдридждің шығармашылығында қазіргі заманның элеуметтік - саяси, және моральдық - женкологиялық жанжалдарын көркем талдау прогрессивтік көзқарас тұрғысынан жүргізілді. Олдридж Австралияда туды, Мельбурндағы коммерциялық колледжде оқыды. 1938 жылы ол Лондонға келеді. Жазушының дуниетанымы 30- шы жылдары экономикалық дағдарыстың салдары, қоғамдық - саяси және фашизмге қарсы күрестердің өрлеуі тұсында қалыптасы. Әдеби қызметін «Дейли скетч» газетінің редакциясында бастай отырып, Олдридж жұмысын 40- шы жылдары тілші ретінде жалғастырады. Ол прогрессивті күштердің реакция мен фашизмге қарсы күресін қолдай отырып суранаың, Американың, Азияның, Африканың көптеген елдерінде болды. 1945 жылы ол Берлин үшін шайқастардың куәсі болды. Майдандық репортаждар мен очертердің авторы болып табылды. Д. Олдридждің алғашқы романдары - «Абройдың ісі» (1942) және «Теңіз бүркіті» (1944), «Көптеген адамдар туралы» очерктері (1946) жазушының фашизмге қарсы ұстанымын бейнелейді.

Д. Олдридждің соғыстан кейінгі шығармашылығы саяси проблематиканың дауымен және тереңделуімен сипатталады. «Олпломат» романы (1949). Дүние жүзілік Бейбітшілік Кеңесінің алтын медаліне ие болды (1953). Бұл романның жалғасы «Адамдар мен қару» 1974 жылы шықты. Психологиялық әңгіме формасында «Аңшы» (1950) романы жазылған. 50-60-шы жылдардың романдары – «Шөлдегі көкжиектің қаһармандары» (1954), «Оның өлгенін қаламаймын» (1957). «Соңғы қуғындалған» (1961) – ұлт - азаттық күрес тақырыбына арналған. Қазіргі заманның көкейтесті проблемаларын қоюда оларда характерді ашудың психологиялық тереңдігімен үйлесіп жатады. «Елмен тұтқындалған (1962) және «Үлкен ойын» (1966) романдары кірген. «Бөтен жердің баласы» диалогиясында алуан түрлі элеуметтік жүйелері бар мемлекеттердің бір - бірімен бейбіт өмір сүру қажеттілігі тұжырымдалады. Бұл романдарда қазіргі заманғы адамның шынайы батылдығының мәні айқындалады.

Олдридж әдеби сыншы ретінде де танылды. Принциптері оның өзінің жеке көркем шығармашылығының іс-тәжірибесінде жүзеге асырылатын мақалаларының маңызы үлкен.

Қаһармандық тақырып, адамның моральдық төзімділігін нығайту Олдриджтің әңгімелерінде жыр болып айтылады. «Осы тұрғыдан алғанда «Соңғы дюйм» әңгімесі өзгеше болып табылады. Әңгіменің қаһармандары – ұшқыш Бен мен оның он жасар ұлы Деви өте ауыр жағдайға тап болады: су астында суретке түсіру кезінде Бенге акула тап береді; ауыр жарақат алған, көп қанын жоғалтқан, ол жоғалуға әрең дегенде жетеді, алайда ұшаққа жетуге, бұған қоса оны жүргізуге Беннің шамасы жоқ. Барлық ауыртпалықтар баланың мойнына түседі. Деви әкесіне көмек береді, өмірінде алғаш рет штурвалға

отырып ұшақты қондырады. Әкесіне жасқаншақ бала болып көрінген Деви, қиын-қыстау жағдайда күш-жігер, батылдық, тапқырлық танытады.

### **Мұстай Кәрім (1919 жылы туған)**

Башқұрт ақыны Мұстай Кәрім (шын есімі-Мұстафа Сафич Каримов) Башқұртстанның Чишми ауданындағы Ключево ауылында дүниеге келді. Ұлы Отан соғысының ардагері. Майданда өлеңдер мен дастандардың үш кітабын жазды. Отан қорғаушы башқұрт жігіттерінің образдары «Желтоқсандағы жыр» (1942) және «Өлмесбай» (1942-1944) дастандарында толықтай бейнеленген. Оның шығармашылығы башқұрт поэзиясының дамуында ерекше орынды алады.

Адам - оның шығармашылығының басты қаһарманы. Адам «Кеңістіктің бұтағын ұстап тұрады, сондықтан бәрі соған бағынышты. Ақынның бүкіл рөлі – адамда адамилықты өсіріп шығаруда, адамдарға өмір алауын беруде - деп білді Кәрім. Өлеңдерінің бірінде кезбе жыршыға тән образды байқаймыз:

Жолаушы кетті. Бірақ үйлерде жанған оттар қалдырды ол.

Ошақтарда емес, жүректерде қалдырды ол оттрады.

Болса да ол өзі жалғыз, қаншама от, қаншама жарық қалдырды!

Алайда гуманизм – мейірімділік пен зұлымдықты енжар қабылдау емес. Бұл мүлдем олай емес! Егер де ақын мәңгі жас болса – бұлай болмауы да мүмкін емес!- онда М.Кәрімдегі майдангер жауынгердің жастығы, оны зұлымдыққа мейірімділікті қорғай отырып қарсы тұруға итермелейді.

М.Кәрімнің пьесаларының сюжеттері алуан түрлі, олардағы көріністер әртүрлі уақыттарда болады, шынайы оқиғалармен қатар аңызға айналған оқиғалар да беріледі. Алайда пьесаларын проблематикасының өткірлігі мен көкейтестілігі біріктіреді. М.Карімнің драматургиялық түпкі ойларында оның шығармашылық көкжиегінің ауқымдылығы сезіліп тұрады. Отансүйгіштік, халқына жан-тәнімен берілу суретшінің драматургиясында орталық орында тұр. Башқұрт халқының ұлттық батыры Салауат Юлаев образы - халқының азаттығы үшін күресуші, отанын шын сүйетін қаһарманның образы ретінде «Салауат» трагидиясында ашылған.

Башқұрттың ұлттық топырағында өсіп - өнген М.Карім шығармашылығы әр алуан кеңістіктерден соққан лептердің бәріне де ашық..Ол өз халқының әдебиетті «Шығыс поэзиясының түсін, мас қылатын хош иісін, байсалды даналығын. Батыс поэзиясының ащы өмір шындығын ревалюциялық үнін, белсенді санасын қабылдағанын» қалайды. М.Кәрімнің лирикасы жылы лебіз туғызады.

«Сағыныш» өлеңі әсерлі үндеулерге толы: «Арман жайлы менің ақ тұман ішінде қазір не бар? Аннаның тілі... мен сенсіз қандай мұңлымын!» Автор өзін баурап алған сезімді тереңнен беруге тырыса отырып, әсерлі қайталанушылар



тәсілін шебер пайдаланады: Мен сенсіз қандай мұңлымын! Сендерді қатты сағындым!»

Автор туған өлкесіндегі ыстық сезімі жайлы айтып отыр, алайда ол туралы терең ой кешеді: Ақманай өзені туралы емес, ана тілі туралы айтып отыр. Өлеңнің лирикалық сюжеті – автордың отанын ұмытқандағы айтатын қарығысы. Бұл шығыс поэзиясы үшін дәстүрлі сюжет.

### **Расул Ғамзатов (1923-2003)**

Расул Ғамзатов - Дағыстандық әйгілі ақын, бүкіл жер жүзі Дағыстанды соның арқасында танылды. Халық ақыны Ғамзат Цадасының отбасында туды. 1945-1950 жылдары Мәскеудегі әдебиет институтында оқыды. Өлеңдерді 1937 жылдан бастап басылып шыға бастады. Өлеңдерінің алғашқы жинағы – «Жалынды махаббат пен жанға батар өшпенділік» 1943 жылы шықты.

«Менің жерім», Біздің таулар (1947), Таулықтың отаны (1950), Үлкен аға туралы сөз (1952), Дағыстан көктемі (1955), Жүрегім менің тауда (1959), Биіктегі жұлдыздар (1962) атты жинақтарында, Менің туған жылым (1950), Таулық қыз (1958) дастандарында Р.Ғамзатов өз отанының өмірін, таулықтардың психологиясындағы өзгерістерді, халықтар достығы бейнеленіледі. Ол жастардың ескі дәстүрге қарсыласуын, олардың сүйеу құқығы, әйелдердің махаббат үшін күресін көрсетеді. Ғамзатовтың лирикалық қаһарманы - орасан зор рухани қуатты бар, ержүрек әрі пәк адам.

Кейірек Ғамзатов – «Менің Дағыстаным», «Сүйемін сені менің кішкентай халқым», «Тырнарлар» (1968), Цадастан (өлеңдер жинағы, 1975) атты өлеңдер мен дастандар жазды.

«Туған тіл» өлеңі ақының келбетін дәл анықтайды. «Менің тілімнің әлемдік мінбелерден дыбысы шықпаса да, ол маған қымбат, сондықтан ол ұлы».

Сатиралық талантқа да, лирикалық талантқа да ие болған Расул Ғамзатов өмірдегі кері құбылыстарды сынға алып, жаңа әлемнің жастығын қуаттады. Ол онымен таулықтардың көне өмірін (оны сөзі бойынша «жалқау, қауқарсыз» болған) салыстыруға мүмкіндік алды.

Кейіпкерлерге осылай етіп көрсетуге автордың өзі арқа сүйеген халық позициясының дәстүрлері ғана емес, сонымен бірге, (яғни Р.Ғамзатов) өзі де бірнеше рет жарияланған романтикалық өнерге деген ыстық ықыласы да себепші.

Бұрынғы әдеби дәстүрлердегі әйгілі образдар оның тарапынан батыл түрде жаңғыртылып отырды. Ақын алыстағы дәуірдің тұрмыстық ұсақ түрлерін егжей - тегжейлі сипаттаумен таңқалдыра отырып, өткеннің бейнесі еркін, ауқымды түрде, көп өлшемде қайта жаңғыртуға тырысты. Ол қиялдардың ұшқырлығын шектемейді, әңгіменің тарихи мәтіні ойдан шығарылған жағдайлардан да тұрады, алайда олар дәірдің шынайы мазмұнын тереңірек ашу мақсатымен ендіріледі.

Ғамзатовтың кітаптарында біз оның туған Дағыстанның жаңарған келбетін көреміз - асфальтталған жолдар, ауылдардағы электр, су бекеттері. Оның бүкіл шығармашылығы-туған өлкеге арналған, шабытқа толы жыр.

Әдебиетші кәсібінің «құпиясы»-«халқымен бірге болуда». Алайда үлкен тақырыпқа жанасу арқылы ғана ұлыға айналуға болады. Халықтың өмірі күрделі, сондықтан оны бүкіл күрделігінде мейрімділікті қолдай отырып, зұлымдықпен күресе беру керек: Көтемді жырлай отырып, егістен арам шөптер мен тастарды алып таста. «Ақының биік борышы-«Әкемен әңгіме»дастаның тақырыбы (1953). Дастанда Ғамзат Цадастың сөзімен, ең бастысы халықты тану екендігін туралы ой айтылады: «Сенің санаң-халықта, байлығыңда халықта».

Р.Ғамзатовтың бейнелі сөзімен айтқанда, халық шығармашылығынан безу - диірменді ең жоқ жерде салумен бірдей. Өзінің мақалаларымен сөйлеген сөздерінде ол халық шығармашылығына деген құрметті болу керек екендігін, өнердің халықтың дәстүрлеріне арқа сүйеу қажеттігін атап көрсетті. Ол той - мерекелерде айтылған сөздердің, биік жырларының, қысқаша нақыл өлеңдер мен жазбалардың халықтың жырларын зерттеді. Ғамзатовтың философиялық тақырыптар шешілетін көптеген туындылар диалог түрінде құрылған. Бұнда фальклорлық дәстүр.

Ғамзатовтың айрықша таланты туралы оның өзіне ғана тән өмірді қабылдаған балаусалығы, адамдармен туған өлкенің табиғатын айшықты етіп суреттей білуі күмандандырады.

Ғамзатов өзінің туған авар тіліне Пушкиннің, Лермонтовтың, Маяновекийдің және т.б шығармаларын аударды.

### **Шыңғыс Айтматов (1928-2008)**

Қырғыздың жазушысы, аудармашысы, қоғам қайраткері, Шыңғыс Айтматов Қырғызстанның Киров ауданы Шекер ауылында туды. Оның әкесі Тұрақұл Айтматов орыс - түзем мектебін бітірген білімді адам болған, кейінірек қуғын - сүргіннің құрбаны болған. Шыңғыс алдымен орыс мектебінде содан соң қырғыз мектебінде оқыды. Зооветеринар техникумы мен Қырғыздың ауылшаруашылық институтын бітірді. 3 жыл 300 техник болып жұмыс істеді. Мәскеуде жазушылар одағын жоғары әдеби курсына тәмамдады. (1956-1958)

«Литературный Киргистан» журналының бас редакторы, «Правда» газетінің тілшісі, Қырғызстанның киноадаптеристер және жазушылар одағының төрағасы - оның игі істерінің толық емес тізімі міне осы, бұл тізімді әрине жалғастыра беруге болады.

Айтматов орыс және қырғыз тілдерінде жазды. Ш.Айтматовтың алғашқы әңгімесі - «Газетші Зуйдос» (1952). Ол сондай-ақ әңгімелердің, очеріктер мен повестердің авторы. «Әшім» (1953), «Қиын өткел», «Бетпе-бет» (1957), «Біз әрі қарай барамыз» (1957), «Қарсыластар» (1954) және т.б

«Жамиля», «Түйе көз», «Жер ана», «Хош бол Гүлсары!», повестерінде Шығыс Айтматов жүректі мейрімділікке, қуанышқа, махаббатқа алып баратын

жолдарды бақылауға талпына отырып, нәзік жан тебіреністерін психологиялық тұрғыдан талдауға бет бұрады.

«Түйе көз» повестінің қаһарманы адамгершіліктің үстемдігін сезімінен өзінің дұшпанына былай дейді: Сен мынаны есте сақтауың тиіс, ешкімнің ешкімгеде ойлауға, қалауға, армандауға тиым салуыңа қақың жоқ.»

Оның алғашқы «Жәмиля» (1958) атты повесі, көне әдет - ғұрыптарға қасқая қарсы тұрып, қзінің бақытты болу құқығын тұжырымдай отырып, өз махаббатына қарай батыл қадам басатын жас әйел қақында. Бұл шығарма әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. «Жәмиля» француз тіліне аударған Луи Арагон оны махаббат жайлы ең тамаша повес деп атады.

«Жамиля» повесі шетелде де кеңінен бекерге кеңінен танымал болған жоқ. Қаһарманның образы шаттыққа толы, өмірге құштар, әсерлі жұмыстан қайтқанымызда, ол арықтардан секіріп өтіп, аулаға жай ғана кірмей жүгіріп кіретін. Кіре салаенелерін бірінен соңы бірін сүйетін. Жамиля сонымен бірге ән айтуды ұнататын, ол үнемі қандайда бір әндерді айтып жүретін. Автордың шеберлігі психологиялық тұрғыдан қызықты және көңілге қонымды образды жасауда ғана емес, сонымен бірге өнегелік қарама - қайшылықтардың халық өміріндегі қоғамдық өзгерістермен өзара байланысын тұжырымдауда да білінді. Айтматовтың повесінде еркіндік сүйгіш характері, рухани өрлеуге ұмтыла отырып, патришалдық соқыр нанымдардан азат болып жатқан әлуметтік жағдайлардың өзінен тірек табады.

Адалдықпен махаббат тақырыбына Айтматов өзінің «Қызыл орамалды бәйтерегім» атты повесін арнады. «Жер ана» (1963) повесінің қаһарманы Толғанай образда едәуір әрі типтік. Ол үлкен өмірді кешті, онда үлкен қуанышта, үлкен қайғыда болды. Үш ұлымен жұбайы соғыстан оралмады. Толғанай өзі туралы егістікпен сұқбат құра отырып баяндайды. Ол осы жермен, шаруа еңбегімен байланысты, жердің өзінде ана, тек оның балаларыда шығындары да көп.

«Қош бол Гүлсара!» (1966) фольклор - мақалдар мен мәтелдер, халық жоқтаулары кеңінен қолданылған. «Өзінің ақ ботасынан айырылған Аруананың жоқтаған жылауы» бүкіл повестің он бойы арқылы өтіп отырады. Халық жоқтауының рухында автор тарапынан Танабайдың Гүлсарына жоқтап жылауы жасалған. Халықтың өмірдің құбылыстары жайлы түсінігі тұрғысынан алғандағы салыстырулар ерекше.

Ш. Айтманов сондай - ақ «Алғашқы мұғалім» (1962), «Құс жолы», «Ақ кеме» (1970), «Ерте ұшқан тырналар», «Ақ жауын» туындыларын және «Ғасырдан да ұзақ күн», «Шаңғырақ». Осы туындылардың барлығы дерлік қазақ тіліне аударылған және олар қазақ оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген.

## Габриель Гарсиа Маркес (1828 – 2005 )

Колумбиялық жазушы Габриель Гарсиа Маркес Нобель сыйлығының иегері болып табылады. Оның шығармашылық мұрасы оншалықты үлкен емес бар болғаны бірнеше романдардан, повесер мен әңгімелерден тұрады. Алайда ол өз туындыларында ол барлығын қамтушы мән проблемаларын көтерді. Сондықтан олар бүкіл дүние жүзіне әйгілі болды.

Габриель Гарсиа Маркес Колумбиядағы Арака – така қаласында туды. Оның тәрбиесінде үлкен рөлді атасы мен әжесі атқарады. Оның атасы әскери адам болды. Қорғаушы болуды армандап, болашақ жазушы университетке оқуға түседі. Алайда оны журналист мамандығы қызықтырады, сөйтіп ол газетке жаза бастады. Осы уақытта ол әдеби қызметпен де шұғылдана бастайды.

Ол «Эль Эспентадор» газетіне қызметке тұрады да тілші ретінде Еуропаға аттандырылады. Бұл сапар Маркес үшін үлкен мектепке айналады. Ол Еуропаның өмірімен танысады, оны өз елінің өмірімен дәстүрлерімен және әдет – ғұрыптарымен салыстырады. Жазушыға бәрінен де бұрын Париж бен Париждіктердің өмірі ұнайды. Газет жабылғаннан кейін Парижге қоныс аударады, мұнда «Жайсыз сағат» романымен жұмыс істейді.

Өзінің келесі «Полковникке ешкім хат жазбайды» (1961) атты туындысында ол өзінің атасы жайлы әңгімелейді. Бала кезінде Габриель өз атасының соғыс оқиғалары туралы әңгімелерін жиі тыңдайтын. Олар Габриельге ұзақ уақыт бойы тыныштық бермей, оның қиялына күшті әсер етті.

«Полковникке ешкім хат жазбайды» повесінде және «Жайсыз сағат» романында Маркес елдің саяси тарихындағы азаматтық соғыс, зорлық – зомбылық тақырыптарын көтереді.

Сондай - ақ «Үзілген жапырақ» (1955) повесінде жазушының қызығатын саласы анықталады. Атап айтсақ ол – ұлттың тарихи және қазіргі заманғы тағдырындағы болмысы және де сондай - ақ ойдан шығарылған Макондо елді мекенінің және оның негізін қалаушылардың оның туындыларының көпшілігінен өтетін алғашқы Буэндиалардың образы пайда болды.

«Грандешешейді жерлеу» (1962) атты әңгімелер жинағында Маркестің шығармашылық мәнерінің өзіндік ерекшелігі барынша толыққанды берілген. «Жалғыздықтың жүз жылы» (1968) роман – эпопеясында дамытылған халықтық эпсаналық фантастика элементтері пайда болды.

Колумбия мен бүкіл Латын Америкасының аңызға айналдырған тарихы жасалған бұл роман Маркестің шығармашылығында ерекше орынды алады. Оны 40 жасында аяқтап болып Маркес әйгілі болады. Романда әлемнен жырақта қалған елде мекендегі оқиға жайлы айтылады. Қоршаған дүние жайлы білімдерді алу мүмкіндіктерінен айырылған ауылдықтар мәндік қана емес, сонымен бірге рухани жалғыздықты да сезінеді. Олар күнделікті істерімен шұғылдана жүріп ештемеге де қызықпайды.

Романдағы оқиға Макондо елді мекенінде өрбиді. Романның басты қаһарманы – Хосе Арнадио Буэндиа. Маркес күнделікті ауыр жұмысты орындауға мәжбүр болған жеткіншектің әсерлі де шынайы күйзелісін жеткізеді.

Маркес өзінің романында ортаға тұлғаны қояды, «болмыс» ұғымын, жекелеген тұлғаның өмір сүруі ұғымымен амастырады. Адамды бөтен әрі қорқынышты әлемде жалғыз сезінуінен қорғап тұратын күнделікті күйбен тіршіліктері, ар - ождандары, үрей – қорқынышары бар адамның өмір сүруінің жалғыздығын ол философиялық категорияға көтереді.

Қоғаммен толықтай бірігіп кетуді де тындауға болады, өзінде қалғандарына қарама – қарсы қоя отырып, өзіңмен - өзің болуыңа да болады. Маркестің қоғамдағы қатынастар еркіндігі – адам үшін ауыр жүк деген ойы осыдан келіп шығады.

Этикалық проблемаларға бет бұра отырып (олар жазушыны үнемі қызықтырып келген еді) ол «Ашықтан ашық қылмыс» романын жазады, мұның философиялық және өнегелік мазмұны, абстрактілі тұжырымдамаға бағытталған. Романның негізгі жағдайы шынайылығымен ерекшелене отырып, адамды оның болмысының шынайы жағдайларымен байланысында қарастырады. Романның гуманистік мазмұны – мейірімділік пен шығармашыл еңбек идеясын көрсетуде. Адамдарға бір - бірлерін түсіну қиын, бірақ өзара түсіністік қажет.

Маркестің философиялық және көркем туындыларының әлемдік әдебиетке үлкен ықпалы болды. Ол бірнеше ондаған жылдар бойы ойлаудың шебері болды.

### **Олжас Сүлейменов (1936 жылы туған)**

Қазақ ақыны. Қазақтың политехникалық институтының геологиялық факультетін (1959) және Мәскеудегі М.Горкий атындағы әдебиет институтын тәмамдаған. (1961). Өлеңдері 1959 жылдан бастап басылып келеді

О.Сүлейменов орыс тілінде де қазақ тілінде де тамаша жазады. Ақынды Еуропа мен Азияны жалғап тұрған көпір деп есептейді.

1961 жылы ол өзінің Ю. Гагариннің ғарышқа ұшуына арнаған. «Жер, адамға тағзым ет!» атты поэмасын жариялады

О.Сүлейменов - «Арғымақтар» (1961), «Күнді түндер» (1962) жылы, (1967), «Лайдан жасалған кітап» (1969) атты өлең жинақтарының және «Ақ өзендер үстінде» (1970) аты прозаның авторы.

О. Сүлейменовтың шығармашылығы қазақтың ауызша және жазбаша поэмасының дәстүрлері мен тығыз байланысты. Ол туған халқының көне және бүгінгі шығыстың өміріне, қазіргі заманғы жастардың тағдырына жиі үңіледі.

О.Сүлейменовке жыр ассоциацияларының ауқымының кеңдігі мен күрделілігі, философиялық пен публицистикалық, эмоционалдық ширығу, ырғақты ізденістер тән.

О.Сүлейменовтың сценари бойынша «Атамекен» (1966)» Көгілдір маршрут» (1968) көркем фильмдер қойылды.

О.Сүлейменовтың бірқатар филологиялық жұмыстары «Игор жасағы туралы жырға» арналған.

Сонымен бірге Кеңес билігі тұсында ол іріп - шіріп жүйені сынға алудан қамықпады, үнемі ақиқат үшін күресумен болды, мұнысымен ол халқымыздың ыстық ықыласына бөленді. Халыққа шынайы жақын туындылары үшін ол қуғынға ұшырады. Алайда бұл ақынның шабытын ауыздықтай алмады

«Азия» кітабы шыққаннан кейін О.Сүлейменов туралы бүкіл әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары айта, жаза бастады, соның арқасында ақын бүкіл дүние жүзіне әйгілі болды. Осы туындыда Батыс пен Шығысты, славяндар мен түркілерге салыстыру беріледі. Ақынның әсіресе Шоқан Уалихановтың өлімі, миллиондаған құрбандар туралы сөзі қатты шықты. 1989 жылы «Азия» қайта басылып шықты. Ақынды XX ғасырдағы Шығыстың жұлдызы деп атай бастады.

### **Эркин Вахидов (1936 жылы туған)**

Э. Вахидов поэзиясының басты тебіренісі – ержүрек еркіндік пен адами тұлғаның биік қадір - қасиетінің тұжырымдалуы. Э.Вахидовтың поэзиясы өзінің лирикалық шарқындығыныңбүкіл күш - қуатымен өзіне халық пен қоғамның рухани өміріне алып барар жол салды. Бұл жерде осынау ұғымның - ақын ұғымынан ерекше екендігін атап өтуіміз керек. Оның поэзиясы миллиондаған адамдардың игілігі болып табылады. Э. Вахидов ең танымал, сүйікті әрі қадір тұтылатын ақын және көркем атмосфераның шарықтау шыңдарының бірі болып табылады.

Эркин Вохидович Вохидов 1936 жылы Ферғана облысының Алты – Арық ауданында дүниеге келді. 1960 жылы Ташкент Мемлекеттік университетінің филология факультетінің тәмамдады. Ғафур Ғулом бөлімінің меңгерушісі болды.

Эркин Вохидовтың өлеңдері мен поэмалары қысқа уақыт ішінде оқырмандар арасында кеңінен танымал болды. Ақын оннан астам жинақ шығарды. Бұл жинақтарға өміріміздің ең маңызды оқиғаларына арналған оқиғаларына арналған өлеңдер мен поэмалар енді.- олар «Тәңсәрі лебі» (1961), «Сіздерге арнадым жырларымды» (1962) және т.б.

Эркин Вохидов драматургия саласында да жұмыс істейді. Оның қазіргі заман тақырыбына арналған «Алтын қабырға» (1970) атты комедиясы республика театрларының сахналарында және одан тыс елдерде үлкен табыспен қойылуда

Эркин Вохидов көркем аударма саласында да жемісті еңбек етіп келеді. Оның осы саладағы ірі еңбектері Сергей Есениннің өлеңдер жинағы мен Гетенің «Фаустың» аударуы болды. Олардың әрқайсысы жеке кітап болып шықты.

Эркин Вохидовтың өлеңдерімен поэмалары орыс және өзге тілдерге аударылды.» Шатырда жазылған поэма», «Шам - шырақ» және «Шаңғырық» атты туындылары ақынның шығармашылығында ерекше орында тұр.

Э.Вохидовтың лирикасы аса мейірбан адами сезімдерді, асқақтаған достық пен махаббатты паш етуші; оның су секілді жылдам ағып өте шығатындығына, басқа түскен кез – келген тауқыметтің қасіретіне көзқарасын айту. Салыстырулардың, образдардың, метафоралардың, барлық сөз амалдарының тізбегі туған әрі түсінікті өмірден алынған.

Отанға деген махаббат Э.Вохидов үшін – оның бүкіл поэзиясының ең қуатты көздерінің бірі болып табылады. Оның өзінің туған өлкесі – теңдесі жоқ өзбекстан, оның сыпайы да тартымды табиғаты тірі тіршілік иесі секілді терең толқыған махаббатпен жырланады. Оның қиялдағыдай емес, қимыл-әрекетте көрсетілуі мүмкін емес.

Оның өлеңдері – ақынның шарықтау мен құлдилаудан тұратын өмірінің жылнамасы.

Э.Вохидовтың лирикасы – бұл адамның ішкі жан дүниесінің ахуалын еске түсіретін жекелеген өлеңдерден құралған өзіндік бір ерекше философия. Бұл стихияның қаһарманы - ақынның өзі. Оның ортасында адамдардың өнегелілік және эстетикалыққа жеттіліктері мен бірге адамдар драмасы сезімдердің байлығы тұр.

Ақынның лирикалық таланты әсіресе қалың тоғайлары мен шексіз көміліп жатқан жазықтары бар табиғат бейнелерінде терең әрі жан-жақты ашыла түседі.

Ол Ташкент МУ-нің филология факультетінде ақын жүрген кезінде ол әдеби үйірмелердің мүшесі болды. Оның өзі атап көрсеткендей Ғайратий, Міртемір бастаған жыр алыптарының ортасы ақын шеберлігінің дамуына игілікпалын тигізді.

«Жалбарыну», «Шандардың бас көтеруі» туындылары әсіресе оның «Алтын қабырға» комедиясы идеялық – философиялық көзқарас тұрғысынан алып озық шығармалар болып табылады

Эркин Вохидовтың өлеңдерінің жинағы: «Таң сәрі лебі» (1961), «Арнадым сіздерге жырларымды» (1962), «Жүрек пен ақыл» (1963), «Күн шығыс» (1963), «Менің жұлдызым» (1964), «Жаңғырық» (1965), «Лирика» (1966), «Жастық шақтың диуанны» (1969), «Шамшырақ» (1970), «Шатырда жазылған поэма».

### **Абдулла Орипов (1941жылы туған)**

Абдулла Орипов Өзбекстан қаһарманы жоғары атағына ие. Ол 1941 мамырда Қашқария облысының Хосон ауданы, Некуз қыстағында дүниеге келген. Оның әкесі төрт ұл мен төрт қызды өсірген көп отбасының отағасы болды. Анасы Карвонқызы Пурди мейірімді, еңбекқор әйел болатын.

Абдулла Орипов орта мектепті алтын медальмен бітіріп, Ташкент МУ – нің журналистика факультетіне оқуғатүседі. (1958). Оның шығармашылығының

алғашқы жауһарлары – «Өмір», «Тамаша күндер әлі алда», «Сенен тұрмын алыста», «Түн бойы жел тұрды тынбастан» жастар арасында бірден әйгілі болды. Оның алғашқы жинағы – «Кішкентай жұлдыз» шыққанда, ақынның есімі көпшілікке мәлім болды. Осыдан кейін оның «Апа», «Менің жаным», «Өзбекстан», «Таңырқау», «Бетпе-бет», атты жинақтары бірінен соң бірі жарық көре бастады. Қазір ақынның өлеңдерінің он томдық жинағы шығарылуда.

Оның көптеген өлеңдері өзге тілдерге аударылған. «Жұмаққа алып барар жол» атты драмалық поэмасы - орыс тіліне аударылуда. Данте Алигьерридің «Құдай комедиясын» аударуға ақын табысының тағы да бір кепілі болып табылады. Орипов сондай - ақ М.Байджиевтің «Катакомбаларда», «Әрбір үйде мейрам», өлеңдерін А.С.Пушкиннің, Н.Никрасовтың, Н.Ванцаровтың өлеңдерін аударды.



## НАҚЫЛ СӨЗДЕР

### АҚША

Байлық деген - тезек сияқты. Үйілген сайын сасиды, шашылса, жерді тыңайтады.

Лев Николаевич Толстой

Уақыт - ақша

Бенджамин Франклин

Ақшаға сатып алуға болатын дүниелер өмірдің кереметтері емес

Альберт Эйнштейн

Мен бай емеспін. Ақшасы бар жарлымын. Бірақ бұл екеуі бір емес

Габриэль Гарсиа Маркес

Ақша талғамға қызмет етеді.

Қадыр Мырза Әли

Мен адамдарды ақшаны ұстауларына қарап бағалаймын. Ақша - мақсат емес, ол адамның қателескен, қателеспегенін білдіретін дәлел.

Коко Шанель

Күндіз-түні жұмыс істеген адамның ақша табуға уақыты жоқ.

Рокфеллер Джон Дэвисон

Ақша табу жолы – көшеде қан төгіліп жатса да сатып алу.

Рокфеллер Джон Дэвисон

Ақша үшін, ақша табуға барлық уақытын арнаған адамнан сұмырай және бейшара жанды білмеймін

Рокфеллер Джон Дэвисон

Ақша қажет болса бөтен адамдардан сұра, ақыл керек болса досыңмен сырлас, ал саған ештеңе қажет болмаса туыстарыңа бар.

Марк Твен

Ақша қымбат, адам өмірі одан қымбат, ал уақыт бәрінен қымбат

Александр Васильевич Суворов

Адамды бұзатын не? Тағы сол атақ, ақша, арақ. Осы үшеуі. Төртіншісі әйел демеймін. Алғашқы үшеуінің буына бөрітіп, әйелдерді біз - еркектер бұзамыз. Қартайғанда адам соқа басы сорайып жалғыз қалады. Өйткені қыз күйеуге кетеді, ұлды келін әкетеді. Сонда сенен атақ, ақша, абырой, бала - бәрі безгенде, қыңқ етпестен қалқайып қасыңда қалатын бүкіш кемпірің ғана болады. Адам боп сүрген аз дәуреніңді - елу жас па, жүз бе, бәрі бір оны - аяқтап, мәңгі келмеске бірге аттанар сенімді серігің де сол! Сол жалғыз серігіңе өмірде адал болмағаның өзіңе ауыр, одан айырылып, жалғыз қалғаның одан да қиын! Мұны еркектер ойлауы керек!

Бауыржан Момышұлы

## Атақ

Адамдар өздеріне байлық пен атақты қалайды; егер осы екеуіне адал жолмен қол жеткізе алмасаңыз, олардан аулақ жүргеніңіз дұрыс.

Конфуций

Өлімнен басқаның бәрін өткізуге болады, жақсы атақтан басқаның бәріне шыдауға болады.

Оскар Уайльд

Өз жауынды кешіргеннен артық атақ жоқ.

Фрэнсис Бэкон

Нағыз ер болсаң, сол атаққа ие бола біл.

Саиф Сарай

Еңбек бізге атақ, даңқ әперетін ерлік мағынасын тапты.

Ғабит Мүсірепов

## Әйел

Әйел қанша сұлу болса, сонша адал болуы керек, өйткені оның сұлулықтан көрер кесірін адалдық қана жеңе алады.

Лев Николаевич Толстой

Біздің жерімізде еркек – діңгек, әйел – гүл. Діңгек – жапырақсыз, гүлсіз, қазақша айтқанда “қу бас” деген сөз. Әйел – құнарлы топырақ, онда адамзат дәні өсіп, жетіледі. Біз сол дәннің жемісіміз. Әйелсіз адамзат “жемісі” ешқашан да болмайды.

Бауыржан Момышұлы

Әйелдің сайқалы бірді ғана арбайды, әдебиет сайқалының мыңға зияны тиеді.

Бауыржан Момышұлы

Әйел ашуланса жеңіледі, еркелесе жеңеді...

Ғабит Мүсірепов

Біз әйелді әйел сыңайынан таныған елміз.

Ғабит Мүсірепов

Қазақ әйелі аз ғана жәрдем бергенінді ұмытпайды, тезірек еселеп қайтаруға тырысады...

Ғабит Мүсірепов

Ер кісі бір мезгілінде барлық жерді жарық етіп отыратын Күн емес. Олай болса, ері аңға не жорыққа кеткенде, әйелі ерінің отбасын көңірсітпей, үй ішін үлбіретіп отыруы керек. Келген кісіге ерінің жоқтығын білдірмей, құрметпен қарсы алып, дәмді тағам беріп, адал пейілмен сыйлап жіберсе, өзінің абыройын арттырып қана қоймайды, ел арасында ерінің де абырой-беделін асқар шыңға шығарады. Ер кісінің абыройы әйелінің адамгершілік қасиеттеріне тікелей байланысты. Керісінше, әйел парықсыз, жүрген жерінде абыройсыз, арнамысын аяққа басып жүрген бәдік болса, күйеуінің де абыройы болмайды, ауыздағы сөзі аяқтыға жол болады.

Шыңғыс хан

Ерте заманда қазақ ішінде қылмыс жасаған әйел заты үшін жазаның ең үлкені – оның бұрымын кесу болған екен. Совет өкіметі орнағалы бері әйелдер өзін-өзі жазалап келе жатыр.

Бауыржан Момышұлы

Әр нағыз еркекте ойнағысы келетін жасырын бала болады. Олардан баланы тауып алыңыздар, әйелдер!

Фридрих Ницше

Әйел болмаса еркек есінен, еркек болмаса әйел ажарынан айрылады.

Антон Чехов

Бар еркек – құбыжық, әйелдерге тек дұрыстап тамақтандыру ғана қалады.

Оскар Уайльд

Әйел адам - гүлмен тең.

Абай Құнанбаев

Әйел қырыққа келгенше өңін бермесе - қасиет, Еркек қырыққа келгенше есі кірмесе - қасірет.

Ғабит Мүсірепов

Әйел шынымен жылап алса, ажарланып кетеді.

Ғабит Мүсірепов

Не іске де әйел араласса, бәрі жақсы аяқталатынына сенімдімін. Әйел әлемді басқаратынын түсіндім.

Габриэль Гарсиа Маркес

Әйелдер тек жасаған опазыдықты кешіре алмайды. Егер ойын ережесін басынан ұйымдастыратын болсаңыз, әйелдер оны еріксіз қабылдайды. Алайда, ойын барысында ереженің өзгергенін жандары сүймейді.

Габриэль Гарсиа Маркес

Қоғамның әйелдер секілді бір ғана құқығы бар: ол басқарылуға бейім болу.

Наполеон Бонапарт

Әйелдің жалаңаш денесі еркектің құмарлығын қоздырады. Ақылмен бөгеп, сабырмен тұсалмаған құмарлық таудан төңкерілген сең сияқты: жолындағының бәрін ұйпа-тұйпа етіп, жайпап жойып кетеді. Сондықтан әйелдің еркек құмарлығын қоздыратын ашық-шашық жерді көбейтпей жауып, жария етпей қымтап ұстауы абзал. Әсіресе етекті қара санға дейін көтермеу, кеудені жалаңаштамау жөн. Сонда еркек елеңдемейді, әйел алаңдамайды, адалдық бұзылмайды.

Әзілхан Нұршайықов

Еркекке жүрек керек, әйелге тірек керек.

Әзілхан Нұршайықов

Кей адам кілт етпе келеді. Бірақ ол жас балаға, сұлу әйелге және ұлы адамға ғана жарасады. Бұл үшеуінен басқаға біткен қыңырлық – қырсықпен тең

Әзілхан Нұршайықов

«Оппозиция – әйеліңнен басталады» Ол сенің жанашырың.

Қадыр Мырза Әли

Ұсқынсыз әйел болмайды, еріншек әйел болады.

Коко Шанель

Барлық әйел сұлу болып тумайды, ал 30 жасқа дейін әдеміленбесе, оның жәй ғана ақымақ болғаны.

Коко Шанель

Мен бүкіл әлем әйелдері үшін киім тігіп шығардым, ал олар келіп жалаңаш жүруге тырысады.

Коко Шанель

Әйелдер әйелдер үшін киініп, өзара бәсекелес дейді. Ол рас. Бірақ егер жер бетінде ер адамдар болмаса, олар тіпті киінбес те еді.

Коко Шанель

Атың жақсы болса,  
Ер жігіттің пырағы,  
Балаң жақсы болса,  
Жан мен тәннің шырағы.  
Қызың жақсы болса,  
Жайқалып өскен құрағы.  
Әйелің жақсы болса,  
Бірінші - иманың,  
Екінші - жиғаның,  
Үшінші - ырысыңның тұрағы.

Төле би

Әйел — ердің тәңірі, жарата да алады, сүйдіре де алады, күйдіре де алады.

Мағжан Жұмабаев

Мәдениеттілігің мәртебелі әйеліңе қалай қарайтыныңмен өлшенеді.

Максим Горький

Әйелдің өз перзентін үйретіп, өсіруге ұмтылуы қанында бар және оған мұнымен бірге осыған сай қабілет бар.

Бауыржан Құрбаналиев

Әйелің — көңілдесің емес, бүкіл ғұмырлық досың, әрі серігің, демек, оны біз егде тартқан әйел болған шағында да, кемпір болған кезінде де сүйеге ерте бастан ойланып, дағдылана білуіміз ләзім.

Виссарион Григорьевич Белинский

Табиғат әйелге былай дейді: қолыңнан келсе сұлу бол, қаласаң дана бол, ал саналы, ақылды болуға міндеттісің.

Пьер де Бомарше

Әйел мен еркек арасында достық болмайды, көңілдестік болмаса.

Оноре де Бальзак

Әйелге әмірін жүргізе білген — мемлекетті де басқара алады.

Оноре де Бальзак

Адамды бұзатын не? Тағы сол атақ, ақша, арақ. Осы үшеуі. Төртіншісі әйел демеймін. Алғашқы үшеуінің буына бөртіп, әйелдерді біз - еркектер бұзамыз. Қартайғанда адам соқа басы сорайып жалғыз қалады. Өйткені қыз күйеуге кетеді, ұлды келін әкетеді. Сонда сенен атақ, ақша, абырой, бала - бәрі безгенде, қыңқ етпестен қалқайып қасыңда қалатын бүкіш кемпірің ғана болады. Адам боп сүрген аз дәуреніңді - елу жас па, жүз бе, бәрі бір оны - аяқтап, мәңгі келмеске бірге аттанар сенімді серігің де сол! Сол жалғыз серігіңе өмірде адал болмағаның өзіңе ауыр, одан айырылып, жалғыз қалғаның одан да қиын! Мұны еркектер ойлауы керек!

Бауыржан Момышұлы

Әйел асқақтаса - жылайды, еркек асқақтаса - құлайды.

Ғабит Мүсірепов

## Әдебиет

Әйелдің сайқалы бірді ғана арбайды, әдебиет сайқалының мыңға зияны тиеді.

Бауыржан Момышұлы

Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады.

Мұхтар Әуезов

Журналистика мен әдебиеттің айырмасы неде? Журналистиканы оқудың керегі жоқ, ал әдебиетті оқымайды.

Оскар Уайльд

Әдебиетте саған көзіңнің тірісінде қоғамның берген бағасы – анық баға емес.

Қадыр Мырза Әли

Қазақ тілін қарабайыр санайтын надандық бұлтын сейілту үшін мынаны еске алу артық болмас: егер бір ғана «Абай жолында» Әуезов 16983 сөз қолданса, ал Шекспир мен Байронның барша лексиконы 15 мың сөзді құрайды. Демек, қазақ әдебиетінің дәмін көрмей жатып, әлемдік әдебиетке қол созудың өзі – ақымақтық.

Герольд Карлович Бельгер

Ғылым мен көркем әдебиетте ортақ қасиеттер көп: бақылау, салыстыру, зерттеу екеуіне де тән.

Максим Горький

Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде - ұлт та ұлы бола алмайды.

Ғабит Мүсірепов

Әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды.

Сағатхан Әшімбаулы Әшімбаев

## Әдеп

Қыз мінезінде ұяндық пен әдеп бірге кездесе, бірін-бірі жасырыңқырап тұрады, ашықтық пен абайсыздық бірге кездесе, бірін-бірі асырыңқырап тұрады.

Ғабит Мүсірепов

## Әке

“Билеуші – билеуші, ал бағынышты – бағынышты, әке – әке, ал ұл – ұл болу керек”

Конфуций

Жасым он төртте болғанда әкем өте ақылсыз, ақымақ еді. Мен оны әзер түсінетінмін. Ал, менің жасым жиырма бірге келгенде, сол жеті жыл аралықта әкем өте ақылды, өзіме ақылшы-тіреу, одан артық адам жоқ болды.

Марк Твен

Мен ертегі жазуға тырыстым, бірақ еш нәтиже шыға қаймады. Балаларыма жазған ертегілерімнің бірін көрсеттім. Олар: «Әке, сіз балаларды осыншалық ақымақ деп ойлайсыз ба?» деп қайтарып берді.

Габриэль Гарсиа Маркес

Үміт күткен ұлы оңбаған болып кетсе – әке сорлы; қызы күйеуге өтпесе – шеше сорлы; сұлу деп алғаны сүйкімсіз болып шықса – жігіт сорлы; қыран деп тигені жапалақ болып шықса – жар сорлы

Әзілхан Нұршайықов

Алтын ұяң – Отан қымбат,  
Құт-берекең атаң қымбат.  
Аймалайтын анаң қымбат.  
Мейірімді апаң қымбат.  
Асқар тауың әкең қымбат.  
Туып-өскен елің қымбат.  
Ұят пенен ар қымбат,  
Өзің сүйген жар қымбат,

Қазыбек би Келдібекұлы

Әке-шешенің өтірігі бала жүрегін суындыра береді. Бір кезде ол өтірікті бала да айтады.

Ғабит Мүсірепов

Әкелі бала — жау жүрек.

Бұқар жырау Қалқаманұлы

## Әдіс

Мақсатыңыз қолжетімсіз екеніне көзіңіз жеткен кезде мақсатыңызды емес, әдісіңізді ауыстырыңыз.

Конфуций

## Ән

Тіл жеткізбесті ән жеткізері де бар.

Ғабит Мүсірепов

Ән — халық үні, оны шындығы, оның ойы мен сезімі

Жамбыл Жабаев

Музыка адам жанын жарқындатып, жалындатуға тиіс.

Людвиг ван Бетховен

Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып келеді.

Мұхтар Әуезов

Әр істің бір сәні бар.  
Әр қимылдың өзінше,  
Ырғағы бар, әні бар.

Сәкен Сейфуллин

### Әлсіз

Әлсіздерді ажал күтеді

Адольф Гитлер

Егер сен біреуді сүйіп, ал ол сені сүймесе, онда сенің махаббатың әлсіз және ол қасірет.

Карл Маркс

Кешіру мықтылардың ісі. Әлсіздер кешірімді бола алмас.

Махатма Ганди

### Әділет

Сен туралы не ойласа да, сен әділетті деп санайтын ісіңді жасай бер.

Пифагор

Әділет тілесе, атаңның басып айыбын айт.

Мұхтар Әуезов

### Әзіл

Әзіл тұз секілді, оны мөлшерімен салу керек

Пифагор

Әзіл айту мен қарыз алу кенет болу керек.

Рокфеллер Джон Дэвисон

Керенау ақылда әзілге орын жоқ.

Уильям Шекспир

Жарасымды әзіл - тереңдіктің белгісі.

Фёдор Михайлович Достоевский

### Болашақ

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Ғабит Мүсірепов



Кеше мен бүгін - біздің амалдарымыз; болашақ - біздің мақсатымыз.

Блез Паскаль

Болашағыңның өзгеруін қаласаң, сол өзгерісті тап қазір жаса.

Махатма Ганди

Бойыңызға болашақтың арман-мұраттарын дарытыңыз, оның өзі шын мәніндегі күн шұғыласы тәрізді.

Михаил Евграфович Салтыков-Щедрин

Тарих - біздің істеріміздің өткенінің куәсі, қазіргіміздің үлгісі мен өнегесі, ал болашағымыздың асыл қазынасы

Мигель де Сервантес

...Жас буынның болашағын, болашақта адам болуын ойласақ, оған жасынан еңбек тәрбиесін беруді ата-аналық борышымыз деп түсінуіміз керек.

Мәлік Ғабдуллин

Болашақ қазірден бастап қалану керек. Оны жоспар дейді. Онсыз бұл әлемде ештеңеде жақсы болмайды.

Георг Христофор Лихтенберг

Жастық шақ қазіргісін ғана ойласа, кемел жас бүгінгісін де, бұрынғысын да, болашағын да елеусіз қалдырмайды.

Фернандо де Рохас

## **Бүгін**

Бүгін істей алатын істі, ертеңге қалдырма

Бенджамин Франклин

Мен бүгін шешуге болатын мәселені ертеңге қалдырғанды ұнатпаймын...

Ғабит Мүсірепов

Кеше мен бүгін - біздің амалдарымыз; болашақ - біздің мақсатымыз.

Блез Паскаль

Егер тілім ертең болса құрымақ, Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ

Расул Ғамзатов

Бүгін аш болған қарын ертең тояр.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Өмір деген осы, бүгін бар, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп өмір-өзен ағысын өзгертпейді.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев

## **Білек**

Еркекке тіс те керек, іс те керек, білек те керек, жүрек те керек...

Ғабит Мүсірепов

## **Билеуші**

“Билеуші – билеуші, ал бағынышты – бағынышты, әке – әке, ал ұл – ұл болу керек”

Конфуций

## **Батыл**

Дана - қобалжуды білмейді, адамгершілігі бар қам жемейді, батыл қорқынышты білмейді.

Конфуций

Батылдық- қорқыныштың жоқтығы емес, ол өз бойыңыздағы қорқынышты өзіңіз басқару, соны ақылмен шешу.

Марк Твен

Көңілді адамдар әдетте ең батыл адамдар, себебі майданда бірінші өледі.

Эрнест Миллер Хемингуэй

Адам бойындағы асыл қасиеттерді дамыту үшін алдымен батылдық керек. Батылдық болмаса, адам баласы қалайша ақиқат іздейді, қалайша махаббатты қорғайды?

Махатма Ганди

Сізбен келіспейтінтерден емес, сізбен келіспей, бірақ айтуға батылы бармайтындардан қорқу керек.

Наполеон Бонапарт

Істемек нәрсенді алдын ала білу батылдық беріп, жеңілдік келтіреді.

Дени Дидро

## **Белгісіздік**

Адамдар кедейліктен және белгісіздіктен қорқады; егерде екеуінен де құтыла алмасаңыз, намысты жоғалтпай, оларды қабылдаған жөн.

Конфуций

Білімді болу деген сөздің мағынасы — белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым.

Әбу Насыр Әл-Фараби

Әлі де болса белгісіз бірдеңелер қалып тұрғанда ұдайы оқып үйрену керек болмақ.

Сенека Луций Анней

### Байлық

Мейірімді еркек тойғанша тамақ жеп, бай болуды мақсат тұтпайды. Ол істі көп тындырады, бірақ аз сөйлейді. Ізгі адамдармен әңгімелескенде ол өз кемшіліктерін өзгертеді.

Конфуций

Еріншектік - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі содан шығады. Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен: ел басы, топ басыларына тоқтай білетіндігі мен намысқойлығы. Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: біріншісі - зор билік, екіншісі - есепсіз байлық.

Абай Құнанбаев

Сұлу қыз көзге ұнаса, мейірімді қыз жүрекке. Алғашқысы жақсы дүние болса, екіншісі сарқылмас байлық секілді

Наполеон Бонапарт

Махаббат барша байлықтан күшті. Бірақ күштіге де көмек керек. Сол сияқты махаббат өзін байлық пен барлықтың қоса қолдауын ұнатады

Әзілхан Нұршайықов

Әсіре даңқ пен асыра байлық ұятсыздық пен бұзақылық құшағында тұншықтырады.

Білге қаған

Дүниедегі байлықтың түрі көп. Солардың ішіндегі ең негізгісі де осы — нан байлығы.

Ғабиден Мұстафин

Кім көпті біліп, көңіліне түйсе дәулеті артар, игілік оған жар болар, бейнеттен кетіп, зейнетке жетер.

Қадырғали Жалайыр

Денсаулық — байлықтан қымбат.

Джон Рей

Еңбек ете білудің өзі – байлық.

Эзоп

Байлық — қанағат пен еңбекте.

Ыбырай Алтынсарин

Еңбектің көзін тапқан,  
Байлықтың өзін табады.

Ыбырай Жақаев

### **Басшы**

Жұмысты шектен шығып ынтамен істесең, басшының сенімін жоғалтасың.  
Егер достықта шектен шығып ақкөңіл болсан, досыңның сенімін жоғалтасын.

Конфуций

Кеме капитаны апатқа ұшырауға қалай жол бермесе, мемлекет басында  
отырған кез келген басшы дәл солай соғыстан бас тартуы тиіс.

Ги де Мопассан

Егер ел басшысы тоңмойын һәм сатқын болмаса - елдің бағы.

Білге қаған

### **Гүл**

Әйел адам - гүлмен тең.

Абай Құнанбаев

### **Гипотеза**

Гипотезаны ойдан шығармайды.

Исаак Ньютон

### **География**

География – бұл тағдыр.

Наполеон Бонапарт

География – бұл тағдыр.

Наполеон Бонапарт

### **Ғалам**

“Дүниеде екі нәрсе шексіз: бірі — ғалам, екіншісі — адамның ақымақтығы.  
Бірақ біріншісіне күмәнім бар”

Альберт Эйнштейн

### **Ғылым**

Дін, өнер және ғылым - бір ағаштың бұтақтары.

Альберт Эйнштейн

Махаббат – әуелі адамның адамдығы, ғылым деген нәрселермен байланысты.

Абай Құнанбаев

Ғылымды танып – білуде ережеден мысал пайдалырақ.

Исаак Ньютон

Алғашқы саяхатшыларды қызуғышылық тартса, келесі ізімен ғылым келеді.

Жак-Ив Кусто

Медицина — саулықты сақтау, науқасты кеселден айықтыру үшін адам тәнін зерттейтін ғылым

Ибн Сина

Ғылым - капитан, іс-тәжірбие- жауынгерлер.

Леонардо да Винчи

Адамның адамшылығы — ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай Құнанбаев

Ақыл-парасат күші адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш.

Әбу Насыр Әл-Фараби

...ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек.

Абай Құнанбаев

Қандай ғылым болса да, ол — адам санасына дербес, ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды.

Әбу Насыр Әл-Фараби

Ғылым үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек.

Әбу Насыр Әл-Фараби

Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірбиелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғылым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде болады.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев

Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев

Осы күнгі біздің көп мақтанышымыздың ең ірісі — ғылым.

Мұхтар Әуезов

...ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр.

Мұхтар Әуезов

...адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткіз сезім қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгеден үстем дүние жүзінің қожасы болып отыр.

Жүсіпбек Аймауытов

Ғылым білімге қонады, ғылымсыз білім тым құрғақ.

Жүсіпбек Аймауытов

Ғылымды үйреніп, оны өмірге қолданбаған кісі — жерін айдап, дәнін сеппеген адамға ұқсас.

Сағди Ширази

Оқысаң ғылым қорын білім асар,  
Көңілдің кіршік басқан көзін ашар.

Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев

Ғылым өмірге қызмет етеді.

Нильс Хенрик Давид Бор

Ғылымда демалыс жоқ. Ғылым үшін демалыс жұмыстың өзгеруі ғана.

Василий Робертович Вильямс

Ғылым мен көркем әдебиетте ортақ қасиеттер көп: бақылау, салыстыру, зерттеу екеуіне де тән.

Максим Горький

Ғылым үшін барлығы да маңызды.

Генрих Гейне

Адамның шын мәнісіндегі нағыз артықшылығы ғылымда.

Йоганн Вольфганг фон Гёте

Саясат — нақтылы емес ғылым.

Отто фон Бисмарк

Ғылымның рөлі қызмет ету, ол - игілікке жету құралы.

Дмитрий Иванович Менделеев

Ғылым жоқ жерде қазіргі заманғы өнеркәсіптің болуы мүмкін болмаса, өнеркәсіп жоқ жерде қазіргі заманғы ғылым да бола алмайды.

Дмитрий Иванович Менделеев

Ғылымның отаны жоқ.

Луи Пастер

### Ғашық

Мен бір көргеннен ғашық болуға сенбеймін. Менің ойымша, бұл – үлкен қателік. Сіз тек физикалық сипаттамаларға көңіл бөлсеңіз, сол үшін қатты өкінесіз.

Ли Куан Ю

Өзіне өзі ғашық болу - адамның үлкен соры, бұл ең алдымен өзімшілдікті, күншілдікті туғызады.

Мұхтар Әуезов

Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып келеді.

Мұхтар Әуезов

Ғашық патша да, ғашық пақыр да жауласа алмас.

Қожа Ахмет Ясауи

Көзі жанып тұрмағанның ғашық болдым дегені бекер

Қожа Ахмет Ясауи

Тақуа болма, тентек болма - ғашық бол.

Қожа Ахмет Ясауи

### Ғалым

Еңбексіз ғалым — жеміссіз ағаш секілді

Сағди Ширази

Ғалымға азық берер қайнар көзі кітап бетімен, лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев

Білмегенді сұрап үйренген — ғалым, арланып сұрамаған — өзіне залым.

Әлішер Науаи

### Достық

Маған достық та, шындық та қымбат. Дегенмен әрқашан шындықты бірінші орынға қоямын.

Аристотель

Өзіміз қандай қарым-қатынасты қаласақ, достарымызға да дәл сондай қарым-қатынаста болайық.

Аристотель

Басымыздағы нығметтердің қызығы оны достарымызбен бөліскенде арта түседі.

Аристотель

Шын дос сыртыңнан мақтайды.

Бауыржан Момышұлы

Жұмысты шектен шығып ынтамен істесең, басшының сенімін жоғалтасың. Егер достықта шектен шығып ақкөңіл болсан, досыңның сенімін жоғалтасың.

Конфуций

Достарыңмен қатынаста тек олардың қолынан келетін іс істеуге кеңес бер, оларды жақсылыққа жетеле, әдептілікті бұзба, бірақ нәтижеге жетуге үміт жоқ жерде әрекет жасама. Өзіңді кемсітілген жағдайға жеткізбе.

Конфуций

Досыңмын деп жүріп, дұшпандығын оздырар жамандар болады.

Абай Құнанбаев

Достық әлсізденген сайын, сыпайылық арта түседі

Уильям Шекспир

Екі адамның бір-біріне шын ықылас пен қалтқысыз қызмет етуі, не араларындағы адал махаббаттың, не асыл достықтың арқасы.

Әзілхан Нұршайықов

Бизнеске негізделген достық , достыққа негізделген бизнестен артық.

Рокфеллер Джон Дэвисон

Достық сенімсіздік басталған жерде бітеді

Сенека Луций Анней

Амалы таусылған дұшпан шын достыққа көшеді.

Саиф Сарай

Әйел мен еркек арасында достық болмайды, көңілместік болмаса.

Оноре де Бальзак

Тұрақтылы болмаса, достықтың да, махаббаттың да құны жоқ

Джозеф Аддисон

Досыңа достық — қарыз іс.

Абай Құнанбаев

Жүргендер көп достық атын малданып,  
Қалмағайсың сен де бірде алданып.

Әбу Насыр Әл-Фараби



Достық — өмір үшін ең қажетті нәрсе, өйткені ешкім ешқашан да барлық басқа игілікке ие бола тұрса да , дос-жарансыз өмірді қаламақ емес.

Аристотель

Достық — өмірдің ең зор қуаныштарының бірі, зор қуаныш — сырыңды айтатын адамының болуы.

Алессандро Мандзони

## Дана

Дана - қобалжуды білмейді, адамгершілігі бар қам жемейді, батыл қорқынышты білмейді.

Конфуций

Патша дана тұлға болғанда дүние шырайлана түспек

Платон

Білім үйрен данадан, жалтаңдама басқаға,  
Қызмет қыл, басыңды, өрлігіңді таста да.

Махмұд Қашқари

Оқып үйренбесең, өнерге де, даналыққа да қолың жетпейді.

Демокрит

Көп адам даналықтан гөрі ақымақтықты таңдайды. Себебі, ақымақтық күлдіреді, даналық жылатады.

Уильям Шекспир

Ей, құлқынның құлдары, тыңда ақылды,  
Өсиеті дананың — біл нақылды;  
Адамға тән қасиет ішсе — тынар,  
Бар мәкүрік, жаман сөз тысқа шығар!

Жүсіп Баласағұни

## Дос

Үнсіздік – ұлы дос, ол ешқашан саған опасыздық жасамайды.

Конфуций

Үндемеу - ешқашан сатпайтын ұлы дос.

Конфуций

Адамның басы бәлеге ұрынған кездегі ең жақсы қамал - адал достар

Аристотель

Жауыңмен жарықта жүргеннен, досыңмен қараңғыда жүрген жақсырақ.

Хелен Адамс Келлер

Бүкіл әлемде адам баласы қаншалықты мол болса, соншалықты жалғыз – оны жалғызсыратпайтын айрылмас адал досы - өзінің ОЙЫ ғана

Оралхан Бөкей

Жұрттың бәріне бірдей дос боламын дегендер ешкімге де дос бола алмайды.

Омар Хайям

Өмір сүрудің екі заңын білген адам бақытты болар. Бірі - не болса соны жей бермей, азығына талғаммен қарайтын жан; бірі - кім болса, сонымен дос болмай, айналысындағы достарын жөнімен таңдай білетін адам.

Омар Хайям

Адал болса – досың жақын,  
Еркелейтін немерең жақын,  
Өз ұрпағын шөберең жақын,  
Туып өскен – елің жақын.

Қазыбек би Келдібекұлы

Жақсымен дос болсаң,  
Алдыңнан шығар елпектеп...  
Жаманмен дос болсаң,  
Сыртыңнан жүрер өсектеп.

Махамбет Өтемісұлы

Уақыт төрт затта жақсы білінеді: ескі ағаш жаңғанға жақсы, ескі вино ішкенге жақсы, ескі дос сенгенге жақсы, ескі автор оқығанға жақсы.

Фрэнсис Бэкон

Ақылсыз достан,  
Ақылды дұшпан артық-ты

Шалкиіз Тіленшіұлы

Қиын күнде қол ұшын берген - нағыз дос,  
Жайшылықта доспын деген - жай сөз.

Саиф Сараи

Көңіліңе қарай - дос таңда, күшіңе қарай - жүк таңда.

Жүсіп Баласағұни

Уайымнан ләззат алғыңыз келсе жақын досыңызбен оны бөлісіңіз.

Марк Твен

Бұл қандай өмір, егер ол достарымның өмірімен төленген болса!

Юлиус Фучик

Қолыма қалам алған күнімді қарғыс атсын! Оған дейін менде тек достар бар еді, ал қазір тек дұшпандар.

Жан-Жак Руссо

Жаман дос — көлеңке: басыңды күн шалса — қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса— іздеп таба алмайсың.

Абай Құнанбаев

Досыңа достық — қарыз іс.

Абай Құнанбаев

Адам баласына адам баласының бәрі - дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің - бәрі бірдей, ақыретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың - бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауіпін, екі дүниенің жақсылығына рахатың - бәрі бірдей екен.

Абай Құнанбаев

Өрге жүзген өнегелі ісімен,  
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.

Әбу Насыр Әл-Фараби

Өзіңе қарай дос таңда,  
Күшіңе қарай жүк көтер.

Жүсіп Баласағұни

Дос болма майда тілді күлгенменен,  
Беймағына сырты жылтырап жүргенменен.

Тілеуке Құлекеұлы Шал ақын

Әркімнің жолдас болсын сүйген досы,  
Біріксе айырылмасын көңіл қошы!

Баубек Бұлқышев

Кімнің досы жақсы болады, өзі де жақсы болады.

Иүгінеки Ахмед

Дос адам сарайыңды жұмақ етер.

Махмұд Қашқари

Жақсы дос бойға жарасады,  
Жақсы жолдас ойға жарасады.

Әлішер Науаи

Қиын күнде қол үшін берген — нағыз дос,  
Жайшылықта "доспын" деген жай сөз.

Саиф Сараи

Мұратыңа жеткенше,  
Дос-дұшпанға сыр берме.

Бауыржан Момышұлы

Көп достардың арасында адал жандар аз.

Тит Макций Плавт

Досыңды оңаша кінәлә,  
Жұрт алдында мақта.

Солон

Досыңды қасыңда болған кезде ғана емес, болмаған кезде де есіңе ал.

Фалес

Достарым бар дегенде,  
Досы жоқ.

Аристотель

Бақытсыздыққа нағыз дос табылар.

Эзоп

Адал досынан бас тартқан,  
Өмірінде қымбаттысын тастағаны.

Софокл

Досың кім деп сұрағанда, Зенон: басқа Мен деп жауап қатты.

Зенон

Не жетеді нағыз досқа, асылға,  
Қуансаң да, қайғырсаң да қасыңда.  
Қиналады — сен қиналсаң болғаны,  
Ұйықтамасаң — ұйықтамайды ол дағы.

Уильям Шекспир

## Дау

Дау кезінде сіздің сөзіңіз соңғы сөз болсын десеңіз, қарсыласыңызға  
"сіздікі, шамасы, дұрыс"- деңіз

Уинстон Черчилль

Ерегісіп тұрған екі адамның төрелігін айтсақ, былай болады. Сол екі адамның қайсысы ақылдырақ болса, даудың басталуының кінәсі соның монында.

Йоганн Вольфганг фон Гёте

Адамдардың заңы; жақсылық құру және ұрыс дау дамайдан аулақ болу.

Лао-цзы

## Дін

Дін, өнер және ғылым - бір ағаштың бұтақтары.

Альберт Эйнштейн

## Дұшпан

Досыңмын деп жүріп, дұшпандығын оздырар жамандар болады.

Абай Құнанбаев

Ақылсыз ердің тілі — өз басының дұшпаны.

Иүгінеки Ахмед

Амалы таусылған дұшпан шын достыққа көшеді.

Саиф Сарай

Қолыма қалам алған күнімді қарғыс атсын! Оған дейін менде тек достар бар еді, ал қазір тек дұшпандар.

Жан-Жак Руссо

Мұратыңа жеткенше,  
Дос-дұшпанға сыр берме.

Бауыржан Момышұлы

Еңбекті дұшпан санаған адамда өмірі мейірім жоқ.

Сәбит Мұқанов

Ең мықты жауынгер – өз дұшпанын досына айналдыра білген жауынгер

Пауло Коэльо

## Дәрі

Бақыт емдейтін дертті бірде-бір дәрі емдей алмайды.

Габриэль Гарсиа Маркес

Біздің жеген тамағымыз бізге пайдалы дәрі, ал дәрі – тамағымыз болу керек

Гиппократ

Қимыл көптеген дәрінің орнын басу мүмкін, бірақ бірде-бір дәрі қимылдың орнын баса алмайды

Ибн Сина

Біз Африкаға дәрі-дәрмек жіберетін боп шештік. Бірақ бәрінің қорабында "Тамақтан соң ішу керек" деген жазу болды.

Чарльз Буковски

Тәннің сұлулығына ең жақсы шипалы дәрі — сергек әрі жайдарман көңіл күйі.

Кристофер Якоб Бустрём

## Диктатура

Біздің шын жүректен және асыға күтеріміз бір ғана нәрсе, ол атамекеніміздің орыс пролетариаты диктатурасынан құтылуы. Біз барлық жерлестерімізді осы ұлттық мұратымыз жолында бір жан, бір тән болып жұмылуға шақырамыз.

Мұстафа Шоқай

## Дүние

Дүниенің ең басты жұмбағы-адам.

Қадыр Мырза Әли

Адамдар дүниенің бәрін түсіндіргенмен, өздерін өздері әлі де болса түсіндіре алған жоқ.

Қадыр Мырза Әли

Сарқылмайтын суат жоқ,  
Тартылмайтын бұлақ жоқ.  
Құйрығы суда тұрса да,  
Уақтысы жеткенде,  
Қурамайтын құрақ жоқ.  
Дүние деген пәни бұл,  
Баласы жоқта мият жоқ,  
Бәрінен қиын сол екен,  
Артыңда жанған шырақ жоқ...

Әйтеке би

Азғантай дүниесі бар адам кедей емес, көп дүние қалайтын адам кедей

Сенека Луций Анней

Патша дана тұлға болғанда дүние шырайлана түспек

Платон

...Дүниеде адамнан қызық ештеңе жоқ.

Вильгельм фон Гумбольдт

Нағыз ер «дүние-мал» деп дірілдемес болар

Білге қаған

Дүниеде не болса да бірте-бірте аздап ілгері басып болады.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан

## Ел

Қазақтың жүрегі тоқтамасын, өнердің жүрегі тоқтамасын деп отырғаным сол. Өнерін өлтіріп алған қазақ ел болып оңбайды, елінен айнып қалған жүрек – жүрек боп соғып жарытпайды. Екеуі бөлінбес бір бүтін, тұтас дүние деп есептеймін. Ендеше, жүрегіміз тоқтамасын

Әшірбек Төребайұлы Сығай

Ел силарлық бағаң болмаса, елге аға болдым деме.

Әзілхан Нұршайықов

Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!

Ахмет Байтұрсынов

Алтын ұяң – Отан қымбат,  
Құт-берекең атаң қымбат.  
Аймалайтын анаң қымбат.  
Мейірімді апаң қымбат.  
Асқар тауың әкең қымбат.  
Туып-өскен елің қымбат.  
Ұят пенен ар қымбат,  
Өзің сүйген жар қымбат,

Қазыбек би Келдібекұлы

Адал болса – досың жақын,  
Еркелейтін немерең жақын,  
Өз ұрпағын шөберең жақын,  
Туып өскен – елің жақын.

Қазыбек би Келдібекұлы

Біздің елде ғана әуелі түрмеге түседі, кейіннен ел басқарады.

Нельсон Мандела

Шешен кісі сөз бастар,  
Адал кісі – ел бастар.

Жамбыл Жабаев

Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман.

Қазыбек би Келдібекұлы

Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ.

Білге қаған

Егер ел басшысы тоңмойын һәм сатқын болмаса - елдің бағы.

Білге қаған

Бақ болмайды басқа бақ - есің барда елің тап.

Білге қаған

Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге жердің алтынын да мақтап жарытпақ емес.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев

Қазақ деген ел - бостандық-азаттық сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық.

Ғабит Мүсірепов

Елді басқару үшін, ең алдымен көнуді үйрен.

Солон

Елге сіңірген еңбек жақсы. Еңбекті елеген ел жақсы.

Спандияр Көбеев

## Ерлік

Ердің туы – намыс

Бауыржан Момышұлы

Ерлік – үрейді жирене жек көру

Сенека Луций Анней

Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.

Бауыржан Момышұлы

Ерлік, қайрат үнемі ірі жұмыста көріне бермей, күндегі уақ-түйек жұмыста да көрінуі керек.

Жүсіпбек Аймауытов

Күрес- майдан—ерлік тілер жігіттен.

Мұса Жәлел

Ерлік қолдың күші де, семсерді сілтей білу өнері де емес, ерлік — өзіне-өзі ие болып, әділ болу

Сағди Ширази

Батырлық, сергектік, ерлік әр жерде-ақ, әр жағдайда-ақ қажет болса да, олар өнерден туындап жатпаса да зая кетпек.

Александр Васильевич Суворов

Адамды қандай істе болса да ұстамдылықта, ойындағысын тайсалмай айтуда, қайсы бір мұқтаждыққа төзуде, шыдамдылықта, батылдықта ерлік көрсете алатындай жағдайға қоймайынша оны ержүрек етіп тәрбиелеуге болмайды.

Антон Семенович Макаренко



Ерлік— жан дүниенің ұлы қасиеті.

Николай Михайлович Карамзин

Ерлік— аяулы қасиет, онымен адамдар қауіп-қатер үстінде ташаша істер істейді.

Аристотель

Жиырма жас тарихи ерліктер жасайтын жас. Осыған әрқашанда әзір болу керек.

Бауыржан Момышұлы

## Ер

Ердің туы – намыс

Бауыржан Момышұлы

